

Махмет ТЕМІРҰЛЫ



А заттық,
нсап
зап
шеккендер

РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН
ҚАЗАҚСТАН ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МҰРАСЫН
ЗЕРТТЕЙТІН «АРЫС» ҚОРЫ

Махмет ТЕМІРҰЛЫ

**АЗАТТЫҚ АҢСАП
АЗАП
ШЕККЕНДЕР**



АРЫС

Алматы
2013

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Қаз 7-44

Т 33

Т 33 **ТЕМІРҰЛЫ М.**

Азаттық аңсап азап шеккендер. – Алматы: «Арыс»,
– 2013. - 240 бет.

ISBN 978-601-291-133-6

Кітап авторы көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Бүркіт Ысқақовтың өмір жолын тілге тиек ете отырып, қазақ халқының басынан өткен ауыр тарихи шындық – қызыл империя әкелген зұлмат апшық, қасіретті қуғын-сүргін, қайғылы соғыс тауқыметін баяндайды. Небір тар жол, тайғақ кешуді бірге кешкен, жастық шақтарын азаппен абақтыда өткізген тағдырластар бір-ақ жолды таңдайды. Ол – ел тәуелсіздігі еді. Тәуелсіздік жолында жанджары құрбан болған ерлер есімі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ.

Көпшілік қауымға ұсынылып отырған Махмұт Темірұлының бұл еңбегі өмірі мен еңбегін халқына арнап өткен Б.Ысқақовқа қойылған үлкен ескерткіші.

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-291-133-6

© Темірұлы М., 2013
© «Арыс» баспасы, 2013

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Қай адамның өмірінде болса да ұмытылмайтын, әрдайым есінде жүретін қилы кезеңдер болады ғой. Міне, сондай жағдайдың бірін мен де көрген адаммын. Оған көп уақыт өтіп кетсе де, күні кешегідей көз алдыма елестеп келеді де тұрады.

Бұл ел өміріндегі қаралы оқиғалардың ең ауырларының бірі — кейіннен қуғын-сүргін жылы болып аталған 1937 жылдың күз айларының бірінде болған жағдай еді.

Ол кезде жан-жақтан келіп оқитындар мектептің жатақханасында жатамыз. Бір күні мектептегі барлық мұғалімдер мен оқушылардың басын қосқан үлкен жиналыс өткізілді. Мұнда мектеп директоры Коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің “қырағылығының” арқасында көптеген «халық жауларының» әшкереленіп жатқаны туралы хабарлады. Олардың ішінде кітаптарын үнемі сүйіп оқып жүрген белгілі ақын-жазушылар Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтер де бар екен. Алғашқы кезде таңғалып, абыржып қалсақ та, директордың жан-жақты “түсіндіруінен” кейін әлгі есімдері датталғандардың “нағыз жау” екендігіне толық сеніп қалғандай күй кештік...

Жиналыстан кейінгі жұмысымыз олардың кітаптарын өртеп, құрту болды.

Күндізгі кітап өртегенімізді малданып, біздер де үлкен бір жұмыс тындырғандай жатақханада шырт ұйқыда жатқанбыз. Бір уақытта бір бөлмеде жатқан бәріміз де: “Ойбай, Сәкен өртеніп кетті-ау”, — деген дауыстан шошып ояндық. Бөлменің іші тастай қараңғы. Жаға қоятын шам жоқ. Қараңғыда кімнің ұйқысырап айғайлап жатқанын бірден аңдай алмай қалдық. “Ойбай-ай, бәрі де өртеніп кетті-ау”, — қайта-қайта дауыстап, артынан өксіп-өксіп жылайды. Дауыс шыққан жаққа жүгіріп барып байқасақ, бұл ұйқысырап өксіп-өксіп жылап, айғайлап жатқан Бүркіт Ысқақов екен.

“Өй, саған не болды, бәрімізді шошытып, шырт

ұйқымыздан оятып?” — дейміз оған не болғанын біле алмай.

Сөйтсек, біздер ойымызда ештеңе жоқ, жай ғана күліп-ойнап, кітаптарды быт-шыт қылып жыртып, өртегенге мәз болып жүрсек, ол күндізгі өргеніп кеткен кітаптарға да, оның авторларына да жаны ашып, қатты күйзеліп жүрген екен ғой.

Біздер тәтті ұйқыда жатқанда ол көп уақыт көз ілмей жатыпты. Әбден қалжырап қалғып кеткенде, түсінде Сәкен, Бейімбет, Илиястар маздаған оттың ортасында лаулап жанып жатса керек. Тіпті Сәкеннің: “Құтқарындаршы?” — деген даусын естиді. Бұл оны құтқарып алайын десе, орнынан екі аяғын басып тұра алмай қалады. Олар лапылдап өргеніп жатыр. Жаны қатты ашиды, бірақ оларды құтқара алмай, амалсыздан шыңғырып жіберген екен ғой.

Осы көрген түсінен кейін Бүркіт көпке дейін ойын-күлкісіз, онала алмай жүрді. Тіпті өзінің жақын туыстары қайтыс болғандай қайғырды. Кейде біздерге: “Соларды жазалағандардың өздерін жазаласа ғой, шіркін”, — дейтін.

Оның бұл сөзіне басқаларымыз таңдана қарап: “Мынаның халық жауларына жаны ашығаны несі екен-ей?” — деп ойлайтынбыз. Ол кезде мұғалімдер не айтса, біздер соның бәріне қалтқысыз сенетінбіз. Сондықтан біз оған үрке қарап: “Өй, сенің бұл айтып жүргенің не, мұны естісе мұғалімдер ұрсады ғой”, — дегенде, ол бізге сабырлы, байсалды түрде: “Сәкендердің халыққа жасаған ешқандай қиянаттары да, қастықтары да жоқ. Осының бәрі де оларды көре алмаушылардың жаласынан болып отыр”, — дейтін.

Бүркіттің бұл сөздері бұрын естігеніміздің бәріне бірдей сене беретін, ештеңе ойламайтын біздерді де қалың ойға батырды. “Мұның да айтып жүргені дұрыс шығар” деген пікірге келе бастадық. Ақыры оның айтқандарын күн сайын естіп жүріп, бірыңғай оның ықпалына көштік. Сөйтсек, сол кездегі қоғамның әділетсіздігін, халықтың басына түсіп отырған қиыншылықтарды жастайынан ұға білген Бүркіт алғыр да аңғарғыш жан екен.

Кейінгі студент болған жылдарымызда ол бізге тіпті қатар жүрген құрбы емес, көп затты көрсетіп, үйретіп жүрген ұстаздай болды. Оның көп білетіндігіне, алғырлығына еліктей жүріп, ол “Елін сүйген ерлер партиясын” (ЕСЕП) құрған кезде біз оны қуана жүріп қабылдадық.

Бүркіт өз қатарынан ой-өрісі жоғары болуы арқасында бірыңғай коммунистік рухта тәрбиеленген жастардың ұлттық-патриоттық санасын оятып, оларды өз маңайына топтастыра білді.

Олуақыпта өбден ұмыт болуға айналған алашордашылардың өлеңдерін тауып алып, оқып беретін. Бүркіт Алаш партиясына мүше болғандар қазақ халқына нағыз жаны ашыған адамдар деп түсіндіретін. “Егер де Кеңес өкіметі болмай, Қазақстанды Алашорда үкіметі билеп тұрса, қазақ халқы ешқандай қырғынға да, қиыншылыққа да ұшырамаған болар еді”, — деп отыратын.

Жастайынан-ақ туған елінің азаттығын аңсаған, жалын-даған жастық өмірінің бәрін де осы арман жолында өткізген абзал азамат туралы көпшілік көбірек білсе ғой деген оймен қолға қалам алуға тура келді.

Бірақ ойға алғанды толық орындауға келгенде менің де мүмкіндігім аз болып шықты. Ең алдымен айтқанда, Бүркіт Бісқақұлы — ақын. Сондықтан ол Жазушылар одағында топтасқан көрнекті ақын-жазушылармен тығыз байланыста болды. Олармен қандай жағдайда және қалай байланыс жасады, араларында айтарлықтай қандай қызғылықты жағдайлар болды, бұл жағы маған көмескілеу екен. Екінші жағынан алғанда, ол — ғалым. Қазақстан Ғылым академиясындағы атақты ғалымдармен де таныс болды. Олармен де қандай қарым-қатынаста болды... білмейді екенмін.

1956 жылы лагерьден босанып келгеннен кейін біз бір-бірімізбен сирек кездесуге уәделескен едік. Өйткені “көрінбес көлеңкелер” соңымыздан бір қадам да қалмайтын. Екеуміздің басымыз қосылып кетсе-ақ олар “Қасекең сау күндегі әнге басты” деп ойлауы айдан анық еді. Сондықтан срынсыз күдік туғызып, өзімізді қайтадан олардың нысанасына алдырып қайтеміз дестік.

Бүркіт МХК-нің (КГБ-ның) тыңшыларын “көрінбес көлеңкелер” деп айтатын. Өйткені олар ешкімге сездірмей, көрінбей-ақ аңдыған адамның соңынан бір қадам да қалмайтын. “Аузы күйген үрлеп ішеді” дегендей, біз оларға тіпті араздасып кеткен адамдардай болып көрінуге тырыстық.

Ол кезде бүкіл дүниені дүрліктіріп тұрған қызыл империя күл-талқан болып күйреп шыға келеді деп кім ойлаған. Енді қатыгез жаудың қармағына ілігіп, құр орынсыз қор болмайық деген оймен мен ауылда, ол қалада тұрып, жиырма жылдай бір-бірімізбен жақсы қатынас жасай алмай “бейбіт” өткен кездерді қозғамай-ақ, бала жастан бірге өскен тәтті арман-қиялдарды бірге бөліскен, есейе келе тағдыр тауқыметін де бірге көрген қилы кезеңдерді ғана шамама келгенше қағаз бетіне түсіруге тырыстым. Бұрын мұндайды жазып машықтанбағандықтан және кәріліктен бойға сіңген ұмытшақтық бөгет болып, тұқырта берсе де көңілге алған ойды қалай болса да аяқтап шығу керек болды. Бүркіт туралы өз білгенімді жазып және оны жария ете алсам, сонда ғана мен оның достық қарызынан құтылады екенмін.

Ол жай ғана көптің бірі болып, ескерусіз қала салатындай адам емес қой. Оның жұдырықтай жүрегінде таудай талап, асыл арман ұялаған. Сырттай көрген, бақылаған адамға басқалардан асып тұрған ерекшелігі жоқ сияқты. Алайда оның сол шағын бойына біткен адамгершілігі кімді болса да сүйсіндірмей қоймайтын. Оның бойында тәкаппарлық мінез затымен болған емес. Керісінше кішіпейілділік оның бойына біткен негізгі қасиеті болды. Ол қай жерде, қандай ортада болса да, кіммен сөйлессе де жылдам үйлесе кетіп, бәрімен де ортақ тіл таба білетін. Үлкенді аға, кішіні іні тұтып, ой-өрісі бар адамдарды ерекше бағалап отыратын.

Қазақ арасында кездесетін жақсылыққа жаны сүйсініп, жамандыққа ылғи да жаны күйзелетін.

Басынан кешкен ауыр азап та, үнемі оны бақылауға алып, қыр соңынан қалмаған “көрінбес көлеңкелер” де оның ұлттық-патриоттық сезімін жойып жібере алмады. Ол өмірінің ақырына дейін туған елін де, жерін де қалтқысыз сүйіп, көз жұмған адам.

Менің осы еңбегім жарық көріп, басылып шықса, ол қазақтың саналы қауымына тараса, олар Бүркіт туралы дұрыс түсінік ала алса, мен өзімнің көздеген мақсатымды толық орындап шықтым деп есептер едім. Бүркітпен бірге қызметтес болғандардың арасынан ол туралы өздерінің көрген-білгендерін жазатындар шыға қалса, қандай ғанибет болар еді. Өйткені олар Б. Ысқақовты басқа қырынан —

бейбіт уақыттағы өмірімен таныстырып, көп мәлімет бере алар еді.

Бүркітте кімге болса ұнай кететін ерекше бір сүйкімді мінез болатын. Ол біреуге кек сақтап, одан өш алу дегенді тіпті білмейтін.

Біздер 1951 жылы ауыр жазаға кесіліп, сотталып кетерде өзімізбен бірге болып, бірге жүрген кейбір достарымыздың бізге қарсы шығып, куә болғандары болды. Біз айдаудан босанып, қайтып келгенде олардың бәрі де аман-сау жүріп жатыр екен. Олардың біздерді көргенде имене де, үрке де қарағаны бар. Бірақ Бүркіт кек сақтамай-ақ, ерекше ештеңе болмағандай олармен қайтадан қоян-қолтық жақындасып кетті. Ол маған да ескертіп: “Махмет, сен, өзіңе қарсы куәлік берген бұрынғы достарың кездесе қалса, оларға ешқандай реніш білдірмей-ақ қой. Бұрынғы достық қалпыңды сақтап жүре бер. Біздің сотталып кетуімізге бірыңғай олар айыпты емес. Өйткені олар қарсы куәлік бермеймін десе, олардың өздерін соттап жіберетін еді. Ал біздерге қарсы басқа куәлар тауып ала салу оларға оп-оңай. Мұның бәріне де кінәлі заман ағымы. Олар да заманның ыңғайына қарай амалсыз сондай іс істеуге мәжбүр болды”, — дейтін.

Бүркіт біреуге қатты ренжігенде де оған дөрекілік мінез көрсетпейтін. Оның істеген жағымсыз қылықтары болса: “Мынау тіпті дұрыс болмаған екен. Оны былай істеу керек еді ғой”, — деп, ақыл айтып, жай ғана түсіндіріп отыратын.

Туған елінің азаттығын аңсап, жастық албырттықпен қауіп-қатерді де еске алмай арындаған абзал азаматтың ұлы арманы орындалып отыр. Қазір де Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып, есейіп келе жатқанда оның сүйікті Отаны Бүркітті де және ол қырға берсе де көңілге алған ойды қалай болса да аяқтап шйымдастырған “ЕСЕП”-ті де еске алып, лайықты бағалай білсе, қандай ғанибет болар еді.

Бірінші бөлім

АЗАТТЫҚ АҢСАП АЗАП ШЕККЕНДЕР



Фасырлар бойы отарлық бұғаудың азабын көріп, өзгенін тепкісінде зар еңіреп келген қазақ халқы бүгінде өзгелермен терезесі тең егеменді ел болып, шаруашылығы дамып, өркендеп өсіп келеді. Бұрын шетелдердің ешқайсысы білмейтін де, тіпті ешкім ескеріп елемейтін де Қазақстанды және оның байырғы халқы — қазақтарды бүкіл әлем біліп отыр. Мәскеудің ашса алақанында, жұмса жұдырығында болып келген еліміз бүгінде өз шаруасын өзі басқарып, өз байлығына өзі ие. Бұл жағдайға жетуіміз өз алдымызға дербес ел болуымыздың арқасында болып отыр. Осы азаттықты аңсап, бостандық үшін күресіп, қазақтың талай абзал азаматтары мерт болды.

Кеңес үкіметі өзінің орнаған алғашқы жылдарынан бастап-ақ қазақ халқына қанды шеңгелін батыра салып, малдарын, азық-түліктерін тартып алып, 1921—22 жылдары батыстағы, әсіресе Ақтөбе өңіріндегі қазақтарды аштыққа ұшыратып, босытып жіберді. 1930 жылдардағы колхоздастыру кезеңінде күн көріп отырған малдарын жаппай сыпырып алып, халықты ашаршылық қырғынына ұшыратты.

Қазақ тарихында 1932—1933 жылдардағы аштық алапаты бүкіл қазақ халқын құртып жіберуге айналған орны толмас ең қайғылы оқиға болды. 1929—30 жылдары жүргізілген коллективтендіру кезеңінде малмен ғана күнелтіп отырған бүкіл қазақтың малдарын аша тұяқ қалдырмай тартып алып, халықты жаппай аштыққа ұшыратты. Ішетін нәр таба алмай ашыққан халық жаппай қырылып жатты. Далбасалап шұбырған халық жолшыбай аштан өліп, көмусіз сасып-шіріп, сүйектері айдалада шашылып қалды.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, 1915 жылдың қарсаңында бүкіл қазақтардың саны 6 миллион болған екен. Сол мәліметтерде Ресейге қарайтын түріктілдес халықтардың ең көбі қазақтар болған.

1916 жылғы көтерілістен бастап қазақтар саны кеми бастаған.

Кеңес өкіметі кезінде қазақтар ауыр апаттарға жиі ұшыраған. 1921—1922 жылдардағы бір миллионнан артық адам өліп және босып кетті.

1932—33 жылдарда аштық кезінде 2 миллион 200 мыңдай

адам қырылып, 1 миллион 100 мың адам босып кетті. 1937—38 жылдары “халық жаулары” деген сылтаумен 100 мыңнан астам адам атылды, айдалып кетті. 1941—1945 жылдардағы соғыста жарты миллионға жуық қазақ оңат болды. Осындай апаттардың салдарынан 1915 жылдары қарсаңында 6 миллион болған қазақтан 1945 жылы 2,5 миллион ғана қалған. 1960 жылдары Қазақстандағы қазақтардың үлес салмағы 29%-ға дейін кеміді. Осындай апаттарға ұшырамағанда қазір қазақ халқының саны ең кем дегенде 20-25 миллион адам болып, тіліміз де, әдет-ғұрпымыз да бұзылмай сақталатын еді.

1937—38 жылдардағы “халық жауларын әшкерелеу” науқаны Кеңес Одағы бойынша жаппай жүргізілді. Мәскеуден басталған қуғын-сүргін Қазақстанға жеткенде сұраныл дауылға айналды. Қазақтың қамын жейтін ең асыл азаматтарын тұтасымен құртып жіберді. Бұларды құртып жіберу аз көрініп, осылардың жақын-жұқыны, таныстамыры деген сылтаулармен ел ішіндегі қақ-соқпен жұмысы жоқ момын сауатсыз адамдарды да қамауға алып, “халық жауы” деп қисынсыз жала жауып, соттап, оларды азап лагерьлеріне жіберді. Мұнда олар аш, жалаңаш, қысы-жазы ауыр жұмыс істеп, аштықтан да, суықтан да қырылып жатты. Сөйтін “халық жауларын әшкерелеу” науқаны қазақтар үшін 1930 жылдардағы аштық алапатынан кейінгі үлкен қаралы оқиға болды. Кеңес өкіметі қатал тәртіп орнатып, халықты қояндай қорғалатып, бұқтырып тастаса да қазақтың саналы жастары өзінің туған халқының ұлттық қалпын сақтай алмай, ана тілінің де, салт-дәстүрінің де жоғалып бара жатқанын аңғара бастады. Олар Кеңес Одағында тұратын барлық халықтар, барлық ұлттар өздерінің аз, көптігіне қарамастан тең құқықты, тең дәрежелі дегендері жалған үгіт екенін білді.

С.М.Торайғыровтың:

*Әділдік, ар, адамдық деген сөздер,
Әлсіздерді алдауға қылған амал, —*

деп айтқанындай, күштілер әлсіздерді күшпен де, алдау-арбаумен де, олардың өз арасына жік салып әлсіретумен де өздеріне тәуелді етіп алатынын тіпті жеке ұлт есебінде өмір

сүре алмайтынын сезді. Кейбір студент жастар қылышынан қан тамып тұрған кеңестік тоталитарлық қатал тәртіпке қарамастан әділетсіз қоғамға наразы болып, жасырын ұйымдар құрған. Олар коммунизм насихатымен әбден миы уланған өз қатарлы жастарға дұрыс бағыт беріп, олардың ұлттық рухын көтеріп, ұлттық намысын оятып, қоғамның әділетсіздігін әшкерелеген, оның қазақ сияқты ұсақ ұлттарға жасап отырған қиянатым, қорлығын түсіндірген. Азаттықғы армандап, үгіт жүргізген ұйымдарына мүше болуға өздерінің сенімді деген достарын, құрбыларын, тағы басқа пікірлес болуға лайық деген жастарды тартып отырған.

1940-1941 оқу жылында Нұра ауданындағы Қазгородок (қазіргі Кертінді) орта мектебін бітірген бір топ оқушылар Қарағандыдағы екі жылдық оқытушылар институтына келіп, оқуға түстік. Бәріміз де бір бөлмеде жатамыз. Ауылдағы мектепте радио жоқ еді. Мұнда келгеннен кейін радио тыңдап, газет, журналдар оқи алатын болдық. Тіпті қызықты жағдайға белшемізден батып кеткендейміз. Ауылда тауып оқи алмайтын кітаптарды қала кітапханаларынан, тағы басқа жерлерден тауып алып оқитын болдық.

Институтта біздерге қазақ әдебиетінен Айтбай Нәресев лекция оқитын. Ол лекция оқығанда бәріміз де ұйып тыңдап, елтіп қалғандай болатынбыз. Өйткені қағазға да, кітапқа да қарамай ақындардың өлеңдерін үнемі мөнерлеп жатқа айтып беретін. Институттағы “Жас қалам” деп аталатын үйірмеге өзі басшылық етті. Онда оқып талдайтын кітаптарды да өзі әкеліп отыратын. Оның тікелей көмекшісі Бүркіт Ысқақов болды.

Бір күні ол ауырып қалып, институтқа келмеген соң, Бүркіт екеуміз үйіне бардық. Төсек тартып жатыр екен. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін інісі Рамазанға кітап сөресінен бізге бір-екі кітап алғызып берді. Оның жеке кітапханасындағы кітаптардың көптігі бұрын мұндайды көрмеген біздерді қатты таңғалдырды. Ашық тұрған кітаптарды ерінбей тегіс қызыға қарап шықтық. Енді кілттеулі жабық тұрған кітаптарды көргіміз келіп еді, оған рұқсат бермеді. Рамазанға жалынып жүріп, ол кітаптарды да көріп шықтық. Сөйтсек, мұнда Алаш ақындарының: Ахмет Байтұрсыновтың “Қырық мысал”, “Маса” кітаптары,

Міржақып Дулатовтың “Оян, қазақ!” сияқты кітаптары сақтаулы екен. Бұлар араб әріптерімен жазылған. Бүркіт көре сала қызығып оқи кетті. Ол төте оқуды жақсы білетін. Мен мұны кейін үйрендім.

Бүркітті де, мені де ерекше қызықттырған тағы бір кітап — Сәбит Мұқановтың “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” (1-бөлім, ұлтшылдық-байшылдық дәуір. “Қазақстан” баспасы, 1932 жыл. Қызылорда) деген кітабы болды. Мұны Рамазаннан қолқалап сұрап алып, Бүркіт екеуіміз ғана жасырын оқып шықтық. Оның бізге ұнағаны сондай, оны бірнеше күн дамыл таппай оқып шығып, өзімізге ұнаған өлеңдерді қалың дәптерге көшіріп алдық.

Алаш ақындары мен олардың қайраткерлері жайында түсінік алып, олардың не үшін күрескенін білгеніміз — біздердің ұлттық намысымызды қоздырып, ерекше рухтандырып жіберді. Алдағы уақытта сол Алаш азаматтарының жолын қуып, туған еліміздің азаттығы, бостандығы үшін күресуге бел будық.

*Елім-ау, бір сен үшін міндік атқа,
Қолдан жем қылмаймыз деп сені жатқа.
Қолға алып Алаш туын ұрандадық,
Қарамай шапқан қылыш, атқан оққа.*

М. Дулатовтың, тағы басқалардың осы сарындас өлеңдерін оқып шыққаннан кейін халықтың нағыз жанашырлары Алаш азаматтары екен ғой деген тұжырымға келдік. Елімізді Коммунист партиясы емес, Алаш партиясы билесе, қазақ халқы ешқандай күйзеліске ұшырамаған болар еді. Қазақтар аштықтан жаппай қырылып жатқанда Компартия ешқандай көңіл аудармай, “Біздің елде бәрі де бар, бәрі де тамаша” деп жүре берді. Қазақтар біржолата құрып кетсе де қиналып, қайғыратын түрі болмады.

Келешекте елін шексіз сүйетін, тек қана халықтың қамын ойлайтын, халық үшін жан аямай қызмет ететін партия керек. Ендеше сондай партияны өзіміз құрып алуымыз керек дестік. Ондай партияны қалай атауымыз керек деген ой көп толғандырды. Әуелі “Жас Алаш” деп атамақ болдық. Мұны қойып “Жас қазақ” демек болдық. Ақыры “Елін сүйген ерлер партиясы” (ЕСЕП) деп атадық.

Өзінің аты көрсетіп тұрғандай-ақ, біздің партия, біздің ұйым нағыз халыққа қызмет ететін партия болмай ма? — деді Бүркіт маған күлімдеп қарап.

Иә, партия емес, сол партияның мүшелері өзіміз қызмет етпейміз бе? — деймін әзілдеп күліп. Екеуміз де мәз болып, күліп алдық.

Енді мұны пікірлес достарымызға жария етпек болдық. Өзіміз жатқан жатақхананың бір бөлмесіне тегіс жиналдык. Бәріміз отырдық. Бүркіт ортамызда түрегеп тұр. Оның күлімдеген түрінен барлығы да бір жаңа хабар күткендей тып-тыныш бола қалды. Ол өзінің әңгімесінде Кеңес үкіметінің қазақ байларын зар жылатып жан-тәнін салып өсірген малын, мүлкін тартып алып, байларды ғана емес, олардың жұмысын істеп, бала-шағаларын асырап жүрген кедейлерді де ауыр жағдайға ұшыратқанын айтып берді. 1930 жылдары колхоздастырамыз деп бүкіл қазақтың күнелтіп отырған малын тартып алып, бүкіл халықты аптық алапатына, жаппай қырғынға ұшыратқанын тәптіштеп түсіндірді. Мұнан кейін есеңгіреп қалған елдің есін толық жиғызбай, “халық жауларын әшкерелеу” деген сұмдық науқанды бастап, жазықсыз талай адамдарды қуғын-сүргінге ұшыратқанын айтты. Қатынасқандардың бәрі де ұйып тыңдап отыр. Сөзінің соңында: “Халықтың басына түскен осындай ауыртпалықтарға, қайғылы оқиғаларға кім кінәлі?” — деп сұрақ қойды. Ешкім үндей қоймады. Ендеше деп әрі қарай жалғастырды өзінің айтар пікірін: “Бұған бүкіл елді билеп-төстеп тұрған Компартия айыпты. Егер ол халықтың қамын ойлап қызмет атқарса, ел мұндай күйзеліске ұшырамас еді. Сондықтан бүкіл халыққа, өсіресе қазақ халқына елін сүйіп қызмет ететін ғана партия керек. Сондай жаңа партияны өзіміз құруымыз керек”, — деді. Бүркіттің бұл соны пікірі отырғандарды тегіс қызықтыра да, ынтықтыра түсті. Олардың қарсылық көрсетпейтінін білгеннен кейін шабыттана түсіп: “Жолдастар — деді ол, — біздің партиямыз “Елін сүйген ерлер партиясы” деп аталады. Оны қысқаша айтқанда “ЕСЕП” дейміз. Осы отырған бәріміз бүгіннен бастап осы жаңа партияның мүшесіміз”, — деп тұжырымдады өзінің пікірін. Отырғандар тіпті риза болып, көл шапалақтап жіберді. Сөйтіп, өзіміз бір

жаңа саяси партия құрып алдық деп қуаныстық. Алдағы уақытта оның бағдарламасын да, жарғысын да жазып шығарып қабылдаймыз деп келістік. Осы күннен бастап студенттер, қызметтегі жастар, тіпті оқушылар арасында үгіт жүргізіп, пікірлестеріміздің санын өсіре беруге талпындық. “ЕСЕП” партиясының қазіргі мүшелері деп мыналарды есептедік: Бүркіт Ысқақов (көсемі), Махмет Теміров (орынбасары), Елеш Бимағанбетов, Дәкен Шалабеков, Аманжол Дүйсенбаев, Әшім Сүлейменов, Жанайдар Әубәкіров. Бұлар – институтта оқып жүрген студенттер. Бұлардан басқа ауылда тұратын пікірлес достарымыз да партия мүшелері деп есептеледі. Олар: Рақыш Бүйрабеков, Кәмәли Рахметов, Қажікен Тінтаев, Аққошқар Мұқанов, Байдали Боқаев, Ақаш Мұқанов, Балапан Сәкібаев, Орынбай Сауқанов, Сайдали Кеңжебаев (кейіннен Мақуов), Дәулетбек Әкімбеков, Қыздарбек Әкімбековтер еді. Құпия түрде болса да біздің тілектестеріміз біртіндеп өсе берді. Бүркіт бірге оқып жүрген студенттерге ғана емес, сол кездегі бүкіл Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы жалғыз қазақ мектебіне барып, өз пікірін айтып, оқушылардың ұлттық намысын оятуға бар күшін салып жүрді. Бұл мектеп ескі қалада. Бүркіт екеуіміз Жаңа қаладан жаяу келеміз. Сөйтіп пікірлестер шоғыры мектеп оқушыларының да арасынан шыға бастады. Бүркіт институттағы барлық студенттермен әңгімелесіп, олардың пікірлерін біліп, өз жағына тартуға тырысатын. Біздермен пікірлес деп тарих факультетінің студенттері Нұркенов Ахметжан, Сейітов Қайлеш, Аманбаев Мұқаш, Әубәкіров Хайритдендерді атайтын. Институтта Бүркітпен жақсы дос болғандардың бірі – Жаппар Өмірбеков еді.

Бүркіттің әңгімесін естіп, тыңдаған құрдастарының бәрі дерлік оның пікірін қолдап шыға келетін. Олардың ішінен ерекше атайтындары: Оңайбек Құдышұлы, Орынбай Айтмағанбетовтер еді. Біздің тілектестеріміз күн-күн сайын өсе берді. Осылай шабыттана қатарымызды өсіріп жүрген кезімізде Германиямен сұрапыл соғыс басталып кетті. “Енді не болар екен?” деген ой тілімізге қайта-қайта орала береді. “Осы соғыста қай жағы жеңеді? Кімнің күші басым?” Осы ойлар қатты мазалай бастады.

Танертеңгі тамақты ішкеннен кейін Бүркіт екеуміз оңаша бөлініп кеттік. Енді ғана басталған соғыс туралы пікірлесіп жүрміз.

— Бұл соғыста қай жағының жеңгені біздер үшін пайдалы деп есептейсің? — деп сұрады менен.

— Менің пікірімше, Кеңес Одағының жеңілгені дұрыс қой деп ойлаймын, — дедім.

— Әрине солай. Солай болуға тиіс, — деп өз пікірін әрі қарай жалғастырды. Қазақ халқы ғасырлар бойы патша өкіметінің отары болып, зар жылап келді. Сөйтіп жүргенде Қазан төңкерісінде өмірден түңіліп жүрген халықтарға жылт еткен үміт сәулесі көрінгендей болды. Бірақ бұл үміт те ақталмады. Қазақ халқы сорлағанның үстіне сорлай берді. Енді міне, біздің халықты құртатын қырғын тағы басталды. Қазірде қазақ халқының еркектер саны әйелдерден өлдеқайда көп. Соның әскер жасындағыларын соғысқа айдап апарып қырады. Халықты аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қалай ойлайсың? — деп маған сұрақ қойды. Мен ойланып қалдым. Менің жауабымды күтпей-ақ, өзі әрі қарай айта берді.

— Ендеше, — деді ол, — мүмкіндігі болса, соғысқа бармау керек. Біз кімді қорғап, кім үшін, не үшін соғысамыз. Бізде жанды салып қорғайтындай — тәуелсіз болып отырған өз мемлекетіміз бар ма? Әрине жоқ. Кеңес Одағы деп отырғанымыз еріксіз камалған халықтардың абақтысы. Сол абақты күйрегенде ғана ішіндегі камалғандар еркіндікке шығады.

Міне, соғыс туралы біздің пікіріміз осындай болып еді. Кеңес өкіметі қазақтарды ылғи қырғыннан қырғынға ұшыратып келеді. Олай болса, өзімізді құртып келе жатқан, тіпті біржолата жоқ қылатын ойы бар қоғамды, мемлекетті не үшін қорғаймыз? Бізге оның аман қалуы емес, күйреп жеңілуі керек, отарлық бұғауда отырған халықтар сонда ғана бостандыққа шыға алады деген пікірге тоқтадық.

1942 жылдың жаз айлары. Кеңес Одағының оңтүстігінде Сталинград бағытында қырғын соғыс жүріп жатқан кез. Енді Бүркіт екеуміз де майданға аттанбақпыз. Алдағы уақытта біз не істейміз? деген сұраққа — әуелі, сен, мынаны тыңда деп мынау өлең жолдарын оқып берді:

*Жастарды айдап ұрысқа,
Қарттарды айдап жұмысқа.
Отырғаны Советтің
Ойландаршы дұрыс па?!*

Оған жауапты өзі қайырды!

*Жоқ, бұл жатпайды дұрысқа,
Жатпаса бұл дұрысқа,
Барма жастар ұрысқа!
Барма қарттар жұмысқа!*

Біздер әскерге бармауды өзімізден бастадық. Бала жастан бірге өскен Бүркіт екеуміздің ойымыз да, арманымыз да бірдей болатын. Ол қандай іс бастаса да, жаңа бір ойлар келсе де маған айтып, ақылдасатын. Бұл жолы да екеуміз ақылдаса келе қатерлі іске қадам бастық. Оның:

— Сен осы жолда қиыншылық көрсең ренжімейсің бе? — деген сөзіне мен оған:

— Бүркіт, сен не көрсең мен де соны көруге дайынмын. Сен бастай бер, мен қостай берейін. “Исатай басшы, мен қосшы” дегенді кімнің айтқанын өзің білесің ғой, — дедім. Ол менің бұл сөзіме өте риза болып, мені құшақтай алды.

Бүркіт екеуміз сол кездің өзінде-ақ Кеңес өкіметінің күйреп, оның бұғауында қысым көріп отырған қазақ сияқты халықтардың азаттық алғанын армандаған едік. Кеңес өкіметі де фашистік Германия сияқты басқа халықтардың қас жауы болды.

Ендеше алыста жатқан жаудан гөрі таяуда қоян-қолтық жатқан жау әлдеқайда қауіпті деп есептедік. Бұған Кеңес өкіметінің үстемдігі кезінде қазақ халқының басына түскен қаралы күндер толық дәлел бола алады.

Қазақтардың қырғынға бармай, қарсылық көрсетіп, әр жерде топ құрып жүргендері бар деп естідік. Енді біз соларға қосылмақ болып, бел будық. Солармен қосылып, қолымызға қару алып, еліміздің азаттығы үшін айқассақ-ау деп армандадық. Осы оймен олардың бір тобын іздеп келе жатқанда орта жолда олардың чекистермен атысып, қолға түскенін естідік. Бұлардың басыныларын азаптап, өлтіріп

жіберілті. Қалғандарын қатты қысымға алып, азаптаған көрінеді. Біз амалсыздан кейін оралдық.

Күн суытып, қыс түсуге таянып келеді. Алғашқы қар жауып, қансонар болған күні бізді де ізге түсіп індеткен тұлкі мен қарсақтай қылып ұстайды да алады. Одан да өзіміз барып көрінейік деп келістік. Бүркітті тікелей майданға жөнелтті, мен еңбек майданында болдым. “ЕСЕП”-тің басқа мүшелері де өскерге алынып, майданға жөнелтіген. Бірақ ұйымның алғашқы мүшелері тарап кеткенмен, “ЕСЕП”-тің идеясын насихаттау соғыстың қызу жүріп жағқан кезінде де әрі қарай жалғаса берген. 1944 жылы Қарағандыда бір топ жастарды Кеңес өкіметіне қарсы саяси пікірлері үшін қамауға алған. Оларға “ЕСЕП” деген қоғамға қарсы ұлтшыл ұйым құрды деген айып тағылған. Бұлар: Зейнолла Әбділдин, Бейсембай Жақсылықов, Асығат Рүстемов және Жаппар Омірбеков болатын. Оларды қатты қысымға алып: “Қоғамға қарсы мұндай жат пікірді сендерге кім үйретті?” — дегенде, бәрі де Бүркіттің атын атаған. Олардың мұнысы жапқан жала емес, шындықты жасырмай айтқаны еді.

Асығат Рүстемов пен Зейнолла Әбділдинді жастау болған соң өздеріне керекті деректерді алып, бірсыпыра кинап, колдарынан қолхат алып босатып жібереді. Омірбековті бір жылдай ұстап, Жақсылықовты он жылға соттап жіберген.

“ЕСЕП”-тің идеясын жалғастырушылар мұнымен тоқтап, тоқырап қалмаған. Азаттық жолындағы күресті әрі қарай жалғастырған. 1960 жылдан бастап Орталық Қазақстандағы жоғары оқу орындарында “Жас қазақ” немесе “ЕСЕП” атты жасырын ұйым құрылған. Бұлар Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясаты қазақ сияқты ұсақ ұлттардың тілін де, мәдениетін де құртын жіберу екенін түсіндірген ұлттық іскер кадрларға қысым көрсетіп, оларға жұмыс істеуге мүмкіншілік бермей, жоғарғы қызметке үнемі орыс коммунистерін қойып отырғанын, қазақ мектептері жабылып, барлық мектептерде оқу орыс тілінде жүргізіліп отырғанын айтқан листовкалар таратқан. Қазақ жастарының ұлттық намысын ояту мақсатында басқа қалалардағы жоғары оқу орындарына жіберілген. Бұлар қандай бүркеншік ат қолданса да қолға түсіп, жазаланған. Олар: Зейнолла Игіліков пен Кәмел Жүнісовтер еді. Бұлардан кейін Кәрім Сауғабаев, Мақсым Омарбековтерді жазалаған.

Сөйтіп 1941 жылы Бүркіт Ысқақов екеуміз бастап ұйымдастырған “ЕСЕП” ұйымы өзінің қолдаушыларын да, жалғасын да тауып отырған. 1950 жылдың желтоқсан айында “Правда” газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якуниннің “Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік, лениндік тұрғыдан баяндайық” деген мақаласы жарияланды. Мұнда Ермұхан Бекмахановтың “XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан” деген кітабы қатты сыналған. Онда Кенесары қозғалысы феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың көрінісі болды делінген. Оның ешқандай бұқаралық синаты болған жоқ деген тұжырым айтылған. Бекмахановты ескілік хандық дәуірді аңсаған деп айыптаған.

Бүркіт екеуміз Кенесарыны қазақтың қамын ойлап, халықты отарлау бұғауынан құтқаруға ұмтылған қаһарман деп дәлелдеп, “Правданың” өзіне жіберу үшін және Алматыдағы беделді газеттерде жариялату үшін мақала дайындадық. Ол кезде Бүркіт “Лениншіл жас” газетінде жауапты хатшы болып істейтін. Кандидаттық диссертация қорғауға дайындалып жүрген кезі. Мен Шет тілдер институтында оқимын. Бұл мақаланы жария ету үшін Бүркіт беделді тарихшыларды тартпақ болды. Осы пікірімізді жұрт біле берсін деп ашық айтып жүрдік. 1951 жылдың 18 қаңтары күні Бүркіт екеумізді тұтқындап, қатты қысымға алды.

— Сендер оқуға рұқсат етілмеген Алаш ақындарының кітаптарын оқып, өлеңдерін жаттап алып басқаларға айтып жүріпсіңдер. Ол кітаптарды қайдан алдыңдар? — деген сұраққа ауыр соққыдан әбден есеңгірегеннен кейін бәрін де мойындадық.

*Қазағым, елім,
Қайқайып белең,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып!
Қанған жоқ па өлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?! —*

Осы сияқты өлеңдерді жаттап алып, айтып жүретініміз шындық еді. Ахмет Байтұрсыновтың көрегендігіне таң қалатынбыз. Алматыдағы шет тілдер институтында оқып жүрген кезімізде бір бөлмеде бірнеше студенттер жатамыз. Олардың көбі менен кіші. Олар мені аға тұтып, менің әңгімемді тыңдауға құмар-ақ. Әңгімеміз әдебиет тақырыбы жайында да, күнделікті болып жатқан саяси оқиғалар жайында да айтыла беретін. Мұнда Жекен Қалиев, Мұстахым Азанбаев, Адырбек Аманқұлов сияқты талапты жастар белсене қатысып отырды. Кейінірек бағылдық жасап Алаш ақындары: Ахметтің, Міржақыптың, Мағжанның, Жүсіпбектің, тағы басқалардың өлеңдерін де айтып, талдап отыратын болдық. Бұл үйірмеміз де “ЕСЕП”-тің жалғасы іспетті болды.

1951 жылдың 14-15 маусымында Республика Жоғарғы соты РСФСР Қылмысты істер кодексі 58-бабының 10-11 тармақтары бойынша Бүркіт Ысқақов, Махмет Теміров, Айтбай Наршевті 25 жылға соттап, қосымша 5 жыл азаматтық құқығынан айыру туралы үкім шығарды. Рамазан Наршевті, Жекен Қалиевті, Адырбек Аманқұловты 10-8 жылға соттады.

Сөйтіп біздерді Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшыл ұйым құрған, ұйымның мақсаты Орта Азия республикалары мен Қазақстанды Кеңес Одағының құрамынан бөліп, Түркияның қолдауымен буржуазиялық ұлттық мемлекет құру болған. Кеңес қоғамына қарсы үгіт-насихат жүргізген, тыйым салынған әдеби кітаптарды көпшілікке таратып отырған деп айыптады. Бұл айыптау біздер үшін жабылған жала емес, нағыз шындық. Қолымыздан ештеңе келмесе де солай болса-ау деп армандаған едік.

1956 жылы ақпан айында Коммунистік партияның 20 съезі жеке басқа табынушылық және оның зардаптары туралы мәселе қарады. Сталин мен оның сыбайластарының қылмысты істерін әшкереледі. Олардың талай жазықсыз жандарды қырып-жойғандығын, қуғын-сүргінге ұшыратқандығын айыптады. Бұл жөнінде Н.С.Хрущев бағылдық көрсетіп, дұрыс бағыт ұстады. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ жазықсыз жапа шеккендерді әр жерде ерекше комиссия құрып, босата бастады. Солардың бірі болып маусым айында мен де босанып шықтым. Бүркіт

скеуміз өртүрлі лагерылерде, түрмелерде алты жылдай азап шегіп, 1956 жылдың тамыз айында Алматыда кездестік. Елге оралғаннан кейінгі байқағанымыз — Кеңес өкіметі қазақтардың жеке ұлт есебінде өмір сүруін тежеуге кіріскен екен. Қазақ жеріне бұрынғы қапталып көшіріп әкелген адамдары аздай-ақ, енді тың жерлерді игереміз деген желеумен жаңа кеңестік отаршыларды қапталып алып келіпті. Қазақ — өзінің туған Отанында азшылыққа айналып, қазақ мектептері жабыла бастаған. Сондықтан өз ана тілін білмейтін жастар өз ұлтын да керек қылмай, менсінбей мәңгүрттеніп кеткен. Бүкіл қазақ халқы қалың тобырдың ішінде құмға сепкен тарыдай боп, құрып кетуге айналған. “Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ”. Өзіммен-өзім күбірлеп сөйлегенде мына өлең жолдары оралды:

*Сағынып келсем елге қойнымды ашып,
Кетіпті туған жердің сұрқы қашып.
Шаң басса жер мен көкті бұрқыраған,
Елімді келімсектер кеткен басып.*

Қазақ халқының тілі де, діні де, салт-санасы да жойылып кету қаупіне ұшырағанын сезген Мәскеуде оқып жүрген саналы студенттер жұрт қамын ойлап, ел еңсесін көтеруге тырысқан. Мұрат Әуезов (жетекшісі), Мақаш Тәтімов, Ерсайын Тәпенев “Жас тұлпар” атты мәдени-саяси ұйым құрып, ел аралап концерт көрсетіп, лекция оқыған. Оларды болған жерлерінде халық зор қошеметпен қарсы алып, ерекше сүйіспеншілік білдіріп отырған. Тың игеру науқаны басып-жаншып тастаған елдің рухын көтеріп, ұлттық салт-санасын сақтап қалуға үндеген. Аз уақытта-ақ “Жас тұлпардың” дүбірі бүкіл республикаға жайылып, әр облыстағы жастар осы сияқты ұйымдар құра бастаған. Республика көлеміне кең тарап, жаппай жайыла бастаған қазақтың ұлттық намысын оятатын жастар ұйымдарынан қауіптенген Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бұған ерекше кәңіл аударып, “Жас тұлпар” ұйымын таратқан. Барлық жерлерде алдағы уақытта мұндай жастар ұйымын құруға тыйым салған.

Тоталитарлық жүйе қанша қаталдықпен өзіне қарсы

дегендерді аяусыз жазалап отырса да жастардың әділетсіз қоғамға наразылығы еш уақытта тоқтап қалған емес. 1969 жылы Павлодар қаласындағы №3 мектептің жоғарғы сынып оқушылары Арман Қалиевтің бастауымен “Жас ұлан” деп атаған жасырын саяси ұйым құрып, жастардың ұлттық сайа-сезімін оятып, азаттық алуды армандаған. Бұл уыздай жастарға да қатал шара қолданған. Жастайынан азаттықты аңсап Кеңес өкіметінің тоталигарлық-отарлық саясатына қаймықпай қарсы шыққан жастардың бірі – Хасен Қожа-Ахмет еді. Ол көптеген мақалалар, өлеңдер, үндеулер жазып, қоғамның әділетсіздігін әшкерелеген. Келешекте туған елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күресе білетін жастарды топтастыру мақсатында “Жас қазақ” деген жасырын ұйым құрған. 1977 жылы Компартияның ұлт саясатына қарсы шықты деген айыппен 2 жылға сотталған. Ол 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне белсене қатысқан. Сол үшін оны 4 жылға соттаған.

1979 жылы қыркүйек айында Целиноград қаласында (қазіргі Астана) бүкіл жастар жиналып, Ерейментауда ұйымдастырылмақшы болған Неміс автономиялық облысына қарсы шеруге шыққан. Осының нәтижесінде Неміс автономиясы құрылмай қалған.

Азаттықты аңсаған қазақ жастары әділетсіз қоғамға наразы болып, Қазақстанның көп жерінде құпия ұйымдар құрған.

Ондайлардың қолға түсіп қалғандарының кейбіреулерін жария қылмай-ақ, жасырын тұншықтырып тастап отырса, кейбіреулері амалсыздан белгілі болып қалған. Осындай елі үшін егіліп, Батыс Қазақстан облысының Жалпақтал ауылында жасырын ұйымдасқан бір топ жастардың ұйымы “Қазақ халқын қорғаушылар Одағы” деп аталған. 1943 жылы “үштіктің” шешімімен ұйым жетекшісі Ғұбайдолла (Ғұбаш) Әнесовты ату жазасына кесіп, қалғандарын — С.Баженов, С.Молдағалиев, Ғ.Тұрымөвты 19 жылға, М. Ахметов, И.Насыров, Қ.Мақұлбаев, Ө.Аманов, С.Қаражанов, Қ.Сапаралиндерді 5 жылға соттап жіберген. 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының ашықтан-ашық әділетсіздікке қарсы шығуы — азаттық, тәуелсіздік үшін күрестің шарықтау шегі болды. Қорыта айтқанда, қазіргі тәуелсіздік патша отаршыларына қарсы жан

пида деп шыққан жаужүрек батырларымыздың төгілген қанының, Алашорда азаматтарының жан аямай азаттық үшін күресінің, бұлардың жолын қуып, қатал тәртіптен де сескенбей, ұлттық намысты қару қылып, әділетсіздікке қарсы шыққан “ЕСЕП”, “Жас тұлпар”, “Жас ұлан”, “Жас қазақ”, “Қазақ халқын қорғаушылар Одағы” сияқты ұйымдардың күресінің, ақыры, 1986 жылғы желтоқсандағы жастардың ерекше ерліктерінің нәтижесінде орнап отыр. Ендеше туған халқының жолында жандарын пида етіп, жастық қыршын өмірлерін құрбандыққа шалған жастардың мұндай ерлік істерін кейінгі жас ұрпаққа үлгі есебінде көрсетіп, қазақ тарихына кіргізу өте дұрыс болар еді. Өмірде азапты да, қырғынды да басынан көп кешкен қазақ халқы үшін бұл тәуелсіздіктен қымбат еш нәрсе жоқ. Ендеше біз мұны ардақтай да, жан сала қорғай да білуіміз керек.

Қазір де біздер шаруашылығы дамыған, алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына кіруге ұмтылып отырмыз. Бұл қуанарлық жағдай. Дегенмен, қазақ халқы толық рухани еркіндікке жете алмай отыр. Қазақ тілі мен мәдениеті өлі де қанат жайып, өркендеп өсе алмай келеді. Кеңес өкіметі кезінде орыс тілімен ауызданып өскен қазақ жастары қазақ тіліне де, мәдениетіне де осықара қарайды. Сондай тәрбие алғандардың ел басқарып, мемлекеттік жауапты қызметте жүрсе де тәуелсіздік алған 15 жылдың ішінде қазақша көсіле сөйлеудің орнына бір-екі ауыз қазақша сөздің басын қосып айта алмай, міңгірлеп тұрғанын көргенде ызақ келіп, қаның қайнайды. Сондықтан қазақ тілін білмейтіндерді жауапты жұмыстарға қабылдмаса, қазақ тілінің бағы жанар еді. Келешекте жалтақтамай, жасқанбай қазақ тілін де, мәдениетін де өркендететін мезгіл жетті. Кеңес өкіметі үстемдік жасап тұрған кезде орыс тілін білмейтін адамға өмір сүру қандай қиын болса, келешекте Қазақстанда тұратындардың бәріне де қазақ тілін білуге сондай қажеттілік тудыру керек.

ЖАЙЛАУДА

Бүгінде халқымыздың көптен армандаған еркіндігі қолымызға тиіп, егеменді ел болып отырмыз. Бұл күнді біз қалай тойласақ та, бұл күнде біз қалай қуансақ та жарасып-ақ тұр. Бірақ бұл күнге даңғыл жолмен жүріп отырып жеткеніміз жоқ.

300 жылдай қатыгез отарлық бұғаудың қамытын киген қазақ халқы талай қиян-кескі кезеңдерді басынан өткізді.

Өмірі ұмытылмайтын халықтың ең ауыр күндерінің біразын мен де көріп, басымнан мен де кешірген екенмін. Осы өз көзіммен көрген және естігендерімді бұлжытпай қағаз бетіне түсіру – негізгі мақсатым болды.

Ел жыласа, мен де жылап, ел ашыққанда, мен де ашығып, ел қырылып, құрып кетуге айналғанда мен де құри жаздаппын.

Мен ес біле бастағаннан бері жадырап жүріп, шаттана күлмеген сияқтымын. Өйткені әке-шешем: “Алдағы күніміз не болар екен?” – деп үһлеп, уайымдап отыратын. Олардың жабырқаңқы көңіл күйлері маған да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Анығында олар алдында тұрған ауыртпалықты сезе бастаған. Жұт болып, мал қырылатын жылы малдың да алдын ала сүреңі кетіп қалады дегендей, адамдардың да реңі кете бастаған. Менің көзіммен көрген сұмдықтарым қандай еді? Олар маған қандай әсер етті? Менің өмірге көзқарасым қалай қалыптасты? Енді осыны басынан бастап баяндап көрейін.

Мен әкем Темір мен шешем Бибіғатшаның мойындарына бұршақ салып, Құдайдан зар еңіреп жүріп, сұрап алған баласы екенмін. Өйткені екеуі бір-біріне қосылғаннан кейін он жыл перзент көрмей жүріп, жас нәрестені әбден сағынғанда оларды қуандырып, 1923 жылы сәуір айында дүниеге келіппін, әкем өзіне жеткілікті шаруасы бар адам екен. Мені жүруге шамам келісімен-ақ қасынан бір адым да қалдырмай, үнемі ертіп жүретін болыпты. Мен қозы қуып, қой қайтаруды қызық көреді екенмін. Ол кезде қозы көгендеп, қой сауады. Қозыларды қуып әкеп, көгендетемін. Мұны көрген әкем мейірлене қуана түсіп: “Осы құлыныма мал көп бітер-ау, өзі малсақ”, – деп сүйсінеді екен. Ол кездегі тұрмыс-тіршілік тек қана малға

байланысты болғандықтан, әкем де малды жанындай жақсы көретін және біреуі екеу болып өссе екен деп еңбектенетін адам еді.

Көктемнің жайма-шуақ күндерінде шөбі шүйгін жайлауға қонып, желі құрып, шұрқыратып құлын байлау — қазақтар үшін бір үлкен қуаныш. Қар жылт етіп кетісімен қыстауларына қоймаларын қойып, көшіп кетуге асығады. Қыстан жылқылары күйлі шығып, биелер іш тастамай аман-есен құлындаса, мал иелері күлім қағады. Бұрынғы әдеттерімен жаңа жайлауға асыға көшіп келіп, көңілдерін демдеп, үйлерін тіккеннен кейін әрқайсысы өзінің желісін тартып, асау құлындарды құрықпен ұстап, ноқталарын мықтап тағып, желіге байлап жатыр. Мен әкемнің жанында құлынның ноқталарын ұстап, жүгіріп жүрмін. Менің қасында карайып жүргеніме де, желіге байланған құлындарына да қуаныш білдіріп: “Осының бәрі де сенің малың ғой”, — деп маған қарап сүйсіне күлімдейді.

Құлындарды байлап болып, үйге қайтуға бет бұрған кезде қасымызға қара сақалды бір кісі келіп амандасты да: — Темір-ау, биыл биелерің жақсы құлындаған екен, біздің биелерді құдай соғып, қысырап қалды ғой, — деген сияқты сөздерді жыламсырап тұрып айтқандай болды. Әкемнің ол кісімен жадырап сөйлескісі келмеді. Оның қасынан жылдамырақ кетіп, үйге қайтты. Желінің басы мен үйдің арасы онша алыста емес еді. Үйге кіргенше аңуланып, сөйлеп келеді. Сонда қайталап айтатыны: — Осы иттің көзі жаман, деуші еді, қайдан келе қалып еді, — деп ренжилді. Кейін білсем, байлаулы тұрған жас құлындарға кісінің көзі жылдам тиіп, мерт болып қалуы мүмкін деп ойлайды екен. Алдарына салып, айдап жүрген малдарын өзінің бақыты да, байлығы да деп есентейтін қазақы мінез әкемнің бойында да толық қалыптасып қалған еді.

1928 жылы қазақтың ірі байларын тәркілеп, қолдарындағы мал-мүліктерін тақырлап, тартып алғаннан кейін әкем қатты үрейлене бастады: “Осы пәле (малды айтып отыр) түбінде өзімізге пәле болып жабыспаса не қылсын?” — деп бұрын жанындай жақсы көретін малынан үркіп, қорқынышқа кірісе бастады. Сонда да бір де біреуін өз қолымен басқа адамға бергісі келмейді.

Биылғы жаз бұл аймақтағы қазақтардың соңғы рет жайлауға шығып, масайраған жылы екен.

Ертеңгі күніне күдікпен қарай бастаса да өздерінің бұрынғы ғадеттерін жасап, жайлауға бұрын көшіп келгендері кейінгі келгендерге ерулік беруде. Әркім өз сыйластарын дәмге шақырып, семіз қойды таңдап сойып, жас етке қыстан қалған сүр қосып асып, сары ала сорпа қылып қазанның буын бұрқыратып, қайнатып жатыр. Ошақ басында ет пісіріп жүрген әйелдер де, олардың қасында жүрген балалар да көңілді. Оларға шешелері бір қайнаса-ақ жылдам пісетін бауырдан кесіп беріп, риза қылып қояды. Жаңа сойылған малдың қан-жынын жеген иттер де бір-бірімен ырылдасып, тістесіп қалып, ошақ басынан ұзап кетпей жүр.

Көгалды жазық жерге тігілген алты қанат киіз үйдің іші адамға лық толы. Шақырылған құрметті қонақтардан басқа көршілер де тегіс жиналған. Алыстан қонақ келіп, бір үй мал сойып, ет асса, шақырмай-ақ маңайдағы адамдардың өздері келіп, тамақ ішіп кетуі әдеттегі жағдай. Олардың келгеніне ренжудің орнына үй иесі: “Төрге шық, тамақ іш”, — деп құрметтеп қарсы алуы керек. Келгендерге теріс қабақ көрсету — ұят болып есептеледі. Қолдағы барын көңілденіп отырып бөлісіп жеу — “Бөлінбеген еншіміз” деп отыратын қазақтың тамаша дәстүрі еді ғой.

Ет піскенше сабадағы пісуі әбден қанып, бабына келіп, бал татыған сары қымыз сапырылып, күйылып жатыр. Сырлы аяқты толтырып екі-үш рет ішіп алғандар көңілді әңгімеге кірісіп кеткен. Бірақ жасы егде тартып, замана ағымының кетіп бара жатқан бағытына күдіктене қарайтындар:

— Уа, қарақтарым-ай, осы әзіл, күлкілерің ұзаққа барса жарар еді ғой. Аузымыз асқа тимей, тақымымыз атқа тимей, алғажаяу ғып отырған бес-он қарадан жұрдай болып, айырылып қалсақ, күніміз не болады? — деп күніренеді. Малдарын еріксіз тартып ала қоймас деп үміттенетіндер:

— Тәркілейтіндерін тәркілеп болды ғой, енді бізге ұқсаған орта шаруаларға тиісе қоймас, Кеңес өкіметінің “орташамен одақ жасаймыз” деген ұраны бар емес пе? — деп күдікті көңілді басқандай пікір айтады. Тәрде түнеріп үндемей отырған ауыл ақсақалы да әңгімеге қосылып:

— Уа, шырағым, “жақсы сөз — жарым ырыс” деуші еді ғой, айтқаның келсін,— деп оның да кеудесінде үміт оты тұтанғандай болды. Осы кезде алдарына тартылған етті көріп, бәрі де көңілденіп кетті. Біреулері семіз қойдың жамбасын, біреулері қысқы соғымнан сақталған семіз жылқының телшігін өткір пышақтарымен жосыта турап жатыр. Бәрі де көп уақыт ас ішпей, аш жүргендей қомағайлана асауда. Төрде отырған ақсақал ішіне ел қонағандай болған соң, табақтан қолын тартып, кейін қарай сырғи түсіп, “Теміржан-ай биылғы қысқы соғымның да нән семіз болған екен”, — деп әкеме күлімдей қарап отырып, өзінің ризалығын білдірді. Ет желініп болғаннан кейін, жиналғандар құрт езген сары ала сорпаны да сүйсіне ішіп жатыр. Есік жақтан құрт езген сорпаның түбінде қалған малтаны сұраған жас балалардың қылтиған бастары да көрініп қалады. Оларды танып қалған төрдегілер шақырып алып, қойдың бір-бір жілігінен қолдарына үстатып жатыр. Жілік ұстаған балалар үйден күлімдеп шығады. Келген қонақтар тағы да қай үйде, қай күні болатындарын белгілеп тарасты. Кезектесіп шақырысқан көңілді күндер осылайша өтіп жатты.

Бір-ақ бір-бірін құрметтеп, кезектесіп шақырысып, қымыз ішіп, етке тойып, әңгіме-мәжіліс құрған қызықтары ұзаққа бармады. Сәске түс мезгілінде ауыздығымен алысқан жарау семіз аттарға мініп алған екі-үш белсенді таяу маңайдағы үйлердің иелерін үлкен бір киіз үйге әкеліп жипаған. Сыйғандары үйде, сыймағандары ашық тұрған есіктің алдында сығылысып тұрған. Бәрінің де ұнжырғасы түсіп, өңдері қашып кеткен. Жұрт өбден жиналып болды—ау деген кезде аудан орталығынан келген өкілдердің бастығы сөз сөйлеп, алдағы уақытта бір жерде орнығып отырып, бірлесіп егін салудың пайдасын түсіндіре келіп, таяу уақытта тездетіп мемлекетке үй бас сайын 20 пұт астық тапсыру керектігін баса айтқан.

— Астық тапсырмағандардың мал-мүлкі тегіс тәркіленіп, өздері Сібірге айдалады,— деп өктем өкіл сөзінің соңын жұртты үрейлендіре аяқтаған. Әкем осы жағдайды естіп келгеннен кейін түрі қашып, өрт сөндіргендей болып жүрді. Астық салығы бір ғана біздің үй емес, өмірі астық сеуіп, жер жыртып көрмеген осы маңайдағы көшпенді қазақ ауылдарының бәріне де ауыр соққы болып тиген.

МАЛДАН АЙЫРЫЛУ

Әкем көп тығындалып, көп еңбектеніп жүріп астық салығынан зорға құтылды да жақын ағайындарынан да жасырынып, бір түнде қаша көшті. Алдағы көздеген мақсаты — қолындағы қалған малын құртып, кедейлер қатарына қосылып, өзін танымайтын бөтен елде бас сауғалап қалу. Арада бір күн өткеннен кейін елден біздің үйге ұқсап қашып көшіп келе жатқандардың саны үш-төрт үй болған. Бұлар бір-бірімен шұрқыраса кездесті. Елден ұзап, арттарынан қуғынның жоқтығын толық білген жерде, көңілдері орныққандай, үйлерін тігіп, бие сауып бірнеше күн еру болды. Осы үш-төрт үйге басыы болып келе жатқан Көлүзак ақсақал бір қойын сойып, “Құдай жолына құрбандық” деп бірге көшіп келе жатқандарды дәмге шақырды. Ақсақал:

— Таңдағы тамақ тәңірден, әуелі мына тамақты ішіп, тойып алыңдар, Құдай деген құр қалмас, бір жарыққауына кездесерміз, — деп еңсесі түсіп кеткендерді ширатып, серітіп тастады.

Бұл жерде де көп отырмай тағы көшті.

— Жаңа салынып жатқан теміржол бойына барайық. Реті келсе күйлі малдарды сонда істеп жатқан жұмыскерлерге нұлдап сатармыз”, — деп келіскен.

Түс кезінде бір кішкене көлге келіп тоқтады. Үй тікпей, шағын күрке ғана тігіп алды. Сарыны бұл жерде орнығып отырмайтын сияқты. Шай ішіп, ес жиып алғаннан кейін жас жігіттер бастаған балалар “отарбаны, қараайғырды көреміз” деп екі-үш шақырым жүгіріп кеттік. Алдымызда тізбектелген ағаш үйлер баяу қозғалып келеді. Біз оған қарап, таңғалып тұрмыз. Кейін білсек, бұл ағаш вагондар екен. Теміржол жерге төселген. Қалың, биік шөп өскен жерлерде зорға көрінеді. Осының үстімен темір дөңгелектер шикылдай түсіп, жай айналып барады. Бұларды сүйретіп бара жатқан, төбесінен түгін шыққан ең алдыңғысын біздерге ішіміздегі үлкендеріміз “Қараайғыр” деп түсіндірді. Қасымыздан өте бере қараайғыр қатты шыңғырып-шыңғырып жіберді. Мұнан қорыққан жас балалар қашамын деп, сүрініп құлап жатырмыз. Біздің отарбамен алғашқы кездесуіміз осылай болып еді. Ол өтіп кеткеннен кейін көргеніміз — күрекпен жер қазып, оны тәшкеге салып тасып, топырақты үйіп,

төгіп жатқан адамдар. Жалғыз дөңгелекті топыраққа толы тәшкені бір тақтайдың үстімен жіті жүргізіп, шалт кимылдап жүрген жұмыскерлер көзге ерекше көрінеді. Бұл құжынаған адамдар Қарағандыға қарай алғашқы теміржол салып жатқандар екен.

Әкем осы жол бойындағы жұмыскерлермен сөйлесіп, бірнеше күйлі малдарын сатып үлгерді. Мұндағы жұмыс істеп жатқандардың жағдайы онша жақсы емес сияқты.

Аздап тапқан ақшалары киім-кешек сатып алмақ түгіл, тамақтарына да үпі-топі ғана жететін көрінеді. Жұмыс ауыр, тамақ тоқ болмаған соң араларында өліп жатқандардың саны аз көрінбейді.

Күз түсе қошушілер елге, туған жеріне қарай қайырылды. Біздің үйде бір бие, бір бұзаулы сиыр ғана қалған. Әкем бұрынғыдай малының азайып қалғанына ренжудің орнына: “Енді мен де нағыз кедей болдым, мені де артельге (колхозға) мүше қылып алыңдар”, — деп бие мен сиырын өз қолымен апарып ортаға өткізді. Әкейдің бұл қылығына белсенді басшылар өте риза болып қалды. Біздің үйде жүре алмайтын аяғы ақсақ, өзі қотыр жалғыз бұзау ғана қалды. Мен жалғыз бұзауға шөп жұлып әкеп беріп, суарып бағамын. Әкем менің бұл ісіме риза болып: “Шөп қатайып кетті, енді жүлуға қолың ауырады”, — деп біреулерден сұрап, жазда шабылған көк шөпті арқалап әкеп беріп жүрді. Мен оны тойғанынша беріп, мезгіл-мезгіл суарудан жалықпаймын, көбінесе, осыны ермек қыламын. Әкемнің: “Сылап-сипай берме, қотыры жұғады” — дегеніне де қарамаймын. Үй іші қыс түсе осы қотыр бұзауды тәлкесу қылармыз деп жүр. Үйде нәр қылатын ештеңе қалмаған сияқты. Күннің бір суық күні әкем жаңағы бұзауды сойып алып, енді ашыққан балаларды тамақтандырайын деп отырғанда: “Тінтушілер келе жатыр”, — деген сөзді естігенде, бұзауды не істерін білмей сасып қалды. Тінтушілер үйдің ішінің, қораның он бойының астан-кестенін шығарды. Бәрінің қолдарында бір-бір ұзын да үшкір темір таяқ. Көрінген жерді аяғымен тепкілеп, таяқтарымен түрткілеп жүр. Тінтушілердің біреуі жаны ышқына және қуанған пішінмен: “Таптым, таптым”, — деп айғай салды. Оның қасына барғандармен бірге мен де жүгіріп бардым. Оның тауып алып тұрғаны — біздің үйдің ақсақ торпағы екен.

Әкем тінтуші белсенділер келіп қалғанда оны тығатын жер таба алмай, үйдің сыртындағы терең ұраға құлата салыпты. Екеуі жылдам секіріп түсіп, сыртқа көтеріп шығарды да сүйретіп ала жөнелді. Мен торпақты бас салып құшақтап алып: “Бермеймін, бұл менікі”, – деп жабыса кеттім. Олардың ішіндегі түсі суық, секпіл бетті біреуі: “Кет жылдам үйіңе, иттің баласы”, – деп мені торпақтың үстінен жұлып алып, лақтырып жіберді. Мен допша домалап кеттім. Денем қатты ауырып қалғандықтан, басымды зорға көтеріп, әлгілердің кеткен жағына қарасам, олар көрінбейді. Ақсаңдай басып үйге жылап келсем, шешем тіпті дауыстап жылап отыр екен. Мен шешеме қарадым да өзімнің жылағанымды тыя қойдым.

– Құлындарым-ай, енді мен сендерге не тауып беремін, аштан өлесіндер-ау, – деп егіле жылайды. Кейін білсем, бір үйлі жан тәлкесу (талғажау) ғып отырған бір пұттай тарыны да тартып алып кетіпті. Сөйтіп, бір үйдегі бес-алты адамның нәр тататын ештеңесі қалмапты. Жей қоятын бір үзім нан да, сойып жейтін мал да жоқ. Аштық басталды да кетті.

АШТЫҚ АЛАПАТЫ

Сақылдаған аяз. Біз далаға шығып ойнамағалы қашан. Қарнымыз аш. Шешем пешке көлдің қамысын үзбей жағып отырып, жылай береді. Екі інім мен қарындасым әрі ауру, әрі аш. Олардың көңілін жұбатып бере қоятын ешқандай тамағы жоқ.

Бір күні далаға шығып, гуілдеп соғып тұрған боранға қарап, қақпаның жақтауына сүйеніп көбірек тұрып қалыппын. Жаурап, тоңа бастаған соң үйге кірдім. Бұрынғыдай қыстау қасындағы тау қарға шығып, төмен қарай сырғанап ойпауға шама бар ма? Әкем өзіме тете ауырып жатқан қарындасым Сәлияның бас жағында, шешем аяқ жағында отыр екен. Шешем мені көре сала: “Мақызжан-ай, Сәлкенжаннан айырылып қалдық-ау” – деп еңіреп, дауыстап жылап жіберді. Әкем маған: “Пешке басып жылына ғой”, – деп қастарына жақындап пады. Көп кешікпей үйге Мұқыш отағасы келді. Боран толастағаннан кейін өлген қарындасымды ауыл шетіндегі бір терең ұраға

көміп қайтуға келіскен сияқты. “Жығылғанға – жұдырық” дегендей, көп ұзамай Шахмет, Мағауия деген інілерім де қайтыс болды.

Бір қыстың ішінде үш баладан бірдей айырылған әкешешем де қалжырап қалды. Біздің көршіміз Мұқыш отағасы өте ширақ кісі еді және колхоздың басқармасы. Әкей екеуі үнемі бірге жүріп, бірге тұрағын. Екеуі ақылдаса келіп, өтетін дүние-мүлік апарып, Ақмола қаласына барып қайтуға келіскен. Жолшыбай аш-арықтардан сақтану үшін мылтық ала жүрген. Бұлар шанаға жеккен атынан айырылып қаламыз ба деп қатты қауіптенген. Жалғыз-жарым аты бар жолаушыларды бас салып тонап, көлігін тартып алатынын, не ұрлап алатынын жақсы біледі. Әкем осы сапарын жаны түршіге отырып әңгімелейтін еді:

Бұлар жолға шығысымен-ақ боран біртіндеп күшейе берген. Ақпанның аяғы, наурыз айының бас кезі. Шана табанымен, көліктердің ізімен қалаға баратын жол шиырланып биіктей түскен. Жолдан тайып кетсе-ақ ат қар бауырлап жүре алмай қалады. Осылай митыңдап келе жатқанда кенеттен ат тоқтап, жүрмей тұрып қалады. Бұған не болды деп қараса, аттың алдында кесе-көлденең бір адам жатыр. Әуелде оны бұларды әдейі тоқтатқан адам шығар деп ойлайды: “Бұл не қып жатқан адам” — деп қараса, басында түлкі тымақ, үстінде түлкі ішік, аяғында саптама етік.

— Шіркін, ақыры байдың да аштан өлгені осы екен ғой, — деседі екеуі бастарын шайқап. Қолдарында жер қазбақ түгіл, қар аршитын да сайманы жоқ. Жолдың жиегіндегі қалың қарды аяқтарымен ойып, өліктің денесін қармен жауып, аяндап алға жылжиды. Жолдың сілемі көзге көрінбейді. Оны аттың өзі тауып жүріп келеді. Қарды борағып, бетке ұрып қатты соққан жел ышқына түседі. Жерде ашпақ қар, көк те ашпақ қар, ұйтқып соққан қардан басқа ештеңе көрінбейді. Желдің гуілдеп соққан ызғары бет қаратпайды.

— Мынау күн жазықсыз байғұстардың талайын қырады ғой, — дейді Мұқыш жүргіншілерге де, босқындарға да жаны ашып.

— Аш адамға бет қаратпай соққан боран — ажалдың нағыз өзі емес пе? — дейді Темір. Осылай еңселері түсіп келе жатқанда ат оқырып үркіп, жолдан шығып, қалың

қарға түсіп кетеді. Бұлар шанадан түсіп: “не болды” — деп қараса, бір адамды екі қасқыр талап жеп жатыр. Екі қасқырдың да көздері қызарып алған, екі адамды маңына жолатпайды. Таянып барса, өздеріне бас салатын түрлері бар. Мұқыш жүргіріп келіп шанадан оқтаулы мылтығын алып, қасқырдың біреуін басып салады. Жылдамдатып екіншісін де атып жығады. Мылтығына оқ салып алып, тыпырлап жатқан қасқырды тұрып кетпесін деп екінші рет атады. Бұлар қасқыр жеген адамға таянып келсе, жас қазақ әйелі сияқты. Үстіндегі киімін дал-дал қылған. Аяқ-қолдары мен басынан басқа мүшесінің көбісін жеп үлгерген. Қардың үсті қып-қызыл қан. Мұндай жағдайды бірінші көрген екі жолаушы сілейіп тұрып қалады. “Әй, Темір, неге сілейіп тұрсың? Мына байғұсты да жылдамдатып бетін қармен жауып кетейік, қолымыздан бұдан басқа не келеді. Бір Құдай бұл ісімізді сауапқа жазсын”, — дейді Мұқыш, өзі қарды тепкілеп қазып жатып.

— Мұқа-ай! Мынандай сұмдықты көріп өлгенше, жай жатып өлмеген екенбіз, — деді Темір, ішек-қарны шашылып, сүйсктері өр жерде жатқан өліктің маңайына баруға бата алмай.

— Әй, Темір, Құдайдың қор дегенін көру керек. Сен мықты болсаң, үйінде үш балаңнан неге айырылып қалдың? Сақтансаң ғана сақтаймын”, — деген Алла. Харекет болмай, берекет болмайды. Құдай қолдап, ісімізді оңдайын десе, жолымыз болып кайтамыз, — деп қасына шақырып алады.

Бұлар араға екі қонып, қалаға жетеді. Әкелген бұйымдарына аздаған азық-түлік тауып алып, жолға шығады. Қалаға келгенде толастаған боран, жолаушыларды әдейі күтіп тұрғандай қайтадан көтеріле бастайды. Қаладан ұзап шығысымен-ақ маңайдан ештеңе көрінбей кетеді. Бұлардың ендігі мақсаты — жолдан шығып кетпей, адаспай қыбырлай беру. Бір сарынды қыбырмен тұс ауғанша жүреді. Боран сәл толастап, таяу жердегі шоғырланып биіктеу өскен қараған, тобылғылар көріне бастайды. “Енді күн ашылып қалар” деген үміт екеуінің де көңіліне ұялап, тым-тырыс болып келе жатқан үнсіздікті бұзып, әңгімелесе бастайды. Жай аяңдап келе жатқан атты қамшысын үйіріп, “әйт, шу” деп бір айдап қойып, қаладағы бір-екі күннің ішіндегі көргендерін есіне түсірген Мұқыш:

— Қаладағы аштан өліп жатқандар ауылдағыдан да көп пе деймін...— деді, асхананың маңындағы тамақтың жуынды, қалдықтарын теріп жеймін деп, құлап, өліп жатқандарды көз алдына елестетіп.

— Ой, Мұқа, ауылдың да оңып жатқанын білмеймін. Екі жұтың бір келіп, менің де абыройым кеткен жоқ па? Менің де балапандарым көнек ауруынан кетті ғой, — деп күрсінді Темір.

— Бұл бүкіл қазақтың түбіне жетіп, құртып тынатын адамға келген жұт болды ғой,— деді Мұқыш халық қайғысына ортақтасқан ниет білдіріп.

Бұдан кейін екеуі де үнсіз қалды. Жүрісі баяулай бастаған атты қайтадан қамшылап қояды. Жүрісін сөл ширата түскен шабан ат алдыңғы жаққа құлағын тігіп, басын көтере қарайды. Шанадағы екеуі де алдарына тесіле қарағанмен, ештеңені көре алмай келеді. Алдарынан қарсы келе жатқан біреулер бар ма екен деп ойлайды іштерінен. Не де болса сақ отыруға келісті екеуі. Әлден уақытта алдарынан қарайған бірдене көрінді. Ат та құлағын тігіп, елендеуде. “Е, е жолдың жиегінде бұларды күтіп тұрған-біреу екен ғой” деп ойлайды іштерінен. Әйтеуір жалғыз адам. Бір орыннан қозғалмайтын сияқты. Жалғыз адам екеуіне онша қауіпті емес. Оған таянып барудан сескенбеді. Атты қамшылап, айдай бастады. Жақындап қасына келсе, кіндігіне дейін қарға батып тұрған әйел. Басында ешқандай орамал жоқ. Қалың ұзын кара шашы ақ қардың бетін сүйкел, желпідеп тұр. Екі жолаушы да бұған түршіге қарайды. Көздері жұмулы. Жасы жиырмадан аз-ақ асқан қазақтың жап-жас әйелі. Көздері ұйтқып соққан қардан суланып кеткен жолаушылар оның өлі, тірі екенін ажырата алмай, жанына таянып барды. Мұқыш сескенбей, тіпті денесін алақанымен сипап, қарап шықты. Қатып қалған. Мұқыш қатты қамығып тұр. “Қазақтың тірісі түгіл, өлігін де мазакқа айналдырған ғой. Бетін қармен болса да жасырып көміп кетудің орнына әжуалап, қаракшы қылып, қадап кеткен. Не деген имансыздық”, — деп ренжіп тұрды да, “Кел мұның да, бұл бейшараның да бетін қармен жасырып кетейік”, — деп қарды тепкілеп, аяғымен үңгіп қаза бастады. Екеулеп жүріп бетін қармен жасырды да шанаға жайғасып отырып, аз болса да демалып қалған атын қамшылап айдап, алға жылжыды.

— Сорлы қазақ күнелтіп отырған малынан айырылып, қу тақырға отырып қалған соң қалай қырылмасын? Уыздай ұйып, қаннен-қаперсіз өмір сүріп жатқан халықты қырып-жойып жатқаны мынау. Әдейі бірін-біріне жау қылып, байларды да, кедей шаруаларды да ақыры топалаң тиген қойдай қырып жатқаны мынау. Бұл қалыпта бүкіл қазақ баласынан келешекте өніп-өсер ұрпақ та қалмас, — деп күңіренді. Мұқыш дін оқуын тәп-тәуір оқыған, ғарып-қасерлерге үнемі жаны ашып тұратын, тек әділет Құдай жолымен жүруді ғана ұнататын адам еді. Көпшілік арасындағы абыройы мен беделіне қарап біріккен отыз-отыз бес үйдің шаруашылығын басқартып қойған. Латын әрпімен жазылған газет, журнал, кітаптарды да жақсы оқып, жақсы жаза алатын. Заман ағымын толық түсініп, зорлық-зомбылықпен ұйымдастырған ұжым шаруашылығын ұнатпаса да көз алдындағы қырылып жатқан малға, күйзелген халыққа жаны ашып, басқарма болуға келісім берген еді. Қолында нәр қылатындай тұлдыры жоқ, аштан бүктісін өліп жатқандарға қаладан бірдеме тауып әкелем бе деп барған еді. Мұнан да мардымды ештеңе таба алмады. Жолшыбай көріп келе жатқаны мынау. Ауылды да, қаланы да аштық жайлап алған. Қырылып жатқан бірыңғай қазақтар.

Күн бата жол үстіндегі шағын ауылға келіп жетті. Арық ат әбден болдырған. Ауылға кіре беріс жолға таяу бір аласа үйге қарай бұрылды. Ат омбылап зорға жетті. Есіктің алдын қар басып қалған. Кіріп-шыққан адам ізі көрінбейді. Үйде ешқандай дыбыс жоқ. “Бұл иесі жоқ үй шығар”, — деп екі жолаушы не істерін білмей аңырып тұрып қалды. Бір кезде мұрындарына пешке жаққан отынның исі сезілді. Екеуі де пештің мойнына қаралы. Сыздықтап шыққан түтінді байқады. “Е, е, үйде адам бар екен ғой”, — деп ойлады да есікті қаға бастады. Қаттырақ ұрған кезде есік ашылып кетті. Темірді алып қасына тастады да Мұқыш үйге кіріп кетті. Үйдегі адамдарға өзінің кіріп келгенін білдіру үшін қатты дауыстап, сәлем берді. Бірақ берген сәлемге қайтарылған жауап болмады. Үйдің көмескіленген сөулесіне көзі үйрене келе ажырата қарағанда пештің сығырайған отынның алдында біреу отыр. Не қозғалмайды, не жауап қатпайды. Төр жақта ыңырсыған біреудің дыбысы естілді. Ол жатқан орнынан басын көтергендей болды. Таянып келіп, үңіліп

қараса, орта жастағы, сақал-мұрты өсіп кеткен, екі козі шүңірейіп, сөнуге айналған, етсіз бет сүйегі шығып тұрған, екі ұрты суалып шұңқырайып түсіп кеткен, басын көтеріп кісіге қарауға да шамасы келмейтін тірі аруак. Мұқыш оның алдына тізерлей отыра қалып, қолын алып: “Сен Тұрсынбай емессің бе?” — деп жауап күтіп, тоқтап қалды.

— Иә, солай, — дегендей басын изеді.

— Бейшара-ай, мұндай күйге сен де душар болған екенсің ғой, — деді Мұқыш, жаны ашып, қабырғасы қайысып. Қабырғасы қайыспағанда қайтсын, ол шешесінің туысы, немере нағашысы. Аштық пен аурудан әбден қалжыраған.

Екі жолаушы атын, әкеле жатқандарын қораға кіргізді. Есікті мықтап тіреп жапты. Көңілдеріне “енді қауіп жоқ қой” дегендей сенім орнап, үйге кіріп, Тұрсынбайдың қасына таянып келіп отырды. Үйдің іші қараңғы. Жағылған шам жоқ. Әйел тәлтіректен басып жүріп, көресін күйған пілтелі шам жағып әкелді де қастарына қисайы отыра кетті. Мұқыш онан жағдайын сұрағанда ол егіліп отырып жалғыз ұлының бұдан бір жұма бұрын өлгенін, оны алысқа апаруға шамалары келмей үйдің қасындағы ұраға көме салғандығын айтып, есінен танды. Мұқыш орнынан атып тұрып, басын көтеріп: “Сәбира, Сәбира, есінді жый” — дегенді сезбей сұлық жатып қалды. Тұрсынбай да басын-көтеріп отыра алмай, әлсізденіп көзін жұмып, жастыққа қисайды. Сөйтіп екеуі де бастарын қайтадан көтере алмай, бақи дүниеге аттанып кетті.

Әкемнің осындай әңгімелерін ден қойып тыңдап, жазықсыз өлген жандарға аяушылық білдіріп, жаным ашитын. Өткенді есіне түсіріп, айтып отырған кезде қатты қамығып, көзімен моншақтап жас ағып отыратын. Мені басымнан сипап қойып: “Бұл қу заман біздерді құртып кетті ғой, құлыным-ай”, — деп айтып отырған әңгімесін әрі қарай жалғастырады.

Менің әкем Темірдің әкесі Жұмақ он екі ағайынды адам екен. Олар: Токтауыл, Жұмақ, Қырықбай, Әуші, Азнабай, Көшекбай, Шақарбай, Түктібай, Қыстаубай, Жұмағұл, Ыбырайымбек. Осылардан тараған ұрпақ өсе келе ашаршылықтың алдында жиырма бес-отыз үй болып, адам саны жүзден асқан екен. Бұлар Назар ауылы аталып:

“Назарға мал мен басты қатар берген” – дейді екен мұны көрген адам әрі сүйсініп, әрі таңғалып. Ашаршылық жылдары соның көбінен арттарында тұлдыр тұяқ қалмай, теп-тегіс қырылып қалған. Сол отыз шамалы үйден екі-үш-ақ үй бармыз бүгінде, – дейтін әкем, көзіне жас алып отырып.

Ауылда ішетін нәр таба алмай аштан өлгендерді де өз көзіммен көрдім. Бұл бірдеңе табам ба деп үй-үйді жағалап жүріп далада өліп қалғандар.

Біз тұратын Балықшы деген ауыл аудан орталығынан жиырма шақырымдай жерде орналасқан. Сол екі арадағы жолдың бойында қыстыгүні біздіә ауылға таяу жерде екі адам өліп қалған екен. Жаз шыға, күн жылына денелері иістеніп, саси бастаған. Жолға таяу жерде болғанмен жолаушылап әрі-бері өткен кісілерге көріне қоймайтын қарағанның арасында. Жүруге шамалары келмеген соң қарағанның арасын паналап жатып өліп қалған.

Екі-үш бала жуа теріп, қызғалдақтың түбін қазып жеп жүрміз. Мұнымыз еріккендіктің ісі емес, аш қарынға жұбаныш табу.

Бір кезде менімен құрбы Төребай: “Ойбай, мұнда өлген адамдар жатыр”, – деп шошына айғай салды. Өзі бір нәрсеге үңіле қарап тұр. Ол оны-мұныдан сескеніп, қорқа қоймайтын өжет болатын. Мен оның шақырғанына жетіп барсам, біріне-бірі таяу жатқан екі өлік. Үстіндегі киімдеріне қарағанда бірі еркек, бірі әйел сияқты. Мен олардың ық жағынан барған екенмін, сасық иіс кеудемді алып кетті. Мүңкіген сасық иістен сескенгендіктен және өліктерден қорыққандықтан оларға көп қарай алмай “ойбайлап” қаша жөнелдім.

Төребай мені мазактап жатыр. Мен көп жүрмей-ақ лоқсып құсып жатырмын. Күні бойы теріп жеген ащы жуа мен қызғалдақтың тәтті түйірінің бәрін құсып тастадым. Ақыры үйге зорға жетіппін. Мен екі жұмадай қатты ауырып, түнімен шошып ояна беретін болдым.

Сол аштан өлген бейбақтарды бүгінде көз алдыма елестетіп, есіме түсірсем мүңкіген сасық иістер мұрныма қайтадан келгендей болады да тұралы.

ИЕСІЗ ҮЙЛЕР, КӨМУСІЗ ҚАЛҒАН МӘЙІТТЕР

(жсолаушының өңгімесі)

Қазаққа келген қырғын — апат-аштық 1932 жылдан бастап 1934 жылдың егіні піскен мезгіліне дейін созылды. 1934 жылдың егіні піскенге дейінгі жаз айларында аштықтан бұралып, тышқан аулап қана нәр алып жүргендерді өз көзіммен көргенмін.

Осы жылдың аяқ кезінде біздің үйге өзіміз білмейтін бір адам келіп қонды. Әкем жөн сұрап отырып: “Шырағым, өзінді толық таныстыра отыр”, — деді шай ішіп болғаннан кейін көңілдері жайланып. Шай дегендері қол диірменге тартылған қуырған бидай. Қайнаған ақ судың түсін де, дәмін де өзгерткеніне мәз болып, терлеп-тепшіп ішіп отыратын. Көптен бері қолы жетпей келген нанлы тоя жегенге бәрі де қуанышты. Қонақтың да қабағы ашылып, көңіліне түсіп, аштық жылдары өз көзімен көрген қайғылы оқиғаларды айтуға кірісті.

— Менің нағашы жұртым, — деп бастады өңгімесін. — Жаңаарқа ауданындағы Түкоскенді мекендеген Кіші жүз, Тама руы болатын. Ол жақта аштық ерте басталып, өлгені өліп, өлмегені босып кеткенін естіген шешем қатты қайғырып, күндіз-түні жылай беретін болды. Төркіні жағында қартайған шешесі, екі інісі болатын.

Жаңаарқадан шұбырған аш-арықтар біздің Нұра бойына ағылып келіп жататын. Бұл жақта да аштық болғанымен, кейбір үйлерде тәлкесу қылатын бірдеңелері табылатын. Әсіресе біздің үйдің жағдайы жақсы еді. Әкем Кәрім, — деді қонақ, — аң аулап, күс атады. Ау құрып, балық аулайды. Кей күндері балықты да, күсты да үйін әкеледі. Өзімізден артылғанын аш отырған жақындарымызға, көршілерімізге таратамыз. Бұрын қолдарында малы тұрғанда өкемді балықшы Кәрім деп менсінбейтіндер “Кәке” деп атайтын болды. Қарны ашып, жүрегі қарая бастағандар біздің үйге жиі келеді.

— Раушанжан, жүрек жалғайтын ештеңе жоқ па? — дейді жүдеу тартқан жүзін төмен қаратып, бағылдығы жетпей имене сөйлеп, бұрын шаруасы жақсы болған, көп адамды менсінбей қарайтын Мұқаш ақсақал.

— Төрлетіңіз, отырыңыз, қазір ас әкелемін, — дейді

шешем жайдары жүзбен қабағын шытпай. Көп кешікпей буын бұрқыратып бір табақ піскен балықты отырғандардың алдына әкеліп қойды. Жұрт апыл-құпыл бір-бір балықтан алып аршып жей бастады. Бұрын балықты көп жеп үйренбеген Мұқаш ақсақал қақалып қалды. Шешем бір үзім нан мен бір тостаған су алып келді. Нанды бір-екі шайнап, су қосып жұтқанда балықтың тамаққа қадалып қалған қылтықша сүйегі кеткеннен кейін қайтадан жей бастады. Оның қасында отырған құрбысы Серік:

— Мұқаш, бұл сенің шайнамай жұта беретін қазы, қартаң емес, — деп күліп қойды. Серіктің ойына Мұқаштың жеп жатқан еттің үстіне барғанда да “жоғары шық” деп айтпайтын сараңдығы түсті.

Балықты жеп бола берген кезде есікті ашып, сәлем беріп бір жат адам кіріп келді. Өңінің жүдеулігі болмаса үстіндегі киімі әрі жаңа, әрі таза. Әкем оны: “Төрлетіңіз” деп тамаққа шақырды. Қолын жуып болған соң табақта қалған балықтың бірін алып етше шайнай бастады да комағайлана жұтып жіберді. Бір кезде тамағына балықтың сүйегі қадалып, екі көзінен жас ағып, қақалды да қалды. Шешем тағы да нан мен су әкелді. Бұл жолы нанды үлкендеу қылып әкеліпті. Ол балықты тастай салып, нанды комағайлана жұта бастады. Аузына екі-үш рет толтырып салғаннан кейін нан таусылып қалды. Жегені жұмырына жүк та болған жоқ. Қайтадан балықты алып жейін десе, тағы да қақалып қаламын ба деп қорқып отыр. Табақта қалған бір-екі балықты осы келген адам жесін деп қолдарын ешкім сұғанақтанып салмай отыр. Жат адамның өмір бойы балық жеп көрмегенін сезген Серік балықтың біреуін алды да сүйегінен тазартып, қонақтың алдына қойды. Ол жауаңдап Серіктің бетіне қарады.

— Ұялма шырағым, бұл алаңсыз асай беретін ет емес, мұны осылай аршып жейді, — деді Серік ақсақал үлкендік мейіріммен.

Бір-бір ағаш аяққа құйылған сорпаны ішіп алып, жолаушының жағдайын сұрауға кірісті. “Біздің еліміз, — деп бастады ол әңгімесін. — Сарысу өзенінің бойын мекендейтін Алтайдың Алсай деген тарауынан. Еліміз малдан айырылып, жанпай аштыққа ұшырады”. Осы сөздерді зорға айтты да, қисая кетті. Ол бейбақ жарық дүниеден біржолата аттанып кеткен екен. Осыдан кейін менің шешем төркін-жұрттың тіпті қатты ойлайтын болды. Жылауы жиіледі.

— Шіркін-ай осы жаққа келсе, өлмес еді,— дегенді қайталай беретін болды.

Маусымның аяқ кезі. Мен ауылдан салт атпен нағашы жұртымды іздеп жолға шықтым. Шешем екі қоржынды тамаққа лық толтырып, атқа салғызды. Әкем өте сақ болуды, жолшыбай сенімсіз адамдарға, аш-арықтарға жоламауды тапсырды. Ауылдан шыққан күні Нұра өзенінен өтіп, Құланөтпес өзеніне жетіп ат шалдырдым. Бұл тоқтаған жерім мың жылқы біткен Әлғаппар байдың қыстауының тұсы екен. Бір кезде мыңғырған малға толған аймақта ешбір тіршіліктің белгісі сезілмейді. Бәрі де мекен жерлерін тастап, безіп кеткен.

Баяу есіп тұрған самал желге өзеннің жағасында өсіп тұрған талдардың жапырақтары мен құрақтары жай ғана күмістей сылдырайды. Шабак қуған шорағайлар әр жерден суды шолпылдатып жүр. Қыңк-қыңк еткен қасқалдақтар мен қырқылдаған балапан ерткен үйректер судың бетінде толып жүр. Судың бетін жаба шыққан қалпақтардың арасынан кара балықтардың жондары көрініп кетеді. Жасымнан әкеммен бірге балық аулап, құс атып үйренгендіктен мына жердің құсына да, балығына да қызыға қарап қалыппын. Бір уақытта жайылып жүрген ат үркіп, оскырынғанын естідім. Ол неден сескенді екен деп жылдамдатып атқа жетіп келсем, оның ар жағынан бір-екі адам да таянып қалған екен. Атқа қалай ырғып мініп алғанымды өзім де білмей қалыппын. Өне бойым дір-дір етеді. Атқа мінгеннен кейін өзіме-өзім келе бастадым. Атымды алып кете жаздады ғой деп қорыққан адамдарымның біреуі қырық жас шамасында, оның артынан ерген еркек бала 9-10 жастар шамасында. Екеуі де қажыған. Зорға жүріп келеді.

Ат үстіндегі маған олардан ешқандай қауіп жоқ екенін білгеннен кейін қастарына барып амандасып, жағдайларын сұрай бастадым.

— Шырағым-ай,— деп бастады әңгімесін ересек кісі, — жүрегіміз талып, көзіміз қарайың, аштықтан бұралып өлеілік деп жүрген адамбыз. Күнелтіп отырған малымызды үкімет тышқак лақ та қалдырмай еріксіз сыпырып алды. Колхоз боламыз, Тоз боламыз деп тоздырып, елдің жалғыз сиырына дейін ортаға жинады. Ең алдымен ортаға жинаған мал құрыды. Енді бүгін сол малмен жан сақтап жүрген адам

қырылып жатыр,— деп сөйлеуге шамасы келмей кемсеңдеп қоя берді.

Өзеннің арғы бетіндегі жар қабақтағы иесіз қыстауларға келдік. Үйдің көленкесінде жатқан әйел басын зорға көтерді. Әбден жүдеп, қу сүйек боп қалған. Бұл басын көтергенде емшектегі жас бала шыр ете қалды. Емшек сүтіне жарымаған жас баланың дауысы көп жылаудан қарлығып қалған. Біраздан кейін дауысы шықпай талықсып қалғандай болды.

Қалжырап келген күйеуі әйеліне:

— Ыстық су болса да қайнатсаңшы,— деп көлеңкеге қисая кетті. Басын көтеріп отыруға шамасы келер емес. Аздан кейін жанында қозғалмай жатқан 13-14 жас шамасындағы қыз баланың басынан сыйпап:

— Мына бейшара да өлуге таяу ғой,— деді.

— Елдеріңізден неше адам шығып едіңіздер,— дедім мен көп сөйлеуге шамасы келмесе де жағдайларын білгім кеп.

— Ой, жігітім-ай! — деді ол ауыр күрсініп. Ағайынды төрт-бес үй едік. Бала-шағамызды қосқанда бес үйде жиырмадан асқан жан бар еді. Елдің өзінде он шақты адам аштан өлді. Енді бір орында отырын қырылып қалмайық деп елден шұбырып келе жатқанымызға айдан асты. Кенже інім Шәкір бір баласы мен әйелі үшеуі жолда өлді. Екі ағам жүруге шамалары келмей елде қалды. Ендігі өліп қалған шығар. Нұра бойындағы елдің жағдайы жақсы дегенді естіп мен бес баламды ертіп, далбасалап келе жатқан бетім. Жөлшыбай бір балам өлді. Енді, міне, екіншісі де өлейін деп жатыр,— деп кемсеңдеп жылап жіберді.

Бұл кезде мосыға асылған шәугім де сақылдап қайнай бастаған еді.

Әйел тәлтіректеп жүріп дастарқан жайып, кеселерге ыстық су құя бастады. Дастарқан үстінде ештеңе жоқ. Шайнекке салынған шай да жоқ. Тек ақ судың өзі ғана. Дәмнен бар қалғаны осы ғана деп әрқайсымызға бір-бір құрттан алдымызға тастады.

— Гүлжанға ештеңе қалды ма? — деді отағасы орнынан тұра алмай жатқан қыз баланы нұсқап.

— Оған тиесі бірсу-ақ қалды,— деді әйел зорға сөйлеп, мұңлы дауыспен. Отағасы өзіне тиесі құртты қасында отырған еркек баласына ұсынып:

— Мынаны да сен жей қойшы Серікжан,— деп қолына ұстатты. Мұны көріп отырған мен шыдай алмай:

— Нүреке (аты Нұрлан екен), аз болса да өзіңіз неге нәр етпедіңіз,— дедім.

— Ей, шырағым, бес баланың ішінде жалғыз еркек бала осы еді. Өзіміз дәм татпасақ та осы жесе екен дейміз. Артымызда тірі қалса, тұқымымыз өшпес елі деген далбаса ойымыз ғой,— деп жылап жіберді.

Бұлардың алдағы уақытта қорек қылатын ештенесі де қалмаған. Ерлі-зайыпты екеуі де қалжау. Қоржындарында келе жатқан соңғы құрттарын да тауысып отыр. Ежелден қонақ сыйлап үйреніп қалған сорлы қазақ-ай! Сарқылып қалған соңғы дәмі — соңғы құрттарының да біреуін маған беріп, мені қонақ деп сыйлап отыр.

Мен мұнан әрі шыдап отыра алмадым. Шешемнің екі қоржынға лықыта салған тамағының аузын аштым. Бет жағындағы піскен бір таба нанды алдым да әрқайсысына бір-бір тіліп бердім. Ыстық суды бір-бір ұрттан, нанды асап жей бастады. Жалғыз-ақ әйел қолындағы бір үзім нанды аузына салмастан, басын көтере алмай жатқан қызына қарай барды. Бізге естілер-естімес бірдеңелерді айтып, қызының басын көтеріп, тұрғызбақ болды.

— Гүлжан, Гүлжан, мынаны жей қойшы,— дейді қайта-қайта.

— Бәйбіше-ау, оған да жетеді. Мен тағы да кесіп беремін. Қолыңыздағыны өзіңіз жеңіз, — дедім мен, естісін деп дауыстаңқырап.

Сол-ақ екен әйел жылап, қызын құшақтап құлай кетті. Ол байғұс өліп қалған.

Мен бұларды аштық апатынан алып қалайын деген ойға келдім. Тек қана төрт түлік мал өсіріп, жүні мен терісін киім қылып, еті мен сүтін азық қылып дағдыланған қазақ халқы өзен, көлдердің суына сыймай шоршып ойнаған балығын да, су бетіндегі сынсып ұшып-қонып жүрген құстарын да азық ете білмеген. Міне, мыналар да осындай адамдар.

Ең алдымен әйелден ине сұрадым. Сәтін салғанда ол байғұс ине, жіп жиһайтып іскер адам екен. Маған екі ине тауып берді. Мен оларды отқа салып жасытып екі қармақ жасадым. Әйел берген шарық жіптен бір бау, аттың құйрық қылынап екінші бау жасадым. Қораның төбесіне салыпған

талдардан екеуін суырып алып екі сап жасадым. Қармақ дайын болғаннан кейін әкесі мен еркек баласын ертіп, өзеннің үлкен бір қара суына келдік.

Оларға қармақпен қалай балық аулауға болатындығын үйретіп, әкесі мен баласына өмірінде тұңғыш рет қолдарына қармақтың жеңіл және ұзын тал саптарын ұстаттым. Әкесіне қарағанда баласы әрі ширақ, әрі құмарлана ұстап алған шегірткелердің қанаттары мен аяқтарын жұлып тастап, қармақтың иілген бойымен басына шанышып, менін көрсеткенімнен аудармай суға лақтырып салып жатыр.

Қармағына алғашқы балық қауып, оны сыртқа лақтырғанда оның қуанышында шек болсайшы! Әр балық қармағына қапқан сайын алақайлап жүр. Сөйтін бір шай қайнайтындай уақытта бір шелектей балық ұстап алдық. Нұрланға бір асатындай балық беріп, біз барғанша сорпа кылып, пісіре беріндер деп жібергенмін. Қалай аршып, тазалайтынын да көрсеткен едім. Қалай пісіретінін де айттым.

Серік екеуміз шелек толы балықты көтеріп қайтып келеміз. Бала шелектен шоршып түскен балықтарды қызықтап жүріп шелекке салады.

— Алақай! Алақай! Көп балық әкеле жатырмыз,— деп айғайлайды бала әке-шешесіне таянып келгенде.

Біз отырғаннан кейін әйел ымдап, күйеуін шақырды. От жанып, балық сорпасы қайнап жатыр. Мен оның не істерін білмей тұрғанын сездім де қасына бардым. Балық әбден пісіп, езіліп кетуге айналған екен. Шелекті оттан алдырып, балығын түсірттім. Қақалып қалмай қалай жеуін де көрсетіп отырдым. Бұлар қанша жесе де тояр емес. Сорпасын да қалдырмай ішіп, амалсыз қанағат қылып тоқтады.

Ертеңінде түске дейін өке мен балаға балықты тұзақпен ұстау жолын көрсеттім. Ұзын құрықша талдың басына атгын күйырық қылынан тұзақ байланады. Оны суда қозғалмай жай тұрған балықтың денесіне тигізбей, суды шалпылдатпай басынан желбезегінен аса өтті-ау деген кезде тартып қалып, кейін қатты жұлқымай сыртқа шығарады. Мұндай әдіспен көбінесе шортан, шорағайлар ауланады. Әкесінен гөрі баласы мұны да қызығып, жылдам үйреніп алды.

Нүрекеннен сұрап, біліп алған бағытпен нағашыларымды іздеп келемін. Құлан өтпестен ерте аттанып, Амантау

тауларына қонаға жеттім. Әрбір таулардың қойнауында иссіз аңырап қалған үйлер. Кеңес белсенділері бұл өңірдің халқын күз айында кейбіреулердің пісіп тұрған егінін де алғызбай, Нұра бойына күшпен апарып қоныстандырған. Жаяу-жалны, аш-жалаңаш көшкен ел жолшыбай да, барған жерінде де қырғынға ұшыраған. Міне, бір тайпа елге құтты қоныс болған Қарпықтан тарайтын Мәмбет жерінің аңырап қалғанын қарашы деп ойладым ішімнен. Амантау деген атының өзі көрсетіп тұрғандай малға жайлы, өмірі жұт болмайтын жер еді.

Қас қарая атымды бұлақтан суарып, шідер салып жібердім де басыма ер жастанып, асғыма тоқым төсеп, үстіме шапан жауып жата кеттім. Бір уақытта мұрныма мұңкіген сасық иіс келді. Ұйқым шайдай ашылды. Орнымнан атып тұрсам, жаздың қысқа таңы сібірлеп атып келеді екен. Ат ұзақырап кеткен екен, мен оны ұстап әкеп суардым да ерттеп алып жүріп кетпек болдым. Бұл кезде күн де шығып қалған. Жатқан орныма келсем, мұңкіген сасық иіс мұрныма қайтадан келді. Алыс жерде емес. Осы маңайда сияқты. Атқа мініп, айнала қарай бастан едім. Атым үркіп, оскырып қалды. Тура алдымда қалың өскен шалғын шөптің арасында екі адам өліп жатыр. Иістеніп сасып кеткен, әлі денелері ағып кетпеген. Бет пішіндерінен бірінің жас келіншек, екіншінің жас жігіт екені байқалады. Келіншектің төсінде емшекті аузына салған бойы өліп қалған жас бала жатыр. Бұлардың бетін жасырдым да жолға шықтым. Жүрін келе жатқаным ескі сүрлеу жол. Амантау мен Шошқа көлден өгіп, Қараағашқа таяп келдім. Қараағаш кайың, тал, терек өсетін тоғайлы жер. Кей жерлерінде ағыл жатқан мөлдір сулы бұлақтары да бар. Бұдан әрі қарай өткен соң-ақ селеу мен көде ғана өсетін шексіз-шетсіз сары дала жайылып жатады.

Атымды суарып, оттатып, өзім ағаштың көлеңкесінде дем алайын деп тоғайға қарай жылдамдатып жүріп келемін. Мен беттеп келе жатқан тоғайдың тұсынан таяна бере қаптаған құзғындар мен сауыскандар көтеріліп ұшты. Жақындап келсем, ағаштың көлеңкесінде құзғындар жеп тастаған, қаңқайып сүйектері ғана қалған үлкенді-кішілі бірнеше адамның денелері жатыр. Мынаны көргенде денем түршігіп, бұл маңайда сау қалған адам жоқ шығар

деп ойладым. О, жаратқан жалғыз құдай-ай, не жазықтары бар еді деймін ішімнен мұндай жағдайға душар қылағын бұл бейбақтардың.

Ертеңінде түстен кейін Сарысу өзеніне таянып келгенде, үш-төрт тігулі тұрған киіз үйдің қарасы көрінді. Осы үйлердің біреуінен шөлімді қандырып, ыстық шай ішсем-ау деген ниетпен жүрісімді тездетіп, атымды камшылай бастадым.

Үйлердің маңайында үрген ит те, қыбырлап жүрген адам да көрінбейді. Айнала құлаққа ұрған танадай құлазыған меңіреу дүние. Бұрын мұндай бір жерде отырған үйлер өз алдына бір ауыл аталып, қотанына маңыраған қой толып, өрісте құлын-тайлары кісінеп шұрқырасқан жылқы, сиыры меңіреп, ит үріп, уда-шу болып жататын еді.

Мен ортадағы үлкен үйдің белдеуіне атымды байладым да есік ашып, сәлем беріп үйге кірдім. Жартылай ғана жинаулы төсек-орын, төрде кілем мен түскиіз ілулі тұр. Олардың үстінде ілулі тұрған түлкі тұмақ қасқыр ішік сияқты киімдер де көрінеді. Бірақ жауап қатқан адам жоқ. Бұл үйден шықтым да екінші үйге кірдім. Төрдегі төсекте бір-екі адам жатыр. Беттері көрпемен жабулы. Менің дауыстап берген сәлеміме жауап қатпағанына қарағанда өліп қалған. Жан-жағыма тесіле қарап, аңырып тұрып қалдым. Үйдің ішіндегі кейбір бұйымдар көзге жылы ұшырайды. Әсіресе босаға жақта жатқан күміс ер-тоқым.

— Япыр-ай, мынау менің нағашымның үйі емес пе? — деген ой келді маған. Төрде жатқан адамдардың бетін ашып көрсем қайтер еді деп ойлаймын тағы да ішімнен. Бірақ орнымнан қозғала алмай дірілдеп кеттім. Ақыры тәуекелге бел байлап, екеуінің көрпесін көтеріп, беттерін аштым. Мұрныма сасық иіс бүрқ ете қалды. Көрпені ашық тастай салып, шалқалақтап кейін шегіндім. Екеуінің беттері айқын көрініп жатыр. Түстері таныс сияқты. Қайтадан таянып келіп, тесіле қарадым. О, сұмдық-ай, өліп жатқандар өзін іздеген нағашым мен оның әйелі. Менің шешемнің туған інісі мен келіні. Олар екенін білгеннен кейін есім ауып құлап қалыппын.

Нағашымның орташа ғана шаруашылығы бар адам еді. Бірақ ағ-тұрманын әсемдетіп ұстайтын. Жүйрік аты, қыран бүркіті, құмай тазысы болатын. Мынау иесіз қалған

ер-тоқымына мені жас кезімде талай рет мінгізіп, алдына алып жүргені күні кешегідей есімде қалған. Мені алдына мінгізіп алғанда өзінің еркек баласы Есеттің де: “Мені де мінгіз”, — деп жылайтыны да есіме түсіп кетті.

“Енді ол қайда екен, бір жерде ол да өліп қалды ма екен” деген ой мені мазалай берді. Айнала маңайдан іздеп, еш жерден таба алмадым. Бір жерде өліп қалған сияқты. Сөйтіп менің нағашымнан ешқандай ұрпақ қалмай өмірден өшкен.

Ақыры мен иесіз үйлерді аударып-төңкеріп аралап, ешбір жерден ешбір тірі жан кездестіре алмай ұнжырғам түсіп, салым суға кетіп, мең-зең болып елге қайттым.

Бір кезде мыңғырап өскен малы сары далаға сыймай, бір жерден екінші жерге жайлап кешіп жүретін қазақтың өзі де, малы да қырылған. Иен дала иесіз қалған. Бұрын далада өлген малдың шашылып жататын сүйектерін көретін болсақ, енді көмусіз қалған адамдардың шашылып жатқан сүйектерін көретін болдық. Мен бала күнімде аштықты өз көзіммен көріп те және осындай айтулардан естіп те білген едім. Ол менің жас жүрегімді де жаралап үлгерген еді.

ЕСЕП ПАРТИЯСЫ

Аштықтан өлмей аман қалғандар таң атқаннан күн батқанға дейін дамылсыз, салпақтап колхоздың (ұжымшардың) жұмысын істеп жүреді. Тоя ішетін тамағы жоқ, бәрі де аш. Киетін бүтін киімдері жоқ, жалаңаш.

1930—33 жылдары халықты қан қақсатып ортаға еріксіз жинап алған малдары қырылып, егетін тұқымы қалмауға айналғанда жұртқа қайтадан мал тарата бастады. Ол малды не союға, не сатуға рұқсат жоқ, онда сотталады. Біздің үйге де аман сақтап, өсіріңдер деп екі қой берді. Екеуі де қоздады. Оларды сауып, сүтін азық қылатын болдық. Сиыр алғандар өр сиырдан бір жылда 7-8 кило май тапсырады. Сонда өздеріне сүт машинадан (сепаратордан) ағызып алынған көк сүті ғана қалады.

Бұл кезде естерін толық жия алмай, әлі де есеңгіреп жүрген халықты оқу оқуға тарта бастады. Үлкендерді сауатсыздықты жоюға (ликбез) шақырды. Жастар мектепте оқыды.

Ол кезде менің тұратын ауылым 15-20 үйден ғана құралған. “Балықшы” колхозы деп аталады. 1933-34 оқу жылында мен 1 класты бітірдім. 1934-35 оқу жылында 3 класты бітірдім. Мені жақсы оқисың деп 2 кластан 3 класқа бір-ақ көшірді. Ол ауылдағы біздің мектеп деп жүргеніміз бір үйдің төрті бөлмесі. Біз төрті бөлмесінде сабақ оқып отырғанда, үй иесі ауыз үйде тамағын ішіп отырады. Осы бастауыш мектепті бітіргеннен кейін бір топ бала Қарағанды облысына қарайтын Нұра ауданының 1928-32 жылдары орталығы болған Казгородок селосына оқуға бардық. Ол кезде аудан бойынша орта мектеп осы ғана еді.

Басқа жақтан келгендер жатақханада жатып оқимыз. Біздің шағын ауылға қарағанда бұл жер маған үлкен қала сияқты көрінді. Бұрын ешқайда барып көрмеген мені мектебі тіпті таңғалдырды. Бірнеше еңселі жарық бөлмелері бар. Іштері толған оқушылар. Сабақ біткенде бәрі шуласып, жүгіріп далаға шығады.

Жатақханамыз да үлкен, бірнеше бөлмелі. Бірақ жағдайымыз нашар. Қарнымыз аш, киіміміз жыртық. Қыс айларында мектеп те, жатақхана да адам төзгісіз болып суып кетеді. Класта сырт киімді тастамағанда да дірілдеп зорға отырамыз. Дәуіттің ішіндегі сия қатып қалып, ауызбен үрлеп жібітіп, жазу жаза алмай отыратын кездер де жиі кездеседі.

Жатақханаға келгенде де бой жылынбайды. Ол кезде пешке көмір жақпайды, негізгі жағатын отын — шөпшалам. Кеш болса, керосин құйған бітелі шам жағамыз. Маңайға тарайтын жарық сәулесінен көрі, бұрқыраған ащы иісті түтіні әлдеқайда көп болады. Әрі жылыну үшін, әрі аш қарынның мазалауынан құтылу үшін қырық жамаулы кір көрпенің астына тығылып, ұйықтап жата қалуға тырысамыз. Ұйықтайтын орнымыз — тақтайдан жасай салған шикылдауық көйке (тапчан).

Бір күні мен қатты ұйықтап кеткен екенмін, астымдағы көйкенің қатты шикылдап қозғалғанынан оянып кеттім. Басымды көтеріп қарасам, үш-төрт құрбылас оқушылар менің аяқ жағымда бір чемоданды ашып, нан жеп отыр. Нанды көргенде-ақ ұйқым ашылып, көзім жайнап кетті. Олар дыбыстарын шығармай, жай ғана ымдам мені нан жеуге шақырды. Маған да керегі осы еді. Аузымды

толгыра шала шайнап, қомағайлана жұтып жатырмын. Нан таусылғаннан кейін шамды сөндіріп, әрқайсысы өз орындарына жата-жата кетті. Қарным тойғанына қуанып мен де жата қалдым.

Шіркін, аш адамға тамақтан өткеннің бәрі азық болады ғой. Әйтпесе біздің жегеніміз кебектен соқпалап жасалған, дүмбілез піскен бірдеңе ғана. Оны адам түгіл тойып жүрген мал да жемес еді.

Таң ата мектепке баруға дайындала бастаған кезде екі-үш өзім қатарлы оқушылар ашулы түрмен мені жұлқылап, нұқып-нұқып қояды. “Ой, ұры, жаныңның барында нанымызды тауып бер!” – деп шаңқ-шаңқ етеді. Менде үн жоқ. Түнде жеген кебек нанның тегіннен-тегін менің төсегімнің үстіне неге келе қалғанын енді ұға бастадым. Көйкенің маңайында түсіп қалған нанның қиқымдарын көрсетіп: “Мұны жеген сенсің, нанды жылдам тап, өйтпесе өлесің”, – деп мені ұрмақ болып жүр. Мен не айтып, не істерімді білмей, сасқалақтат тұрғанымда жатқан төсегінен атып тұрып, нан жоғалтушылардың қасына келіп бір оқушы: “Бұған тиіспендер, сендердің нандарыңды бұл жемейді, жегендерді табамыз. Қазір шуламай, мектепке барыңдар”, – деп әлгілерді орын-орнына жіберді. Бұл келген сол кезде оқушылар арасында да, мұғалімдер арасында да беделі күшті, оқуды үздік оқитын, мектепте де, ауыл ішінде де “ақын бала” атанып жүрген Бейісбек Томпақов деген оқушы еді. Міне, осы күннен бастап екеуміз арамыздан қыл өтпейтін тағу дос болдық. Өтіп жатқан уақыт, екеуіміздің достығымызды күшейте берді. Ой-пікіріміз де, өмірдегі мақсатымыз да, асқақ арманымыз да бір жерден шығып, қиыншылықты да, қуанышты да бірге көріп, өмірі ажырамайтын, ауытқымайтын бір сара жолға түсіп алдық.

1938 жылғы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сайлауы қарсаңында оның депутаттығына кандидаттар одақ кеңесі бойынша Мануйльский Дмитрий Захарович, ұлттар кеңесі бойынша Қазақбаев Әбдісәметтер ел аралап, сайлаушылармен кездесу өткізіп жүрді. Сөндай кездесу біз оқып жүрген ауылда да болды. Осы кездесуде мектеп пионерлерінің атынан мойнына қызыл галстук тағып Бейісбек құттықтау сөз сөйледі. Жас оқушынын қысылып-қымтырылмай сөйлеген өткір сөзіне кандидаттар да және басқа жиналған

адамдар да өте сүйсініп қалды. Оның сөзінің соңы өзі шығарған өлеңмен аяқталғаны өте сәтті болып, жұрт ол мінбеден түсіп, өз орнына келгенше дуылдап қол шапалақтап тұрды. Бейісбек жастайынан-ақ өзі қатар оқушылардан ерекшеленіп, оқу оқып, білім алуға өте құштар болды. Біздер доп қуып, асық ойнап жүргенде оның қолынан кітап түспейтін.

Бір күні қолында Сәбит Мұқановтың “Адасқандар” романы бар, біздерге кітап туралы қысқаша түсіндіріп берді де:

— Бүгіннен бастап мені Бейісбек емес, Бүркіт деп атаңдар, — деді. Романдағы Бүркіт бейнесі оған қатты ұнаған екен. — Енді маған Бәтестей ару керек, мен өз Бәтесімді қайтсем де іздеп табуым керек, — дейді кеудесін кернеген жастық арманымен.

Сол күннен бастап-ақ бұрынғы Бейісбек Томпаков жаңадан Бүркіт Ысқақов болып аталды да кетті. Өзінің кұрбы-кұрдастары да, оқытушылар да мұны бірден мақұлдады. Бәрі де оған: “Қырандай қырағы болсын, қаққанда қанағы талмасын” — деп тілек білдіргендей болды. Бүркіттің ықпалымен бұрын кітап оқымайтындар енді кітап оқуға құмарлана бастады. Мектепте әдебиет кітаптарын оқытатындардың саны көбейді. Сөйтіп Бүркіттің бастауымен “Жас әдебиетші” деген үйірме құрдық. Бұл 1938–39 жылдардың кезі еді. Бұл үйірмеге Бимағанбетов Елеш, Шалабеков Дәкен, Мұқанов Аққошқар, Әубәкіров Жанайдар, Сүлейменов Жүсіп, Рахметов Кәмәли, Бұйрабеков Рақыш, Мұқанов Ақаш, Сүлейменов Әшім сияқты оқушылар белсене қатынасып жүрді. Бәріміз де қатармыз. Жасымыз 15 пен 17 арасында. Ол кезде бүгінгідей теледидар да, радио да, кино да жоқ. Оқушылар өмірдегі болып жатқан жаңалықтарды тек қана мұғалімдердің аузынан естіп, қолдарына түсіп қалған газет, журналдарды оқып қана білетін.

Ол кезде оқу құралдары да, жазатын дәптер де, сия мен қаламсаптар да тапшы. Оқушылардың көбісі дүкенде тұрған керекті заттарын сатып ала алмайды. Өйткені колхозшылар қанша еңбек етіп жүрсе де қолдарына бір тиын ақша алмайды.

Осындай қиыншылыққа қарамастан, оқушылардың оқу оқып, білім алуға құмарлығында шек жоқ. Әрқайсысы

өз әлінше сабаққа ұқылты дайындалып, білмегенін бір-бірінен сұрап, түсініп алуды әдетке айналдырған. Олардың ішінде төртіп бұзып, бұзақылық жасау деген тіпті жоқ. Мектепте ғана емес, көше бойында да, ауыл маңайында да мұғалімдердің алдынан кесе-көлденең өтпейді.

Біз өз үйірмемізді әдебиеттен сабақ беретін Баймолдин Мұханмеджан деген мұғалімнің қолдауымен жүргізіп отырдық. Мектептегі оқу біткеннен кейін жиналып алып әдеби кітап оқимыз. Кітапты оқып болғаннан кейін әрқайсымыз өзіміздің түсінгенімізді, ұнағанын, ұнамағанын айтамыз. Мұғалім бізге тек қана “халық жауларының” шығармаларын оқи көрмеңдер деп қатты тапсырған.

Бір күні Бүркіт оқимыз деп Сәкеннің “Қызыл ат” поэмасын алып келді. Біз бәріміз оған үрке қарадық. Өйткені Сәкеннің, Бейімбеттің, Илиястың шығармаларын жинап өртегеніміз, бірен-сараны кездесе қалса, жылдамдатып құртатынымыз әлі есімізде. Олар — халық жауы. Халық жауларының шығармаларын да, суреттерін де құртып отырыңдар дейтін бізге сабақ беріп жүрген мұғалімдер. Олардың атын атап, кездейсоқ шығармаларын оқыған, не ауызша айтқан адамдарды “халық жауы” деп соттап жіберетін. Мұны бәріміз де білетінбіз.

Бүркіт біздерге Сәкенді ерекше сүйетіндігін айта келіп, “Қызыл ат” поэмасын мәнерлеп оқып берді. Поэманы талдай келіп, әңгімені қазақ халқының 1932–33 жылдардағы аштан қырылуы туралы өрбіте түстік. Бәріміз де аштық нәубетін көзімізбен көріп, басымыздан өткерген екенбіз. Осы өзіміз оқып жүрген Казгородок селосы бұрын аудан орталығы болыпты. Сол аудан орталығы болып тұрғанда мұнда адамдар аштықтан суық ұрған шыбындай қырылған екен. Нәр татпаған, өбден қалжыраған аш-арықтар күресінде де, көше бойында да, үйлердің ығында да, қора-қопсының ішінде де өліп қала берген. Мұны сол кезде көзімен көрген Бимағанбетов Елеш бажайлап айтып берді. Өліп қалған, иістенген адамдарды гаяу шұңқырларға тастай берген. Қазақты біржолата құрта жаздаған бұл сұмдық оқиға жайында ол кезде ешкім ауыз ашып айта алмайтын. Ал біз Бүркіттің әр нәрсені аңдап білуге құмарлығының арқасында сол қазақ қайғысының не себептен болғанын аздап болса да түсініп қалғандай болдық. Бұл біздің жас

жүрегімізді шымырлата жараландырып, өмір бойы өшпес дақ салған еді.

Өзіміз көзімізбен көрген 1937–38 жылдардағы “халық жауларын” құрту науқаны елдің үрейін алып, қорқытты. Жоғары жақта қызмет атқарып жүргендерден басқа өзімізбен бірге оқып жүрген құрбыларымыздың әкелерін “халық жауы” деп ұстап әкеткенде артындағы әйелдері мен балаларының жағдайы өте аянышты болатын. Ол үйдің адамдарын жай ғана көрші-қолаң түгіл, туысқандарының өздері де “қырсығы тиіп кетеді” деп үйлеріне кіргізіп, бір үзім нан бермейтін болды. Әзірше аман жүргендердің өздері де күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалды. Қастық ойлаған біреу құртамын деген адамын: “Бұл халық жауларының сыбайласы” десе болды, ол із-түз жоқ ұсталады де кетеді.

Халықтың үрейінің ұшып кеткені сонша, ауылға қызыл жағалы милиция қызметкерлерінің бірі келе қалса, үйдегі адамдар ол кеткенше үйден шықпайтын. Бір күні бір милиционер өзінің жеке шаруасымен басқарманың кеңсесіне келеді. Ол шаруасын бітіріп шығып келе жатқанда қарсы алдынан бір қарт адам кездесе кетеді. Милиция қызметкері оған сәлем беріп, қолын ұсына бергенде шал баж ете қалады: “Ойбай, мен халық жауы емеспін, құлыным-ай, мені тұтқындай көрмеші”, — деп талықсып құлап түсіпті.

1940–41 оқу жылында бір топ оқушы Қарағандыдағы екі жылдық мұғалімдер институтына келіп, оқуға түстік. Олар ауылдағы әдебиет үйірмесінің мүшелері: Бимағанбетов Елеш, Ысқақов Бүркіт, Шалабеков Дәкен, Сүлейменов Әзім, Әубәкіров Жанайдар, Теміров Махмет (осы кітаптың авторы) және Дүйсенбаев Аманжолдар еді. Бәріміз бір бөлмеде жатамыз. Болып жатқан күнделікті халықаралық саяси оқиғалар туралы бізге Бүркіт үнемі түсінік беріп тұрады. Бір күні қолында араб әрпімен жазылған кітабы бар, енгіге басып жетіп келді. “Мына кітапты кімнің жазғанын білесіздер ме?” — деп қуана күлімдейді. Біз аузымызды ашып, аң-таң болып тұрмыз. Өйткені кітап араб әрпімен жазылған. Оны Бүркіттен басқамыз оқи алмаймыз. Ол кітапты мүдірместен оқуға кірісті. Бәріміз ұйып тындап отырмыз. Сөйтсек бұл Ахмет Байтұрсынұовтың “Қырық мысал” деген кітабы екен. Ондағы жазылған әр мысалды оқыған сайын бір ашылған жаңалыққа кездескендей бола-

мыз. “Аққу, шортан һәм шаян” мысалындағы кісі қандай іс болса да бірлесіп, ынтымақтасып істесе ғана нәтижелі болады деген ой-пікірі бәрімізге де қатты ұнап, оны жаттап та алдық. Сол сияқты бізге ұнамаған, көңілімізге бір жаңа ой салмаған бірде-бір мысалы болмады. Бүркіт Ысқақұлы жалғыз кітап қана емес, өзіне ұнаған газет, журналдарда жарияланған мақалаларды оқып беретін. Сөйтіп ол біздің өмірге көзқарасымыздың дұрыс қалыптасуына көп әсер етті. Жасымыз да, оқып жүрген оқуымыз да қатар болғанымен, үнемі жалықпай ізденіп, көп оқудың арқасында Бүркіттің ой-өрісі құрбы-құрдастарынан әлдеқайда жоғары болатын. Өзі жалындаған жас ақын. Оқытушылардың арасында да өте беделді еді. Бірде тарих сабағы жүріп жатқан. Кезектесіп карта алдында тұрып, жауап беріп жатырмыз. Сабақ өткізіп отырған мұғалім Қабзәкір Байтасов еді. Ол өзінің лекциясын өте тартымды етіп оқитын. Біз оның сабағына құштарлана қатынасып, өзін өте құрметтейтінбіз. Біз де осы кісі сияқты инабатты ұстаз болсақ-ау деп армандайтынбыз.

Жауап беру кезегі Бүркітке келді. Мұғалім оған күлімдеп қарап отырды да: “Сен шын ақын болсаң, осы картаға қарап тұрып, көп ойланбастан бір ауыз өлең шығарып жіберші”, — деді. Сонда ол қомданған бүркітше ширыға түсті де, көп ойланбастан:

*Уа, Азия, ұлысың
Ұлылығың құрысын.
Құрысын демей не дейін
Европаның құлысың, —*

легенде мұғалім де, тыңдап отырған біздер де Бүркіттің ақындық алғырлығына өте риза болып, сүйсініп қалдық.

Бүркіт әртүрлі саяси тақырыпқа да арналған қызықгы әңгімелер айтып отыратын. Шаруашылығы дамыған АҚШ сияқты капиталистік елдердің көбінде бірнеше партиялардың қатар өмір сүретіндігін, мемлекет басына сайлауда қайсы дауысты көп алса, сол партия билікке отыратындығын әңгімелеп берді де, “біз де сондай жаңа партия құруымыз керек”, — деді. Бұл пікірі бізді де қызықтыра түсті. Мұндай әңгіме өмірімізге зор қауіп төндіретіні де ойымызға кіріп шыққан жоқ. Осы айтылған пікірді жылдам орындауға

асығып, жаңа партияның атын қоюға таласа бастадық. “Жаңа партиямыз тек елі үшін еңбек етуі керек. Ал, ойлаңдаршы, сонда оны қалай деп атаймыз?” — деді Бүркіт бәрімізге қарап. Әрқайсымыз өзімізге ұнаған әртүрлі аттарды атап жатырмыз. Тіпті өз ойымызды бұрынырақ өткізіп жіберуге тырысамыз. Талқылай келе, олардың бірде-бірі ұнамады. Ақыры Бүркіт өз ой елегінен өткізіп, осы дұрыс болады-ау деп есептеп жүрген жаңа партияның атын біздерге сенімді түрде жария етті. “Жолдастар, — деді ол, — біздің партиямыз “Елін сүйген ерлер партиясы” деп аталады. Осы отырған бәріміз бүгіннен бастап осы партияның мүшесіміз. Елдің қамын ойлайтын партия болса, халық еш уақытта күйзеліске ұшырамас еді”, — деді ол шабыттана сөйлеп.

Сөйтіп өзіміз бір жаңа саяси партия құрып алдық деп қуаныстық. Алдағы уақытта оның программасын да, уставын да қабылдамақпыз. Партияның басшысы етіп Бүркітті сайладық. Біздер студент, оқушылар арасында үгіт жүргізіп, пікірлестеріміздің санын көбейтпек болдық. Қазіргі қатарымыздағы партия мүшелері деп мыналарды есептедік: Бүркіт Ысқақов (көсемі), Махмет Теміров (орынбасары), Елеш Бимағанбетов, Дәкен Шалабеков, Аманжол Дүйсенбаев, Әшім Сүлейменов, Жанайдар Әубәкіров — бұлар институтта оқып жүрген студенттер. Бұлардан басқа ауылда қалған пікірлес достарымыз да партия мүшелері деп есептелді. Олар: Рақыш Бұйрабеков, Кәмәли Рахметов, Қажыкен Тінтаев, Аққошқар Мұқанов, Байдалы Бөкаев, Ақаш Мұқанов, Балапан Сәкібаев, Орынбай Сауқанов, Сайдалы Кенжебаев (Мақуов кейіннен).

Біз партиямыздың атын қысқартып “ЕСЕП” деп қана айтып отыруды ұнататын едік. Біздің мұндай жастық арманмен істеген ісіміздің, айтылған сөздеріміздің күндердің күнінде өзімізге соққы болып тиетіні ойымызға кіріп те шыққан жоқ. Қайта осы ойымызды, осы мақсатымызды өзіміз қатарлы құрбы-құрдастарымызға кең тарата түссек деген пікірде болдық.

“Бүгінгі санымыз жиырма шақты ғана адам болса, алдағы уақытта мыңдаған адамға жетеді” — деп қоямыз, батылдана сөйлеп. Әрине ол кездің қатал тыйымы, қатал жазасы болмаса, оның солай өсіп кететіні де рас еді.

Бүркіт институттағы барлық студенттермен әңгімелесіп,

олардың пікірлерін біліп, өз жағына тартуға тырысатын. Біздермен пікірлес деп тарих факультетінің студенттері Нүркенов Ахметжан, Сейітов Қайлеш, Аманбаев Мұқаш, Әубәкіров Хайриддендерді атайтын.

Институтта Бүркітпен жақсы дос, пікірлес болғандардың бірі Жаппар Өмірбеков болатын. Екеуі де жайнап осіп келе жатқан жас ақындар. Өлеңдері сол кездегі “Қарағанды пролетариаты” мен “Қарағанды комсомолы” газеттерінде жиі шығып тұрады. Ауылдан келген біздермен салыстырғанда Жаппардың ой-өрісі жоғары, білетіні көп. Біз одан білмейтінімізді сұрап алып отырамыз. Ол бұған ерінбейді, қайта ол өзінің бір міндетті ісі сияқты түсіндіріп отырудан жалықпайды. Осындай адамгершілігі зор Жаппардың да бізбен пікірлес болғанына қатты қуанып қалдық.

Бүркіттің әңгімесін естіп, тыңдаған құрбыларының бәрі дерлік оның пікірін қолдап шыға келетін. Тіпті “ЕСЕП” туралы сырттай естіген жастар оған тікелей сүйіспеншілік білдіріп отыратын. Біртіндеп оның тілекгестерінің саны өсе берген. Олардың ішінен Бүркіттің ерекше атайтындары: Оңайбек Құдышұлы, Орынбай Айтмағанбетовтер еді. Оңайбекпен өте сырлас дос болды. Өмірінің соңғы күндеріне дейін онымен қатты сыйласып өтті.

Біздер қандай жаңалық болса да жылдам қабылдап, өмірдегі болып жатқан барлық құбылыстарды білейік деп жастық құмарлықпен құлшынып жүргенде Бүркіт бізге тағы да бір тамаша кітап әкеліп оқыды. Бұл кітап Сәбит Мұқановтың “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті”, 1-бөлім, (ұлтшылдық дәуірі) “Қазақстан” баспасы, 1932 жыл, Қызылордада латын әрпімен шыққан кітабы екен.

Біз мұны түстен кейін институттағы лекциялар бітісімен оқып, тыңдай бастаймыз. Тыңдағанда тіпті бас көтеріп, қыбырламаймыз. Бұрынғы біз оқып жүрген басылымдарда Алашордашы және оның көсемдерін нағыз халық жаулары деп жазатын. Біздер оған сеніп, солай ғой деп түсінетін едік. Мына кітапты оқып шыққаннан кейін халықтың нағыз досы Алаш партиясы екен-ау деген көңілге толық сенім орнады. Оның көсемдерін де, оны жақтаған, мадақтаған, тілектес болған ақындарды да елін, жерін қалтқысыз сүйіп, еңбек еткен періштедей, жаны таза нағыз асыл жандар скен деп түсіндік. Кітаптағы мысалда келтірілген өлеңдердің бәрін

дерлік жазып алып отырдық. Өйткені бәрі де халықтың мұң мен зарын, шемең болған шерлерін өздерінің жаралы жүректерінен шығарып көрсеткен ғой. Жүректі жарып шыққан тамаша өлеңдер біздің де жас жүрегімізді қалай оятып, қалай тербетпесін! Мысалы Аханның:

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға түр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып!
Қанған жоқ па өлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?!*

Осы бір ауыз өлеңінің өзін ақынның өте көрегендікпен айтқан, келешекті дәл болжаған данышпандық пікірі деп түсіндік. Бұл өлең жолдары 1911 жылы жазылып, алда болайын деп тұрған қазақ халқының басындағы қайғылы оқиғаларды қапысыз дәл тауып, болжап айтқан. 1916 жыл халық үшін қайғылы жыл болды. 19-бен 31-дің арасындағы жастар еріксіз қара жұмысқа алынды. Бұған қонбейміз деп бас көгерген халықты оқтың астына алып, қырып-жойды. Елдің біразы ауып, өскен атамекенін тастап, амалсыз шет жерлерге көшіп кетті. 1917 жылғы Қазан төңкерісі де қиыншылық тудырды. Қызылы да, ағы да қазақ даласын ойрандап өртеумен болды.

Кеңес өкіметі әбден орнығып алғаннан кейін 1928 жылы қазақ байларының мал-мүлкін тартып алып, өздерін қуғын-сүргінге ұшыратты. Мұның ақыры қазақ халқының 1932—33 жылдардағы құрып кетуіне таяған аштық апатына әкеп соқты. Бұл аштықтан өуірімдеп ес жия бастағанда қазақтың сүттің бетіндегі қаймағындай ең абзал ерлерін “халық жауы” деген жаламен жойып жіберді. Міне, осы бірауыз өлеңді оқып, жаттап отырғанда көз алдымызға осындай сұмдықтар елестейтін еді.

Сәбит Мұқановтың бұл кітабында Алашорда партиясын, оған тілектес ақындарды үстем байлар табының мүддесін қорғаушылар болды, нағыз ұлтшылдар болды деп түсіндіргені, өзінің осы пікірін дәлелдеу үшін мысалға

келтіріп отырған өлеңдері біздің жас жүрегімізге жылы тиетін еді. Міржақып Дулатовтың мынандай өлең жолдарын оқығанда:

*Кез болған соң көр заман біздің баққа,
Жау жарағын асылып, міндік атқа,
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа.*

*Азаматы Алаштың,
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Баптанатын күн туды.*

— Шіркін, сондай күн біздерге де туа қалса, жан аямай ел намысын қорғар едік-ау, — дейміз. Біздің қатарымызда Бүркіттен кейінгі көп оқитын да, көп ізденетін де Елеш еді. Ол бәрімізді де ойға қалдырған мынадай пікір айтты:

— Ашаршылық жылдары сан адам тектен-текке қырылды. Біздің топалаң тиген қойдай жусап, сасып-шіріп жатқанымызды қарға-құзғыннан басқа ешкім өлең қылмады. Сонда халық та ешбір дәрмен қыла алмапты. Сол қорлықпен өлгендердің ең болмаса біразы қолдарына қару алып, айқасып өлсе, олардың кім екенін, жалпы қазақтың кім екенін білер еді-ау, шіркін, — деді, ашуға булығы сөйлеп, өкінішті үнмен. Мұның айтқан сөзін қоштап Бүркіт оны әрі қарай жалғастырып әкетті:

— Я, алдындағы жеп отырған асыңды ақымақтарға беріп қойып, өзің аштан өлгеннен асқан қандай қорлық болмақ?! Бұлай булығып үндемей өлгенше, жаумен жағаласып, бетін тырнай өлген әлдеқайда артық еді-ау! Ахаң сияқты халық көсемі данышпандықпен ел тағдырын қалай болжаған деп таңғаламын. 1928—31 жылдары бүкіл қазақтың малы талауға түсіп, малынан жүрдай боп айырылған халық аштан қырылып, тұқымы да қалмай дүниеден құрып кетуге де айналды ғой, — деп аяқтады өз сөзін ызалы ашынған үнмен.

— Сонда біз келешекте не істеуіміз керек? — десеміз бір-бірімізге қарап. Біздің бұл сұрағымызға жауапты Мағжанның:

*Кене мен Абылайдың жолын қумай,
Жапанда жайылудың мәні қалай?!*

деген өлең жолдарынан тауып алғанымызға мәз болып қуанамыз. Ендеше біздер келешекте бар өмірін қазақ халқының азаттығы, тәуелсіздігі үшін сарп еткен Абылай мен Кене хандардың жолын қууымыз керек десіп келістік.

Сөйтіп институттағы студенттік өміріміз жаңалық табу, ізденіс жолында қызықты болып өтіп жатты.

Шындығында, Бүркіттің ой-өрісі сол кезде өз қатарынан әлдеқайда жоғары болды. “ЕСЕП” партиясын құрдық деп жариялағаннан кейін оны жол көрсетіп отыратын өзіміздің көсеміміз деп есептедік. Өйткені оның көп мәселені түсіне білуі біздерден анағұрлым артық болатын. Біздердің өмірі ойымызға келмейтін кейбір жағдайды бажайлап айтып бергенде әрі мақұлдап, әрі таңданып, басымызды ізей беретінбіз.

Мысалы, біздер институтта оқып жүрген жылдары Бүркіт бүкіл Қарағандыда жалғыз-ақ қазақ мектебі бар екенін өкінішпен айтып отыратын. Ол: “Қазақ мектептері Қарағанды сияқты басқа қалаларда да жоқтың қасы болып жатса, келешекте қазақ тілінің жағдайы не болмақ? Ана тілін жете меңгерудің негізгі ордасы мектеп қой. Қазақша оқу орындары жойылса, халық өз ана тілінен, өзінің ұлттық мәдениетінен алшақтай бастамақ. Оның салт-санасы да өзгеріп, ұлттық қасиетінен айырылады. Ақыры оның ұлттық санасы жойылып, ол халық біртіндеп жеке ұлт болып өмір сүруден қала бастайды. Осындай жағдай келешекте біздің халықтың басына түсе ме деп қауіптенемін”, – дейтін. Ол келешекке ой жіберіп, алдағыны болжай айтып, заман ағымының қандай бағытпен бара жатқанын сол кездің өзінде-ақ аңғара білген-тін.

Қазақстанның өз басында еркі жоқ, тек қана Кеңес өкіметінің апса алақанында, жұмса жұдырығында отырған тәуелді ел екенін де миымызға сіңдірген Бүркіт еді. Осыдан бастап біздің жас жүрегімізге туған халқымыз келешекте өз алдына тәуелсіз ел болса-ау деген арман мықтап орнады. Енді осы азаттық жолында жан аямай күрессек деп қиялдадық.

Біз бұл жолға ешбір қауіп-қатерді ойламастан түстік те кеттік.

1941 жылдың маусым айының орта кезі. Күн жексенбі. Маужырап тұрған тамаша күндердің бірі. Сабаққа дайындалған бірен-сарандары болмаса, студенттердің көбісі жатақханадан сыртқа шығып кеткен. Мені Бүркіт “тоқтай түр” деп жібермей қалды.

Біздер оқып жүрген институттың оқу корпусының астыңғы қабаты – жатақхана, үстіңгі қабаты – бірыңғай оқу кабинеттері. Ол бөлмелер лекция біткеннен кейін де ашық болады. Құлыптап жабылмайды. Жоғары көтеріліп барып, сабаққа дайындалуға өте қолайлы.

Бүркіт мені бос тұрған бір кабинетке ертіп келді. Мен сабаққа дайындалатын шығармыз деп ойладым. Стол үстіне дәптерін де, кітаптарын да жая бастады. Жайып тастаған екі парақ ақ қағаздың бас жағына “Елін сүйген ерлер партиясының (ЕСЕП) программасы” деп тақырып қойып, оны әдемілеп жазып, астын сызып қойыпты. Енді мен мұнда не үшін келгенімді білгеннен кейін ерекше бір сезімге бөленгендей болып, Бүркіттің бетіне қадала қарап қалыппын. Менің алдыма К. Маркс пен Ф.Энгельстің “Коммунистік партияның Манифесін”, “КОКП-ның программасы мен уставын” жайып салды да: “Енді біз осылардың үлгісімен өзіміздің программамыз бен уставымызды жазып шығамыз” – деді. – Бірақ біздің ұстаған жолымыз бұларға қарама-қарсы. Сөйтсе де бұлардың қалай жазылғанын білмей, біз өз бетімізбен дұрыс программа жаза алмаймыз. Сондықтан бұлардың бәрін де оқып шығуымыз керек. Бұл бізге тың ой-пікір туғызады. Оны бір қағазға түсіріп отыруымыз керек”, – деп қағаз, қаламсапты дайындап қойды. Бұларды оқып шыққаннан кейін біз өз бағдарламамызды жазуға кірістік. Оның есте қалған нұсқасы мына төмендегідей еді:

Бүгінде отарлық бұғауда отырған дүниежүзінің барлық халықтарының, әсіресе Азия, Африка елдерінің ұлттық санасы оянып келеді. Келешекте бұлар жұмылған жұдырықтай болып ұйымдасып, азаттық үшін отаршыларға қарсы аттанысқа шықса, отарлық бұғаудың темір күрсауының быт-шығ болуы айдап анық.

Отаршыл жыртқыштар өз үстемдіктерін күшейтіп, кеңейте түсу үшін бір-бірімен қырғын соғысты бастап отыр. Бұлардың жеңілгендерінің қарамағында отарлық бұғауда қан

жүтып отырған халықтар бостандық алады. Ең болмағанда бостандық, азаттық үшін күресуге мүмкіндік туады.

Қазірде бүкіл дүниежүзі үлкен оқиғаның қарсаңында тұр. Жер шарының алтыдан бір бөлігінде мықтап орын теуіп, басқа жерлерге де тамырын жая бастаған коммунизм идеясының қатерлі қаупінен сақтану мақсатында өзара одақ құрып, батыстан Германия, шығыстан Жапония КСРО-ға қарсы жорық жасауға дайындалуда. Бұларды коммунизм қаупін сезген барлық мемлекеттер қолдауға тиіс. Бұл жорықтың нәтижесінде коммунизмнің негізгі ордасы КСРО талқандалып шықса, оның құлдық бұғауында отырған халықтар өз алдына жеке-жеке тәуелсіз мемлекет болып шығу мүмкіндігі туады. Міне, осындай қолайлы жағдай туа қалса, біздер, жастар, дайындықсыз отырып, қапыда қалып қоймауымыз керек. Сондықтан келешекте барлық жауапты жұмыстар бірыңғай өз қолдарына көшетін жастардың ұлттық ой-санасы оянып, олар өзінің туған халқының мүддесі, намысы үшін жан аямай күресетін болып шығуы керек. Біздің бұл құрып отырған партиямыз ел мақсаты үшін еңбек ете білетін “Елін сүйген ерлер партиясы”, қысқаша айтқанда “ЕСЕП”. Яғни халықты қалтқысыз сүйетін жастар ұйымы. Біздің келешекте көздеген қоғамымыз тек қана халықтық мемлекет болуға тиіс. Бұл қоғам ешқандай таңқа бөлшектенуге тиіс емес. Біз Қазақстанда тұратын, осында туып-өскен және туған жерін сүйе білетін барлық халықтарға арқа сүйейміз.

Бізді сырттан коммунистік жүйеге қарсы, онымен ешбір ымыраға келмейтін барлық мемлекеттер қолдайды. Бұрын отарлық бұғауда, құлдықта болған халықтар нағыз тағдырласымыз, одақтасымыз.

Бізді арғы шыққан тегі бір дүниежүзіндегі түркі тілдес халықтар қолдайды. Бұл туысқан халықтармен тағдырласпыз. Бұлардың көбі отаршылық езгіде жаншылып, зар жылауда. Алдағы уақытта бұл халықтардың бәрі де азаттық үшін аттанысқа шығып, бірімен-бірі толық, ынтымақтас, одақтас бола алады.

Біздің құрметтеп ұстайтын дініміз — ислам діні. Бүгінде ислам дініндегі халықтардың басым көпшілігі отаршылардың бұғауында отыр. Келешекте олар да азаттық үшін жаппай аттанысқа шығады. Қазірдің өзінде олар отаршыларға

қарсылық білдіруде. Келешекте бостандық алған бүкіл мұсылман халықтары бір-бірімен толық ынтымақтас, одақтас бола алады.

Коммунистік бұғауда отырған барлық халықтар бір-бірімен тағдырлас. Азаттық жолындағы күресте бұлар бірін-бірі қолдайды. Бәріне бірдей ортақ жау — коммунистік жүйені құрту үшін күресу — бәріне бірдей ортақ мүдде.

Біздің жаңадан құрып отырған “ЕСЕП” партиясына мүше болғандар мен тілектестері туған елінің отарлық бұғаудан құтылып, толық азаттық алғанына дейін өз күресін тоқтатпайды. Бұлар үшін туған елінен, туған жерінен қымбат ештеңе жоқ. Қазақ жастары “ЕСЕП” партиясының төңірегінде топталындар! Туған жер, туған халқың үшін жан пида!

Біздер осы ойымызды келешекте толық етіп жазылатын бағдарламамыздың қысқаша нұсқасы есебінде Қазақстандағы барлық студенттерге таратпақ та болдық. Осы ниетпен мұны қолымыздан бірнеше дана етіп көшіріп жаздық. Машинкаға да бастырттық. Сенімді деген жолдастарымызға да оқып, көрсетіп жүрдік. Мұны көбінесе Бүркіттің өзі істейтін. Б. Ысқақұлымен сөйлескен адамдар оның әңгімесін ұйып тыңдап, айтқандарын ұнатып шыға келетін.

Біздің негізгі ұстаған мақсатымыз қазақ жастарының патриоттық сезімін, ұлттық намысын оятып, олардың қатарын өсіре түсу еді. Бірақ сол заманның қатал тәртібі өз ыңғайына көндіріп әкетті, осындай пікірде жүрген жастарды сезіп қалса, тұншықтырып тастап отырды. Көп адамдар камалып, сотталып, қатаң жазаға ұшырады.

АҚИҚАТТЫ АҢСАУ

Бір күні Бүркіт маған:

— Махмет, сен Қайып Айнабековты білесің бе? — деп сұрады. Мен Қайқанды сырттай естігенімді, бірақ әлі көрмегенімді айттым.

— Ендеше біз екеуміз сол кісіге сәлем беруге барайық, — деді. Мен қуанып кеттім. Қайқанның үйі Қарағандының “Ескі қала” деп аталатын жағында екен. Біздер Жаңа қалада оқимыз. Жаңа қала мен ескі қаланың арасында ол кезде ешқандай автобус жүрмейді. Екеуміз сенбі күні оқудан

шыққаннан кейін әңгімелесіп, жаяу бардық. Жертөле сияқты аласа үйлер. Бөлмелері де үлкен емес. Қайқаң да осындай үйлердің бірінде тұрады екен. Естіген әңгімелеріме қарағанда, ол кісі үлкен тұлға. “Осындай атақты адамдар да мынандай жайсыз жағдайда тұрады екен ғой” деп ойлаймын ішімнен.

Қайқаң екеумізді де баласындай, өзінің қызықты әңгімелерімен үйіріп, ішіне тартып өкетті. Екеуміз де ауызымыздан суымыз құрып, бар ынтамызды салып тыңдап отырмыз. Мұнымыз ол кісіге өте ұнады да әңгімесін шабыттана жалғастыра берді. Үшеуміз таң атқанша ұйықтамадық.

— Өздеріңдей сөзге түсінетін жастарға әңгіме айтуға жалығатын емеспін, — деп күліп қояды. Бір уақытта әңгіме тақырыбын қазақ халқының басынан кешкен тарихи қиыншылық жағдайларға ауыстырды.

Бүркіт екеуі де Нұра ауданының Кокмөлдір деген жерінен. Бұлар бір-бірімен жерлес қана емес, бір-бірімен нағашы, жиен болып келетін жақындықтары бар. Бүркіттің зеректігін, оның ел арасына тарап жүрген қисса-дастандарды құмарта оқып, өзіне ұнағандарын жаттап алатынын өте ұнатады екен.

Бізге қарап отырды да: “Сендер Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” оқиғасы туралы не білесіңдер?” — деп сұрады. Бүркіт іркілместен:

— Бұл 1723 жылы Жоңғар қалмақтарының шапқыншылығына ұшараған қазақтардың басынан кешкен ауыр оқиға ғой. Әкеден бала, анадан қыз айырылып, мал-мүлкін жау басып қалған халық тоз-тоз болып, жан-жаққа босып кеткен. Жаудан үріккен халық Алқакөл маңына барып, жүруге шамалары келмей, жағалай сұлап жатқанға ұқсайды. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп аталуы осы себептен бе деп ойлаймын, — деді ол жауабын аяқтай келіп. Қайқаң оның жауабына риза болды да қайтадан оған мынандай сұрақ қойды:

— Сен бұл туралы қандай өлең, жырлар, дастандар білесің?

Бүркіт “Елім-ай” ән-өлеңі мен “Қалқаман — Мамыр” дастанын білетінін айтты. Бұған Қайып аға басын изеп риза болды да өз әңгімесін әрі қарай жалғастыра берді.

— 1916 жылдан бастап қазақ халқының басынан талай қиыншылықтар өтіп жатқанын айта келіп, 1932–33 жылдардағы аштыққа қазақтың шыбындай қырылғанын күрсіне отырып баяндап берді. — Осы Қарағандыға, — деп жалғастырды әңгімесін, — маңайында тұратындар да, алыста тұратындар да шұбырып келіп жатты. Қазақтар негізгі күнкөрісі — малынан жұрдай болып айырылған. Енді ауылдық жерде жан сақтайтын жағдай қалмаған. Ашыққан халық жаяу-жалпылы қалаға шұбырған. Олардың бірен-сарандары ғана жұмысқа түсіп, жандарын сақтап қалды. Ешбір кәсіп істей алмағандары бір үзім нан таба алмай көшеде де, үйлердің ығында да, асханалардың жуынды төгетін жерлерінде де өліп жатты. Енді ел бұдан әрең ес жинай бастаған кезде 1937 жылы “халық жауларын құрту” ден аталатын сойқанға ұшырап, жазықсыз жандарды атып, абақтыға қамап, лагерьлерге жіберіп жапа шектірді. Солардың көбі қазақ оқығандарының бетке шығар қаймағы еді.

Сәкен туралы сөз қозғағанда ерекше толқып, көзіне жас алып отырды. Оның ақындығын айтпағанда адамдық қасиетінің өте зор екендігін сипаттап етті. “Сәкендерді құртып жіберу — ешбір әділеттің жоқтығы ғой” деп күрсінді. Оның күрсінген дауысы жүректі жаралайтындай, кеудеге сыймай сыртқа шығып жатқан ащы запырандай көрінді бізге.

Сәл тыныстап алды да әңгімесін әрі қарай жалғастырды. — Мен жаңа заманды, Кеңес өкіметін құшақ жая қарсы алған адаммын. Оның әділетті қоғам жасаймыз деген ұраны жүрекке жылы тиетін. Бұрынғы теңсіздікте, құлдықта жүрген халық көзін ашып, жаңаша бақытты өмір сүрер деп сенетінмін. Сөйтсем сөзі тәтті, ісі қатты, ел қамын жейтін қоғам емес екен, — деп тоқтап қалды. Ол әлденеден сескенгендей жан-жағына да, есік, терезе жаққа да құлақ түріп қарап алды. Түн ортасы ауып кеткен. Үнеуімізден басқа бәрі ұйқыда. Есік жақтан мысықтың есікті тықырилатып далаға шыққысы келген дыбысы естілді. Оны далаға шығарып жібергеннен кейін өзіне-өзі келіп, мынандай өлең жолдарын айтып берді:

*Әділетсіз сұм заман,
Қайғыға қайғы жамаған.
Аямай сұғып найзасын,
Жүрегіме қадаған.
Қадалған найза орнынан,
Соргалайды қызыл қан.*

Мен аузымды ашып, Қайқаңның бетіне қарап қалыппын. Айтып отырған әңгімесінен заманаға наразылығы сезіліп тұр. Оның әділетсіздігіне, бір ауыз сөз үшін адамды таптап, табанға илей салатындығына, еркіндіктің сөз жүзінде ғана айтылатынына, іс жүзінде ешқандай бостандықтың жоқтығына іштей наразы екен.

— Сендердің келгендерің жақсы болды. Ішіме сыймай булығып жатқан шерімді сыртқа шығарып, бір жеңілденіп қалдым-ау,— деп күліп қойды, екеуміздің бетімізге қарап.

Ол кісінің әңгімесі толастай бергенде Бүркіт мынандай сұрақ қойды:

— Сіздің тұңғыш өлеңдер жинағыңыз 1928 жылы жарық көрді ғой. Содан бері біраз уақыт өтті. Енді жаңадан тағы бір өлеңдер жинағын шығарасыз ба? — деді. Қайқаң сәл ойланып қалды да:

— Аздап қағазға түскендері бар. Бірақ шын көңілдегідей емес. Қанша жүйрік болса да цирктің ішіндегі аттар көсіліп шаба ала ма? Мен де сол аттарға ұқсаймын ғой,— деді. Әуелі бұл пікірі жұмбақ сияқты көрінді. Үшеуміз де үнсіз отырып қалдық. Аздан кейін ол кісі басын жоғары көтеріп алып, мына сарында өлеңдете жөнелді:

*Үн қосып үйлесе алмай заманыма,
Мен жүрмін ой-қиялдың азабында.
Қырандай қанат қақпай, торда отырып,
Төгіліп өлең-жырды жазамын ба?!*

— Қандай дарынды ақын болса да өзінің көңілі ұнатпайтынды шабыттанып жаза алар ма, белгілі бір өлшемнен шығармаса, ақындық дарынның өзі тұл болмай ма?! — деп жүрегін жаралап, мазасын алып жүрген өмір шындығының бетін ашып тастағандай болды.

Қарағандыға келгеннен кейін Бүркіттің өлеңдері облыстық газеттерде шыға бастаған. Оларды қалт жібермей,

үнемі оқып отырады екен. Бүркіттің бұл аяқ алысына өте сүйсініп, оның келешегі зор акын болып шығуына іштей тілектес екен. Екеуіміздің бетімізге тікелеп қарады да:

— Сендер жаңа ғана өсіп келе жатқан жас талапкерлерсіңдер ғой. Өмірлерің алдарында. Біздерге ұқсап екі дүниені қатар қойып салмақтамайсыңдар. Алды-арттарыңа қарап жалтақтамайсыңдар. Өздеріне нені үйретсе, соны ғана ұғып өскендерің жөн. Заман, уақыт тілегіне үйлесе білмесеңдер, өмір сүре алмайсыңдар келешекте. Сол үшін оқуларыңды жақсы оқып, адам болып шығыңдар,— деп қоштасты бізбен.

Үйден былай шыққаннан кейін Бүркіт маған қарап:

— Қалай, Қайқанның әңгімесі ұнады ма? — деп күлімсіреді.

— Мен бұл кісіні сыртынан ғана естіп, біліп, нағыз бақытты, уайымсыз, қайғысыз адам ғой десем, терең оймен уланған шерлі кісі ме? — деймін дедім.

— Иә,— деді Бүркіт ойлы пішінмен.— Қайқаң заман ағымын ерте байқап, оның әділетсіздігін ерте аңғарған адам. Мен бұл кісімен жиі кездесіп тұрамын. Өмірден оқығаны да, тоқығаны да мол. Әңгімесі қанша тыңдасаң да жалықтырмайды. Өмірі сарқылмайтын бұлақ сияқты. Қандай сұрақ қойсаң да іркілмей жауап береді. Қазақ тарихының, қазақ өмірінің тірі шежіресі. Тек қана ақиқатты, әділдікті аңсаған адам,— деп аяқтады сөзін.

Біз Қайқаңнан бұрын естімеген көп әңгімелерді естіп, көңілденіп қайттық.

— Үлкендер арасындағы біздермен пікірлес адамдардың бірі осы кісі,— деп қойды Бүркіт.

Қайқаңның заманға сын көзімен қарап, оның әділеттілікті аңсайтындығына ризалығын білдіргендей болып. Екеуіміз әңгімелесіп жаяу жүріп келе жатырмыз. Мамыр айының іші. Күн жаймашуақ. Көктемнің майда ескен самал желі бетімізді сыйпап, ойлап жүрген ойымызды да қоштағандай көңілдендіріп келеді. Бізге де дүниенің бәрі өзіміздің ойлағанымыздай болып, өрби беретін сияқты көрінеді. Бір уақытта Бүркіт:

— Анау мектепке барып көрдің бе? — деді.

— Мен оған барған да, көрген де жоқпын,— дедім.

— Білмесең ол Жамбыл атындағы мектеп. Қаладағы

жалғыз қазақ мектебі. Осында оқып жүрген оқушылармен де әңгімелесіп тұрамын. Іштерінде білімге құштар, саналы болып өсіп келе жатқандары көп. Қазірдің өзінде біздің пікірімізді толық қолдайтындары да бар. Осы бастан олардың ой-пікірі елін сүю рухында тәрбиеленсе, ертең өскенде нағыз отаншыл, халықты қастерлей білетін азамат болуы айдан анық қой,— деді. Бүркіттің кіммен әңгімелессе де оны өзіне үйіріп алатын қасиеті бар еді. Мұндағы қазақ балаларына да өз пікірін түсіндіріп үлгерген екен ғой деп ойладым.

Ескі қала мен Жаңа қаланың арасы жаяу жүрген адамның біраз уақытын алады. Енді әңгімемізді болып жатқан халықаралық оқиғалар жайында жалғастырдық. Бүкіл Батыс Еуропаны басып алған Германия шығысқа, Кеңес Одағына қарсы жорық жасай ма, жасамай ма деген пікір туралы болды. Біздің шеше алмаған мәселемізге, жауап қайтара алмаған сұрағымызға уақыттың өзі көп кешіктірмей жауап берді.

СҰРАПЫЛ СОҒЫС БАСТАЛДЫ

1941 жылдың 22 маусымында жатақханада жатқан студенттер демалыс күні болса да әдеттегіден ерте ояндық.

— Ой, неге жатырсыңдар, Германиямен соғыс басталып кетті,— деп бір студент айғай салғанда бәріміз де төсектен атып-атып тұрдық. “Соғыс” деген суық хабарды естігенде денеміз тітіркеніп кетті. Тұлабоймызды қорқыныш сезімі билеп, бәрімізге де бір үрейлі жағдай пайда болды. — Енді не болар екен? — дегендей, бір-бірімізге жауаңдап қарай береміз. 22 маусым күні таңғы сағат төртте Германия мен оның одақтастарының әскерлері шекараны бұзып өтіп, Киев сияқты қалаларды бомбалаған. Соғыс кең көлемді Балтық пен Қара теңіз арасын тұтас қамтыған. Жерде де, көкте де, суда да қырғын ұрыс толассыз жүріп кеткен.

— Енді не болар екен? — деген ой тілімізге қайта-қайта орала береді.

— Осы соғыста кім жеңеді? Кімнің күші басым? — деген сұрақтарға жауап берместен асханаға тамақ ішуге кеттік. Бұл кезде біздер бұрынғыдай лепіре бермей, сақтықпен сөйлеуге бейімделе бастағанбыз. Өйткені соғыс басталардың алдында институттың тарих факультетінен түнде келіп, жатақханада

жатқан жерінен бір студентті тұтқындап алып кеткен. Оны бір бөлмеде ұйықтап жатқандардың бірен-сараны ғана біліп, көбісі білмей қалған. Оны Бүркіт жақсы біледі екен. Осыдан кейін ол өзіміз дос санап жүрген кейбір студенттерге күдіктене қарайтын болды. “Жау жоқ деме, жар астында” дейтін болды.

Таңертеңгі тамақты ішкеннен кейін екеуміз оңаша бөлініп кеттік. Ол кезде біз оқып жүрген Жаңа қаланың көлемі шағын. Біз әңгімелесіп отырып, айдалаға шығып кеттік. Енді ғана басталып кеткен соғыс туралы пікірлесіп жүрміз.

— “Қардың басын қар алады, ханның басын хан алады” дегендей, Гитлер де, Сталин де бірін-бірі құртпай тынбайды,— деп бастады әңгімесін Бүркіт.

— Бұл соғыста қай жағының жеңгені біздер үшін пайдалы деп есептейсің? — деп сұрады (маған қарап).

— Менің пікірімше, Кеңес Одағының жеңілгені дұрыс қой деп ойлаймын,— дедім күмілжіп.

— Әрине солай. Солай болуға тиіс, — деп әңгімесін әрі қарай жалғастыра берді. Бір кезде сары далада сәйрандап, қалаған жерін қыстап, жаққан жерін жайлап жүрген қазақ халқы ғасырлар бойы патша үкіметінің басыбайлы құлына айналып, туған жері қан сасыған отары болып келді ғой. Осы отарлық бұғаудан туған халқын құтқарып алу үшін қазақтың талай абзал ерлері жандарын пидә етпеді ме?! Олардың бәрі де тағдырдың тәлкегіне ұшырап, халықтың басына орнаған қара түнек айығудың орнына қоюлана берді. Бұдан шығудың ешқандай жолы да, үміті де қалмады. Сөйтіп жүргенде Қазан төңкерісінен өмірден түңіліп жүрген, езілген халықтарға жылт еткен үміт сәулесі туғандай болды. Бірақ бұл үміт те ақталмады. Әсіресе қазақ халқы сорлағанның үстіне сорлай берді. Енді міне, біздің халықты құртатын қырғын тағы басталды. Қазір де қазақ халқының еркектер саны әйелдерден әлдеқайда көп. Соның көбін соғысқа айдап апарып жусатады да салады.— Халықты аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қалай ойлайсың? — деп маған сұрақ қойды. Мен не жауап берерімді біле алмай қалдым.

— Ендеше,— деді ол — мүмкіндігі болса, соғысқа бармау керек. Біз кімді қорғап, кім үшін соғысамыз? Бізде жанды

салып қорғайтындай тәуелсіз болып отырған өз мемлекетіміз бар ма? Әрине, жоқ. Кеңес Одағы деп отырғанымыз еріксіз камалған халықтардың абақтысы. Коммунистердің негізгі мақсаты — өз үстемдігін дүниежүзіне тұтас орнату. Ендеше осы көптің арасына сіңіп кетсе, қазақ сияқты шағын ұлттар, түптің түбінде өзінің ұлттық қасиеттерінен жұрдай болып, адамзат қоғамынан, өмірден өшіп те кетеді. Олай болса, өзімізді құртып келе жатқан, тіпті біржолата жоқ қылатын ойы бар қоғамды, мемлекетті не үшін қорғаймыз? Бізге оның аман қалуы емес, күйрей жеңілуі керек. Кеңес Одағы жеңіп шықса, халықтардың басындағы бұрынғы темір құрсау қат-қабат болып нығая түседі. Бұлқынуға шамаңды бұрын да келтірмей жүрсе, онда тіпті тырп еткізбейтін болады. “Ә” деп аузында ашқызбайды да. Германия жеңіп шықса, (мұның да қоса күйрегені дұрыс болар еді), күшпен ғана бастарын қосып отырған әр ұлт, әр халық өз алдына бөлініп шыға келеді. Мұндай жағдайды жеңіп шыққан елдің өзі жасайды. Өйткені отаршылардың ежелгі саясаты “Бөлшекте де билей бер” дегенін олар да мүлтіксіз орындайды. Ендеше біз бұдан ұтпасак, ұтылмаймыз. Олар сырттай билік жүргізгенімен коммунистерге ұқсап ішімізге кіріп кете алмайды. Ішімізден іріте алмайды. Ішкі билік бірыңғай қолымызда болады. Бізге керегі де осы. Біз сонда өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап қала аламыз.

Діни аңыз бойынша, бұл дүниеде күнәлі болған адамдар: айуандықпен қылмыс жасағандар, Құдай жолына қарсы болғандар, адамшылықтан безгендер о дүниеге барғанда лаулан жанған тозақ отына күйіп, азап шегеді екен. Сол қиналып жатқан адамдарды көрген қарлығаш жаны ашып, аузымен су тасып, қанатымен себелейді екен. Суық торғайлар аузымен шөп тасып, жанып жатқан отқа тастап, оны одан сайын күшейтпек болатын көрінеді. Қарлығаштың әкелген мардымсыз суынан тозақ оты сөніп қалмайды. Суықторғайдың әкелген бір тал шөбінен тозақ оты бұрынғысынан күшейіп кетпейді. Ендеше екеуінікі де әуре ме? Жоқ, олай емес. Бұл ісімен қарлығаш адамға достығын, жанашырлығын білдірсе, суықторғай адамға деген дұшпандығын білдіреді. Ендеше біз де қолымыздан күрделі ештеңе келмесе де, қарлығаштай болып халқымызға жайашырлығымызды білдіріп, жауымызға торғайдай жаулық

ниетімізді білдіруіміз керек, — деп аяқтады өз сөзін.

Бүркіттің де, менің де құжаттағы туған жылымыз 1924. Әлі де бізді әскерге шақыруға бір жыл уақыт бар. Екеуімізде институттың бірінші курсын бітіргеннен кейін ауылға каникулға кеттік. Оқытушылар институтының оқу мерзімі екі жыл. Енді бір-ақ жыл қалды.

Қыркүйек айына қарсы каникул бітер кезде оқуға бірге бару үшін Бүркіт біздің үйге келді. Оның ауылы Көкмөлдір мен біздің ауыл Балықшының арасы 13-14 шақырым жер. Ол кезде екі араға көлік қатынаса қоймайды. Жаяу келген. Кездеспегенімізге екі айдай болып қалған екен. Тіпті құшақтасып амандастық. Сағынысын қалыппыз.

Әңгімеміз жүріп жатқан соғыс жайында болды. Неміс әскерлері бұл кезде солтүстік майданда Балтық жағалауындағы елдердің көп жерін басып алып, Ленинград бағытымен жылжып келеді. Орталық майданда негізгі нысана — Мәскеу. Оңтүстікте — Киев. Бұл бетімен тоқтаусыз алға баса берсе, немістер өз мақсатын орындап шығуы мүмкін ғой деп ойладық, бірақ АҚШ бастаған басқа ірі мемлекеттер Кеңес Одағын қолдап кетсе, соғыстың Кеңес Одағының пайдасына шешілуі мүмкін ғой деп те ойладық. Сонда да ішімізден коммунистік жүйенің жойылуын тілеп, Германияның жеңіп шығу мүмкіндігі зор деп бағаладық. Солай болады деп сендік те.

Бүркіт каникул кезінде бір дәптер көлемінде өлең жазып та үлгеріпті. Оның біразында жүріп жатқан соғыстың екі жақтан әділетсіз екендігін дәлелдейді. Коммунистер шын әділдікті қуса, алақандай Польшаны азулы екі жыртқыш бірігіп, бөлшектеп алар ма еді? Ендеше Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған соғысын да қолдауға болмайды деп түйеді.

Менің әке-шешем: “Енді сен оқуға бармай-ақ қой. Бәрібір сені келесі жылы соғысқа алып кетеді. Бір жыл болса да қасымызда бол”, — деп жылап отырып алған соң, оқуға бармай қалдым. Бүркіт өзі ғана оқуға жүріп кетті.

Ауылдағы жағдай өте ауыр. Еркектердің жарамдыларының бәрін соғысқа жіберген. Бұрынғы еркектер істейтін жұмыстарды әйелдер атқарып жүр. Қара қағаз келіп, соғыста жүрген азаматтардың өлгенін естіген үйлер көздерінен қан аралас жастарын төгуде. 1941 жылдың күз айларында немістер Москваға таянып келсе де, оны басып ала алмады.

Қайта қыс айларында кейін шегінуге мәжбүр болды. 1942 жылдың жазғы айларында соғыстың негізгі күшті бағыты оңтүстікте Сталинград бағытына қарай ауысты. Бұл аймақта қырғын қантөгіс болып жатты. Ақыры осы жылдың тамыз айының ішінде әскерге жүргізетін қағаз алдым. Мені шығарып салуға Бүркіт келді. Менің соғысқа аттануыма өлі екі-үш күн бар. Бұл кезде ауылдағы әскерге жөнелтуге жататын егде тартқан адамдардың бәрі дерлік кетіп болған. Енді мен сияқтыларды жасы толысымен-ақ тоқтатпай жөнелтіп жатыр.

Бүркіт екеуміздің кездеспегенімізге бір жыл болыпты. Бұл өте сағынышты кездесу болды. Біздің ауыл Улыкөл деген көлдің ық жағында орналасқан. Бұрын Ақтен қопасы деп аталады екен. Кейін қопаның айнала маңайындағы томарларға сары жапырақтар қаптап шығатын болыпты. Оны тоя жеген мал өліп қала беріпті. Содан кейін улы шөп пайда болды деп Улыкөл атанып кетіпті. Кейінірек Кеңес Одағына оның ішінде Қазақстанда жаппай ұжымдастыру басталғанда бұл шағын ауылды “Балықшы” деп атапты.

1933—34 жылдары осы шағын ауыл маңайындағы Сарыала, Күреңала, Маржанкөл деген көлдерден балық аулап, аудан орталығына тапсырып тұрды. Мұнымен қоса жері үй қоянын өсіруге өте қолайлы деп оларды өсіруге кірісті. Расында, жаздың өн бойында қаптап өсін кетті. Оларға беретін жем жоқ. Бірақ шыққан шөп белуардан. Сол қояндарды бағуды менің әкем мен шешеме тапсырған. Ел жатқан кезде қаңылтыр шелектерді салдыратып, қояндарды үркітіп қамаған боламыз. Қамалмай қалғандарын аш жүргендер таяқпен ұрып алып, жеп те жатады. Күндіз камалып тұрған қояндар ашығып қалмасын деп көлдің жиегіндегі томарлардан жұлып, құшақ-құшақ сары жапырақ өкеліп беретін болдым. Олар түгін қалдырмай жеп алады. Арада көп уақыт өтпей-ақ қояндар қырыла бастады. Ақырында олардан тұқым да қалмады.

Міне, сөл көлді жағалап Бүркіт екеуміз әңгімелесіп келеміз. Мен жоқ уақытта оқыған кітаптарды да атап өтті. Өзіне ұнаған өлеңдердің көбін жатқа айтады. Осы уақытта өзі де көп өлең шығарған. Оның біразы бұл соғыста қазақтардың соғысқа баруы да, бара қалса жан салып соғысуы да дұрыс емес. Бұл атылайын деп тұрған

адамның өз көрін өзі қазғанымен пара-пар деп қорытынды жасады. — Сен әуелі мынаны тыңда, — деп, мынандай өлең жолдарын оқып берді:

*Жастарды айдап ұрысқа,
Қарттарды айдап жұмысқа,
Отырғаны советтің
Ойлаңдаршы, дұрыс па?!*

Менен бір жауап күткендей бетіме тесіле қарады. Мен үнсіз тыңдап тұрмын. Оған жауапты өзі қайтарды.

*Жоқ, бұл жатпайды дұрысқа,
Жатпаса бұл дұрысқа,
Барма жастар ұрысқа!
Барма қарттар жұмысқа!*

Өлеңін айтып болғаннан кейін мен одан:

— Мұны менен басқа естігендер бар ма? — дедім.

— Институтта оқып жүрген ең сенімді дегендердің біразы естіді, — деді.

— Өлеңдегі негізгі пікірің дұрыс қой. Енді өзіміз не істеуіміз керек? — деп сұрақ қойдым.

— Дұрыс, маған да керегі осы сұрақ еді. Оны осы жерде екеуміз толық шешіп алуымыз керек. Біздер бір беттеген жолдан қайтуға тиіс емеспіз. Жай өлгенше, жаумен жағаласып өлуіміз керек. Тікелей аяқасу қолымыздан келмес те. Ендеше оның айтқанына көніп, айдауына жүре береміз бе? 1930—32 жылдары белсенділердің айтқанына көніп, қолдағы жалғыз сиырды беріп қойып, аштық апатына ұшырады. Бейбіт халық, тектен-текке қырылды да қалды. Жоқ, ақымақ болып алдауға түсуге, құл мінезді болып, қорғалай беруге болмайды. Ендеше біз екеуміз де ойлағанымызды орындайық. Мен қазақтардың қырғынға бармай, топ құрып жүргендері әр жерде бар деп естідім. Олар Қарқаралыда Қарқаралы тауларының ішінде, Баянда Баян тауларының ішінде, тіпті өзіміздің Нұра ауданында Амантаудың ішінде жүр дейді. Олар шетінен ер жүрек, өмір тәжірибесі көп адамдар деседі. Тіпті мынау Амантаудағыларды бастап жүрген Уақит деген батыр адам

көрінеді. Оның арғы аталары шетінен батыр болған дейді. Сол аталарының бірі Шүрек батыр қалмақтармен қырғын соғыстарда талай ғажап ерлік көрсеткен екен. Бірде қазақ, қалмақ жасақтары араларына шеп құрып алып, бір-біріне қарсы ұрыс бастауға бата алмай аңдысып тұрып қалады. Сонда Шүрек батыр тұрып:

— Мен жаудың ту сыртынан шығып алып, ойламаған жерден ұрыс салып, зөрелерін алып, бәрін де өзіме қаратайын. Олар бізге бетін бұрған кезде сендер олардың сыртынан лап беріп, тайсалмай жусата беріңдер, — дейді. Батырдың шағын қолы жаудың берекесін кстіріп, жолбарыстай жұлқынып тұрған қазақ жасақтары лап беріп тиісіп, жауды жеңеді де шығады. Уақит сол батырдың ұрпағы. Өздері қазірде сақадай сайланған жиырма шақты адам дейді. Таяуда бұларды ұстаймыз деп бір топ милиционерлер бастаған қаруланған адамдар іздеп барып, таба алмай қайтыпты. Қайда барса да, жатқан орындары бар да өздерін көре алмайды. Сөйтсе ол жердің тау тасына дейін жақсы білетін олар қуғыншыларды адастырып кетіп отырған. Бұлар аузы аңкиып, қайтып келген. Ендеше бұларда айла-тәсіл мол болғаны. “Қорқақты қуа берсе, батыр болады” дегендей, бұлар нағыз күрескерлер болып шығуы мүмкін. Қазіргі біздің қазақ жігіттерінің ішінен шыққан нағыз намысқой ерлер осылар. Бұлармен бірге болудың өзі бір ғанибет. Олай болса, екеуміз де соларға барып қосылайық. Жаудың айтқанына жауаңдап жүтіре бермей, өз қалауымыз бойынша да қимыл жасайтын уақыт жеткен сияқты. Екеуміз де азаттықты аңсаған және азаттық үшін жан аямай айқасатын солдатпыз ғой. Енді алдағы уақытта сол борышымызды іске асыру үшін қимылдауымыз керек. Жаудан қорқып, қорғалап жүріп отқа түскенше, қасқайып қарсы тұрып лаулап жанып кеткеніміздің өзі жақсы.

Осылай шабыттана, жігерлене сөйлеп болды да менің бетіме тесіле қарады:

— Сен, менің осы айтқанымға толық келісесің бе? Белді бекем будың ба? — деді. Мен оның бетіне күле қарап:

— “Исатай басшы, мен қосшы” алға тоқтамай тарта берейік, — дедім. Менің бұл жауабыма мәз болып күліп риза болды да, төсіме төсің, бетіме бетін тигізіп қысып-қысып алды да:

— Ендігі жерде өлсек те, мақсатқа жетсек те осылай бірге боламыз, — деді.

Сөйтін айдалада уәдені берік байлап, оған судыраған көлдің қамысын да, сымпылдап ұшып жүрген үйректерін де, қиқулаған қаздарын да, шиқылдап ұшып, бүкіл көлді қызғана қорғап жүрген қызғыштарды да куә қылып, екі дос арман жолына тәуекелдеп агандық.

КӨЛДЕГІ КҮРКЕ

Әскерге алынғандарды аудан орталығы Киевкада жинап алып, Ақмолаға қарай ат арбаларға мінгізіп, жөнелтіп жіберді. Белгілі уәде бойынша орта жолда арбадан ешкімге білдіртпей түсіп қалып, түнделетіп оғырып таң ата үйге жеттім. Біздің үйдің іргесіндегі қалың қамысты Улыкөлдің ішіне мал да, адам да жаз айларында кіре алмайды. Бір жерін бассаң, маңайы тегіс былқылдап, бетіне шыққан суы шұрқылдап адамның зәресін алатын қопа. Білмейтін адам аттап басып жүре алмайды. Мен бала күнімнен құс атып, көлдің ішін аралап, қай жерде қандай құс қонатын ойдым-ойдым жалтыр суларына дейін талай аралап, жақсы білетін едім. Ақыры осы көдеге жарады. Үйден азық алып, көлдің ішіне кіріп қауіпсіз пана таптым. Қалың қамыстың арасында даланың тағы аңындай жалғыз жатуға да бейімделе бастадым. Арада он шақты күн өтті. Күндер өткен сайын менің мазам кете бастады. Көп кешікпей келемін деген Бүркіттен хабар жоқ. Ол келсе менің қасыма әкелмек еді. Әкем үнемі құс атып жүретін аңшы. Құс атып жүрген адам сияқтанып маған ертеңінде-ақ келіп кеткен. Әрі уайымдап, әрі жылап отырып көп өңгімелескен.

Он бірінші түнге қарағанда әкемнің дыбыс беріп, жөтелген даусынан оянып кеттім. Атып тұрып дыбыс шыққан жаққа мен де дыбыстап ұмтыла жөнелдім. Мен жатқан жерге таянып келіп қапты. Әкем біреу ғана емес екеу сияқты. Бүркітті ешкімге көрсетпей ертіп әкелген екен. Екеуіміз бас салып құшақтаса кеттік. Құшағымыз көпке дейін жазылмай қалыпты. Біздің мұнымызды көрген әкем:

— Құлындарым-ай, жорытқанда жолдарың болсын! Жолдастарың Қыдыр болсын! Достық құшақтарың өмір бойы жазылмасын! Бір Алла дұшпандарыңа таба қылмасын! Мединеде Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет, жәрдемінді

бере гөр құлындарыма! — деп еңіреп жылап отыр екен. Мұны көрген Бүркіт әкемнің қасында отырып басу айтты:

— Әке, біз өмірде Құдай жолындағы адамбыз. Құдай нені ұнатса, біз соны ғана істегіміз келеді. Біреуге істейтін қылдай қиянатымыз жоқ. Соғыстан қашып, жанымызды қорғап қалайық деп те жүргеніміз жоқ. Мынау өкіметтің, коммунистік партияның, оның көсемі Сталиннің өмір бойы істеп келе жатқаны — зұлымдық пен қиянат. Әсіресе қазақ халқы жапа шегуде. Өзі нығайып үстемдік жүргізе бастасымен-ақ “Байларды, молданы қойдай қу қамшымен” деп жар салды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, күндіз-түні ұйқы көрмей жинаған мал-мүлкін тартып алып, жазықсыз сарлыларды қан қақсатып, жер аударып, тоз-тоз қылып құртып жібермеді ме?! Халыққа Құдай жолын танытып, адалдық пен арамдықты айыра білегін егемін деп жүрген жазықсыз молдаларды да құртып жіберді. Күн көріп оырған малдарын тартып алып, қазақты қырып салды. Халықтың қамын ойлаған азаматтардың атқанын атып, абақтыда шірітіп, қалғандарын азап лагерьлерінде тегін жұмыс істейтін құл қылып ұстады. Осыны өзіңіз жақсы білесіз. Осындай әділетсіз, зұлым өкіметті қолдап, қалай сойылын соқпақсыз. Ендеше біздің бұл істегеніміз дұрыс. “Аққа Құдай жақ” деген. Бізге бір Алланың өзі болысады, — деп менің дінге берілген тақуа әкемнің көңілін тамаша жұбатты.

Әкем Бүркітті ерекше жақсы көретін. Оның айтқан әңгімесін құштарлана тыңдайтын, сөйлеген сөзіне, айтқан пікіріне сүйсініп отыратын. Бүркіт екеуімізді өзінің егіз туған ұлдары сияқты көретін. Бүркіт те менің әкемді өзінің әкесіндей сыйлап, өте жақсы көруші еді. Еңсесі түсіп жүрген әкем Бүркітпен әңгімелескеннен кейін кеудесіне үміт сәулесі ұялағандай болып, таң ата ешкімнің көзіне түсіп қалмайын деп үйге қайтты.

Осы күннен бастап Бүркіт екеуіміз сыбдырлай тұрған қалың қамыстың ішінде жатырмыз. Алғашқы күндері бөлініп кеткен бір жылдың ішінде көрген-білгендерін, өзінің жаңадан танысқан пікірлестерін айтумен болды. Ол сумкасын толтырып маған оқитын кітаптар алып келіпті. Оның ішінде Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешуі”, Шәкәрімнің Пушкиннен аударған “Дубровскийі” бар. Әсіресе маған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов,

Жүсіпбек Аймауытовтардың өлеңдерімен толтырып жазып әкелген қалың дәптері ұнады. Бас алмай оқимын да жаттаймын.

Күннің көзінен, жауын-шашыннан, түнгі салқыннан сақтанатын күрке жасап алу керек болды. Бұған көп қиналмадық. Өзіміз жатағын, отыратын орындағы қамысты (қамысқа айналып ағара бастаған құрақты) сындырып, астымызға төседік. Екі жасындағы қамысты иіп әкел біріне-бірін матастырдық та үстіне көрпені жаба салдық. Алды ашық. Көрпе жетіккіремей тұрған іргелерін құрақпен аралас шығатын шөппен бекіттік. Түнде ашық тұрған аузына бір киім жаба салсақ, іші тәп-тәуір пана болып шыға келеді. Алғашқы кезде масалар қатты мазалап жүрді. Тіпті ұйықатпайтын да еді. Кейін күн суыта азая бастады. Күркені алғашқы жасап алған күні оның есігіне ойланып қарап тұрып: — Махмет, мынандай күркеде кімнің тұрғаны есіңде бар ма?

— Иә, мұндай күркеде Ленин тұрған.

— Дұрыс. Ол да өз жауынан жасырынып жүрсе, біз де өз жауымыздан жасырынып жүрміз. Біздің күркеміз де, жасырынып жүруміз де ұқсас болғанымен, ұстаған жолымыз бір-біріне қарама-қарсы. Біріншілен, Ленин дүниежүзінде коммунизм орнатамын деп күресе, біз онысына қарсы шығып жүрміз. Шындығында дүниежүзінде коммунизм орнай қалса, қазақ сияқты ұсақ ұлттар құмға шашылған тарыдай жоқ болады. Ендеше өзінді құртып кететін бұл жолды қалай қолдаймыз? Негізгі үйлеспеушілігіміз осында жатыр. Екіншіден, Ленинді мыңдаған адамдар қолдап отырса, ол жауларын сескендіріп отырған айбынды күшке айналса, жүрегімізді зу еткізеді. Ол арыстандай болса, біз тышқан сияқтымыз. Бірақ тіккен күркеміз бір-біріне өте ұқсайды, — деп мәз болып күліп жатырмыз.

Бір істің басын бастадық. Енді әрі қарай қалай жалғастыра аламыз? Анығында не істеуіміз керек? Бұл ойлар көп толғандыра берді. Неміс армиясы Қызыл Армияны жеңіп, Қазақстан жеріне кіре бастаса, халықты көтеріп, жергілікті Кеңес өкіметін құлатып, немістермен дипломатиялық жұмыстар жүргізіп, Қазақстанды тәуелсіз мемлекет еткіміз де келеді. Керісінше Қызыл Армия жеңіп шықса, шетелдердің біріне өтіп кетпек те боламыз. Біздің бұл

тиыштық жағдайымыз ұзаққа созылмады. Мені екі милиционер іздеп келіп, біздің үйді екі-үш күн қоршауға алыпты.

— Балаңды тауып бер,— деп әкем мен шешемді қатты қысымға алып, өздерін қорқытып кетіпті. Ауыл бәлсенділерінен төрт-бес адамға біздің үйді бақылап жүруді қатты тапсырыпты. Абырой болғанда, біз үйден азық алып кеткеннен кейін келіпті. Бұл хабарды әкем келіп жеткізді. “Енді не істеу керек?” деген ой шын мағынасында біздерді көп қинаған жоқ. Екеуміз көп кешікпей Амантаудағы Уақит бастаған жасаққа қосылуға бет алдық. Түнделетіп келе жатырмыз. Менің астымда арық, жауыр ат. Бүркіттің астында ақсақ кәрі ат. Көңіліміз көтеріңкі. Екеуміз екі тұлпарға мініп келе жатқандаймыз. Ой-қиялымыз тіпті шарықтап кеткен. Алдымыздағы жасақшыларға қосылып, оның санын молайта бермекпіз. Қызыл Армия жеңіліп, Кеңес өкіметі құлаған кезде Қазақстанның әр жеріндегі жасақшылармен бірігіп, өз Отанымызды қорғап алып қалуға ұмтылмақпыз. Осы ойымыз іске асып, орындалатындай тәтті қиял құшағында өңгімелесіп келеміз. Біздің көз алдымызда Қазақстан өз алдына тәуелсіз ел болып, төбесінде желбіреп тұрған Абылайдың ақ туы елестейді.

Біраз жүргеннен кейін Бүркіттің астындағы кәрі ақсақ ат денесі қыза келе жүрісін ширата түсті. Мен зорға ілесіп келемін.

Түнгі салқын таза ауада Бүркіттің даусы сәмпылдап естіледі. Аттың ширақ жүрісі оның көңілін көтеріп, жігерлендіре түскен.

Бір уақытта ол кейін бұрылып, менімен қатарласа келіп, сәймақты уытты дауыспен ырғағына келтіріп, Мағжанның мына өлеңін айтып шықты.

*Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!
Қолымда найза көк болат —
Ерлігіме айғағым.
Ел дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың.
Халқымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым.*

*Білгенін енді істесін,
Олімменен ойнадым.*

Бұл өлең жүрмейтін атты қамшылап қажып келе жатқан мені ширатып жіберді. Оның айтқан даусына елтіп кеткендей болып, бар ынтамды сала тыңдадым. Екінші рет қайта айтқызып тыңдадым. Бұл жолы тіпті әсерлі шыққандай болды. Мұны мен түгіл түнімен дамыл таппай маңайымызда шықшылықтап ұшып жүрген жапалақтар да, бізден шошынып жылы орындарынан шырылдап ұшып шыққан бозторғайлар да ұйып тыңдап қалғандай болды.

Енді біздер де аңсаған азаттық жолында қандай қиындық көрсек те жасымай шыдауға бел будық. Кеудеміздегі мықтап орнаған ұлы арманымыз алға қарай жетелеп келе жатты.

Біз елден біраз алыстап кеткен сияқтымыз. Маңайда қыбырлаған қара-құра көрінбейді. Амантауға да таянып қалған шығармыз деп келеміз. Түс кезінде көлдің ық жағында қой бағып отырған жалғыз үйге келіп жеттік. Елден жырақта жатқан бұл жалғыз үйден сескенбедік. Жолаушы жүрген адамдай болып ат байлап, еркінсіп түстік. Үйге таянып келгенде зор денелі ақсақал адам екеуімізге таңдана қарап, тұрып қалды. Біз сәлем бердік. Отағасы: — Үйге кіріп, шай ішіп отырып әңгімелесейік, — деп ертіп әкелді. Шай жасаулы екен. Бәріміз жайғасып шайға отырдық. Оның қасына әйелі келіп жайғасты. Шайды отыздар шамасындағы келіншек құйып беріп отыр.

Шал біздің түрімізден шөлдеп, шаршап келгенімізді аңғарып, ботен сөз сұрамай:

— Ішіндер, жеңдер, балалар! — деп, көп сөйлемей отыра берді. Анда-санда үһлеп:

— Біздің құлындарымыз қайда жүр екен? — деп қояды. Осы кезде даладан жасы қырықтар шамасындағы біреу ақсандай басып, үйге кіріп, біздерге таңдана қарап, шай ішуге отырды.

— Секе, мыналарыңыз кім? — деп отағасына қарады. Ол кісі жай ғана бізге қарап қойып:

— Е-е-е, біздің Төлеген мен Тәңірберген сияқты балалар ғой, — деді. Жаңағы шапыраш көз, ақсақ бізге жек көре тессіле қарап:

— Төлеген мен Тәңірбергеннен садаға кетсін. Олар өз

Отанын Гитлер сұмнан қорғап жүрген жоқ па? Ал мыналар Уақит бастаған бандылар сияқты әскерден қашып жүрген иттің балалары ғой. Өздерін Уақитты іздеп жүрген милиционерлерге ұстатып жіберу керек, — деп, орнынан тұрды да далаға шығып кетті. Оның айтқан сөздері бізге ауыр тиді.

Осы кезде сәлем беріп бір кісі үйге кірді. Үйдегі отағасы орнынан тұрып, қолын алып амандасып, төрден орын ұсынды. Біз де сәлем беріп, қолын алдық. Үй иесі қонақ жайласып отырғаннан кейін:

— Мұқа, жол болсын, қай жаққа бара жатырсыз? — деп жөн сұрады.

— Мен Жаңаарқадағы, Түкөскен жағына бара жатырмын.

— Апыр-ай, салт атпен жүруге әлі де мықты екенсіз-ау — деді үй иесі таңданғандай.

— Алшыс жасында алжып отырған жұрттың бәрі сен дейсің бе? Мен жетпістен асып кетсем де, әлі желіп жүрмін, — деп кеңкілдеп күлді. Екеуі де өзилдесіп мөз болып қалды.

Біз бұл үйден шығып кетуге ыңғайлана бастағанда үй иесі: — Балалар, қымыз ішіндер — деп тоқтатты. Қымыз сапырылып құйылғанша жолаушы әңгімеге кірісті.

— Мынау Амантауды паналап жүрген Уақит бастаған бірнеше адамды: Баймұқан, Қара, Мәкіш, Боқыбай, тағы басқаларын осы біздің ауданнан қаруланған милициялар қайтадан көбейіп шығып, ұстап алыпты. Бұларға жол көрсетушілер бар көрінеді. Солар жатқан жерінің дәл үстінен түсіріпті. Жаңаарқа жағынан да келіп қосылғандар бар екен. Тек солар ғана қашып құтылыпты. Қолға түскен байғұстарды жанын қинап, қатты ұрып-соғыпты дейді. Уақит ер көңілді, аңқылдаған ақ көңіл адам еді.

“Бұлардың бәрін де мен жақсы білемін. Енді бәрін де қор қылады ғой. Олар не түрмеде, не соққыдан өледі, не соттап атқызып тастайтын шығар”, — деп әңгімесін оларға жаны ашып аяқтады. Бұл әңгіме біздің төбемізден жай оғын түсіргендей болды. Қымыз ішкеннен кейін еңсеміз түсіп, далаға шықтық. Енді не істеуді білмей, дал болып тұрмыз. Есімізден танып қалғандаймыз.

Келген жолымызбен кейін қайтып, әбден ұнжырғамыз

түсіп, қалжырап көл ішіндегі күркемізге зорға жеттік. Күрке өзіміз кеткендей қалпында екен. Енді өзіміз қайтып келгенімізді білдіріп, хабар беру керек болды. Күркенің қасында талға қадап қатырып тастаған қарақұс жатыр. Оны жоғары көтеріп қимылдатса, бір нәрсеге шүйіліп түсейін деп тұрған сияқты көрінеді. Оның не екенін әкемнен басқа адамдар көрсе де білмейді. Ал әкем көрсе, біздің шақырғанымызды біле қояды. Оны көгеретін мезгіліміз түс кезі. Біз мұны жиі көтермейміз. Тек керек уағында ғана. Сол сияқты күн бата біздің үйдің пешінің мойнынан (мүржасынан) бұрқыраған түтін шықса, онда бізді шақырғаны. Біз қара құсты көтеріп, түсіріп екі сағаттан артық ұстап тұрдық. Әкейдің келуін асыға күттік. Бесін ауа әкем де келді-ау! Біз қуанып қалдық. Бірақ бөген сөз айта алмай, еңіреп жылай берелі. Сөз сөйлеуге аузы икемге келмейді. Бар айтары:

— Құлындарым-ай, енді күндерің не болар екен? Бүркіт әкеме қайрат беріп, ширата сөйледі.

— Әке, қажы бермеңіз, жаси беретін ештеңе жоқ. Азар болса әскерге, майданға барамыз. “Көпшен көрген — ұлы той” демей ме. Бізді ұстап алса да, атып тастамайды. Майданға жібереді. “Қырық жыл қырғын болса да, ажалды ғана өледі” деген ғой. Одан да қайда жүрсек те бір Құдай қорған болсын деңіз, — деді. Осы сөзден кейін ғана әкем, өзіне-өзі келіп, әңгімесін айта бастады.

Жағдай қиындаған. Біздің үйді еркектер түгіл әйелдер де аңдитын болыпты. Шешемнің біздерге арнап пісіретін тамағын да аңдиды екен. Колхоздың бастығы әкейге тиісті астығын да бермейтін болыпты. Үйде азық та азайған. Бізге қойнына тығып әкелгені — жарты таба нан ғана.

Бүркіт екеуіміз ойланып, толғана келе енді бұдан былай бой тасалап жүре алмайтынымызды, армандаған ойымыздың іске аспайтынын білдік. Күн суытып, қыс түсуге таянып келеді. Алғашқы қар жауып, қансонар болған күні бізді де ізіне түсіп індеткен түлкі мен қарсақтай қылып ұстайды да алады. Сонда бізді көргендер мазақтап бетімізге түкірер, барып тұрған ақымақтар деп есептер. Одан да — өзіміз барып көрінейік. Не қылса да: соғысқа жіберсе де, соттаса да, атса да мойнымызбен көтерейік деп келістік. Бұған да белді бекем будық.

Күн қараңғыланып, ел жатты-ау дегенде біздің үйге келдік. Бүркіт өке-шешеммен қоштасып шықты. Ол кетерде өкем: “Егіз қозыдай бірге өсіп, бірге жүрген құлындарым-ай, енді бір-біріңмен қайта қауышар ма екенсіңдер?” – деп оны бауырына басып тұрып, еңіреп жылағанда Бүркіт те босап, көзіне жас алып тұрды. Мен оның көзіне жас алып, босағанын бірінші рет көрдім. Оның үй іші тұратын Көкмөлдір ауылы біздің ауыл Балықшыдан 12-13 шақырымдай.

*Жағасында Нұраның
жер бар,
Аты – Көкмөлдір
Болғанмен бірі жыраның
Суы қандай мөп-молдір! –*

деп тебірене жырлайтын туған жері – осы Көкмөлдір. Мен орта жолға дейін шығарып салдым. Қоштасып айырылысу екеуімізге де өте ауыр тиді. Бәрінен бұрын қауқарсыз болып қалғанымыз жанға жаман батты. Ойлаған ойымыз да, қиялдаған арманымыз да, істеген ісіміз де іске аспай жатыр.

Өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның зұлымдығын көріп, әділетті, еліміздің еркіндігін, азат болуын аңсаған едік. Коммунистік партияның халыққа істеп отырған қиянатын көріп, елді тек қана әділдік жолмен басқаратын жаңа партия болса ғой деп армандадық. Өзіміз армандағандай жаңа партия құрып, оны Елін сүйген ерлер партиясы (ЕСЕП) деп атап, кең көлемде таратпақ та болдық. Осы ойымызды түсіндіре жүріп, біраз адамдарды қатарымызға тарттық та. Олар өмір шындығын түсініп, Кеңестік даурықпа үгіттің күр алдау, арбау екенін білді.

Соғыс басталған күннен-ақ Қызыл Армияны жеңіледі, Кеңес өкіметі күйреп, езіліп отар болып келген халықтар бостандық алады деп есептедік. Сондықтан жауды қорғап жампаңдамайық, бұйдасынан жетектеген тайлақтай томпаңдай бермейік дедік. Кеңес өкіметіне қарсы шыққандарға қосылып, жан аямай шайқасар сарбаз болайық деп ойладық. Мұндай қарсылық қимыл бүкіл Қазақстанға тарап, Қызыл Армия күйреген кезде осы көтерілісшілер өз жеріне өздері ие болып, азаттық туын желбіретсе,

еліміз коммунистік бұғаудан құтылса деп армандаған едік. “Жыланның үш кессе де кесірткілік әлі бар” деген қағида біздің басымызға тура келді.

Қолымыздан ештеңе келмейтінін білмей, құр арман ағынымен аға беріппіз. Осы істеп жүрген ісіміздің бәрі кеудеміз толы кеңестік қоғамға наразылығымыздың нәтижесі екен.

Бүркіт өзінің “Неге? Неліктен? Не үшін?” деген естелік-әңгімесінде сол наразылығының себептерін былай түсіндіреді: “Мектепте оқып жүргенде де Сәкен есімі ылғи алдымнан шығатын. Қай кітаптың бетін ашып қалсам да, Сәкеннің не суреті, не өлені немесе ол жөнінде мақала кездесе кететін. Әсіресе “Қазақ әдебиеті” оқулықтарында Сәкен есімі бірінші тұратын. Сондықтан Сәкен Сейфуллин менің жастайымнан табынған тәңірім, тұтынған пірім, ұстанатын ұраным, идеалымдай көрінетін. Міне, менің сол Құдайдай көрген, тәңірімдей табынған, арманымның асқар биігі болған Сәкен Сейфуллинді 1937 жылы қыркүйекте “халық жауы” деп қамап, соттап, ақырында атып тастады. Әлі есімде, ол кезде мен “Казгородок” деген жерде, алтыншы класта оқитынмын. Бір күні біздің мектептің бір топ мұғалімі жиналып алып, жатақханаларды аралап, бөлмелерді тінтіп, төсек-орындарымыздың астан-кестеңін шығарып, Сәкеннің, Бейімбеттің, Ілиястың, Өтебай және тағы басқа да “халық жауы” аталып, ұсталып кеткен ақын-жазушылардың кітаптарын жинап алып, күшақ-күшақ етіп отқа салып, өртеп жатты.

Менің бас жағымда С. Сейфуллиннің 1936 жылы шыққан “Тар жол, тайғақ кешу” атты романы жатқан болатын. Мұғалімдердің бөлме-бөлмені аралап, “халық жауларының” кітаптарын жинап жүргенін көріп қалдым да, өз бөлмеме жүгіріп келіп, бас жағымда жатқан Сәкеннің кітабын газетке орап, жасырын алып шығып кеттім. Жатақхананы айналып өтіп, оның іргесіндегі бір шұқыр жерді тауып алып, оны ештеп тереңірек қазып, газетке ораулы кітапты соған тыға салдым. Үстін топырақпен тегістеп жауып, білдірмей көміп тастадым. Міне, осы кітаппен бірге менің келешекке, өнерге, өмірге деген үмітім де қоса көмілгендей болды. “Әй, Сәкен үшін өскенде өш алармын-ау!” деймін ішімнен. Бірақ ол өшті кімнен және қалай алатынымды өзім де білмеймін.

Дегенмен, “Сәкенді кім ұстатты, кім аттырды? Сәкеннің өлімі кімге керек болды? Оның өлімімен үкіметке, партияға, мемлекетке қандай пайда келді?” — деген сұрақ көңілімде мәңгі орнап қалды. (“Парасат” журналы, №2, 1992 ж.). Осылайша, жастайынан кеудесіне әділетсіз қоғамға өшпенділігі шер боп қатқан Бүркіт қас жауына амалсыз бас имек. Ойлаған ойы орындалмады.

Шіркін, Қазақстан өз алдына тәуелсіз ел болып, отарлық бұғаудан құтылса ғой деп тілеген еді. Осы мақсат үшін тозақ отын қанатымен су сеуіп сөндірмек болған қарлығаштай өз үлесімзді біз де қоссақ-ау деп ұмтылған едік. Ойлағанымыздай бөлып шықпады.

Жазғытұрғы арнасынан асып тасыған өзен суының бетіндегі ағаш бұтақтарындай ғана болып, ағып бара жатқанымыз мынау. Сонда да кеудемізге мықтап орнаған үміт сәулесі сығырайған қалпында сөнбей қала берді.

Бүркіт кеткен. Әкем екеуміз не істеуді білмей, дал болып жүрміз. Желтоқсанның алғашқы ызғары қыса бастаған. Енді паналайтын жер қалмауға айналды. Осылай қысылып жүргенде әкем өзімен көңілдес, сырлас адамы Шайқыбаймен ақылдасады. Мені қайтадан қалай апарып көрсетуді біле алмай жүргенін айтады. Мен “Өзім-ақ барып көрінемін, не істесе де көнемін” — дегенге әкем:

“Әлі де болса байқай тұрайық” — деп көнбей жүрген, Шайқыбай бүкіл ауылға беделді, орынсыз сөз сөйлемейтін, айтқанын жұрт орындайтын беделді адам еді. Ол кісі әкеме: “Не де болса біраз байқай тұр. Қыс түсіп келеді. Сен баланды үйіннің маңайында сақтай алмайсың. Мен бір қыс бойы оны сақтап берейін, өзімнің Хасенімнің құрбысы ғой” — деп кеңес береді. Ойланып, ақылдаса келе осыған келістік.

ҚАБЫШТЫҢ ҚАЙЫРЫМЫ

1943 жылдың қыс айлары да аяқталып келеді. Мен Шайқыбай жасаған қысқы күркенің ішіндемін. Бұл үстіне биік қып шөп үйген қуыс. Кіріп, шығатын ауызы да шөппен тығындалып жабылады. Негізгі отырып жататын орынға жету үшін осы ауызынан бастап екі метрдей жер

еңбектеп бару керек. Барғаннан кейін отырғанда кісінің төбесі тірелмейтіндей, жатқанда аяғың да тірелмейтіндей шағын үйшік. Сырттан келген адам үйген шөпті айнала көз салып қараса да оның астында қуыс орын бар-ау, ол жерде отырған адам бар-ау деп ойлайтындай емес.

Мен түн қараңғысын жамылып осы үйшік қуысқа келіп кірдім. Оның іші көзге түртсе көрмейтін қара түнек. Кірген бетте үйрене алмай, демім тарылып, өз-өзімнен қысылып, бүкіл денемнен қара тер ағып кетті. Шыдай алмайтындай көрініп, сыртқа шықпақ та болдым. Бірақ шыдау керек. Желтоқсанның алғашқы аязды күндері еді. Біртіндеп денем суып, тоңа бастадым. Алғашқыда жанталасып, сыртымдағы жылы киімімді шешіп тастаған екенмін. Бұған да үйреніп, өзіме-өзім келе бастадым.

Әбден қалжырап, таң ата ұйықтап кетіпмін. Иттердің үрген даусы мен адамдардың айғайлап сөйлеген дауыстары естіледі. Осыны тыңдап отырып, таң атып, күн шыққан-ау деп топшыладым. Тас қараңғыда отырған адамға адам түгіл, иттің де дыбысын есту үлкен медеу болады екен. Мен уақытты осы дыбыстарға қарап анықтайтын болдым.

Алғашқы уақыттарда көңіл бөліп оқитын кітап жоқ, не әңгімелесетін адам жоқ қараңғыда қамалып жалғыз жату — адам төзбестей қиындық тудырды да.

Бар ермегім — қиял, ой. Өзімді-өзім қиялдаған тәтті ойлармен ширата түсемін. Кейде бір тізбектелген таусылмас тамаша арман ағынына түсіп кеткенде, басымдағы ауыртпалықты да ұмытып кетемін. Асыл арман жолында қандай қиыншылыққа кездессең де шыдау керек деген тұжырымға келемін.

Кісі қандай күйде болса да, уақыт шіркін оған қарайлап тоқтап тұрған ба?! Таңның атуын, күннің батуын көрмесем де, ай түгіл әрбір күннің өзі мен үшін жанға бататындай ауыр болса да ақпан айы да аяқталып қалған еді. Бір күні әкем менің тілегім бойынша маған керосин шам мен төрт-бес газет әкеп берді. Менің қуанышымда шек болған жоқ. Мәз болдым да қалдым. Біраз уақыт екі көзінен айырылып қалып, көздері қайталан жазылып, жарық дүниені көріп отырған адамдай қуандым. Ең алдымен газет беттерінен жүріп жатқан соғыс жағдайын білуге ынтықтым. Үш-төрт ай бойы ол туралы ешқандай хабар біле алмай отыр едім.

Жылдамдатып жазылған хабарларға көз жүгірте бастадым. Оз көзіме өзім сенбеймін. Шын ба дегендей қайталап оқимын. Сталинградтағы шайқаста неміс армиясы күйреп жеңілген. 1943 жылдың 2 ақпанында “генерал-фельдмаршал Ф. Паулюс мыңдаған солдаттары, офицерлерімен бірге қоршауда қалып, қолға түскен. Бұл жеңілістен кейін немістер қайтадан күшейіп, жеңіске жетеді деп ойлау қисынсыз еді. Қызыл Армияның күшіне күш қосыла бермек те, неміс армиясы өлсірей бермек.

Бүркіт екеуіміз Қытайға өтіп, ондағы қазақтың ел бастаған адамдарымен кездесіп, Қызыл Армия жеңіліп күйрей бастаған кезде Абылайдың ақ туып көтеріні қазақ жерін азат ету үшін дабыл қағып шығамыз деп те қиялдаған едік. Қиялда шек болсайшы! Кісі өңі түгіл, түсіне кірмейтінді де қиялдай береді екен ғой.

Енді бұқдантайлап бұлай жүре берудің керегі жоқ сияқты. Не де болса “жаздым, жаңылдым” деп бас иіп бару керек сияқты. Осы ойымды әкеме айтып едім. Ол кісі қатты қиналып, толық жауап бере алмады. Не дерін білмей, жыламсырап кетіп қалды. Мен де қалың ойдың құшағындамын. Кеңес өкіметі күйрейді де, оған зорлықпен бірігіп отырған республикалар өз алдына бөлініп шығып дербес ел болады дегеніміз де құр арман екен. Алдағы уақытта оның айтқанына көніп, айдауына жүре беру керек екен. Ондай мүмкіншілік бола ма, болмай ма — бұ да көмескі еді. Өйткені кеңес өкіметінен мен сияқтыларға енді мейірімділік күту өте қиын.

Әкем екеуіміз не істерімізді білмей дал болудамыз. Енді алдында ешқандай үміт жоқ сияқты. Осылай қиналған жағдайда бізге Шайқыбай отағасы: — Әлі де болса, өліптің артын сабырмен байқай тұру керек деп кеңес берді. Мұны ел жатқаннан кейін үйіне шақырып алып, тамақ беріп отырып айтты. Ол кісінің әйелі Ұлболсын шешей де еркек мінезді, батыл адам еді. Шай құйып отырып, әңгімеге ол кісі де араласып кетті. — Жаз шығып келеді, дүние кенейеді. Әлі де болса байқай тұрыңдар — деп кесіп айтты. Мен әлі де болса көрінбей жүре беретін болдым.

1944 жылдың тамыз айы еді. Мен көл ішіндегі күркедемін. Ол күркені қыстығүні әкем менің жатқан орнымды ешкім білмесін деп маңайындағы өскен қалың қамысымен қоса

шалғымен шауып алады. Ол кезде біздің ауылдың қыс бойы пешке жағатын негізгі отыны — көлдің камысы мен тезек. Қамысты жағып, пешті әбден қыздырып алғаннан кейін сыртқа қызу шығып кетпес үшін мұржаның түтін шығатын аузын мықтап жауып тастайды. Шатыры жоқ аласа үйлер осылай жылынады.

Мен күркенің ішінде отыра алмай, бұрынғыдай жақсы ұйықтамай мазасыз күйде жүр едім, қойнына тығып алған тамағы бар әкем келді. Қатты ауырған адамдай әбден жүдеген. “Құлыным-ай, енді не істейміз?” — деп жылап берді. Жағдай былай болған екен: Ауылдағы мені аңдып жүрген милиция органының адамлары тыңшылардың хабары бойынша бір жұмадан аса абақтыға салып, қатты қысымға алған екен. Олар қандай қысым көрсетсе де әкем ештедені мойындамапты. Үш-төрт күн қатарынан тамақ та, су да бермей, жауапқа жнн шақырып отырған. “Осы шалды өкесіне таныстырып, шындығын айтқызайын”, — деп қол жұмсаған кездері де болыпты. Әкем қатты жұмыс істей алмайтын демікпе ауруы бар адам еді. Бір күні оған шындығын айтқызамын деп милиция жендеттерінің бірі жағасынан ұстап алып, кеудесін қысып, сілкілей бастайды. Осы кезде әкем талықсып, құлап қалады. Есін жинай алмай, бірнеше сағат талып жатқан. Бұдан кейін милиция начальнигі Шардеков Қабыш өзі жауап жүргізеді. Бұл басқаларындай дөрекілік мінез көрсетпейді. Сыпайы түрде сыр тарта отырып, әңгімесін жалғастыра береді. “Отағасы, Сізге шындығыңызды айтқызу үшін менің көмекшілерім біраз кинаған да шығар. Бұл біздің жұмыс тәсіліміздің бір түрі. Сіз балаңыз үшін өлімге де белді бекем буған екенсіз. Бұл түсінікті де. Адам түгіл ұшқан құстар да тұзаққа түседі. Бірақ балаңыз өмір бойы жасырынып жүре алмайды ғой. Қазір жаз. Паналайтын жер табыла береді. Ертең қыс түскенде қайда барады, қайда паналайды. Біз балаңызды тауып алуға белді бекем будық. Бұрын оның ауылда бар-жоғын ешкім айта алмай келді. Енді оның ауылда екенін біліп отырмыз. Сіздің үй біздердің толық бақылауымызда. Сіз бен әйеліңіз екеуіңізден басқа бір кішкентай қыз балаңыз ғана бар екен. Бастарыңыз көп емес. Әйеліңіз кейде бір мол тамақ істейтін көрінеді. Өздеріңіз тауыса алатындай емес. Оны балаға бермегенде, кімге бересіздер? Баланың қолда бар екендігіне

оны ешкім көзімен көрмесе де қисынды дәлелдер көп-ақ. Оның жуылған киімін көргендер де бар. Отағасы, Сіздің ой-өрісіңіз кең сияқты. Өзіңіз сырқаттау болғанмен, әр нәрсені байымдайтын түріңіз бар. Соғыс басталғанда-ақ Кеңес өкіметі жеңіледі деп ойлаған шығарсыз. Баланы күні бүгінге дейін ұстап отыруыңыз осының дәлелі. Жок, біздің жеңімпаз армиямыз жауды өзінің келген жағына қарай күйретіп, қуып барады. Жеңіс күні де таяу қалды. Соғыс бітіп, дүниеде бейбітшілік орнаған уақытта ол қайда барып сіңеді? Одан да отағасы үйіңізге барыңыз да балаңызды бізге жіберіңіз. Мен оны соттатпай, қиналдырмай әскери комиссариатқа тапсырайын. Мүмкіндігі болса мен оған жақсылық жасауға тырысамын. Осыған сеніңіз”, — деп, әкемді босатып жіберген екен. Мен бұл сөзді естігенде тіпті ширап, қуанып кеткендей болдым. Еңсесі түсіп кеткен әкемді де шираттым. Атса да, соттаса да мына мүмкіндікті пайдаланып, бару керек деп бел будым. Мен не істесе де дайын едім.

Мен Нұра ауданының милиция начальнигі Қабыш Шардековтың алдында отырмын. Ол кісінің бетіне имене қарап қоямын. Түсі жылы. Бұл менің көңілімді жайландыра бастады.

— Иә, жігітім, бұл бүлдіріп жүргенің не? Жұрттың бәрі барып жатқан жерге неге бармадың? Елдің бәрі қырылып, сен жалғыз аман қалғанда елге тұтқа болып, жұрттың сенген отын жалғыз өзің тұтатпақсың ба? Сенің жаның басқадан артық па еді? Мұның не? — деп маған тесіле қарады. Мен күмілжіп:

— Иә, бұл бір кеткен қателік болды, — дедім.

— Бұл қателік қана емес, кешірілмес қылмыс. Мемлекет осындай ауыр қылмыс жасағандарға не істейді? — деп, жауап күткендей маған қарады.

— Иә, ондай адамдарды аяусыз жазалайды, — дедім баяу ғана.

— Дұрыс айтасың. Ендеше өзіңді сондай ауыр қылмыс жасап отырмын деп есептейсің бе?

— Мен қандай жаза қолданаңыздар да мойныммен көтеремін.

— Мұның жігіттік. Оз қылмысыңды өзің мойындап отыр екенсің. Қазақта “еңкейген басты қылып кеспес” деген

бар ғой. Әке-шешенің аурулығын, сенің өз қатенді өзің мойындағаныңды ескере келіп, саған біз де бір жәрдем жасайық, — деп маған жылы лебіз білдірді.

Ақыры сол айтқанын орындап, мені аудандық әскери комиссариаттың қарамағына жіберді. Қабендей адамгершілігі мол, қайырымды адамдар өмірде өте сирек болады ғой. Өзінің істеп жүрген қызметінің негізінен алғанда маған істеген жақсылығы нағыз ерлік деп есептеймін.

Қабеннің алдына барарда денем дірілдеп, мені өлтірмесе де, өлімші қылады-ау деп қатты сескенген едім. Барғаннан кейін мені бір жақын адамындай қабылдап, ұрсып-зекудің орнына қолынан келер жақсылығын жасамақ болғанына өте риза болып, қуанып шықтым.

Қолыма шақыру қағаз алып, жөнелтетін күніне дейін ауылда үш-төрт күн жүретін болып, жайрандап күліш үйге келдім. Мені аңдып жүрген бұрынғы тыңшы белғандардың ұнжырғалары түсіп кеткен.

— Мұны түрмеге қамап тастамай, тайраңдатып жібергені несі, — дейтін көрінеді. Осылардың ішінде отызыншы жылдардағы, “асыра сілтеу болмасын, айыр тұяқ қалмасын” дейтін белсенділер де бар көрінеді. Олардың мені көрсетіп, әкемді қамағаны менің пайдама шешілді. Менің жарық дүниеге шығуыма себепкер болды.

Аудан орталығынан келген күннің ертеңінде қолыма мылтық алып, құс атуға шыққан адамдай болып, өзіме екі жылдай пана болған көл ішіндегі күркеге келдім. Ондағы киім-кешектердің керегін киіп алып, қалғандарын жинап қойдым. Ең алдымен Кеңес өкіметіне, коммунистік партияға, тіпті Сталиннің өзіне қарсы жазылған Бүркіттің өлеңдерін қолыма алдым. Бұл үлкен дәптердің ішінде көшіріп жазған Алаш ақындарының — Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың өлеңдері де бар еді. Енді мұны үйге апару — үлкен қауіп. Жыртып, суға тастауға қимаймын. Аз да болса есімде қалсын деп тағы бір қайталап оқып шықтым. Ақыры тайтеріге орап, бір қапактың арасына тықтым. Енді оқып жүрген кітаптардың арасында жазылып қалған бірдеңе жоқ па екен деп, оларды да тексеріп шықтым. Ойткені мен кеткеннен кейін қыс түсе, су қата төсек-орынмен қосып, үйге апарылады.

Мен азық-түлігімді алып, кабымды аркалап, шақыртқан мезгілінде аудан орталығына келіп жеттім. Мен үйден шығарда әкемді де, шешемді де егілтіп жылатпадым. Бұл кезде мен нендей іс болса да, қайыспай қарсы тұрайын деп өзімді-өзім ширатып алғанмын. “Е, е... жасаған бір Алла, бұл күнге жеткізгеніңе де тәубе” деп әкем тіпті ширақ тұрды. Шешем де көп жылаған жоқ. Өзіме күш-қуат бергендей мына өлең жолдарын да ішімнен күбірлеп қайталап айтып қоямын:

*Жасым бар жиырмада жігітпін,
Таланты ту қылып тігіпін.
Туғаннан бері қарай жұлқыныс,
Мен қашан тиыштан тіземді бүгіпін?!*
*Кезінде туган соң кер заман,
Тиыштық бермек пе бұл маған,
Ағынға қарсы ағып малтатын,
Толқыны таудай боп тудыған.*

Біздің істеп жүрген ісіміздің бәрі аждаһаша жұтатын таудай толқынға жараксыз жалаңаш қарсы жүзу екен. Мұндай алғашқы қауіптен аман-есен құтылып шығу мені тіпті жігерлендіріп жіберді. Енді қауіп-қатердің қай түрінен болса да құтылып шыға беретін сияқтымын. Мені соғыс майданына жібереді. Қолыма қару алып, Кеңес өкіметі үшін жанталаса соғыспасам да, соғыстың қалай жүріп жатқанын көзбен көргеннің өзі дұрыс деп ойлаймын ішімнен. Бір жаңа кино көруге асыққан адамдай мен де жылдамырақ кетуге құмарға бастадым. Жеңіс туын желбіретіп, қазақ сияқты отарлық бұғауда отырған халықтарға азаттық әкеледі деп ойлаған неміс армиясы жан сауғалап кейін шегініп барады екен.

“Енді оны өзім де қуысатын болдым-ау” деймін ішімнен. Менің бұл ойым болмайтын болып шықты. Бұл жолғы жинап жатқан адамдары әскерге баратын жастар емес, егде тартқан адамдар. Бәрін де соғыс майданына емес, еңбек майданына жіберетін көрінеді. Іштеріндегі ең жасы менмін. Мұны білгеннен кейін даладағы әкеме жүгіріп барып:

— Ойбай, мені әскерге алмайды екен, жұмыс істеуге жібереді екен,— дедім.

— Балам, не айтып тұрсың? Соғысы құрғырды қайтейін деп едің? Құдай берді десейші онанда! — деп қатты қуанып кетті. Мен үндемей қалыппын.

Кейбір оқиғалар адам ойламаған жерден өрбіп, дами береді екен. Неміс армиясы күйреп жеңіледі деп кім ойлаған? Ол жеңіле қалса, Кеңес өкіметі маған жақсылық жасайды деп ойлап па едім? Жоқ, бұл Кеңес өкіметі емес, Қабыш Шардеков сияқты абзал адамның еткен ісі. Оның орнында ұзын сойыл, ұр да жық басқа біреу отырса, бар күшін салып, мені жазалатуға ұмтылар еді. Шіркін, қолында билігі бар адамдардың бәрі Қабеңдей қайырымды болса ғой!

ҚАЙТА ҚАУЫШУ

Соғыс аяқталды. Басқа халықтармен салыстырғанда қазақ боздақтарының көбі қырылды. Ашаршылық жылдары үй ішімен тегіс қырылуға айналған ата-аналар артымызда түтінімізді өшірмесін деп мүмкіндігінше ұл балаларын аман алып қалуға тырысқан. Осы себептен соғыс басталар алдында қазақтың еркектерінің саны өйелдерден әлдеқайда көп еді. Жанталасыш ажалдан аман алып қалған маңдайға басқан жалғыздары ақырында оққа ұшып, көп үйдің түгіндері біржолата өшті.

Әскерден оралмағандарының үй іші қара жамылып, қан жұғып отырса, аман келгендері ата-аналарын, жақын-жуықтарын қуантып жатты.

Бүркіттің аман-есен елге оралғанын естігенде тағат тауып жата алмадым. Оны дамыл тапшай іздеп жүріп, ақыры Қарағандыдағы белгілі халық ақыны Доскей Әлімбаевтың үйінде кездестірдім.

Бұл үй ақынға әдейі арнап салынған қаланың шетіндегі бір қабат жеке үй екен. Айналасы шарбақпен қоршалған. Ауласы да, кіре берісі де тап-таза. Мен имене басып, далада жөн сұрайтын ешкім көрінбеген соң үйге кірдім.

Ауыз бөлмеде қасында әдемі киінген орта бойлы қыз бар, Бүркіт көзіме жылы ұшырай кетті. Екеуі де бірге далаға шығайын деп тұрған секілді. Мен қыздан қымсынып, бөтен сөз айта алмай амандасуға қолымды ұсына бердім. Бүркіт мені бірден құшағын жайып, құшақтап ала жөнелді.

— Мұндай да аман-есен көрісетін күн болады екен-ау! — деп бір-бірімізді қайта-қайта қысып-қысып қоямыз. Әбден сағынған құшағымыз тез айрыла қоймаған сияқты. Жаңағы қыз күлімдей қарап қасымызға келді.

— Өз беттеріңізбен құшақтарыңызды жаза алатын түрлеріңіз көрінбейді, одан да мен айырып жіберейін, — дегенде ғана екеуміз құшағымызды жазған екенбіз. Екеуміздің достығымызға сүйсініп, қасымызға күлімдеп келіп тұрған Бүркіттің келешектегі жан жары, аяулы ару Мәруа екен. Ол: “Шай, тамақ даяр болғанша дем ала тұрыңыздар”, — деп ұқыпты жиналған бөлмені көрсетті, әңгімелесуге өте қолайлы жағдай жасалды.

Бүркіт менен бөлініп кеткеннен кейін тікелей әскери комиссариатқа барып, 1942 жылдың аяғында майданға аттаныпты. Содан соғыс аяқталғаннан кейін елге оралып, Қарағандыда облыстық газетте жұмыс істейді. Мұнда жұмыс істеп жүргенде оны, үндеместердің, ерекше бақылауға алғанын сезе бастайды. Оның себептерін де анықтан біледі.

Біздің соғыс басталар алдында жастық албырттықпен құрған ЕСЕП партиясы және осы мақсатта жүргізген үгітіміз аз болса да нәтижесіз қалмапты. Біздің әділетке ұмтылуымыз, әділетсіз қоғамға қарсылығымыз бізден кейінгі жастар тобынан қолдау тапқан екен.

1944 жылы Қарағанды қаласында Жамбыл атындағы орта мектептің бір топ жастары З. Әбілдин, Б. Жақсылықов, А.Рүстемов және Ж. Өмірбеков, тағы басқалар “ЕСЕП” (Елін сүйген ерлер партиясы) атты ұлтшылдық ұйым құрды деген айыппен қамауға алынып, жауапқа тартылады. Бұларды қысымға алып:

— Мұндай контрреволюциялық пікірді қайдан тауып алып жүрсіңдер, мұны сендерге кім үйретті? — дегенде олардың бәрі де бірауыздан Бүркіттің атын атаған. Шындығында олардың бәрі оның ықпалында болған еді. 1963–64 жылдары “Есеп” деген ұлтшылдық ұйым құрды деген себеппен Қ.Жүнісов, К.Сауғабаев, тағы басқалар Қарағандыда институттан шығарылып, түрліше жазаға ұшырады. Сөйтін, Бүркіттің және оның серіктерінің азаттықты аңсаған әділдік жолындағы күресі мұны естіп білген әр адамның жүрегінен орын теуіп, әр уақытта қолдау тауып отырған еді.

Бүркіт Қарағанды чекистеріне “ЕСЕП”-ті ұйымдастырушы және тікелей оның лидері есебінде белгілі болған.

Бір кезде қолға түспей, қан майданда жүрген қауіпті жау ортаға оралып отыр. Соғыстың Кеңес өкіметі үшін жеңіспен аяқталуына байланысты Жоғарғы Кеңес көптеген қылмыстыларға кешірім жариялады. Дүние бейбіт өмірге бет бұрған.

— Сонда да мынандай қоғамға қарсы пікірлі қауіпті адамды көзден таса қалдыруға болмайды, — деп оны сенімді жансыздарына бақылаттырып қояды. Солардың бірі Мәруа Әунейісқызы еді. Ол белгілі халық ақыны Доскей Әлімбаевтың жиені. Комитеттің адамдары оны шақырып алып:

“Жігіттер сүйкімді қыздардан еш уақытта өзінің ішіндегі сырын жасырып қалмайды. Сен де оған сүйкімді көрініп, жүрегін жібіте біл. Сөйтіп, оның айтқан әңгімелерін бізге жеткізіп тұр” — деп тапсырма береді. Қыз келіседі. Бұл кезде Бүркіт Доскейдің үйіне жиі келіп, оның шығармашылық хатшысы болып жұмыс істеп жүреді. Доскей Мәруаның үй ілімен бірге тұрған. Осы себепті қыз бен жігіттің үнемі кездесіп тұруына ешқапдай кедергі болмаған. Ой-өрісі кең, жақсы мен жаманды ажырата білетін ақылды қыз Бүркіттің сөйлеген сөзіне, жүріс-тұрысына ерекше көңіл аударады. Оқыған, тоқығаны бар, өзі келешегінен үлкен үміт күттіретін жалынды ақын, сүйкімді мінезді жігіт қызға ұнайды да, екеуі бірігіп тұрмыс құрады. Мәруа сүйген жарынан енді не жасырсын! Оның сонынан аңдушылардың жүргендігін, басқан әрбір қадамын да, аузынан шыққан сөздерін де, қандай адамдармен кездесіп жүретінін де бақылап отыратынын айтып береді. Бірақ Бүркіт бұған көп мән бере қоймаған.

Сүйген жары сотталып кеткенде екі баламен аңырап қалған Мәруа қайғыдан қан жұтып, көп ұзамай қайтыс болады. Екі жас бала анасынан өлідей, әкесінен тірідей айырылып, шырылдап жылап, жетім қалған.

Бүркіт қазақ халқының басынан кешірген ауыр жағдайларды және келешекте ұлттық қалпының сақталып қалуына үлкен қатер төніп отырғанын әңгімелегенде ащуызасы қайнап, өз басына төнген қатерді де ойламай қызып кететін.

Оның ой-санасы ерте оянып, әділетсіз қоғамға үнемі қарсы пікірде болып отырғандығы туралы Қазақстанның көрнекті ақын-жазушыларының бірі Жаппар Өмірбеков “Қайсар ақын, тынымсыз ғалым” деген Бүркіттің 70 жылдығына арналған мақаласында былай деп жазады: “Ол жасынан өзінше ойлап, көзқарасын ашық айтып жүретін. Соғыс уақытында Сталин туралы бір ауыз өлең шығарып айтып жүрді.

*Жастарды айдап ұрысқа,
Қарттарды айдап жұмысқа,
Қан қақсатты халықты
Осынысы дұрыс па?!”*

Ол кезде мұндай өлең үшін жазалау орындарына түссе, соттап жібереді. Бүркіт кешікпей әскерге кетіп барып құғылды. Құғылды дегенім уақытша, кейін 1951 жылы 25 жылға сотталғанда, бұл өлең басқа да “қылмысына” қосылды ғой. Пәленің басы біздің институтта жүргенде қазақ тарихы мен әдебиетін зерттей оқу ретінде “ұлтшыл, байшыл” алаш ақын-жазушыларының қолға түскен кітаптарын оқуымыздан басталды. Соның өзіне бола жазалап жіберетінін білмейміз. 1944 жылы “Елін сүйген ерлер партиясы” деген ұйым апиындар деп Зейнолла Әбділдин, Бейсенбай Жақсылықов, Асығат Рүстемовтармен бірге мені де тұтқынға алып, алты-жеті ай бойы қатты тергеді. Сөйтсе, Рүстемов те, Бүркіт Ысқақовтың айтуы бойынша жоғарыдағы ұйымның басшылығында мен де болыппын. Зейнолла Әбділдин бастаған жас жігіттерді бір-екі ай бұрын түрмеге отырғызып, солардың сөздерін дәлел ғып мені ұстапты. Мен оқыған кітаптарымыздан басқасын білмеймін. Қанша азаптап тергесе де, бетгестірсе де менің бұл ұйымға қатысканымды заңды түрде дәлелдей алмады. Он бір ай отырғызып, Ішкі істер министрлігінің Ерекше мәжілісінің шешімімен “жазасы уақытша отырғанымен өтелсін” деп қаулы шығарып барып Рүстемов екеумізді босатты. Бірақ мен партия билетімді 1956 жылы мүлде ақталғаннан кейін ғана алдым. 1948 жылы Қазақстан ортқомына апелляция бергенімде, “Ұлтшылдардың төртінші буыны” (Ж. Шаяхметовтың сөзі) деп, өтінішімді қанағаттандырмады.

Әрине, ұлтшыл атанып, қуғын-сүргінді он екі жыл ішінде аз көрмедім.

Кейін, 1956 жылы Шет тілдер институтының жанынан құрылған ұйымға қатысқандармен бірге Бүркіт, Нарешев Айтбай, Нарешев Рамазандар оралғанда, Қазақ ССР-ы Жоғарғы сотының үкімі жойылғаны белгілі болды. Бұл не ұйым екенін бірнеше рет сұрағанымда “оны білмей-ақ қойыңыз” деп айтпады. Бірақ біз оқыған кітаптарды Нарешев Айтбайдан емес, Рамазаннан алыпты. Мұның бәрін жазып отырғаным, сол кездің қиянаты “дейді, депті”, деген дәлелдермен соттап, атып, аса бергенін өз басымыздан өткен уақиғалар арқылы білдік. Бір ақиқаты – Бүркіттің “ЕСЕП” ұйымына мені мүше болды” деп айтқаны рас болып шықты. Себебін өзінше түсіндірді: “Ұйым құру үшін Айтбай екеуінің ияларың керек болды. Ол кезде мен жай ғана студент едім ғой... Түбі насырға шабатынын байыптап жатпапшын”. Бұл да албырт жастықтың бір мысалы.

Ал Бүркіттің саяси көзқарасы неге осынша ерте жетілген? Неге ұлтжанды бола қалды? Бұған жауапты өзі былай түсіндіретін: Сәкен Сейфуллин, Алтыбармақ (А. Асылбеков), Нығмет Нұрмақовтардың ұлтшылдық қылымысы жоқ, демек, 1937 жылы атылып, асылғандардың бәрі нақақтан құрбан болды... Тіпті сонау қыркыншы жылдардың басында сталиндік жауыздықтың сырын Бүркіт ақын бәрімізден бұрын түсінген” (“Орталық Қазақстан” газеті, 10 желтоқсан, 1994 жыл, Қарағанды).

Осы жоғарыда келтірілген пікірді жазып отырған Жаппармен Бүркіт өмір бойы сыйласып етті. Оның “ЕСЕП” аты ұйым құрған “кесірінен” қамауға да алынып, көп уақыт қуғын-сүргінге ұшыраса да оған достық сезімнен еш уақытта айныған емес. Бүркіт қайтыс болғанда әйелі Зәуреш екеуі оны дұрыстап жөнелту үшін жан сала қимылдаған. Тіпті Зәуреш Бүркітті өзінің туған ағасындай қатты қайғырып, жоқтаған. Шындығында, ол кімге болса да өзінің зор адамгершілігімен, сабырлы, байсалдылығымен өте сүйкімді көрінуші еді.

Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сафуан Шаймерденов “Ғасыр асуы алдында...” деген мақаласында Бүркіт туралы мынандай пікір айтқан: “Албасты да қас-қабакқа қарап басады. Қарын ашқан кез-

де күштісі әлсізін, әкесі баласын жеп қоятын ақула секілді бір-бірімізге шоқпар сілтей берсек, келешегіміз күмәнді. Тірі жанның бетіне тіке қарамаған ғалым-жазушы Бүкеңе, Бүркіт Ысқақовқа кезінде жала жауып, айдағып жіберген жазушысымақтар бүгін арамызда мұртынан күліп жүр. Мұны өсте естен шығаруға болмайды” (“Парасат” журналы, 1993 жыл, а6). Осындай білген адамға бағасы зор Бүркіттің соңына КГБ-ның жендеттері шырақ алып түсті. Олар өз мақсаттарына жету үшін оның маңайында жүрген жолдассымақтарды да “орынды” пайдалана білді.

Алматыда Бүркіт әйелі Мәруа және екі жас балалары Айгүл, Алмас төртеуі тар бөлмелі, ескі үйде тұрды. Олардың үйінің тарлығына қарамай демалыс, мейрам күндері сонда жиналып, көңілді уақыт өткіземіз. Мәруаның сіндісі Мәнішкен Қыздар институтында (ЖенПИ-де) оқиды. Ол өзімен бірге оқып жүрген Кәрима, Кенже сияқты қыздарды ергіп әкеледі. Олармен қосыла ҚазМУ-де оқитын Жанайдар екеуіміз де барамыз. Сөңда Мәруа біздерді көңілді отырсын деп бар мәзірін алдымызға тосады. Оның қонақжай кең көңілі, тар бөлменің өзін кеңейтіп жібергендей көрінуші еді. Ол көңілді болған соң, біз де көңілді отырамыз. Кенже өте салмақты, ақылды қыз. Кәрима өжеттеу келетін, онысы өзінің бойына жарасып-ақ тұратын. Мәнішкен әзіл айтып, күлдіріп отыратын. Біздің әңгімеміздің саяси тақырыпқа ауыспай, жай ғана әзіл айтып, әңдетіп отырғанымызды Мәруа қатты ұнататын. Бүркітті комитеттің тыңшылары жұмыста да, үйде де үнемі бақылап жүретінін ол жақсы біледі екен де, сақ болып жүруін ескертіп отыратын көрінеді. Бір күні көңілденіп алып, таң атқанша отырғыппыз. Мәз болып өлең айтып, әзілдесіп күлеміз. Тек қана Мәруа бұрынғыдай емес, түсі бұзылып жүр. Сөйтсек ол әлдекімдердің терезеден қарап, тың тындап жүргендерін байқап қалған екен. Бұл 1951 жылды қарсы алу үшін бас қосқанымыз еді. Мұнымыз еркіндікте жүріп жаңа жылдарды қарсы алып отырудың ең ақыры екендігі ол кезде біздің есімізге қайдан келсін?! Тек қана абзал ару Мәруа қауіпті бұрыннан сезіп, күдіктеніп жүреді екен ғой.

АБАҚТЫДАҒЫ АЗАП

1950 жылдың желтоқсанында “Правда” газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якуниндердің “Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық” деген мақаласы жарияланды. Бұл мақалада Ермұхан Бекмахановтың “ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан” деген кітабы қатты сыналған. Онда “Кенесары қозғалысы феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың көрінісі болды, оның ешқандай бұқаралық сипаты болған жоқ” деп тұжырымдалды. Кітаптың авторын барып тұрған ұлтшыл, ескішіл, хандық дәуірді көксеген жат пікірдегі адам деп сипаттайды. Мен ол кезде Алматыдағы шет тілдер институтында оқып жүргенмін. Мақаланы оқып шықтым да шыдай алмай орнымнан атып тұрдым.

— Қазақтың келешегі зор жас ғалымдарының бірі Е.Бекмахановқа күйе жағу не деген сұмдық, өскендерін өшіргісі келіп тұратын күншілдікті бұл қазақ қай уақытта қояды? Жайылып жатқан Сарыарқаны, бүкіл қазақ даласын қызғыштай қорып, шыбын жанын шүберекке түйген, патша үкіметінің басқыншы жеңдеттерін туған жерден қуып шығып, еліме еркіндік әперсем деп жанталасқан Кенесарыны қаралау не деген масқара? Кавказ халықтарының азаттығы үшін жан аямай айқасқан Шәмилдің тарихтағы алатын орны қандай болса, Кенесарының да қазақ тарихындағы орны сондай емес пе? — деп күбірлеймін өзіме-өзім. Осылай ашуға булығып, жағакханадағы тар бөлменің ішінде теңселіп жүргенімде есік ашып, өзіммен бірге оқитын студент Азанбаев Мұстахим кіріп келді. Ол менің бетіме қарады да: “Әй, Махмет, саған не болған?” — деп таңдана сұрады. Өзім де білмеппін, менің түрім өзгеріп кеткен сияқты.

— Болған жағдайды мен бәріңе түсіндірейін, көрші бөлмелердегі жігіттерді осында тез шақырып кел, — дедім. Ол екеуміз бір-бірімізді өте сыйлайтын едік. Айтқанымна қарсылық жасамады.

— Жарайды, сенің айтқаның болсын, — деді де шығып кетті. Уақыт түстен кейінгі мезгіл еді. Бөлмеге бір топ студент жиналды. Мен оларға лекция оқығандай Абылайдың, Қасымның, Кенесарының қандай адамдар болғанын түсіндіріп бердім.

— Орыс тарихында Бірінші Петрдің алатын орны қандай болса, қазақ тарихында Абылайдың алатын орны сондай. Үш жүздің басын қосып, ру-руға бөлініп, бытырап жүрген қазақты біріктіріп, қатерлі жауларға қаймықпай қарсы шыққан Абылайдың аруағына қалай бас имессің?! Егер Абылайдай данышпан айлакер, жажүрек ұл тумағанда қазақтың жоңғар қалмақтарының табанында тапталып калуы да мүмкін еді. Ел тағдыры екіталай болып, қара бұлғтай түнеріп қауіп төнгенде жаракты жаудан жасқанбай жолбарысша жұлқысатын Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай сияқты батырлардың басын қосып, көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елді, жерді қорғап қалған Абылайдай ел көсемін тілі барып кім жамандай алар. Сол Абылай атасының жолын қуып, туған елін жыртқыштардың қанды шеңжелінен құтқарайын деп жан аямай шайқасқан қазақтың баға жетпес асыл ұлы Кенесары еді ғой. Ел үшін жанын пида еткен кемеңгер Кенесарыны мына Шойынбаев, Айдаровалардың қаралауға тілдері қалай жетгі екен, — деймін ашумен булығы сөйлеп. Бұл сөздерімді ұйып тындағандардың ішінде кейін өзіммен бірге сотталатындар да, әр қадамымызды аңдып, сөйлеген сөзімізді тындап жүріп Қауіпсіздік комитетіне (КГБ) жеткізіп жүргендер де болған екен (әрине, мен ол кезде ондай адамдардың біздің арамызда бар екенін сезген жоқ едім). Бірге оқитын студенттердің өзімді қолдағанына риза болып, енді өзімнің бала жастан бірге өскен пікірлес жолдасым Бүркітке барып әңгімелесуге асықтым. Ол “Лениншіл жас” газетінде жауапты хатшы болып қызмет істейтін.

Түстен кейінгі мезгіл, жұмыстың аяқ кезі. Ол менің қолымды алып амандасты да салмақты, ойлы түрмен: “Сен, “Правда” газетіндегі мақаланы оқыдың ба?” — деп сұрады. Мен ол өзі не айтар екен деп, басымды изегеніммен үндеген жоқпын.

“Иә,— деді ол ренішті түрмен,— өзі өскісі келсе, өзгені етекпен тартатын қазақтың күншілдігінің көрінісі ғой бұл. Бекмаханов теңізде жүзетін үлкен кеме болса, аналар (Шойынбаевтарды меңзеп отыр) жай ғана қалтылдаған қайық емес пе? Ендеше алдында тұрған еңселі кемедей кемеңгерді құлатса, қалтылдаған қайыққа да жол ашылмай ма? Патша

отаршыларына тайсалмай қарсы шыққан Кенесарыдай жерін, елін сүйген ерлерді жамандау – тарихты бұрмалаудың дөрекі жолы емес пе?” – деп, отырғандарға қарады. Бұл кезде олардың жұмыс уақыты да аяқталып, оның жұмыс бөлмесіндегі басқа екі адам шығып кетуге дайындалып отыр еді. Далаға бірге шықтық. Жаңағы екеудің біреуі біздермен қоштасты да, бұрылып алып үйіне кетті. Екіншісі бізден қалмай еріп келеді. Жолшыбай менің де аты-жөнімді сұрап алды. Ол Бүркітті қошаметтеп, оның айтқанының бәрін мақұлдап келеді. Біз әңгімеміздің соңында Е. Бекмахановты қорғап, Кенесары қозғалысын патша үкіметінің отаршылдық озбырлықтарына қарсы шыққан бұқаралық қозғалыс екенін дәлелдеп, республикалық газеттерге, тіпті “Правданың” өзіне мақала жазуға келісіп тарастық. Сонда қасымызда жүрген үшінші адамның КГБ-ның тыңшысы екенін соғталған уақытта ғана білдік қой. Ол Бүркіттің соңынан әдейі аңдытып қойған КГБ адамы екен.

1951 жылдың 18 қаңтары. Түс мезгілі, сағат 2-3-тер шамасы. Мен институттағы лекциялар біткеннен кейін жатақхананың өзіміз тұратын бөлмесінде дем алып жатыр едім, түстері суық мен танымайтын бөтен екі адамның қатты жүлкылағанынан оянып кеттім. Олар ызбарлы үнмен: “Түр, жылдам киін”, – дейді. Мен киініп болғанша кітап, дәптерлерімді ақтарып қарап жатыр. Төсек орнымды да тегіс қопарып, қарап шықты. Менің өлең жазып жүрген қойын дәптерім бар-тын. Оны тауып алып, ішіндегі өлеңдерін жылдамдатып шолып қарап шыққанда көздері күлімдеп, қуанып кетті. Өйткені оның ішінде махаббат, жастық сезімдерін білдіретін өлеңдерден басқа мынандай жолдар да бар еді.

*Қазақпыз жауға тиген “Абылайлап”,
Ел едік кең өлкеде өскен ойнап.
Жеңісті жорықтардың күйін шертіп,
Салғанбыз ауыр қолды жауға да ойнақ.*

*Откірлеп алмас қылыш алған қайрап,
Ат-тұрман, бес қаруды тегіс сайлап.
Қаиша озар, қуса жетер сан саңлақты,
Көрмеге керілдіріп қойған байлап.*

*Атаның мекен жерін ұлан-байтақ,
Жүргенбіз көшіп-қонып, жылдап, айлап.
Keң шалғын, кокорайға үй тіктіріп,
Қымыз бен жал, жаяны көрдік шайнап.*

*Еркінмен ен далада жүрсең сайрап,
Отырсың міне, бүгін сорың қайнап.
Теңдесіп тереземіз, есепке еніп,
Бізге де күн болар ма шығар жайнап?!*

Бұл өлең өзіме өз қолыммен қазылатын көрдің бастамасы екен. Мен бұл сұмдықты сезгендей: “Сіздер кімсіздер, мені қайда анармақсыздар”, — деймін денем дірілдей түсіп. Олардың біреуі мені тұтқындауға рұқсат берген прокурордың санкциясын көрсетті. Бүкіл денем тітіркеніп кетті. Жүруге шамам келмей, екі аяғымды шалыс басып, сүріне беремін. Мен әдейі істеп келе жатқандай шомбал денелі біреуі: “Сүрінбей, жылдам жүр”, — деп бүйірімнен нұқып қояды. Оларда бұдан басқа үн жоқ.

Алматының дәл ортасында орналасқан сұрғылт түсті үлкен үйге келіп кірдік. Көмескілеу дәліздің бойымен жүріп отырып, бір темір есіктің алдына тоқтадық. Ұзын дәліздің өн бойында осындай есіктер. Менің бір байқап қалғаным осы болды. Есік ашылды. Мен ішке кірмей, бөгеліңкіреп қалыппын. Сол кезде есік ашқан еңгезердей үшінші біреуі комескі сәулелі тар бөлмеге итеріп жіберді. Мен екпініммен еденге құлай жаздап, сығырайып тұрған терезе жақтағы қабырғаға бір-ақ тірелдім. Тынысым тарылып, маңдайымнан шып-шып етіп тер шығып кетті. Иә, еркіннен айырылып, тар қапасқа қамалу осы екен ғой деймін ішімнен.

*Қапасқа түсі суық ызғар тартқан,
Кіргізді итермелеп теуіп арттан.
Қайғының қара бұлты басқа түсіп,
Басталды азап жолы жанға батқан.
Лезде кетіп қалды бастан ерік,
Қысымды, таршылықты қалдым көріп,
Еркіндік елес болып көзден ұшты,
Қадірін біле алмаптын баға беріп.
Адамға қандай қиын жалғыз жатқан,*

*Иыққа жүк түскендей ауыр батпан,
Түншығып қайғылы оймен ұйқы қашып,
Білмеймін күнді батқан, таңды да атқан.
Тастады күш-жігердің бәрін көміп,
Қалғандай жас өмірдің оты сөніп,
Қан қашып, тәнім солып бара жатыр,
Қауіп бар аждаһадай тұрған төніп.
Тоңдырып суық ызғар денеме отіп,
Жай қоймай жанымды да жаралы етіп,
Төбеме күндіз-түні жай түсіріп,
Отыр ғой қаталдықпен зар еңіретіп.
Муны істеткен қатыгез тағдыр ма екен,
Шындыққа қуалап қашан жетем?
Қыршыныңнан қиылу өкінішті-ақ,
Мұнан артық қиянат болар ма екен?!*

Ойламаған жерден қамауға түстім де қалдым. Сол қамалған күннің өзінде-ақ жан қинаған тергеу жұмысы басталды да кетті. Тергеуші Қылдыбаев жай өңгімелескен сияктанып отырып: “Кенесарының жаужүрек сарбазы, қалың қалай?” – дейді маған кекесінмен жымия қарап. Мен барлық пәленің басы Кенесары мен Е. Бекмахановты мадақтағанымызда екенін сездім де енді жалтаруға тырыстым. Бұрынғы лепірген көңіл су сепкендей басылған. Мен енді ештеңені де мойындамайын, сонда ғана босанып шығармын деген ой келді. Алғашқыда маған әрі биязы, әрі сыпайы көрінген тергеуші енді сұр жыһандай түсін суытып алған. Содан күндіз-түні ұйқы бермей тергеп, өбден қалжыратудың барлық түрлерін қолданып бақты. Тергеуші бір күні қанын ішіне тартып алып, қасыма төніп келіп тұрып: “Сен, көп далбасаламай айтқанымызға көне бер”, – деді де есікті шалқасынан ашып қойып, шығып кетті. Мен жалғыз қозғалмай отырмын. Көп кешікпей полковник бастаған бір топ кбістер кіріп келді. Сәкенов деген полковник Қазақстан қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары екен. Бірден менің қасыма таянып келді де: “Сен ит, неге қасарысып отырсың? Жаныңды текке қинамай, тірі қаламын десең, біздің айтқанымызды істей бер, бәрібір біз сені мойындатамыз да, құрдай жорғалатамыз. Сен түгіл арыстандаймыз дегендерді де мысықтай мияулатқанбыз.

Сен олармен салыстырғанда боқ мұрынсың”, — деді де жүріп кетті. Оның қасындағы майор, капитандарда үн жоқ. Тағы айналып қасыма келді де: “Сен Бүркіт Ысқақовты білесің бе?” — деді. Мен сасқалақтап, не айтарымды білмей басымды шайқаппын. Мен оның тұқындалғанын әлі білмейтін едім. Ол тұқындалмаса, оған зиянымды тигізбейін деген далбаса ойым еді. “Сен, не деп тұрсың?” — деп ақырды. Мен күмілжіп: “Білмеймін”, — дедім. Мұныма ыза болып кетті де: “Әкеңнің басы білмейсің...” деді де құлақ шекемнен ұрып жіберді. Өзім де әлсіреп зорға тұр екенмін. Еденге ұшып түсіппін. Тақыр еденге сарт етіп басымның қатты тигені сондай, есімнен танып, тұра алмай қалыппын.

Шала есті боп камерада темір көйкенің үстінде жатырмын. Полковниктің түрін көз алдыма елестетіп, айтқан сөздерін есіме түсіре бастадым. “Сен түгіл арыстандайларды да мысықтай мияулатқанбыз”, — дейді. “Олары кім екен” деп ойлаймын. Есіме Сәкен, Бейімбет, Ілиястар түсе қалды. “Иә. бұлардың қолынан қазақтың талай қасқа мен жайсандары мерт болды ғой. Ол осыларды меңзеп отыр екен ғой. Қазақтың ол абзал ұлдарымен салыстырғанда менің қолымнан ештеңе келмейтін мұрынбоқ екенім рас. Мынау полковник дәрежесіне соларды құртуға белсене қатысқан жетдеттігімен жеткен ғой”, — деп ойлаймын ішімнен.

Менің соққы жеуім Бүркітті бірден білемін деп айта қоймауым ғой. Мен оның да тұтқындалып отырғанын анық білмейтін едім. Сондықтан ол тұтқындалмаса, оны білемін деп кесірімді тигізбейін деген ой ұшқыны жылт ете қалып еді. Сөйтсем ол қысымды тіпті қатты көрген екен. Жетдеттер менен бұрын бар “күшін” оны жентектен “жібітіп” алуға жұмсапты.

Оң жақ шекем есік жақтағы қабырғаның қырына соғылған ғой деймін, көлемі жұмыртқадай болып ісіп кетіпті. Басым зеңіп, сол іскен жері ауыра береді. Сол жақ құлағым ештеңе естімей, ауырып күңгірлей береді.

Мені ертеңінде бұрынғыдай жауапқа шақырмады. Жауапқа шақыруды күтіп отырғанымда кенеттен кілттері сал-дырап темір есік ашылып, бір адамды менің қасыма кіргізді. Жасы қырыққан асып, елуге таянған. Менің студент екенімді бірден өзі жобалап білді. “Студенттер қоғамның ең белсенді тобы ғой. Сен қоғамға жақпайтын бірдеңе

істегенсің ғой”, — деді. Мен оған “Правда” газетінде жарияланған мақала туралы және ол туралы айтқан пікірімді айтып бердім.

— Иә, сені қамауға алу үшін сол пікірің де жеткілікті. “Правда” — компартияның органы. Ондағы басылған сөздің бәрі — партияның сөзі. Ендеше сен партияға қарсы шыққансың, — деп күлді. Мен аты-жөнімді айтып бергеннен кейін өзін Абдуллин Михаилмын деп таныстырды. Фамилиясына қарап мен оған қазақша:

— Сіз татарсыз ба? — дедім. Ол жай күлді де:

— Жок, мен орыспын. Бірақ арғы ағамыз татар екен. Бүгінде біздер орыстанып кеттік.

— Енді Сізді не үшін отырғызды?

— Сот сайлауы өтетін күн еді. Қасымда екі жолдасым бар. Сайлау үйіне қарай келе жатырмыз. Сағат 9-дың кезі. Мен қасымдағы жолдастарыма:

— Қылмыс істесек, соттар бәрібір соттайды. Оларға дауыс беріп қайтеміз. Одан да ресторанға барып дем алайық, — деппін. Осы сөзді маған мойындатқысы келеді. Сөйтсек қасымдағы екі жолдасымның бірі тыңшы екен. Мен Ғылым академиясының бас бухгалтерімін. Анау менің көмекшім. Ол мені құртып, басбух өзі болғысы келеді екен. Мені бастығымыз Қаныш Сәтбаев жақсы көреді. Ол дүниежүзіне белгілі данышпан адам ғой, — деп аяқтады сөзін. Мен оның сөзін бар ықыласыммен тыңдап отырмын.

Таңертең күндегідей тамақ берді. 450 грамм қара нан, үш шақпа қант. Мен нанды шикілігіне қарамай қант қосып жеп қойыппын. Ол маған қарап отырып басын шайқады.

— Сен өз тағдырыңның әлі не боларын білмейсің. Мүмкін еліталай қиыншылық көрерсің. Сонда сен аштан өліп қалатын түрің бар ғой. Жаңағы өзін жеп қойған наннан басқа нанды ертең осы уақытқа дейін бермейді. Яғни бір тәулік бойына аш отырасың. Ертең жаңағыдай нанды үшке бөл. Оның жанына бір-бір қанттан қалдыр. Сөйтпін аз болса да үш мезгіл нан жейеің. Және нанды дәмін алып, шайнап же. Сонда ғана ол бойға тарайды. Қазірдің өзінде сен бұралып, қалжырап қалыпсың, — деп ақылын айтты.

Оның қасыма келгені маған өте жақсы болды. Келесі күні оның айтқанын орындадым. Ол менің мұныма риза болды.

— Сен шахмат ойнай аласың ба? — деп сұрады.

— Мен шахмат ойнап көрген жоқпын, — дедім.

— Ендеше шахмат сұрап аламыз, — деді.

Ақыры оның тілегі бойынша шахмат жоқ болған соң, дойбы тақтасын алып келді.

— Енді біз шахмат фигураларын қолдан жасап аламыз, — дейді. Мен аң-таңмын. Ертеңінде менің нанымды сұрап алып, оған өзінің нанын қосып илеп, одан шахмат фигураларын жасай бастады. Маған үйінен келген басқа нан берді. Қатқан сыртын алып тастап, ішін илегенде қандай мүсін жасаймын десең де келетін болды.

Шахмат жүрістерін үйрете бастады. Шахмат ойынын түрмеде жатып, наннан жасаған мүсіндермен ойнап үйренген едім. Бұдан бізге беретін нанның сапасы қандай екені белгілі ғой.

Көп ұзатпай Абдуллинді қасымнан алып кетті. Оның кеткені маған қағты батғы. Оның айтқан ақылынан мен көп пайда тапқан едім. Ең керегі — аз тамақты қалай дұрыс пайдалануды білдім. Екінші шахматтың да адамға керек өнер екенін білдім.

Бір күні мені басқа бір кабинетке әкеліп кіргізді. Есікті ашып жібергенде байқағаным жарқыраған кең бөлме. Сол бөлменің қақ төрінде өзім бір-ақ рет көрсем де ұмытпастай болып қалған полковник Сәкенов отыр. Одан төмен сондағы көрген капитан, майорлар. Менің екі көзім соларда. Тіпті қасымда отырған адамға да қарамаппын. Сәкенов дауыстап:

— Ысқақов, сен, мынаны танысың ба? — дегенде ғана мен сол жағыма қараппын. Бүркіт тұрып:

— Иә, танымын, — деді. Мен оған сонда ғана назар салып қараппын. Кісі тани алмастай өзгерген. Ол қысқа ғана мені қалай білетіндігін айтып берді. Одан кейін маған қарап:

— Теміров, сен, Ысқақовты танысың ба? — деді. Мен де қысқаша оны қалай білетіндігімді айтып бердім. Мен болғаннан кейін полковник орнынан атып тұрып, маған ызбарлана қарап, сұқ саусағын шошандатып:

— Итгің баласы, бірден танымын, білемін деп неге айтпадың? — деп ақырып жіберді. Осы беттесуден кейін біз қарсыласуды қойып, болған жағдайды барынша баяндай бердік, мойындай бердік...

Кенесары мен Бекмаханов туралы айтқан пікіріміз, “құланның қасынуына мергеннің басуы” дәл келгендей жағдай екен. Бізді онсыз да нысанадан шығармай, тек қана басып түсіретін уақытты күткен. Сөйтсек, не істеп, не айтқанымыздың уақыты мен орнына дейін жазылып, олардың алдында жатыр. Тергеушілер алдарындағы қағазға қарап отырып: “Оқуға ұлықсат етілмеген алаш ақындарының кітаптарын оқып, өлеңдерін жаттапсындар. Осы рас па?” десе, оны жасырмай мойындадық. Әлгі кітаптарды қайдан алып оқығанымызды да мойындатты. Оларды көбінесе Қарағандыдағы оқытушылар институтында қазақ әдебиетінен сабақ берген Айтбай Нарешевтің үйіндегі кітапханасынан оның інісі Рамазан Нарешев арқылы алып оқитын едік. Онда сирек кездесетін, қолға түсе бермейтін бағалы кітап көп болушы еді. Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің және Шәкәрімнің де шығармалары бар-тын. Тіпті Ахмет Байтұрсынұовтың “Қырық мысал”, “Маса”, Міржақып Дулатовтың “Оян, қазақ” сияқты кітаптарын да табуға болатын.

Айтбайдың лекциясын студенттер қызыға тыңдайтын. Ақындардың өлеңдерінен мысал келтіргенде кітапқа, дәптерге қарамай, бәрін де жатқа мәнерлеп айтып беретін. Оның сойлеген сөзінен басқа аудитория ішінде басқа дыбыс естімейтін. Лекциясын аяқтап, студенттер сұрақ бергенде оған шабыттана жауап беретін.

Бір күні қазақтың ұлтшыл Алаш ақындары, оның ішінде Мағжанға тоқтала келіп, оның жаңа кеңестік дәуірді ұнатпағандығын мына өлеңмен дәлелдеді:

*Айрылдық балпаң басқан батырлардан,
Аузынан уызы төгілген маңғаз байдан.
Құдай-ау, албастының ойнағындай
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?!*

Бұл өлең бізге ұнай кетті. “Шіркін, сабаз-ай, кер заманмен келіспей-ақ кеткен екен ғой” деп сүйсінеміз ішімізден оның айтқан пікіріне.

Шындығында, Айтбайдың біздің өмір шындығын біле түсуімізге әсері аз болған жоқ. Алаш ақындарын жол сілтейтін жарық жұлдыздай санап, құмарта оқуымызға

себепкер болды. Қатты қысымға түскеннен кейін осының бәрін мойындадық. Бұлай істеу өзімізге де, өзгеге де қатерлі қауіп екенін ойлап жатуға мұршамыз келмей қалды. Қатты қысымға түскеннен кейде не айтып, не қойғанымызды еске түсіре де алмайтын едік. Ақыры қайырымсыз қатал жау өзінің дегеніне жетті.

1951 жылдың 14-15 маусымында Қазақ Республикасының Жоғарғы соты РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының 10-11 тармақтары бойынша мені, Бүркіт Ысқақовты, Айтбай Нарешевті 25 жылға соттап, қосымша 5 жыл адамдық құқымыздан айыру туралы үкім шығарды. Сонымен бірге Жекен Қалиевті, Мұстахым Азанбаевты, Рамазан Нарешевті 10 жылға, Адырбек Аманқұловты 8 жылға соттады. Сот процесі тек қана КГБ қызметкерлерінің ықпалымен жүріп отырды. Тергеушілердің қысым жасағаны туралы шағым-арызымыздың бірде-бірі ескерілген жоқ. Сөйтіп бізді “халық жауы” деген қара тізімге тіркеп, Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйым құрған, ұйымның мақсаты Орта Азия республикалары мен Қазақстанды Кеңес мемлекеті құрамынан бөліп алып, Түркияның қолдауымен буржуазиялық ұлттық мемлекет құру болған, кеңестік құрылысқа қарсы үгіт-насихат жүргізген, тыйым салынған әдебиеттерді көпшілікке таратып отырған деп айыптады. Сот үкімі тұжырымды, ешқандай шағыммен бұзылмайды деп жариялады. Ол бұзылады-ау деп өзіміз де үміт еткеніміз жоқ. Бұл айыптау қорытындысы Бүркіт екеуіміз үшін жабылған жала емес, нағыз шындық. Қолымыздан ештеңе келмесе де солай болса-ау деп армандағанымыз айдан анық. Шамамыз келсе, Кеңес өкіметін аяп қалайық деген жоқ едік.

Айтбай Нарешев тергеу кезінде де, сот процесінде де өзіне тағылып отырған қылмысты мойындамай, Кеңес өкіметі алдында ешқандай қылмысы жоқ екенін дәлелдеп отырды. Өзіне көрсеткен қатты қысымға да зор шыдамдылық көрсетіп, қайыспай шықты. Ал жастарымыздың ішінде Жекен Қалиев өте ұстамдылық көрсетіп, өзінің небәрі 19 жаста ғана екендігін айтып, Кеңес өкіметіне қас болу өні түгіл, түсіне де кірмегендігін дәлелдеп берді. Бірақ бұлардың шағымдарының бірде-бірі ескерілген жоқ. Өйткені комитеттегі жендеттердің мықтап ұстаған жолы — қолға

түскендерді құтқармау екен. Енді келешектен үміт жоқ. Басқа түскен қайғы қара бұлттай қалың. Алдағы уақытта Кеңес өкіметі біздерге аяушылық көрсетіп, кешірім жасар деп ойлаудың өзі қиын. Чекистердің қылышынан қан тамып тұр. Ендігі бар өміріміз тұтқында, азапта өтетінін ойлағанда ішіміз удай ашиды.

Соттың кескен жазасы 30 жыл. Бұл — тек қана азаппен, қорлықпен өлсін деп шығарған үкім. Соттан камераға қайтадан әкеп қамағанда ішіне зорға сыйғандай болдым. Демім бігіп, тынысым тарыла берді. 30 жыл. Бұған кім шыдамақ?! Шыдағанда да одан кейін қандай өмір қалады?! Осыны ойлағанда мандайымнан шып-шып тер шығып, қол, аяғым дірілдеп, бүкіл денем былқылдап, бос қалғандай болды. Өз денеме өзім ие бола алмай қалдым. Иә, жастық дәуренмен де, өмірмен де біржолата қоштасу. Ойыма үйде қалған жалғыз қарындасым Зәкіп пен ауру әке-шешем де түсе береді. Бейшаралар біржолата сорлап қалды-ау!

Бұрын берген тамағына жарымайтын менің нәр татпағаным екінің тәулік. Күнделікті беретін тамағын есіктің алдына тастайды да кетеді. Ыдыстарды босамаған соң қайтып жинап алған жоқ.

Түнде түшіркеніп ұйықтай да алмаймын. Шошып ояна берем. Көз алдыма жылап тұрғандай болып, қарындасым мен әке-шешем елестей береді. Үшінші тәулікте өзімді-өзім оймен ширатуға кірістім. Маған ең алдымен Абайдың аруағы көмекке келгендей болды. “Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме”. Шіркін данышпан-ай, менің бұл қиын жағдайымды көзімен көріп, құлағыма сыбырлағандай болды. Бірнеше рет қайталап, айтып шықтым. Айтқан сайын ширай түсемін. Иә, басына қандай қиын іс түссе де адам өзіне-өзі берік болып, шыдай білуі керек. Мен енді шыдамдылықты серік етіп, жасып, қажымайын деп белді бекем будым. Құрдан-құр қайғырып, өзіңді-өзің жей бергенмен не түседі? Өмірдің мұндай түрін де байқап көрейін. Осындай тоқтаммен шалқамнан түсіп, көзімді жұмып жата қалып едім, енді бәрімізді лагерьге жөнелтеді, осылар мені енді неге жалғыз қамап отыр, көпшілікке неге қоспайды деген ой келді. Осы оймен орнымнан атып тұрып, темір есікті сартылдатып ұра бастадым. Лезде надзиратель жетіп келді. Мен оған тергеушіге жолыққым келетінін айттым.

Көп кешікпей тергеушіге алып келді. Күлімдей қарап, өзінше мені жұбатып жатыр.

— Көп уайымдап, ойлай берменіз. Кеңес өкіметінің кеңшілігі көп. Кейінірек сендерге кешірім (амнистия) жазауы да мүмкін, — деп бетіме сынап қарады. Мен оның өз мақсаттарына жеткеннен кейін көңілдене сөйлеп отырғанын сездім де, оның алдында ұнжырғамды енді түсірмейін деп, бетіне тіке қарап:

— Мен ойды да, уайымды да біржолата қойғанмын. Істің болары болды, бояуы сінді. Ол енді қайтып өзгермейді. Оны мен оймен өзгерте алмаймын. Одан да мені жалғыз ұстай бермей, көпшілікке қосыңыз. Түбінде бөріміз де бірге боламыз ғой, — дедім. Ол маған таңдана ожырая қарады. Бұрын оның алдында айқын сөз айта алмай күмілжіп отыратын едім.

— Жарайды, орындайық айтқаныңды, — деп шығарып жіберді.

Ертеңінде көпшілікке әкеп қосты. Үлкен камера. Ішінде 20-30 адам бар. Оргаларына кіріп келгенімде Нарешев Рамазан бас салып құшақтай алды. Қалғандарын мен танымаймын. Жалғыз-ақ байқағаным әр ұлттың өкілдері бар сияқты.

Бірден менің көзіме түскені — екі адам шахмат ойнап отыр. Енді біреулері бұрышқа жиналып алып, әңгімелесіп отыр. Біреулерінің қолында кітап бар. Шеттеу жақта бірекі адам көйкесінде қозғалмай жатыр. Не ауру, не уайыммен жатқан адам. Көптің ортасына келгеніме көңілденіп қалдым.

Рамазан екеуіміз әңгімелесіп отырмыз. Оның көңіл күйі төмендеу екен. Ұнжырғасы түсіп кеткен. “Жазықсыз жапа шегіп, енді құрыдық-ау” — дейді, мұңлы дауыспен. Оның жағдайын білдім де “мұны ширатып алу керек екен” деп ойлады.

— Сен ренжіме де мұнайма. Бүркіт, Айтекең, мен үшеуімізге қарағанда сен әлдеқайда жақсысың. Ертең кешірім бола қалса, ең алдымен сендер ілігесіңдер. Сендерді ең алдымен босатады. Сен түгіл мына мен де келешек өмірден күдер үзгемін жоқ. Кеше біздер еркіндікте жүргенде мұндай күйге түсіп қаламыз деп ойладық па? Әрине, жоқ. Ойламадық. Ендеше қазіргі басымызға түсіп

тұрған түнек аспанды торлаған қара бұлт сияқты ғой. Сол қара бұлт мәңгілік аспанды торлап қалып қоймайды ғой. Қара бұлт тарап кеткенде, әлемге нұрын шашып, күміс күн де жарқырап шыға келмей ме? Сол сияқты біздерге де күн сияқты жарқырап бостандық біржолата келмейді деп айта аласың ба? — деп бетіне жауап күтіп тесіле қарадым.

— Жоқ, олай деп кесіп айта алмаймын.

— Ендеше келешектен күдер үзбейік. Ерте ме, сөл кеш пе әйтеуір бостандыққа шығамыз деп оның жасып жүрген көңілін көтергендей болдым. Шындығында маған ризашылығын білдіріп:

— Махмет, сенің келгенің дұрыс болды-ау, — деп айтатын болды. Рамазан өте ақ көңіл, аңқылдаған адам. Жастайынан ағасы Айтбайдан үлгі алып, әдебиетке, өдеби кітаптарды оқуға өте құмар болды. Тұтқындар алдында аспирантурада оқып жүр еді. Оның сотталып кетуі — ғылыми жұмыстан біржолата қол үздірді... Онымен бірге оқығандардың көбі атақты ғылым докторлары болып шыққан. Дегенмен де ол жазу, өлең шығарудан қол үзген жоқ. Соның нәтижесінде кейін “Өмір өткелдері” деген кітабын шығарды.

Камерадағы адамдармен әңгімелесіп таныссам, іште-рінде 1937–38 жылдары сотталып, он жыл мезгілін лагерь мен түрмеде өтеп келіп, екінші рет сотталып отырғандар да бар екен.

Қазақтың “адам тозақ отына да үйреніп кетеді” дегені рас екен ғой деп ойладым. Олар тіпті ештеңені уайымдап ойына алмайды.

— Бүгінгі күнің дұрыс өтіп жатса, ертеңіні ойлама, оны бастықтар-ақ ойлап, бастарын қатыра берсін, — деп Оскар деген неміс азаматы маған қарап қарқылдап күледі. Ол 1937 жылы Волга бойында тұрғанда сотталған екен. 1947 жылы он жылын өтегенмен де екі жылдай еркімен жібермепті. Тек қана 1949 жылы Қазақстанға жер аударған үй ішімен зорға қосылған екен. Енді міне тағы айдалып кетіп барады. Сонда да оның жүзінен қалжыраған, қажыған белгі білінбейді. Еркіндікте жүрген адам сияқты. Айтып отырса, лагерьде болған жылдардың ішінде оның басынан талай сұрапыл күндер өткен. Қысы — сары аяз, жазы — мазасыз маса, шіркейлерге толы Тайғаның қалың тоғайының ішінде ағаш кескен. Қолыманың жан шыдамас суығында жүріп жер қазып, алтын ізлеген.

— Япырай, осыншама қиыншылыққа қалай шыдап шыққансыз, — деппін таңдана қарап.

— Амалсыз бәріне де шыдайсың. Шыдай алмағандары қырылып өліп жатты.

Сібірдің қалың тоғайының іші. Қаз-қатар тігілген шатыр. Сол шатырларға зорға сыйып жатқан адамдар. Негізгі жұмысымыз — ағаштан барақ, үй салу. Біткендеріне шатырдан шығарып, адамдарды лықа толтыра кіргізіп жатады. Бұл жерде үлкен комбинат та салынып жатыр. Адам көп. Күж-күж етеді. Қыс түсе жағдайымыз нашарлай бастады. Сақылдаған сары аяз күндерінде де жұмыс істейміз. Арамызда өмір бойы қолдарына ара мен балға, күрек пен айыр ұстап көрмегендер көп. Олар ауыр жұмысқа шыдай алмай, көтерем болып зорға жүр. Киген киіміміздің суыққа панасы жоқ. Күн-қуат беретіндей ішпегін тамағымыз жоқ. Бұл қиындыққа шыдай алмай адамдар шыбынша қырылды. Қазып көміп тастауға жер қатып қалған. Апарып құлата салатын дайын ор жоқ. Өлгендерді лагерьдің сыртындағы қалың ағаштың арасына апарып, шамасы келіп көтергенше бірінің үстіне бірін қалап үйе беріпті. Тіпті жоталанып тау боп кеткен. Жазғытұрым күн жылынып, иістеніп саси бастаған да ғана лагерьдің начальнигі олардың көзін құртып, бензин құйып өртеп жіберуге бұйрық берген. Ол не күл болып жанып кетпей, не түтіні сөніп өшіп қалмай күлімсі сасық иіс шығарған да тұрған. Сол күлімсі иіс әлі күнге дейін мұрнымнан кетпегендей болады да тұрады, — деп әңгімесін бітірді Оскар.

ТАЙГАДАҒЫ ТАРШЫЛЫҚ

1951 жылы тамыз айының бірі күні бізді, сотталғандарды “қара құзғын” (Черный ворон) деп аталатын қара темірден мықты етіп жасаған машинаға сығылыстыра отырғызып, лагерьге жөнелту үшін вокзалға алып келді. Күн қайнаған ыстық. “Қара құзғынның” іші оттай жанып барады. Таңертеңгі сағат сегіздер шамасында өкелген тұтқындарды түстен кейінгі сағат төрт-беске дейін жанды жеген жалынның ішінде ұстайды. Қатты қапырықтан қысылған денеміз шылқылдаған тер болды. Таңдайымыз құрғап,

кеуіп қалды. Бір жұтым су сұрап, темір құрсаудың ішінен талмаусырап жалынамыз. Ешкім елең қылмайды. Бөшкеге тұздаған балықтай тығыздап қамаған “қара құзғыннан” көп адамдар өз бетімен қозғалып, вагонзакқа (тұтқындар вагонына) көтеріліп міне алмады. Оларды біртіндеп итше сүйретіп жүр. Байғұстарды әдейі істеп жүргендей желкелеп те, тепкілеп те жатыр. Бірақ олар өлтірсе де ештеңе сезер емес. Вагонзакқа ширақтау кіріп бара жатқан Бүркіт артына бұрыла қарап, еш қаймықпастан ызалы үнмен: — Кенес гуманизмінің масқара түрін көріндер, қаталдығы неміс фашистерінен де асып түсіп жатқан жоқ па? — деп айқай салды. Сотталғаннан кейінгі азап жолымыз осылай басталды.

Сол тамыз айының ішінде біздерді, Новосибирск қаласындағы тұтқындарды, жан-жаққа бөліп, таратып тұратын орынға алып келді. Аз уақыт болса да жетеуіміз бірге болдық. Енді лагерьде де бірге болсақ-ау деп армандаймыз. Бәрімізде чекистердің өзімізге көрсеткен қысымын, алдап-арбағанын, олардың ешкімге кешірімнің жоқтығын сөз қыламыз. Беттестіру кездерінде бір-бірімізге қастық ойламағанымызды, тек қана тергеушілердің қысымына қарысып қарсы тұра алмағанымызды сөз қылдық. Сөзімізді тыңдап отырған Айтекең (Айтбай Нарешев) Бүркіт екеуімізге риза еместігін білдірді.

— Сен екеуің бұйдасынан жетектеген тайлақтай тергеушілердің ыңғайымен жорта бергендерің не? Өліп кетсеңдер де неге мойындадыңдар? — деп бізге ренжи қарады. Мен үндемедім. Жауапты Бүркіт берді.

— Айтеке, біз олардың айт дегенін емес, өзіміз істеген шындықты айттық. Болған істен мойын бұра алмадық. Ақыры сол шындықтың құрбаны болып бара жатырмыз. Бізге жабылған жала жоқ. Бәрі шындық.

— Ей, Бүркіт, сен сол шындықты айтамын деп енді қайтып шыға алмайтын шыңырауға түсіп кеткеніңді білесің бе?

— Иә, енді ғана біліп отырмын. Мен кеңес заңынан ештеңе білмейді екенмін. Осы лагерьде нағыз заңгер болып шығармын, — деді сөзін күле аяқтап.

— Сен енді заңгер болғанда кімдерді қорғай аласың, оңіңді ме, әлде бұ дүниеде жоқ Сәкендерді ме?

— Айтеке, екі дүниеде де заңды білген жақсы көрінеді ғой. Мен о дүниеге бара қалсам, онда да Мүңкір, Нөңкір сияқты тергеушілер бар екен. Мен олардың заңын білмесем, тағы да шатасып, олар мені тағы да жазалайды ғой. Енді өзімді де, өзгені де шатастырмас үшін екі дүниенің де заңын біліп алуға тырысамын, — деді сөзін күле аяқтап. “Тоzaқта жүргендер де от шашып ойнайды” дегендей, бөріміз де күліп жатырмыз.

Бұл қалпында біздерге қайтып көретін жарық дүние, бостандық жоқ. Тірі адамның көңілінен өліп кеткенше үміт үзілмейді екен. Ажал алқымдап жатқан ауру адамның “жазылып, тұрып кетермін” деп үміттенетіні сияқты біздер де әйтеуір жоқтан үміттіміз. Әйтпесе адам баласы шыға алмайтын шыңырауға түстік. Біз түгіл Кеңес өкіметін қан төгіп, қолымен орнатқандар да чекистердің тырнағына бір іліккеннен кейін босанып шыққан емес. Ендеше біздерге кешірім болады-ау деп үміттену қисынға келе ме? Бүркіт екеуіміз осындай ойдың құшағында отырмыз. Ол артында қалған жан жары мен екі жас баласын ойлап үллегенде кеудесінен жалын шығады.

— Бейшаралар қам көңілді болып, әкесіз жетім өсетін болды-ау дейді қамыға сөйлеп. Кішкене бөбектерінің жүріс-тұрысын, папалаған сөздерін көз алдына елестетіп үнсіз отырып қалды. Мен оның бұл киналып отырған жағдайын сездім де оған қарап:

— Маған қарағанда сенің жағдайың әлдеқайда жақсы. Сенің артында қалған балаларың ержетіп, ертең-ақ жігіт болып шығады. Оларға көз қырын салып, көмектесетін інілерің бар. Ал, менде, өзің білесің не аға, не іні жоқ. Әлі күнге дейін үйленбеген адамда бала бола ма? Сен өліп кетсең де фамилияң сақталады. Бәрібір өмірің жалғаса береді. Мен өліп кетсем, артымда өмірімді жалғастырар ешқандай ұрпағым жоқ. Дүниеге тіпті келмеген адамдай боламын ғой,— деп мұная сөйледім. Ол кенеттен басын көтеріп алды да:

— Иә, біздің тектен-текке қажып, өзімізді-өзіміз бұлай жей бергеніміз дұрыс емес екен. Біздер асқақ арманды арқалап туған адамдармыз. Дүниеге тәтті арманмен келіп, аңсы азап шегіп, күңіреніп өтерміз. Бізден де бұрынғы азаттық үшін алысқандар да аңсаған армандарына жете алмай күңіреніп, күрсініп өтіпті. Біздер де солармен армандас, пікірлес екенбіз.

Ендеше осының өзі біздер үшін үлкен абырой. Осы абыройды өміріміздің соңғы деміне дейін сақтай білейік, — деп, өз бойына күш-қайратты жинап алғандай болды.

Көп кешіктірмей біздерді бөліп жіберді. Айтбай Нарешев екеумізді Сиблагқа — Иркутск облысына жөнелтті. Қалған бесеуін: Бүркіт Ысқақов, Рамазан Нарешев, Мұстахым Азанбаев, Жекен Қалиев және Адырбек Аманқұловтарды Қазақстанға — Степлағқа жіберген. Степлагтың жағдайын Бүркіт өзінің “Қарлаған — Степлағқа” деген естелігінде толық суреттейді.

“Саяси” тұтқындар дегендерді вагонзакқа лыка толтырып, кіргізіп жатыр. Вагонның ішіне әбден тығындап болған кезде бір жас солдат кіріп келіп, шетімізден ұрып, тепкілеп, боктап жүр. Одан сескеніп, бірімізге біріміз тығыламыз. Екі-үш кәрі және жүлеу адамдар жарақаттанып, таяқ жеп қалды. Айтар сөзі: “Бұл фашистерді аямай, бәрін де атып тастау керек” — дейді, өршелене түсіп. Мاستау сияқты. “Егер мынаған ерік берсе, ешбір шіміркенбестен бәрімізді атып-ақ тастар еді деймін” ішімнен. Бұларда не жазық бар? Мұндағы сотталғандардың бәрін Кеңес өкіметінің “қас жауы” деп ұғындырған оларға. Тәрбиенің күші, міне, осыдан көрініп тұр. Тәрбиенің түріне қарай жастарды түзу жолға салып, нағыз адам етіп шығаруға да, қисық жолға салып, тағы жыртқыш аң мінезді етуге де болады екен.

Ішінде адам лық толы бірнеше вагондар шығысқа қарай зулап келеді. Темір торлы терезеден сыртқа көз салмасын деп оның әйнегін сырлап тастаған. Шынының сынған не сыры кеткен жерлерінен сығалап, қалай қарай келе жатқанымызды мұғдарлан қоямыз.

Жолда біздерге берген тамағы бірыңғай тұздалған балық. Ащ келе жатқан адамдар оның ащылығына қарамай, таласатармаса жеп алдық. Біраздан кейін бәрімізді қаталатып шөлдетіп, жеген балық өзімізді жеді. Красноярск қаласында тағы балық пен су әкелді. Жұрттың көбі таласып, төгіп-шашып ішіп жатыр. Бір кезде айғай-шу көтеріліп, төбелес боп кетті. Кімді кім ұрып жатқаны белгісіз. Мен су ішіп үлгердім де Айтекең іше алмай қалды. Ол кісі тамсанып жай отырды да:

— Е... мынау да бір адамды қинап жазалаудың “тамаша” әдісі екен. Жемейін десең, қарнын ащ, молырақ, жеп қойсаң,

артынан өзінді жейді. Кісі мұны ешкім зорламай-ақ өзі жасайды екен. Неткен ғажап...— деп, басын шайқап қойды. Мен ол кісінің шөлдеп қиналып отырған мына жағдайын көргенде өзім су емес, у ішкендей болып қиналдым. Айтекең де менің бұл жағдайымды сезіп қалды да:

— Қаншасына су жетпей қалды? — деді.

— Жартысынан көбіне. Жетіп қалатын еді таласпай, төкпей ішкенде, — дедім.

— Яғни жеңгендері ғана ішті ғой. Мұндай таласты не деуге болады?

— Мұндайды тірлік үшін таласу дейді.

— Яғни адам да хайуан мінезді болғаны ма?

— Адамның жаманы хайуаннан да жаман, — дедім. Осыны айтқанда Айтекең күліп жіберді де сөзінің артын әзілмен аяқтап:

— Ендеше маған тиісті үлесті ішіп қойған өзінді не дейміз?

— Мені тірлік үшін, жанын сақтап қалу үшін дұрыс күресе білетін хайуан десеңіз қателеспейсіз, — дегенде тіпті жадырай күлді. Сотталғаннан кейінгі бірге болған уақыттың ішінде ол кісінің күлгенін көргенім осы ғана. Үнемі терен ойға шомып, ешкіммен сөйлеспей, томаға-тұйық отыратын. Сол шөліркеген қалпымызда Иркутск облысының Тайшет қаласына келіп жеттік. Біз келе жатқан вагоннан ғана адамдарды түсіріп болғаннан кейін, көп кешікпей қалған вагондар алға жылжып кетті. Айдауылдар (конвой) жан-жағымыздан иттерін ертіп қоршап отырып, ұзын-ұзын салынған көп барақтардың біріне өкеп кіргізді. Бір жақсысы, Айтекең екеуіміз бөлінген жоқпыз. Бірге жатамыз. Мұнда бір айдай болдық. Бізге төсек-орын бермеді. Түнде күндізгі жұмыс киімімен ағаш көйкенің үстіне қисая кетеміз. Айтекеңнің ұсынысы бойынша, үстіміздегі киімнің бірін астымызға төсеіп, бірін үстімізге жамылып, бірге жатып жүрдік. Бұдан бойымыз жылынғанымен ағаш көйкенің қандалалары маза бермейтін.

Күнде барактан айдап шығарып, санқа тұрғызып санайды да екі-үш шақырым жерге әкеліп жұмыс істеткізеді. Істейтініміз екі метрден артық етіп жер қазу. Біздің бригадада 30-35 адам бар. Бұлардың ішінде бұрын қолына күрек ұстап көрмегендері де бар екен. Жасы елуден асқан, орта

бойлы, денесі нәзіктеу келген бір адамға бригадир ұрысып, боқтап жатыр. Бригаданың адамдары қаз-қатар тұрып, жер қазып жатқан едік. Мен бұл кім екен деп тыңдап тұрмын. Бригадир өршелене түсіп, боқтап ұрсуын көбейтіп кетті.

— Маған сенің профессорлығыңның бір тиынға да керегі жоқ. Дұрыстап жұмыс істе, өйтпесе кет аулақ,— дейді, оны ұра жаздап. Ол бригадирден сескеніп ығыстап, маған қарай таянды. Анау әлі айғайын қойған жоқ.

— Мұндай еврейлерді баяғыда құрту керек еді,— дейді. Мұнда үн жоқ. Құр жаутаңдап қарай береді. Бұған жаным ашыды да:

— Менің қасымда істей берсін,— дедім қасымызда айғайлап жүрген бригадирге. Осы күннен бастап екеуміз жұмысты бірге істейтін болдық. Ол аздап жер қазулы да үйрене бастады. Сөйтіп боқтаудан құтылды. Аты Александр болу керек. Бұл шындығында Мәскеудегі шет тілдер институтының профессоры екен. Батыс жақтан: ағылшын, француз, неміс, испан тілдерін, шығыстан жапон, қытай тілдерін жақсы біледі екен. Осындай білімді адамның мынандай қорлыққа түскеніне ішім удай ашыды. Оның Мәскеуде қалған әйелі де профессор, қызы ғылым кандидаты, доцент екен. Бұрын мұндай ауыр жұмыс істеп көрмеген ол қажы бастады. Күндіз күлмейді, түнде ұйықтамайды. Жұрттың көбі берген тамаққа жарымай жүрсе, бұл тамақты да аз ішеді. Уайым, қайғыға әбден түсіп алған. Мұның бәрі денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, оған көп жұмыс істетгірмей, дем алдырамын.

— Осы қазақтардың бәрі сендей ме? — деп сұрақ қойды бір күні маған.

— Иә, бәрі мендей, — дедім оның не айтқысы келіп тұрғанын толық аңғара алмай.

— Онда қазақ халқы қандай мейірімді. Анау жүргендер маған қасқырша қараса, сен туған баламдай жәрдем етіп жүрсін. Шіркін, осыдан босанып шыға калсақ мен сені Мәскеуге алып кетіп оқытар едім. Менің қызым өзі білімді, өзі сұлу. Әлі ешкімді менсінбей жүр. Сені көріп, әңгімелесе бірден ұнатар еді, — деп тәтті қиялға түсіп кетті. Ақыры ол қиындыққа төзе алмай, қатты қайғымен бұзылып, ауруханаға түсті. Ес-түсінен айырылып қалды.

Тайшеткен басталған теміржол қалың ағаштың арасымен

созылып Братск қаласына дейін барады екен. Осы екі ара толған лагпункттер. Бірнеше вагондарға тиелген адамдарды жолшыбай әр лагпунктке таратып түсіріп келеді. Түн ішінде біздерді де түсіріп кетті. Ешқайда қозғалмай, түсірген орнымызда таң атқанша отырдық. Түн салқын. Денеміз мұздай бастады. Оның үстіне маса, шіркейлер де шағып, маза бермеді. Таң атқаннан кейін біздерді айдап әкен, баракқа кіргізді. Кейіне жақын даладағы жұмыс істейтіндер келгеннен кейін басқа барактарда тұратын қазақтар “жаңа этаппен кімдер келді екен” деп маған жолығып амандасты. Мұнда бұрын келген үш қазақ бар екен.

Мен жаңадан келгендердің ішінде жалғызбын. Айтекен (Айтбай Нарешев) екеумізді бөліп жіберген. Мыңға жуық лагпунктте тұратындардың ішінде үш-ақ қазақ бар екен. Олар енді төртеу болдық деп қуанып қалды. Ол үшеуінің бірі Бөгенбай Оңгүстік Қазақстанның Түркістан қаласынан. Соғысқа қатысып, немістерде тұтқын болған. Үсен Ақмола маңынан, байларды тәркілеу, шаруаларды ұжымдастыру жұмыстарына белсене қатысқан әрі коммунист болған адам, үшіншісі Байпатша Ақтөбе қаласынан. Ол қызмет етіп жүрген әскери бөлімі соғысқа барудан бас тартып, көтеріліс жасамақ болған кезде бүкіл дивизияны қоршап алып (оның айтуы бойынша), қарусыздандырып, жоғары шенді командирлерін тегіс атып, ең жазықсыз дегендерін он жылға соттаған. Бұл әскерге алынғанымен де, қолына қару ұстамапты. Оның бала жастан істеген кәсібі тігіншілік болыпты. Әскери киімдерді де, жай азаматтар киетін киімдерді де еркек, әйелдердікі демей өте шебер тігеді екен. Осы мамандығы бойынша әскерде де тігінші болған. Мұны да әйтеуір сол әскери бөлімде болдың деп 10 жылға соттап жіберген. Мен келгенде осы лагпунктте тігінші екен. Біздерге ақырып, айғайлап, ыстықта да, суықта да аяусыз жұмыс істетіп жүргенде, ол мұнда ерікті адам сияқты. Нөмір тағылған лагерь киімін кимей, еркіндіктегідей киініп жүр. Бірақ зонадан (қоршаудан) тысқары шықпайды. Бүкіл басқарушы офицерлер оны құрметтеп, сыйлайды екен, өйткені ол керек етсе, олардың бәріне де киім тігіп береді.

Лагерьге түскен бұрынғы тәуір қызмет атқарғандардың көбі ауыр жұмыс пен аштықты көтере алмай өліп жатса,

Байпатша лагерьде шалқып жүр. Өнер өлтірмейді деген осы екен. Оның пайдасы маған да тиіп, өзі 1952 жылы босанып кеткенше менің қарнымды аш қылмады.

Бәріміз де ағаш кесіп, вагондарға тиіп жөнелтіп жаттырмаз. Жаз айларында оқтай болып биік өскен қарағай, қызылағаш, қайың, терек, шыршаларға кісінің көзі сүйсініп тұрады. Дертке шипа боларлықтай ауасы да сондай тамаша. Әттең басы байлауда жүрген тұтқындарға мұның азаптан басқа рахаты болмайды. Қаптаған ұсақ қара шіркейлер күн ыстықта терлеп-тепішіп жұмыс істеп жүргендердің қанын сорып, жандарын шығара түседі. Маса, шіркейлер шақпасын деп бастарына тор көз кимешек те киіп алады. Кимесең маса, шіркейге жем боласың, кисең тұнпығып өле жаздайсың. Олардың шаққан уытынан бет-аузың, құлақ-мұрның, қас-қабағың күп болып ісіп кетеді де түк көрмей жүріп-тұра алмай, домаланып қаласың. Бұл — азаптың азабы.

Тор көзді масадан қорғайтын кимешекшені қарамаймен майлап алып та киіп жүреді. Бұл адамның сұрқын алып, демін тарылтып жібереді. Кісінің демін тарылтып, терлетіп жіберетін болғандықтан мен оны кимей, тек терімді сүртіп отыратын орамал есебінде қолданып жүрдім. Менің жас күнімде масаның шаққанына қарамай қармақпен балық аулайтыным және көл ішіндегі күркеде де масаның шаққанына үйреніп қалуым — Сібір Тайгасының маса-шіркейлерінің шағуына да шыдамдылық туғызды. Мұғы көргендер маған қатты таңғалатын. “Сенің бір құпияң бар, соны бізге де айтышы”, — деп жалынатын. Әсіресе литвалық Кульветис деген менімен көңілдес, сырлас болды. “Сені маса-шіркей шақпайтын құпияңды маған айтышы”, — деп мазамды алатын, бұл жай ғана төзе білушілік дегеніме нанбай, қатты ренжіп, тіпті маңыма жоламай, сөйлеспей кетті.

Лагерьде айдауда жүргендердің ішінде дүниежүзіндегі халықтардың көбісінің өкілдерін кездестіруге болатын. Бір күні өзіміздің еңсеміз түсіп, жұмыстан әбден қалжырап, айдауылдар ақырып айдап келе жатыр еді, атылған мылтық даусынан ұйқыдан шошып ояңандай селк ете қалдық. Қарасак, бір адамды атып тастапты. Кейін білсек, жаңағы атылып қалған латыш екен. Ол байғұстың маса шаққаннан

көзі, басы ісіп кетіп түк көрмей қалған. Басы айналып, жүріп келе жатқан саптан шығып кетіпті. Айдауылдардың бұйрығын түсінбей, дыбыс шыққан жаққа қарай жүре берген. Осы кезде оны атып өлтірудің себебі табыла кеткен. Осындай тұтқын адамды атқан айдауыл “қырағылық” көрсетті деп мадақталып, үйіне демалысқа жіберіледі екен. Жұмыс істеп жүргенде мұндай жағдай жиі кездесіп тұрды. Тұтқындарды жас солдаттарға: “Бұлар Кеңес өкіметінің барып тұрған қас жауы, нағыз фашистер. Оларды адам деп ешбір аяуға болмайды. Төртін бүзса, табан астында көздерін құртып отыру керек. Бұлар жыртқыш аңдардан да жаман. Адамдық қасиеттерден жүрдай болғандар”, — деп миларына әбден сіңіріп, уландырып жіберген. Аздап сылтау табылса, ататын да тастайтын. Қыс күндерінде хал-жағдайымыз адам төзгісіз болады. Киіміміз жұқа, қарнымыз аш. Түнде ұйықтағанда кісінің түсіне тек тамақ қана кіреді. Мол тамаққа кездесіп жүресің, бірақ қанша жесең де тоймайсың. Ояна келсең, көріп жатқаның түс. Жамандай өкінесің, жыларман боп бүрісің жата бересің. Жұмыстың ауырлығынан, тамақтың тапшылығынан арып-ашып көтерем болып жүргендер көп. Олардың ісіп-кеуіп өліп қалғандарын көргенде ішім ашиды. Қылар айла жоқ. Адамды адамдық қалыптан шығарып жіберу оңай екен. Біздерге көбінесе тұздалған ащы балық береді. Ісіп-кеуіп жүріп өлетіндер өзіне берілген нанын шылымға айырбастайды да оның орнына ащы балықтың қалған сүйектерін теріп алып, шайнап аңылайды. Ол аш адамды жылдам шөлдетеді. Олар шөлдегенде суды қарнын қампита ішіп, қолына түскен шылымын тартып “рақаттанады”. Ол “рақаты” ақыры өздерін өлтіріп тынады.

Қыстың сақылдаған аязды күндерінде де белуардан қарға малтығын жүріп ағаш кесеміз. Түскі тамақты жұмыс басына әкелін береді. Тамақ ішер алдында бір адамды шығарып, қу ағаштарды жинатып от жаққызамыз. Ішетін аз ғана сұйық тамағымыз жартылай қатып жатады. Кейде бір үзім шикі нанның өзі де мұз болып шығады. Тамақ ішіп жылынғанның орнына қалтырай түсеміз, үстіміздегі киіміміз жануға айналып, бұрқырап күлімсі ісі шыққанша отқа құлардай қақтала береміз. Ештеп бет жағымыз жылына бастағанда арқамыз тоңады.

Енді арқамызды отқа қақтап жылытқан боламыз. Жұмыс басталатын уақыт болып қалса да орнымыздан қозғалып тұрғымыз келмейді. Біздің бригадамызда 30-35 адам бар. Бригадир Головацкий деген украин жігіті. Львов облысынан. Өзі сотталып жүрсе де чекистерге қызмет етіп, соларға арқа сүйеген әрі сатқын, әрі өте қатал. Жұмыс істей алмайтын көтеремдерді де жұмыс істе деп таяқтап жүреді. Ешкімге жаны ашымайтын нағыз қаныпезер.

Бір күні түскі тамақ ішкеннен кейін бірнеше адам от басынан кеткісі келмей, жұмысқа мезгілінде бара қоймады. Бригадир айғайлап боқтап келді де жаңағыларды “Неге тұрмайсыңдар” деп теуіп-теуіп жіберді. Біреуі тұра беремін дегенде оттың жалындаған ортасына жалп етіп етпетінен құлап түсті. Өз бетімен тұра алмай, қасындағылар көтеріп алғанша күйді де қалды. Онсыз да титықтап жүрген адам біраз ыңырсып жатып, жан тапсырған. Сөйтіп бірімізді-бірімізге айдап салып, түбімізге жететін. Осы сияқты қатыгез сатқындар арқылы біздерге жұмыс та істеткізеді, жапымызды да қинайды. Сол қиын күндерді еске алғанда денемді тітіреткен мынандай өлең жолдары орала береді:

*Сары аяз өтіп сықырлап,
Бетімді қарып барады.
Зорға басып қыбырлап,
Жұмысқа бері тарады.
Қолында ара, балтасы,
Екеулеп ағаш кеседі.
Келгенінше шамасы,
Қозғала берсек деседі.
Отыра қалса бүрісіп,
Қатып қалар түрі бар.
Жүргізбейді сіресіп,
Аяқты тұсап қалың қар.
Бір кезде от маздады,
Сытырлап жанып қу ағаш.
Тоңып, жүдеп, азғаны,
Ішіне түсе жаздады.
“Ошіріндер отты” — деп
Тепсініп келді бір “бастық”.
Біразымыз таяқ жеп,*

*Амалсыз тұрып тарастық,
Көтеремнің нешеуі
Орнынан тұрмай құлады.
Кетіп қалған екеуі,
Ырышп қалай тұрады?*

*Қалың орман тоғайда,
Босқа өліп кімдер қалмады?!
Аштық пен суық оңай ма?
Талайды жұтып жалмады.*

Жұмыстан келгеннен кейін қалжырап жатамыз. Ортада ұзын стол тұрады. Онда бірен-саран адамдар домино ойнап, шылым тартып отырады. Шылымға құмарлардан бәрі бірдей шылым тауып ала бермейді.

Бір күні ортадағы столда біздің бригаданың бір украин жігіті шылым шегіп отырды. Оның қасына тартылған шылымның түтініне аузы, мұрнын тосып құр иісіне елтіп жапон жігіті отырды. Бір-екі рет сұрап еді, анау бере қоймады. Шылым шегіп отырған Иван деген жігіт екеуміз жұмыссыз бірге істейміз. Бірімізді-біріміз сыйлайтын едік. Мен жаңағы жапонның өте құмартып отырғанын көрдім де: “Ей, Иван, бәрін тартып қоймай, анау жапонға берші”, — делдім. Ол шылымын қимай маған бір қарап, шылымға бір қарап, ақыры кішкене тұқылын ұстата салды. Жапон қатты қуанып, құштарлана сора бастады. Алғашқы сорған түгінді сыртқа шығармады. Екі-үш осылай құштарлана сорғанда әбден елтіп, есі кетіп, басы столға сарт етіп, өзіне-өзі ие бола алмай, аузынан сілекейі шұбыра ағып қисая кетті. Оның қасында шылымға құмартып отырған басқа біреу ананың аузындағы сілекейленген шылымның тұқылын жұлып алып, аузына салып жатыр.

1952 жылы маусым айында біздерге этаппен тағы бір қазақ келіп қосылды. Оның жасы бәрімізден де үлкен екен. Сондықтан оның атын атамай “отағасы” дейтін болдық. Отағасы Кеңес өкіметі орнаған күндерден бастап кедейден шыққан белсенді адам болыпты. Кеңес жұмыстарын жан-тәнін салып істепті. Ақыры Жезқазған облысының (ол кезде Қарағанды облысы) Ұлытау ауданында аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына дейін жоғарылайды.

1937—38 жылдары осы қызметті атқарып жүреді. Аудандық НКВД начальнигінің (бастығының) нұсқауы бөйынша көп адамның партбилеттерін алып отырады. Бір күні өзі жақсы көретін бір қолхөз басқармасының билетін алуға нұсқау береді. Бұл басқарманы қорғайды. Начальникпен екеуі үлкен жанжалға дейін барып, ақыры мұның өзі “халық жауы” болып шыға келеді. Бұл 1938 жылдан бері лагерьде екен. Ол кезде сотталып, лагерьге келгендердің көбісі қырылып қалды. Кеңес өкіметі олардың пайдалы тегін жұмыскер екенін кейін ғана білді. Енді сотталғандарды ұзақ уақыт жұмысқа пайдаланып, бойындағы күш-қуатын сорып алуға тырысады. Осыған шыдасаң, өлмей тірі болып жүре бересің. Шыдай алмасаң, өзіңнен-өзің өлесің де қаласың. Бұған ешкімнің басы ауырмайды. Біздерді адам санатына алып отырған ешкім жоқ, — деп аяқтады өңгімесін.

ҮМІТ СӘУЛЕСІ

Біздер үшін елеулі оқиға 1953 жылы басталды. Халықты қан қақсатып келген, аңдамай айтылған бір ауыз сөз үшін елді тітіретіп, абақтыға қамап, не атқызып, не айдауға жіберіп отырған қара жүрек қатыгез Сталин еді. Көзге көрінбеген Құдайдан да артық, санап келген адамды өле қояды деп кім ойлаған?

Әбден еңсесі түсіп кеткен жарық дүниеден, бостандықтан күдерін үзіп жүрген тұтқындардың басым көпшілігі дүр сілкінді. Тіпті олардың қуанғаны сонша, бір-бірінен сүйінші сұрап жатты. “Оның орнына жаңа адам келіп, барлық билікті қолына алғаннан кейін біздерге амнистия (кешірім) жасап, бостандыққа шығарады” — деп қуанып жүр. Осындай ой туғызып, оның өлімі көбіміздің кеудемізге үміт сәулесін ұялатқандай болды.

Күнделікті көріп жүрген қорлығымыз, ауыр азабымыз бәріміз үшін бірдей болса да, ойлайтын ойларымыз бөлек екен. Мені таңдандырғаны — әбден титықтап өлуге қолы тимей жүрсе де кейбіреулердің Сталиннің өліміне қатты қайғырып, жылағаны болды.

Біздің жатқан барақта бендеровшылар көп еді. Бұлар коммунистік құрылысты, Кеңес өкіметін өте жек көретіндер. Олар — батыс Украинадан шығып, бүкіл Украинаның

дербестігі, тәуелсіздігі үшін күрескендер. Бұлардың қуанышында тіпті шек болған жоқ. Мен осылардың арасында жалғыз қазақ едім. Мыналардың бәрі де қуанып жатыр. Ал біздің қазақтар қандай жағдайда екен деген ой келді маған.

Басқа барақта тұратын Үсен ақсақалға жетіп бардым. Оған қарасам, басын тұқитып алып төмен қарап, мұнайып отыр. Мен таянып қасына барғанымда басын көтеріп алып:

— Махмет-ай, күн көсемнен айырылып қалдық қой, — деп еңіреп жылап жіберді. Алғашқыда оған не айтарымды білмей, аңырып қалыппын. Сәлден кейін есімді жиғандай болып және кеудемді ыза кернеп:

— Әкеңіз жаңа ғана өлгендей егіле жылайтын ол сізге не жақсылық жасап еді? — деймін кекесінді үнмен сөзімді жағастырып. Сіздің күйзеліп жылайтын себебіңіз бар. Жасыңыз егде тартқанда борбай етіңізді борша қылып, екі көзіңізден ірің ағыздырып әдейі лагерьде “шынығып” қайтсын деген ғой.

— Біздерді мұндай қайғылы күйге түсіріп отырған көсемнің өзі емес, жергілікті жерлердегі жандайшап иттер ғой, — дейді ол әлі де өзінің жақсы керемет күн көсемі Сталинді қимайтын ниетін білдіріп. Бұл қай адамның болса да көкейінде мықпап қалыптасқан пікірінің қандай жағдайда жүрсе де тез өзгеріп кете қоймайтынның айғағы еді. Бір бұл ғана емес, Сталиннің қазасына күйзелгендер басқа ұлт өкілдерінің арасында да кездесті. Көп өзамай Сталиннің қолшоқпары, қанішер жендет Берияның да көзі құрыды. Осыдан кейін арқамыз тіпті кеңі бастады. Бұрын ләм дегізбей, өз айтқандарын ғана орындатып жүретін лагпункттегі ішкі істер қызметкері де қыр көрсетіп ақырып, ұрсуды қойып, жым-жырт болды. Көңіліміз көтеріліп, еркіндіктің желі ескендей сезіндік. “Біреуге ор қазба, ор қазсаң терең қазба, өзің түссең қайтесің” деген нағыз өмір шындығы екен ғой дейміз.

1953 жылдың аяқ кезінде Сиблагтен бірнеше вагондарға адамдарды толтырып, шығыстан батысқа қарай жөнелтті. Вагон ішінде бірнеше күн болсақ та біздерге тиісті тамақтарын мезгілімен беріп тұрады. Біздер мінген вагонзактың ішінде Үсен ақсақал да бар екен. Өте жүдеу.

Қалжыраған. Мен оның көзі іріндеп, сөйлеуге шамасы келмей тұрған түрін көріп:

— Отағасы, көсемді көп ойлаймын деп, қалжырап қалғансыз ба? — деппін, кекеткен адамдай болып еш ойланбастан.

— Махмет-ай, несіне кекетесің, олуге өзінің де қолы тимей тұрған адамды, — деп кемсеңдегендей болды. Мен қатты ұялып, кешірім сұрадым.

Поезд тоқтап, біздерді вагоннан түсіре бастады. Бәріміз де өз бетімізбен вагоннан түскенде тек қана Үсен ақсақалдың орнынан тұруға шамасы келмей қалды. Біздерді бұл әкелген жері Омбы қаласы екен. Мұнда қоршалған зонаның көлемі үлкен. Іші толған ұзын-ұзын барақтар. Әр барақта бірнеше жүз адам. Осындағы зоналардың өзі бірнешеу. Жалпы көлемін алғанда Омбы қаласының солтүстік-батыс жағында орналасқан серіктес қала сияқты. Осындағы мыңдаған адамдарды жаңа салынып жатқан мұнай айыру зауытын бітіру үшін жинаған екен.

Тайгада сықырлаған аязда да қалың қарды омбылап жүріп ағаш кессек, мұнда құбыр жүргізетін терең ор қағамыз. Бригадиріміз Горяев Николай деген қалмақ жігіті еді. Бригададағы шығыс халқының өкілі екеуміз ғана едік. Өте сыйласып тұрдық.— Қалмақтар қазақтың нағыз қас жауы емес пе? — деймін мен оған ойнап.— Иә, қазақ пен қалмақтың ұзақ жылдар жауласқаны рас. Бұл түбі бір бауырлас және саны аз ұлттар үшін үлкен трагедия болды. Қалмақтар қырғын соғыстың нәтижесінде таза құрып кетуге айналса, қазақтар көп шығынға ұшырады. Бұдан екеуіне де келген пайда жоқ. Мұнан Ресей мен Қытай сияқты отаршыл мемлекеттер ғана пайда тапты. Әбден әлсіреген екі халық — қазақтар мен қалмақтар жеп-жеңіл отар елдерге айналды да қалды. Енді бүгін бұрынғы жауынгер екі ел де өздерінің бұрынғы тамаша дәстүрлерін де, тілдерін де жоғалтып барады...— деп өкінішті үнмен сөзін аяқтады. Ол менен жасы үлкен және оқыған, тоқығаны да көп адам. Негізгі мамандығы — мұғалім, тарих факультетін бітірген. Неміс тұтқынында болған. Әңгімені көбінесе сол бастап отырады.

Бір күні менен толық білгісі келіп:

— Жалпы қазақтың қонақжайлылығы қандай?

Осыны айтып берші. Құрметті қонақтарына қандай сый көрсетеді?

— Иә, қазақ өте қонақжай халық. Келген қонақтарды таныса да, танымаса да малын сойып, дастарқанын жайып, барын беріп, құрметтеп жібереді.

— Сағынып көріскен дос адамдарына қандай ерекше құрмет көрсетеді?

— Оларға да малын сойып, барын беріп құрметтейді.

— Ендеше біздің қалмақтардан жомарт халық жоқ екен. Ертеректе сағынып іздеп келген достарына қойнындағы әйеліне дейін береді екен, — дегенде мен жымып күліппін.

— Сен күлме. Бұл шындық. Қазақтар сияқты қалмақтар да бұрын бірнеше әйел алған. Сол әйелдерінің ең жақсысын келген досын ерекше күтуге шығарады. Ол айлап жатса да сонымен бірге болады. Қонақты қайтсе де риза етіп жіберу керек. Ұзақ бірге болған жағдайда ол досынан бала да болып қалады. Оған бұл ренжімейді, қайта қуанады. Оған ұқсап туған баланы “Менің сондай досымнан туған “бала” деп мақтанышпен айтып отырады. Сендерде қонақты осындай дәрежеге дейін күту бар ма? — деп өзінің айтып отырған әңгімесіне сүйсіне маған қарады. Ақыры ол қатты ауырып, ауруханаға түсті. Ол кеткенде мен жалғызсырап қалдым.

Осы зонаның ішінде біраз қазақтар бар. Олар өз алдына бір бригада болып жұмыс істейді. Олардың тілегі бойынша мен оларға келіп қосылдым. Отыз бес қазақтың ішінде әртүрлі мінезді адамдар бар. Тағдырлары да әртүрлі. Біреулері қапылыста айтылып қалған бір ауыз сөз үшін отырса, кейбіреулері ешбір қылмыссыз жаламен де отыр. Енді басқа біреулері соғыста тұтқынға түсіп, Түркістан легионында болып, Кеңес өкіметіне опасыздық жасаған деген айыппен отырғандар. Маған, әсіресе, осылардың әңгімесі қатты ұнады.

Олардың айтуына қарағанда, немістердің қолына түскен тұтқындардың жағдайы өте ауыр болған. Бәріне де жеткілікті тамақ та, тіпті, су да бермей аштан аш ұстаған. Бұған шыдамай олар шетінен қырылып жатқан. Қалған тірілері де көтерем болып, өмірден күдер үзген. Осындай көріне келген ажалдан, азаптан құтылармыз деп кім ойлаған?!

Бір күні лагерьдегі мұсылман халықтарына, әсіресе Орта

Азия мен Қазақстаннан шыққандарға ерекше комиссия келеді деп жағдайларын жақсарға бастайды. Осы күннен бастап олардың кеудесіне жан кіреді. Сенген үміттері қайта тұтанғандай болады.

Ақыры лагерьге комиссия келеді. Тұтқындарды таң қалдырған нәрсе — оның бастығының қазақ болып шығуы. Ол лагерьдегі мұсылмандарды, түркі тілдестерді көріп, олармен өңгімелесіп, келешекте жағдайларын түзеп, шамасы келгенше аман-есен елдеріне қайтуға мүмкіндік жасайтынын айтады. Сөйтіп мындаған адамдар тікелей ажалдан аман қалған. “Солардың ішінде болып, барлығын көзбен көріп, бастан кешкен біздерміз”, — дейді. Олар — Аждар деген жігіт Қарқаралыдан, Мұқаш, Рәгілдө деген жігіттер Жамбыл облысынан, тағы басқалар болатын. Бұларды жан-тәнімен бар күшін салып, қызғыштай қорғап жүрген Мұстафа Шоқайұлы екен. “Біз ол кісі болмағанда баяғыда құрып кететін едік. Әттең, қайран сабаздың ерте өліп кеткені ғой, әйтпесе біздер бұл күйге түспейтін едік”, — деп бәрі де бірауыздан Мұстафаны мадақтай жөнеледі.

Мен бұған дейін Мұстафа туралы аз білетінмін. Ол туралы сараң жазылған мағлұматтар ғана қолыма тиетін. Сонда оны Кеңес өкіметінің қас жауы етіп көрсететін.

Бұдан басқа мардымды ештеңе жазбайтын. Шындығына келгенде дүниеге сирек келетін ұлы тұлғалардың бірі екен. Туған елі, туған жері үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, бүкіл Түркістан көлемінде тұратын халықтардың тәуелсіз мемлекет болуын армандаған. Қол астындағы барша ұсақ ұлттарды құлдыққа айналдырып, ұлы империяға тәуелді етіп отырған Кеңес өкіметі мен коммунистік партияның түп мақсатын айқын біліп, олардың билік құра бастаған алғашқы күндерінен-ақ қарсы шығып, қас жауы болғаны рас. Оның шетелге кетуі амалсыздықтан туған. Егер ол мұнда қалып қойса, не атылып, не айдалып кетуі анық еді. Өзінің негізгі мақсаты туралы ештеңе істей алмас та еді, ештеңе айта алмас та еді.

Шет елдерде жүріп НКВД жендеттерінің тіміскілеп, қыр соңынан қалмауына қарамай “Жаңа Түркістан”, “Жас Түркістан” сияқты журналдар шығарып, Түркістан халықтарының бастарынан кешіріп отырған адам төзбес

ауыр халдерін айқын көрсетіп жазуының өзі ерлік. Большевиктердің бұрынғы патша үкіметі тұсындағы езілген халықтарды азат етеміз, теңдікке жеткіземіз деген ұранының күр жалған саясат екендігін әшкерелеп, әлемге паи етіп отырған.

Меніңше, Мұстафаны көзімен көргендердің айтуынша және кейіннен билген деректеріме қарағанда, ол Түркістан халықтарының азаттығы үшін жан аямай күрескен арыс-тандай азамат.

Кейбір саясаткерсымақтар оны елін сатқан опасыз, әуелі ағылшындармен, кейіннен неміс фашистерімен ынтымақтас болып, Отанына қарсы, яғни Кеңестер Одағына қарсы шықты деп айып тағады. Мұстафаның нақты осылай істеуі заңды әрекет. Оның негізгі мақсаты — Қызыл империяның тепкісінде жатқан бас бостандығы жоқ, өз байлығына өзі ие бола алмаған, тек Мәскеудің жұмса — жұдырығында, ашса — алақанында отырған түркістандықтарды азат ету болды. Осы ұлы арманға жету үшін оның негізгі қас жауының дұшпандарымен ынтымақтасуы — бірден-бір дұрыс жол. Коммунистік партия, Қызыл империя Түркістан халықтарының ғана қас жауы емес, бүкіл дүниежүзі халықтарының қас жауы болды. Мұны болған тарихи оқиғалар дәлелдеп берді. Ендеше бар әлемге зұлмат бұлтын төндіріп тұрған мемлекет кімнің күшімен болса да талқандалуы керек еді. Онсыз басы бұғауға түскен халықтар еркіндік ала алмайтындығын жақсы білетін. Оның Отаны — Түркістан. Мүстекең оны жан-тәнімен сүйіп, оның азаттығы үшін өмір бойы күресіп, оның өз алдына тәуелсіз ел болуын, оны мекендеген халықтардың достығын, бірлесіп өмір сүруін армандап кеткен адам.

Мен Мұстафа Шоқайұлы туралы әңгімені лагерьдегі Түркістан легионында болғаны үшін сотталғандарды ұлтына карамай, өзбек, қырғыз, түркімен демеі іздеп жүріп тауып алып, құмарта тыңдайтынмын. Өйткені бәріміз бір баракта емеспіз. Барак та көп, адам да көп. Маған керекті адамдар солардың арасында бір-екіден бөлініп, тарап кеткен. Тауып алғаннан кейін де олардың ауыр жұмыстан кейінгі көңіл күйіне қараймын. Жақсы отырса ғана біртіндеп әңгімеге тартамын. Сонда сөйлесіп, әңгімелескен адамдардың бәрі де бірауыздан Мұстафаны мақтай ала жөнеледі.

Әттең, ол мезгілсіз, өлу себебі де жұмбақ болып дүниеден көшкен. “Шіркін, осындай білімді, данышпан азаматтың арманына жете алмай кетуі қандай өкінішті!” — деп өкінетін едім мен сонда. Ел ішінен кездейсоқ сотталып келгендермен салыстырғанда мыналар өмірдің жақсы, жаманын толық айыра білетін, ой-өрістері кең, біздер алданып жүрген коммунистік ақпарлардың көбісінің жалған екенін өз көзімен көргендер. Бұлардың ішінде дүниенің біраз жерін аралағандар да кездесетін еді. Олар өздері көрген елдермен Кеңес өкіметін салыстыра келіп, біздің елдің мәдениет саласынан да, тұрмыс жағдайынан да әлдеқайда төменгі сатыда тұрғанын айтатын. Сөйтіп олар мен үшін көп жаңалық ашып берді. Біртіндеп лагерьдегі жағдайымыз да түзеле бастады. Бұрын біздерге сыртпен ешқандай қатынас жасатпайтын болса, енді туған-туысқандармен, әйелдерімізбен жолығуға мүмкіндік жасады. Жамбыл облысы, Мерке ауданынан Рәтілдә Мәтейұлы деген жігіттің әйелі Сымбат ең алдымен күйеуін іздеп келді. Алыстан келген адамдарға барып, амандасып шығуға да рұқсат беретін. Осыны пайдаланып, ешбір қиыншылыққа қарамай алыстан арып-ашып келген Сымбат аруға өте риза болып, рахмет айтып шықтық. Мұны көргенде менің ойыма қазақ қыздарының өткен өмірде жасаған ерлік істері орала берді. Олар елін, жерін ерлермен қатар жүріп басқыншы жаулардан қорғай білген Гауһар қыз (Майсара), қолына желекті найза алып қол бастаған Бопайлар еді. Қан майданда қолына қару алып, асқан ерлік көрсеткен Әлия мен Мәншүктер өз алдына бөлек тұлғалар. Бұлардың есімдері — бүкіл елге әйгілі болып, аттары аңызға айналған.

Сонау қия шеттен қазақ әйелдеріне тән өзінің сүйген жарына деген кіршіксіз махаббатын көрсетіп, жұрттың көбісінен бұрын іздеп келуін Сымбаттың асқан ерлігі деп есептедім. Өзі ұжымшарда (колхозда) ауыр жұмыс атқарады екен. Оның үстіне күйеуінің шешесі — ауру, көрі енесі мен жас балаларын да асырап, бағатын көрінеді. Бір үйлі жанды асырайтын бір өзі. Жол шығынын тауып алу да оңай емес. Ол кезде Омбы қаласына келетін төте теміржол жоқ. Жамбыл — Меркеден шығатын арнайы жолаушылар поезы да жоқ. Мойынты — Шу теміржолы әлі салынып бітпеген. Мұнда келу үшін Семей, Новосибирск арқылы бүкіл

Сібірді аралап, зорға жеткен. Ол ауыр бейнет көріп келсе де күйеуін аман көргеніне разы. Тіпті құлнырып гүл жайнайды. Басына қандай қиыншылық кездесе де қайыспай қарсы тұра алатын адам. Мен ол кезде бойдақ болатынымын. Мына әйелдің істеген ісіне сүйсінгенім сондай, келешекте менің де әйелім осындай бөлсе ғой деп армандаған едім. Бұл қуғын-сүргінге ұшырағандарға қолданылып жүрген каталдықтың мұзы жібіген 1955 жыл еді.

Кейін білсем, кейбір қазақ әйелдері 1937—38 жылдардағы сүргінге ұшырап қайтып келмес жерлерге (Колыма, Сібір тайгасының түкпірлері, Воркута т.б.) кеткен күйеулерінің сонынан іздеп барып, жолықтырмаса да сол маңайда болған. Жұмысқа да орналасқан. Жұмыс табылмаса, біреулердің шаруасына көмектесіп малай да болған. Сөйтіп өз бастарынан адам төзбес ауырлықты кеше жүріп, тұтқында күйзеліп жүрген күйеулеріне рухани да, азықтай да көмек көрсеткен. Олардың тұтқындалу мерзімі біткенге дейін сол маңайда болып, ақыры оларды өлімнен аман алып қалған. Осы жолда тапқырлық та көрсете білген. Қазақ әйелдерінің осындай жанқиярлық ерлік істерін, қосылған жан жарларына шексіз адалдығын естігенде жаным сүйсінетін еді. Әттең, солар туралы жазылған бірде-бір шығарма кездестірмегеніме өкінемін. Білгендер жазса, қандай тамаша.

БҮРКІТТІҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ

Менен бөлініп кеткен Бүркіт өз басынан өткерген лагерь жағдайын былайша баяндайды:

“Бізді вагонзакқа тиіп алып, этаппен бір жерге алып келді. Бірнеше күн бойы жол үстінде болғанбыз. Бірақ біз қай жерден шығып, қай жаққа бара жатқанымызды білмейтін едік. Бізге оны ешкім де айтпайды. Айтатындары: “Не положено!”. Тек қана станция басына алып келе жатқанда күннің жаз екенін байқағанбыз. Бір күні бір жерге келгенде, поезд тоқтай қалды.

— Шығындар! — деді конвой солдат вагонзактың (тұтқындар отырған вагонның) есігін ашып тастап. Бір вагонда отырған елу-алпыс адам вагоннан ептеп, сүйретіліп түсе бастадық. Шапшаң қимылға шама жоқ. Бәріміз де

әбден шаршап-шалдығып, арып-қалжыраған адамдармыз. Бір кезде:

— Вагон-вагон бойынша сапқа тұрындар! — деді конвой бастығы. Біз берілген әмір бойынша сапқа тұрдық. Конвойдың басшысы тұтқындарды санап шықты. Бір этаппен (айдаумен) келген тұтқындардың саны алты жүзден асты.

— Кеттік! — деді бастық алға қарай қолын сілтеп. Біз қозғала бастадық. Тұтқындар көшінің (колоннасының) басында автоматтарын айқара асынған үш солдат, екі бүйірімізден бес-бестен он солдат, ал соңымыздан пулемет сүйреткен бес солдат келеді. Иттерін жетектеген үш-төрт солдат тағы бар. Қаракұрымдай қаптап, ілбіп, жылжып келеміз.

Бұл таң алды еді. Біздің колоннамыз вокзалдың алдынан өте бергенде, оның маңдайшасындағы “Жезқазған” деген жазуды көзім шалып қалды. Бүйрегім бұлк сте түсті. “Бұл қай Жезқазған?!”. Мен білетін Жезқазған біреу-ақ еді ғой. Ол Қарағанды облысының бағыс бөлігіне орналасқан, Қарсақбай, Ұлытаудың маңындағы қала. Біздің түсінігімізше, ол — мыс қаласы, бақыт ордасы. Бұған дейін бұл қала жөнінде басқа түсінігім болмайтын. Қайдан болсын! Сол, Жезқазғанда каншама партия, совет қызметкерлері, даңқты ғалымдар, атақты ақын-жазушылар болып қайтты. Бірақ солардың бірде-бірі Жезқазғанның тек кен ордасы, мыс қаласы ғана емес, сонымен бірге оның азап ордасы, тозақ оты екенін айтқан да, жазған да жоқ. Өзіме-өзім сенбедім. Бірақ жер бетінде одан басқа “Жезқазған” аталатын қала жоқ. Демек, мені өз жеріме, өз еліме қарай алып келе жатыр. Менің туған ауылым, ауданым осы жерден алыс емес, “Әлде мені ауылымның тұсына алып келіп, босатып жіберейін деді ме?” деген орынсыз арман, құрғақ қиял, ойыма орала кеткені... “Үміт оты өлгенде ғана сөнеді” деген осы екен-ау! Осы кезде конвойдың:

— Шапшаң жүріңдер! Созылмандар! — деген өктем үні менің тәтті қиялымды қиып жіберді.

Қаптаған қалың тұтқынды бір үлкен қақпаның алдына әкеліп тіреді. Бұл еңбекпен түзеу лагерінің зонасы екен. Ол айналасы атшаптырым, төрт бұрышты биік, сұрғылт дуалдан (кабырғадан) тұрады. Қабырғалардың биіктігі

екі-үш метрдей, кісінің бойы да, қолы да жетпейді. Оның төрт бұрышында иықтарына винтовка ілген төрт карауыл-күзетші солдат тұр. Дуалдың үстінен темір сымдары тартылған. Жұрттың айтуынша, ол сымдардың бойымен электр тоқтары жіберілген. Оған жанасқан адам жанып кетеді.

Конвой бастығы аға лейтенант бізді қасапқа өткізген мал тәрізді хаттап, шоттап, лагерь басшыларына өткізді. Ол бір қағазға қол қойып жатып, “Бүгін 1951 жылдың 22 сентябрі” деген сөзді, өзі де байқамай қалды ма, қайдам, өйтеуір қаттырақ айтып қалды. Мұны құлағым шалып қалған мен: тұрған жеріміз — Жезқазған, ал уақыттың — 1951 жылдың 22 сентябрі екенін көңілге түйін қалдым. Адам қандай жағдайда болмасын кеңістік пен уақытты білгісі келеді ғой. Оның хайуаннан басты айырмасының бірі — осы.

Қақпадан санап өткізіп, зонаның ішіне кіргізгеннен кейін бізді барак-баракқа бөліп орналастырды. Колхоздың сиыр қорасындай қатар-қатар ұзынша салынған барактарда екі секция (бөлме) болады. Әр секцияға екі жүз-екі жүз елудей адам сияды. Сонда бір баракқа бес жүздей кісі орналасуы керек. Лагерь надзирательдері бізді бір баракқа әкеп кіргізді де, есікті тарс жауып, өздері кетіп қалды. Маған екі қабат нардың жоғары қатарынан бір орын тиді. Лагерьде нардың төменгі қабатынан орын алудың өзі бір бақытқа саналады. Жоғары шығып, төмен түсіп жүрмейсің. Әйтеуір аяғың жерге жақын жатады. Бірақ нардың бірінші қабатын көбінесе бойшаң, денелі, күшті адамдар алып қояды да, біз сияқты әлсіз, аласа адамдарға вагонның да, барактың да ең қолайсыз жері — екінші қабаты тиеді.

Біз жатқан барактың атын “Карантин” дейді екен. Онда жиырма шақты күн болып, “ауру-сырқауымыздан” айығып, кейін жалпы баракқа ауысады екенбіз. Ешқайда шықпайсың. Есігіміз күндіз-түні құлыптаулы. Тәулігіне надзиратель екі рет келіп, есікті ашып, тамақтандырып кетеді. Айтпақшы, дәретханамыз да (туалет) соның ішінде. Ол “параша” деп аталатын үлкен күбі (бөшке). Күндіз-түні соған дәретке отырамыз да, иісі шығып кетпес үшін қақпақпен бетін жауып қоямыз. Тек надзиратель келіп, есікті ашқанда ғана оны сыртқа (зонаның ішіндегі жалпы дәретханаға) апарып төгіп келеміз.

Бірде барактың есігі ашылып, надзиратель кірді. “Асханаға барып, тамақ алып келуге бес адам шығындар!” — деді. Бес жүз адамның ішінен ширақтау бесеуі бөлініп шықты. Олардың ішінде жөн білетін тіл білегін орыстар, украиндар, татарлар бар. Ал Орта Азия, Кавказ, әсіресе Балтық бойы елдерінің өкілдері үндемей отыра бердік. Өйткені біз басқалардай жөнге де, тіпте де жетік емеспіз. Бір кезде қапқа салған, шүберекке ораған тамақтарын алып, олар да келді. Үлкен кастрюльге құйып алған көже мен ботқалары тағы бар. Әкелінген тамақты сол кісілер мискаға құйып, тәрелкеге салып, нандарды кесіп, әркімдерге бөліп беріп жатыр. Тұтқындар қауқандап, тамақтана бастады. Осы кезде асханаға барып, тамақты алысып келген татар жігіті Мұқамал Әшірқаев:

— Жігіттер, біздерді қайда алып келгенін білесіздер ме? — деді. Көпшілігі “Жоқ” деп жауап берді. Сол кезде ол:

— Біз Қазақстанның Жезқазған деген қаласына келіппіз. Осында “Степлаг” деген спецлаг бар екен. Бізді сонда алып келіпті. Мұны маған асханада істейтін тұтқын-аспаздар айтты, — деді. Бұл көптеген тұтқындар үшін үлкен жаңалық болды. Өйткені бұған дейін “Магадан”, “Колыма”, “Соловка”, “Амурлаг”, “Сиблаг”, “Ураллаг”, “Воркута”, “Қиыр Шығыс”, “Океанлаг” тіпті “Карлаг” дегендерді естігені бар еді, ал “Степлаг” дегенді бірінші рет естіп отыр.

— Бірте-бірте бүкіл Совет елі тұтас бір үлкен лагерьге айналатын шығар. Сонда оны не деп атар екен? — деді бірі. Сонда бұрышта отырған біреу: “Совлаг!” дегені. Бұған жұрт ду күлді. Түрмеде отырып та күлуге болады екен. Біреулер айтушы еді: “Адамдар тозақта отырса да бір-біріне от шашып ойнайды” деп. Сол рас екен.

Иә, сонымен біз Жезқазған жеріндегі “Степлаг” (“Далалық лагерь”) деп аталатын саяси тұтқындарға арналып әдейі (арнайы) жасалған лагерьге келіппіз. Жезқазған жерінде кен байлығы көп. Соларды тезірек қазып алып кету керек. Сондықтан бұл жерде 1930 жылдардың басынан бастап-ақ кен орындары ашылып, оған жұмысқа жергілікті халықтың өкілдерін тарта бастаған болатын. Бірақ 1930 жылдардың ортасынан бастап, жергілікті тұрғындардың жұмыс күшін азырқанын, Қарағанды лагеріне өзінің жаза

мерзімін өтеп жүрген тұтқындарды да әкеп орналастырған еді. Олар көбінесе Байқоңыр, Қарсақбай, Жезқазған маңындағы кен орындарында істейтін. Ол кезде Жезқазған жеріндегі лагпункттер “Карлагқа” қарайтын.

Ал Ұлы Отан соғысы аяқталысымен Қарағанды лагеріне әкелінген тұтқындар саны бұрынғысынан әлдеқайда көбейіп кетеді. Мұның өзі лагерьді басқару ісіне үлкен қиындық туғызады. Сондықтан СССР Ішкі істер министрлігі (НКВД) 1948 жылдан бастап, Жезқазған жеріндегі лагпункттерден өз алдына жеке бір басқарма жасап, оны “Степлаг” деп атайды. Лагерь басқармасы қазіргі Жезқазған қаласының жанындағы белгісіздеу елдімекен “Кеңгір” деген жерге орналасқан (басқарма бастығы – полковник Чечев, орынбасары – Беляев). Ал бұл басқарманың Байқоңыр, Қарсақбай, Жезді, Қорғасын, Новорудный, Марганец, Жезқазған (қаласы), Жезқазған (руднигі), Никольскіде, көптеген лагбөлімдері мен лагпункттері болған. Тіпті “Степлагтың” бір шеті сонау Екібастұз бен Балқашқа дейін созылған. Сөйтіп, мұның өзі терригориясы мен тұрғындарының саны жағынан “Карлагтан” да асып түскен. Толық емес мәліметтерге қарағанда, 1950 жылдардың басында “Степлаптағы” тұтқындар саны 80 мың болған, оның 20 мыңы – әйелдер. Сонда бұл лагерьде 80 мың әйелдің әкесі, жары, баласы немесе бауыры, ал 20 мың еркектің анасы, әйелі, қызы немесе қарындасы отыр деген сөз. Ал осылардың бәрін қоссаң, қайғы-қасірет шеккен адамдардың саны қанша болар еді?

Егер “Карлаг” патшалық Россия тұсындағы еңбек колониялары жобасымен жасалса “Степлаг” фашистік Германияның концлагерьлері үлгісінде салынған. Солдай-ақ “Карлаг” негізінен ауылшаруашылығы лагері болып, оның тұтқындары бау-бақша өсіру, егін салу, шөп шабу, мал бағу сияқты ауылшаруашылық жұмыстарымен айналысқан. Мұндай жағдайда “Карлаг” тұтқындарының ашық аспанды көруіне, кең даланы басуына, газа ауаны жұтуына, бір-бірімен кездесіп, сөйлесуіне, тіпті сол маңайдағы жергілікті халықпен араласып, кездесіп жүрулеріне мүмкіндіктері болған. Өйткені ауылшаруашылығында, әр жерде тарап-тарап жұмыс істеп жүрген тұтқындарды бір жерге иіріп қойып, конвоймен айдап жүріп жұмыс істету мүмкін емес

еді. Және әр тұтқынның соңына бір-бір солдаттан салып қою да қиын. Сондықтан “Карлаг” тұтқындары көбінесе конвойсыз, еркінрек жүрді.

Ал “Степлагтағы” жағдай мүлде бөлек болды. Өйткені ол ауылшаруашылығы лагері емес, ауыр өнеркәсіп (ауыр индустрия) лагері. Демек, оның тұтқындары тек шахталар мен рудниктерде, әрі кетсе ашық карьерлер мен құрылыстарда ғана жұмыс істеді. Мұндай жағдайда тұтқындарды конвоймен топ-тобымен айдап анарып, шахтаның астына немесе құрылысқа салып жіберуден оңай нәрсе жоқ. Онда олар күнді де көрмейді, таза ауа да жұтпайды, далаға да шықпайды. Ешкіммен араласпайды. Демек, нағыз тозақ отының өзі. Оның үстіне “Степлаг” саяси тұтқындарға арнап жасалған арнайы (спец.) лагерь. Лагерь басшыларының өздері бұл лагерьді көбінесе “Особлагерь” немесе “Спецлаг” деп атайды. Бұған көбінесе 58-статьялармен сотталған адамдарды алып келеді. Олардың статьялары да ауыр, жаза мерзімі де ұзақ: 10 жылдан 25 жылға дейін. Ал онда отырған адамдар кімдер десеңізші! 1931, 1935, 1937, 1938 жылдары жауапқа тартылған көрнекті партия, совет қызметкерлері, ғылым, мәдениет, әдебиет қайраткерлері, тіпті Менжинскийді өлтірді. Кировқа қастандық жасады, Горькийді улады, троцкийшіл-бухариншіл, ұлтшыл, байшыл, буржуазияшыл, космополит болды деп айыпталғандар да жүр. Өлардың көпшілігі бір жаза мерзімін өтеп келіп, 1947—48 жылдарға екінші рет сотталғандар.

Бірақ тұтқындардың басым көпшілігі Ұлы Отан соғысы жылдары түрліше себептермен жау қолына түсіп, жатқа қызмет еткендер немесе нақақтан-нақақ, жазықсыз жапа шеккендер. Бәрі де өзіміздің және немістердің тозақ оттарынан бастарынан кешіріп, өмір өткелдерінен өткендер. Бұлардың ішіндегі ең жасы, ең жасығы мен шығармын. Өйткені олардың көпшілігі өмір университетінен өткендер, ал мен болсам, тек Қазақ мемлекеттік университетін ғана бітіріп келіп отырмын. Ал бұл университет берген білімнің бұл жерде керегі болмай қалды. Тіпті әскерде, майданда жүріп алған аздаған өмір тәжірибем де іске аспады. Өйткені тұтқындардың өз тілімен айтқанда, бұл жердің “заңы — Тайга, прокуроры — Аю”.

Демек, жоғарыда айтылған “ығай мен сығайларды”, екінші сөзбен айтқанда, “аса қауіпті халық жауларын”, “оңасыз-сатқындарды” ең қатал тәртіппен (строгий режимде) ұстау керек. Фашистік Германияның концлагерлері сияқты мұнда да әр тұтқынға арнайы шифр (өріп), нөмір (сан) қолданылады. Мұнда да тұтқындар өз аты-жөнімен аталмай, шифрмен, цифрмен аталады. Мұның өзі лагерьде кімдердің жүргенін сыртқы адам білмесін деген ойдан туса керек. Бастықтарға байқамай аты-жөнінді ағай қалсаң, қатты жазаға ұшырайсың. Бір кезде патша өкіметі де көне қазақ ауылдарының аттарын тізімнен, картадан мүлде өшіртіп тастатып, а1, №3, №5, №10 ауыл деп атайтын еді. Мәселен, 1870—1920 жылдарда туылған қазақтардың қай ауылда туғанын қазір біле бермейміз. Өйткені олардың құжаттарында ауылдарының аты жазылмай, нөмірі ғана жазылған ғой. Бұрын туған ауылының атын өзгертіп, ұмыттырғысы келсе, енді өз аты-жөнінді ұмыттырмақ ойы бар.

“Степлагтың” бұрынғы тұтқыны, белгілі совет акыны Рубь Тамарина ол жөнінде былай деп жазады: “Степлаг” — біз келгенде (1948 жылы) өте қарапайым, кәдімгі лагерь еді, кейін “дамытылды”, тіпті пулеметтер қойылды, жұмысшы бригадаларын күзететін арнайы иттер әкелінді. Арқаңа үлкен етіп өз нөмірінді жазып қоятын болды, сол жақ тізене де нөмір, жеңіңе де нөмір, ерлердің бас киіміне де нөмір қадалды. Ол алыстан айқын көрінетіндей болып, ақ матаға қара сырмен жазылады. Мұндайда тұтқынның қашуына ешқандай мүмкіндік жоқ екені айдан анық. Ендігі жерде өз аты-жөнімізді өзіміз де ұмыта бастадық. Күзетшілер де, басшылар да тек нөміріңмен шақырады. Еркін түгіл, есімің де жоқ, нөмірлі адам болып шыға келдік” (1989, №4).

Мен нардың екінші қабатында жатып, зонаның ішіне (аулаға) көз тігемін. Жан-жағымыз толған барак, анадай жерде асхана тұр. Оның асхана екенін жазда төбесінен шығып жатқан түтіннен, маңайындағы төгілген үйіндіден (күресінен) білдім. Онда үйілген күл, төгілген жуынды (сорпа суын), томпиып-томпиып жатқан шіріген картоп, балықтың бастары көрінеді. Әр жерде пылымның тұқылдары шашылып жатыр. Бір кезде сол үйіндінің жанына бір-екі адам келді. Өздері өте арық, бойлары сырықтай, қатты жел сокса, ұшып кетейін деп тұр. Олардың біреуі күресінде

шапшылып жатқан әлгі шіріген картоп пен балықтың бастарын теріп алып, аузына салып шайнайды, ал екіншісі шылымның қалдықтарын жиып алып, ерніне тигізіп, сорады. Кейін білсем, бұл арық-тұрақтарды лагерь тілінде “доходяга” (“көгерем”) деп атайды екен. Ал шылымның қалдықтарын “оурук” (“бычок”) дейді. Бұл – тұтқындардың жаргоны.

Мына “доходягаларды” көргенде денем тітіркеп кетті. “Бір-екі жылдан кейін біз де осы халге жетеміз ғой” деген ой келді. Кейін білсем, бұлар жантүршігерлік азапты өмір мен ауыр еңбектің салдарынан осындай халге жеткен екен. “Ат арыса – тулақ, ер арыса – аруақ болады” деген міне осы. Бір кезде еркіндікте гүл-гүл жайнап, күліп-ойнап, еркін еңбек етіп жүрген қайран азаматтар-ай! Қатал заң мен қатыгез тәртіп сендерді қандай халге жеткізген! Лагнет саған, қатал заң мен оны жазған қатал адам!

Карантин мерзімі біткеннен кейін бізді жалпы баракқа шығарды. Карантиннің қамауынан босанып, жалпы баракқа ауысуымыздың өзі біз үшін бір қуаныш болды. Өйткені, алда не күтіп тұрғанын білмейсің ғой. Ылғи темір тордың ішінде отыра-отыра әбден жалықтық. Енді қандай болса да жарық дүниені бір көргіміз келеді. Барактарда бұрыннан жатқан тұтқындарға кездестік. Олар да біздерді “қуанышпен” қарсы алып жатыр. Әрқайсысы “Қай жерденсің?”, “Не үшін сотталдың?”, “Қанша берді?” деген сұрақтарлы бірінен соң бірі қардай боратады. Бірақ олар еш нәрсеге таңданбайды. Олардың ойынша бәрі де заңды, бәрі де солай болуға тиіс. Өйткені заңсыздық, бассыздық және қатыгездік жайлаған жерде жағдай осылай болмақ.

Ендігі сұрайтындары “сендер еркіндіктен енді ғана келдіңдер ғой. Кәне, сыртта не болып, не қойып жатыр? Енді соны айтыңдаршы!” дейді. Біз көрген-білгендеріміздің бірін қалдырмай айтып жатырмыз. Олар да өз бастарынан кешірген аянышты ауыр халдерін айтумен болды. Менің сондағы жаңа таныстарымның ішінде өзбек жазушылары Саид Ахмед, Махмуд Мұрадов, Әбдірахман Рахимов, қырғыз ғалымы Тазабек Саманшин, партия қызметкерлері Тұрұмов, Жора Әлиев, қазақтардан бұрын екі рет нарком, екі рет обком секретары болған Шеген Құдаманов, инженер-металлург Халық Жұмабаев, мұғалімдер Үсен Қошалақов,

Хамза Үдербаев, Талғат Ниязов, Сейітқасым Елшібеков, Қайпен Бейсов, Қапан Рақышев, Мәжит Жақсылықов, Қали Ниязбаев, Ихсан Көшкінов (белгілі революционер Ыдырыс Көшкіновтың інісі), Жақып Жұмаділов, Қызылбай Оспанов, Серік Төлепбеков, Қарақалпақстаннан Үсен Бегімов (атақты жазушы Асан Бегімовтың інісі), Жұмабек Есімов, Қалыр Жұманиязов, Мәулен Мұратов, түркмендер Құлнияз Тагангелдиев, Анна Аннакулиев, тәжік Атаханов, ұйғыр Сауыт Палтушев, Мұхаммед Әли, татарлардан Мұқамал Әшірқаев, Жәмил, Нұрлы, башқұрттардан Байтуллин, Янчурин т.б. болды. Бұлардың Совет өкіметі алдында қаншалықты кінәлі екенін білмеймін, бірақ адам ретінде, азамат ретінде өте жақсы кісілер еді. Бұлардың көпшілігі еркіндікте жүргенде едәуір жауапты жұмыстар атқарған, одан герман фашизмінің, кейін өзіміздің концлагерьлерімізден иілмей, бүгілмей, оттан-судан аман-есен өткендер еді. Егер еркіндікте жүрген әрқайсысы бір ауылды, тіпті бір ауданды басқарып кететін адамдар еді.

Біз бараққа келгеннен кейін бізді өндірістік бригадаларға бөлді. Үйден киіп келген киімдерімізді сыпырып алып, лагерь киімдерін берді. Олардың арқасында, кеудесінде, тізесінде, жеңінде түрліше цифрлар мен нөмірлер жазылған. Маған “СЕЕ-660” деген нөмір жазылған киім тиді. Бұл цифрлар мен нөмірлердің қандай мәні мен мағынасы бар екенін білмеймін. Бірақ өзім жұртқа әзілдеп: “Бұл — №660 — Социалистік Еңбек Ері” деген сөз деп түсіндіріп қоямын. Олар бұған мәз болып, күлісіп алады. Ал тілі қыршаңқылау біреуі: “Көрерміз әлі, қандай Еңбек Ері болғаныңды!” деп те қояды.

Жұрттың айтуына қарағанда, мұнда жұмыс күнінің ұзақтығы — 10 сағат, жазғы күндерде 12 сағатқа дейін созылады. Тәулігіне екі-ақ рет тамақтандырады. Таңғы сағат алтыда және күндізгі сағат төртте. Тамағының түрлері — шіріген картоп пен қапустадан дайындалған сұйық суи (көже), тұтқындардың өзі бұл тамақты “баланда” деп атайды екен. Сонсоң арпа мен сұлыдан жасалған каша (ботка), 400 грамм қарабидай наны. Оны қолынмен қыссаң, жартысы су болып шығады. Тойып ішуге де болмайды, өлуге де мүмкіндік бермейді. Қалт-құлт етіп жүруге ғана жарайды. Сондай-ақ жылына екі-ақ рет хат жазуға рұқсат етеді. Ал

кейбіреулердің сыртқы дүниемен хат жазып, хабарласып тұруға правосы жоқ. Оларға сот үкімі бойынша хат алысып тұруға тыйым салынған. Бір жақсы жері — лагпунктте кітапхана бар екен. Тамақтан не жұмыстан келе жатқанда, жолшыбай кіріп шығып, оқуға кітап алып кетуге болатын гөрізді. Әрине, жұмыстан кейінгі ендігі ермегің — кітап оқу болмағанда, не болмақ. Оған да шүкіршілік, өйгеуір бір алданыш бар. Ал сол кітаптар болмаса, уайым мен қайғыдан әбден миым анып, басым айналып, өліп қалар ма едім?

Лагерьдегі алғашқы күнім түнгі сменаға тап келді. Таңғы сағат төртте надзиратель келіп, барактың есігін ашып, шырт ұйқыда жатқан тұтқындарды “Подъем” деп, айқай салып оятады, орнынан уақытында тұра қоймағандарды қолындағы резинка шокпармен салып-салып жібереді. Орнынан ара шаққандай, атып тұрасың. Сонсоң төсегінді жинап, беті-қолынды шайып, тамақтанғанша екі сағат өтеді. Өйткені дәрет алатын, жуынатын, тамақтанатын жерлердің барлығында да кісі көп, кезек күтіп, көп тұрып қаласың. Осындайда кезек күтпей-ақ, еркін жуынып, тамақтанып, тіпті еркін барып дәретке отырғанның өзі алыстағы асыл армандай көрінеді.

Таңғы сағат алтыда бригада-бригада болып, қақпа алдына келеміз. Онда бізді қайта-қайта тінтіп, қайта-қайта санап, лагпункт басшылары конвой қызметінің бастықтарына өткізеді. Баяғы солдаттар, баяғы пулемет, баяғы иттердің қоршауымен жұмыс басына қарай айдайды. Бір сағат немесе екі сағат жүріп, жұмыс басына келеміз. Мұнда бізді бір конвой екінші конвойға тағы да санап өткізеді. Мұнда да тінту, бақылаудан өтеміз. Бұл да біраз уақыт алады. Объектіге (жұмыс орнына) барған соң, бригада-бригада болып, жұмысқа кірісеміз. Әр 25-30 адамға бір бригадир болады. Тұтқындар бұл бригадирлерді иттің етінен жек көреді. Тіпті лагерьдің әр жерінен: “Бригадирлер мен сексоттар (салшаң құлақтар) — тұтқындардың ең қас жауы” деген жазуларлы оқисың. Кейде оларды тұтқындардың өздері де өлтіріп жатады. Бірақ соған қарамастан, бригадир болғысы, тіпті сексот болғысы келетіндер ол жақтан да табылып жатады. Осыған қарағанда, мансап, атақ, баққұмарлық, жалпы жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық дегендер жұмақ пен тозаққа барсаң да, артыңнан қалмай, бірге ілесіп бара ма деп қорқамын.

Менің алғашқы жұмыс күнім “ашық карьерден” басталды. Мезгіл түн болатын. Карьердің ішіне (түбіне) түстік. Карьерге электр шамдары қойылған. Айналаны қоршаған күзетші солдаттар. Карл деген кісімен екеуімізге бір вагонетка тиді. Вагонетканың сыйымдылығы — жарты тонна. Соны аяғымыздың астында шашылып жатқан рудаға толтырып, люктің басына итеріп алып барамыз. Онда руданы люкке төгіп, оны қайта өз жұмыс орнымызға алып келеміз. Сонсоң оны тағы да рудаға толтыра бастаймыз.

Карлдың ұлты неміс екен. 1945 жылға дейін Берлинде тұрыпты. Ғылыми орталықта қызмет етіпті. Өзі — профессор, мамандығы атомшы-физик. Атом қаруын жасау жұмысымен айналысыпты. Өзінің айтуынша, 1945 жылы, соғыс біткеннің ертеңгі күні үйіне екі-үш орыс солдаты келіп, оны айдап өкетіпті. Содан Москваға, одан Дубноға әкелген. Мұнда советтің атомшы-физиктерімен бірге қызмет істеген. Бес жыл бойы оның бойындағы қуатын, қабілеті мен білімін “сығып” алып, өзін 58-10 статьяның (“Совет өкіметіне қарсы үгіт және насихат”) 1-тармағымен айыптап, он жылға соттап жіберген, содан осы Жезқазғанға әкеп, кара жұмысқа салып қойыпты.

— Біз — ғалымдармыз, ал ғалымдар — әлем азаматы. Біз неміске де, орысқа да қызмет еттік. Тек біз өз еңбегіміздің бейбітшілік пен халық игілігіне жұмсалатынын тілейміз... Бірақ үкімет басшылары оны соғыс мақсатына пайдаланып кетеді. Осы жағы өкінішті, — дейді ол. Оның осы сөзінен кейін менің ойыма екінші бір Карлдың (Карл Маркстың): “Мен — әлем азаматымын. Қайда барғым келсе, сонда тұрамын” деген сөзі есіме түсті.

Карлдың жасы қырық екіде. Берлинде әйелі мен екі баласы қалыпты. Олармен көптен бері қатынасы жоқ. Ал кара жұмысқа келгенде гажап, оның кимылын көргенде, бұрынғы ой қызметінің адамы, профессор деп ойламайсың, кәдімгі кара жұмысшы тәрізді. Жұмысты опырып істейді. Шаршап, шалдығу дегенді білмейді.

— Мына айлы, тымық түнде, ашық аспан астында жұмыс істегеннің өзі қандай рахат! Мұның өзі жатқан бір романтика ғой! — дейді ол маған қарап қойып. — Мен бес жыл бойы Дубноның тас қараңғы лабораториясында жұмыс істеп, әбден жалығып кеттім. Онда күндіз Күнді,

түнде Айды көрмейсің... Кең дала, ашық аспан, айлы түн. Рахат!

Маған оның бұл сөзі әрі қызық, ері түсініксіз естіледі. Бәрі — дұрыс, бірақ кара жұмысты сағынып қалдым дегені несі?! Алты вагонды толтырғаннан кейін мен шаршап қалдым. Саусақтарым жара болып, алақандарым тесіліп қалды. Бұрын кара жұмыс істеп көрмеген басым шыдай алмадым. Он сегіз жыл не үшін оқыдым! Осы кара жұмыс істемес үшін оқыған тәріздімін. “Қауіп қайдан болса, қатер содан” деген міне осы. Кара жұмыстан қанша қашсам да, ол бәрібір мені қуып жетіп отыр. Осы ойымды профессорға айттым.

— Жалғыз сіз емес, кара жұмысты сүймейтін, одан қашатын, ал қанша тырысса да, ол қолынан желмейтін көптеген совет адамдарын көрдім. Бұл — дұрыс емес. Ол дұрыс тәрбие бермеуден туған нәрсе. Адамды сонау бала күнінен бастап, ең алдымен еңбекке, оның ішінде кара жұмысқа тәрбиелеу керек. Барлық өнімнің, байлықтың көзі — кара жұмыста. Ал оқу, білім, техника, ғылым — бәрі де сол қолмен жасалағын кара жұмысты жеңілдету үшін ғана қажет,— деді ол.

Неміс профессорының бұл сөзінен кейін Ф. Энгельстің “Адамды адам еткен — еңбек” деген атақты сөзі есіме түсті. Ал соны қанша оқыдық, жатқа да білеміз, бірақ өмірде қолданбаймыз. Сонан кейін Ф. Энгельстің ол сөзіне “Адамды адам ететін де еңбек” деген сөзді қосып жазып қойғым келді.

Бір қалт еткенде Карлге: “Карл Фридрихович, Сіз Карл Маркстың іліміне қалай қарайсыз?” — деп қалдым. Ол менің бетіме күдіктене қарады да, иығын бір қиқаң еткізіп:

— Қалай қараушы едім? Карл Маркс өз кезіндегі қоғамның бойындағы дертті дұрыс көрсеткен, бірақ оның емін дәл таппаған. Қоғамды жаңарту, жақсарту үшін тап тартысы, тап күресі, жалшы майдан ашып, қан төгісуден басқа да жолдар болуға тиіс қой. Адамзаттың бір жартысын қырып салып, екінші жартысын бақытты етем деу — абсурд. Оның үстіне Маркстың айтқан қағидаларының көпшілігі қазір ескіріп қалды ғой. Маркс суреттеген қоғам мен ол айтқан пролетариат қазір жоқ. Олар мүлде өзгерген. Қазір мүлде жаңа қоғам, жаңа адам. Сондықтан Маркстың іліміне жаңа түрғыдан, жаңа көзқараспен, тіпті сын көзімен қарау

керек. Мұны кезінде Маркстың өзі де айтып кеткен ғой. “Барлық нәрсеге күдікпен қарау керек” деп. Ендеше, Маркстың ғылымының өзіне де неге сын көзімен, күдікпен қарауға болмайды”, — деді.

Осы кезде менің ойыма “Ахмет Байтұрсынов айтты” деген бір сөз түсті. Бірде Ахаң қоғам, халық ағарту туралы сөз сөйлеп тұрса, бір “марксист”: “Маркс олай деген”, “Маркс былай деген” деп, оның алдын кес-кестей береді. Сонда Ахмет тұрып: “Е, немене, Маркс айтты деп, біз ауыз ашпауымыз керек пе? Онда Адам Ата мен Хауа Ана заңымен өмір сүру керек деушілер де табылар” деген екен. Бұдан отыз жыл бұрын айтқан Аханның сөзі мен неміс профессорының бүгінгі мына сөзі бір жерден шығып отыр. Ойланарлық жай.

Карл екеуміз жұмыс істей жүріп, анда-санда осылай сөйлесіп қоямыз. Бір кезде менің халімнің мүшкіл екенін сезген ол:

— Сіз аздап демалыңыз, қалған норманы өзім-ақ орындаймын, — деді. Мен бір тастың үстіне отырып, демалмақ болдым. Карл вагонетканы тиеп алып, люкке қарай итеріп барады. Осы кезде арқамнан бір нәрсе сарт ете қалды. Арқам удай ашып, орнымнан атып тұрдым. Артыма жалт қарасам, надзиратель екен. Қолында резинка шоқпар.

— Неге отырсың? Жұмыс қайда? — деді зіркілдеп. Мен шаршап қалғанымды, вагонетка келгенше аздап демала тұрғым келгенін айттым. Бірақ түсінетін және оған қарайтын надзиратель бар ма?

— Сені мұнда демалуға жіберген жоқ, жұмыс істеуге жіберді. Енді отырғаныңды көрсем, үстіңнен докладная жазып, лагпункттің бастығына берем. БУР-ға (бригада усиленного режима) жібереді. Жұмыстың көкесін сонда көресің! — деді. Бір мезгілде вагонеткасын итеріп, Карл да келді. Надзирательмен арада болған оқиғаны айттым.

— Онда жұмыс істеген болып, ештеп қимылдай бер, — деді де, өзі вагонетканы тиеуге кірісті. Қолыма қалақты алып, мен де қимылдай бастадым: Вагонетка толған кезде Карлге:

— Мұны мен айдап апарайын, — дедім. Ол оған көңлі. Осылай түнгі ауысымды да аяқтадық. Жұмыс аяғы біткен

соң конвой бізді ашық карьерден айдап шығып, онын жиегіне иіріп қойып, қойдай санап шығып, “түгел” деді де, зонаға айдап әкелді. Бұл таңғы сағат алтының кезі. Қакланың алдында тағы да тінтіп (лагерь тілімен айтқанда “имондап”), бүкіл қойын-қоныш, қалта-тесіктеріңді ақтарып шығып, он-оннан қайта-қайта санап, бір кезде өйтеуір әзер дегенде зонаға кіргізді. Екі сағат бойы жуынып-шайынып, дәрет алып, тамақтанып, таңғы сағат сегіз дегенде шөп пен сабаннан жасалған матрац пен жастыққа әрең дегенде жамбасымыз бен басымыз тиіп, ұйықтап кеттік. Сонда бір төуліктің он екі сағатын жұмыс уақыты алады екен. Күндізгі сағат бір шамасында оянып кеттік. Күндіз қанша ұйықтасаң да, түнгі ұйқыға жетпейді екен. Ұйқымыз қанбай, басымыз зеңгіп, орнымыздан әзер тұрдық. Біз тұрған кезде келесі ауысымға баратындар жұмысқа әзірленіп жатады. Бір кезде менің қасыма Шеген ақсақал келді.

— Жігітім, халің қалай? Алғашқы жұмыс күнің қалай өтті? — деп, менің хал-жағдайымды сұрады. Мен болған оқиғаның бәрін айтып бердім. Бар күшімді салып, адал еңбек етіп, жазамды өтегім келгенін айттым. Ол ойланым тұрды да:

— Адал еңбекпен еркіндіктің өзінде де аман жүре алмағанда, азап еңбекпен лагерьде қалай өмір сүрем деп ойлайсың? Сенің мұндағы құлдық еңбегің бір күні сені кольцнан айырса, екінші күні беліңді бүктіреді, ал үшінші күні аяғыңнан айырады. Сонсоң ауруға шалдығып, қозғала алмай, қатардан шығып қаласың. Ал қозғала алмайтын, еңбекке жарамайтын адам кімге керек? Жағдайың бұлай болған соң, бір күні сені “расходка” жібереді,— деді.

— “Расход” деген не? — дедім мен бұл сөздің түпкі мағынасын түсінбей.

— Ол “атып тастайды” деген сөз. Еңбекке жарамаған адамды қоғам да, адам да, тіпті өз үйің де керек қылмайды. Сондықтан, ең алдымен, денсаулығыңды, бойыңдағы күш-қуатыңды сақтап қалу үшін тырысуың керек. Оның үстіне жаза мерзімің өте ұзақ, 25 жыл! Ал мына қалпыңмен екі-үш жылға шыдайтын түрің жоқ. Ал мен болсам, екінші оңжылдықты орталап қалдым. Бірақ әзір тыңмын,— деді.

— Ол үшін не істеуім керек?

— Жан салып жұмыс істеме. Құлдық еңбекті қайтесің? Күшінді кейінге сақта. Денсаулық пен күш-қуат әрқашан керек болады. Лагерьде: “Жан салып еңбек етсең — өлесің, қашқақтап, кантовать етсең — жүресің” деген жазылмаған заң бар. Соны есіңнен шығарма! — делі. Сонсоң ол маған “кантовать” етудің мәнін түсіндірді.

Сонымен, мен де “кантовать” ете бастадым. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүремін. Бір бригадadan екінші бригадаға, одан үшіншісіне ауысамын. Бір шахтадан екінші шахтаға, одан үшіншісіне өтемін. Бір объектіден екінші объектіге қуыламын. Бір жарым жылдың ішінде қарцерде де отырдым. БУР-да да болдым. Лагерьдің ипаналарынан таяқ та жедім. Әйтеуір көрмеген қорлығым болмады. Ауру мен ажалдан басқаның бәрін басымнан өткердім. Абайдың сөзімен айтқанда: “Өлмей, тірі жүрмін әрең...”

Сөйтіп жүріп кезекті бір қарцерге түстім. Дәл сол кезде “Степлагтың” әскери прокурорының көмекшісі ішкі түрмені аралап жүріп, қарцерде отырған маған тап болды. Мен оған еркіндікте қара жұмыс істеп көрмегенімді, мұндағы ауыр жұмысқа көңдіге алмай жүргенімді айтып, қарцерде босқа “асырағанша” өз қолымнан келетін бір іске орналасуға көмектесуін өтіндім. Ол мені табан астында қарцерден босаттырып жіберді, әрі менің өтінішімді лагпункт басшыларына жеткізіпті. Және менің бұл өтінішімнің орынды әрі заңды да екенін қоса ескертіпті. Сонымен лагпункт бастығы ертеңінде мені №45 шахтаға жіберді. Онда мені Әбдіраман Бөпеев деген кісі өз қарамағына алып, қоймашы етіп қойды. Әрине, насыпшик, бурильщик, скреперист деген жұмыстарға қарағанда, бұл әлдеқайда жеңіл еді. Сөйтіп, ізгі жанды, жақсы адамдардың арқасында заңды түрде өз қолымнан келетін жұмысқа орналастым. Енді менде бригадирдің де, надзирательдің де жұмысы жоқ. Қысылып, қиналып жүрген сол бір қиын күндерде қол ұшын берген помпрокурор Зада Қажыбеков пен учаске бастығы Әбдіраман Бөпеевтің есімдерін осы күнге дейін жылы сезіммен еске аламын.

Сөйтіп жүргенде 1953 жылдың марты туды. Бір күні жұмысқа келсек, шахта басшыларының қабақтары түсіп, көздері ісіп кеткен, ал кейбіреулері (учаске бастығы Ә. Бөпеев, смена бастығы Ш. Мырзатов) кемсеңдеп,

жылайын деп жүр. “Не болды?” дейміз. Бірақ бізге ешқайсысы ештеңе айтпайды. Тек жылай береді. Жасыра-жасыра шыдамы таусылған болу керек, бір кезде Әбекең менің жаныма келіп:

— Бүркітжан-ау, көсемімізден айырылып қалдық қой! — деп еңіреп қоя бергені. Мен:

— Қай көсем! — деймін түсінбей. Ол одан сайын еңіреп:

— Сталин ше? Сталин жолдас қайтыс болды ғой! — дейді тағы да солқылдап жылап. Мен не дерімді білмедім. Оны жұбату да, мұқату да қолымнан келмеді. Үнсіз тұрып қалдым. Сонсоң біраздан соң есімді жиып алып:

— Ленин өлгенде де өлгеніміз жоқ қой. Оның орнына одан бірде-бір кем емес Сталин келді. Енді мұның орнына да дәл сондай бір данышпан келер, — дедім. Әбекең менің жауабыма қанағаттанбай:

— Әй, өзің бір безбүйрек екенсің. Көсем өліп жатқанда, қабырғаң қайыспай, көзіңе бір тамшы жас та алмай тұрсың, — дегені.

Мен ойланып қалдым. Сталиннің өлгеніне менің жылауым керек пе, әлде қуануым керек пе? Жылсам, не үшін жылаймын, 25 жылға бас еркімнен айырып, тірідей тозақ отына тығып қойғаны үшін жылайын ба? Менің мұнымды көрген тұтқын жолдастарым не дейді? Қуансам — не үшін қуанамын? “Алақай, Сталин өлді, енді азаттық аламын!” деп қуанамын ба? Және азаттық аламыз ба, жоқ па — ол жағы өлі белгісіз ғой. Сонсоң кісі өліміне қуанудың өзі де ыңғайсыз ғой.

Осы оймен өзімнен-өзім әуре болып тұрғанда, шахтаның іші шу ете қалсын: “Ура, Сталин өліпті!”, “Жаса, Сталин қайтыс болыпты!”, “Жасасын бостандық!”, “Жасасын азаттық!” деген тұтқындардың даусы шахта ішін жаңғыртып жіберді. Бұлардың көпшілігі Батыс Украина, Прибалтика адамдары еді. Ал біз ортаазиялықтар мен кавказдықтар, аң-таңбыз. Сталиннің өлгені бізге пайдалы ма, әлде зиян ба — мәселенің сол арасын есептеп шығара алмай отырмыз. Мұны көрген Әбекең тағы да қарап отырмай:

— Әй, сендер шын жау екенсіңдер. Үкімет сендерді бекерге атамаған екен. Сталин өліп жатса, сендер қуанасындар. Мұны кешіруге болмайды. Бұрын менің

сендерге аздап жаным ашып, ептеп іш тартып жүруші едім, енді оны қоятын шығармын,— деді.

— Әбеке-ау, ол сіздің екі туып, бір қалғаныңыз емес. Оған сонша неге таусыласыз. Бұл — тағдырдың ісі. Ажал келсе, ертең сіз де өлесіз,— дедім. Әбекең “ажал” деген сөзден қорқып кетті білем, жұлып алғандай:

— Тәйт әрі, мынау не дейді, ей! Тілің кесілсін! — деді де, теріс айналып жүре берді. Осы кезде қасымызға бір украин жігіті келіп:

— Бір патша өлсе, оның орнына жаңа патша келеді. Ал ол халықты өз аузына қаратып, жұртшылықты өз жағына шығару үшін түрліше жеңілдіктер жасайды, аздап болса да еркіндік береді, тұтқында отырған адамдарға амнистия жариялайды. Сондықтан Сталиннің қазасына қайғырмандар, қайта қуаныңдар,— деді. Арамыздан біреу:

— Сонда қалай болғаны? — деді.

— Бүкіл тарих осыны айтады. Маған сенбесеңдер, А.С.Пушкиннің “Борис Годунов” трагедиясын оқыңыздар. Сонда бәрі айтылған.

Украин жігітінің айтқаны рас болды. Көп кешікпей барактарымыздың есіктеріндегі құлыптар алынды, зонаның ішінде еркін жүретін болдық. Кітапханаға барып, газет-журнал ақтарып, кітап оқитын болдық. Зонаға радионүкте орнатты, кинофильмдер әкеп көрсете бастады. Тіпті үйлерімізге хат жазуға рұқсат етті. Әрине, мұның бәрі шын бостандық болмаса да, аздап болса да жеңілдік еді.

Бір күні “Известия” газетін оқып отырсам, “Кремль дәрігерлерінің ісі” қайта қаралып, “террор жасалы” деп айыпталған Бопси, Коган, Виноградов деген профессорларды ақтап жіберіпті. Олардың қылмысты істерін жүргізген тергеу бөлімінің бастығы Рюмин деген біреу ату жазасына кесіліпті. Ал дәрігерлерге жала жауып, жалған көрсетінді берген медсестра Лидия Тимошуктен Ленин орденін қайта алып қойыпты. Соны таныс тұтқындарыма айтып келіп едім:

— Әй, олар үлкен адамдар ғой. Ондайлардың соңында жоқтаушылары, іздеушілері көп болады. Сондықтан оларды босатып жібереді. Ал біз болсақ, кішкентай адамдармыз. Олардыкіндей үлкен туыс, тамыр-таныстарымыз да жоқ. Біз кімге керекпіз,— деді. Сөйтіп менің судай тасып келген

көңілімді таудай таспен басып тастады. Дегенмен, мұның өзі кейбір тұтқындардың көңілін бір көтеріп тастады, олардың кеудесінде келешекке деген үміт отын жақты.

Бізге енді газет-журналдарға жазылып, “Кітап почтасы” арқылы кітап алып тұруға да рұқсат етті. Мен “Кітап почтасына” хат жазып, “Советское уголовное право”, “Советский уголовный процесс”, “Уголовный кодекс РСФСР”, “Настольная книга следователя”, “Юридический словарь” деген кітаптарын жаздырып алып, соларды оқып-үйреніп, жаттаумен болдым. “Осы заңдарды білмегендіктен, осындай қылмысқа ұшырап, осындай ауыр жазаға кесілдім ғой” деген ой келді. Ал кейбіреулер: “Болары болып, бояуы сіңгенде, енді оларды оқып қайтесің? Босқа уақытыңды алып, басыңды ауыртқанша, жатып дем алсайшы!” деп те қояды. Бірақ мен заң кітаптарын оқып-үйренумен болдым. Заң қызметкерлерінің мені қалай алдап соққанын сонда ғана білдім.

Сөйтіп жүргенде лагерьдің өз ішіндегі жолдастық соттың мәжілісі болып, онда санитарлық бөлімде (санчастіде) істейтін Фейгельсон деген профессордың “ісі” қаралды. Ол бұрын Москвадағы Тимирязев атындағы академияда істеген екен. Мен сол сәт мәжілісіне қоғамдық адвокат ретінде қатысып, Фейгельсонды ақтап сөз сөйледім. Мәжіліске бақылаушы ретінде қатысып отырған лагерьдің саяси басқармасының нұсқаушысы капитан Кибенко маған: “Сіз еркіндікте юрист болып істеген жоқсыз ба?” деген сұрақ қойды. Мен еркіндікте журналист болғанымды айттым. Ол: “Заң ғылымын жақсы білуіңізге қарап, мен сізді юрист екен деп қалып едім” деді.

Осы сөзден кейін мен расында да юрист болып кеттім. Лагерьде нахақ отырған көптеген тұтқындардың кассациялық шағымдарын жазып беріп жүрдім. Бұл үшін, ең алдымен, олардың қолдарында жүрген соттың үкімімен танысамын. Онда көбінесе ештеңе болмай шығады. Сонсоң тұтқынның өзіне: “Осы іске байланысты болған оқиғаның барлығын түк қалдырмай айтып беріңізші” — деймін. Ол өз басынан өткен жағдайын, осы “іске” қалай тап болғанын айта бастайды. Соттың үкімі мен тұтқынның айтқандарын салыстыра отырып, өзімше бір ой түйемін. Көбінесе тұтқынды ақтайтын, арашалауға болатын фактілерге баса назар аударамын.

Сонда менің байқағаным: тұтқындардың басым көпшілігі (60-70 пайызы деуге болады) қылмысты біле тұрып, саналы түрде жасамайды. Көбінесе білместіктен, аңғалдықтан, аңқаулықтан, алаңғасарлықтан істейді. Екіншіден, тергеу орындары айыпкердің сол білместігін, аңғалдығын, аңқаулығын, алаңғасарлығын, ашық ауыздығын, тіпті олардың қорқақтығын, ақымақтығын, надандығын, топастығын, ең алдымен, заңды білмегендігін пайдаланып, оларды алдап немесе қорқытып қолға түсіреді. Сөйтіп алдап, яки қорқытып соттап жібереді. Мұны айыпкерлер, көбінесе, сотталып кеткеннен кейін ғана барып түсінеді. Ал айыпкердің бойындағы қорқыныш пен алданыш сезімдері көбінесе заңды білмегендіктен туады. Заңды білген адам тергеушіге алдаттырмайды және одан қорықпайды да. Ал заңдылық бар жерде ондай адамдарды жауапқа тарту және соттау қиын болады. Сондықтан заң қызметкерлері жұртшылықтың заңды білуіне аса күштар болмайды. Олар адамдардан заң ғылымынан мүлде бейхабар болуын қалайды. Әрине Н.А. Некрасов жазғандай: “Закон — мое желание, кулак — моя полиция” дегендей болса, онда заңның да пайдасы болмай қалады.

Мен тұтқындардан тергеушіге айтқандарын да, айтпай жасырып қалғандарын да айтуын өтінемін. Өйткені олар өз бастарындағы қорқақтық, ақымақтық, топастық тәрізді “осал” жерлерін мойындауға және айтуға ұялады. Ал менің ойымша “қылмыстың” көбі дәл осы жерден басталалы. “Ерді намыс өлтіреді” деген қазақ мақалы осы жерге дәл келеді. Көпшілік не намыстан, не ақымақтықтан, не қорқақтықтан өледі. Ал адам бойындағы осындай осал қасиеттерді кейде оның кінәсін жеңілдететін жағдай ретінде пайдалануға болар еді. Әрине, үнемі емес. Міне, менің осындай тұжырымдарға сүйеніп жазған “шағымдарымның” көпшілігі көп кешікпей өз нәтижесін бере бастады. Мен “шағым” жазып берген тұтқындардың көпшілігінің “істері” екі-үш айдың ішінде қайта қаралып, бұзылып, өздері босанып, елдеріне қайтып кетіп жатты. Ал олар кетер алдында маған келіп, рахметін айтып, 25-30 сом ақша беріп кетіп жүрді. Басында тұтқындардан ақша алуды ынғайсыз көріп жүрсем де, кейін ештеп алатын болдым.

1955 жыл. Бұл саяси тұтқындар үшін көптеген жеңілдіктер

жылы болды. Барактардың, зоналардың есіктері ашылды. Жұмысқа конвойсыз, бригада болып, өзіміз барып, өзіміз келеміз. Асхана, кітапхана, коптерка, дәретхана дегендерге де конвойсыз барамыз. Тұтқындардың соңынан іздеп келген ағайын-туыстарын жолықтыратын болды. Тіпті әйелі, бала-шағасы келсе, жолығып жүретін және қонақтап жататын бөлмелер де ұйымдастырылды. Осы кезде көптеген тұтқындардың әйелдері келді, күйеулерімен бірнеше күн аунап-қунап жатып кетеді. Соңынан іздеп келетін әйелі жоқ біз бұған қатты қызығатынбыз. Міне, осы шараларды тұтқындардың көтеріліс жасауын күтпей-ақ, ертерек істеуге болатын еді ғой. Бірақ оны ойлаған бастықтар болмады.

Сөйтіп осы жылдан бастап лагерьде “есеп” (“зачет”) деген тәртіп енгізілді. Оның мағынасы — жұмысты дұрыс, жөндеп істеген тұтқынның бір күні екі немесе үш күнге септеледі. Сонда жұмысты жөндеп істесең, үш жылдық жаза мерзімін бір жылда өтеп шығуға болады. Тұтқындар үшін мұның елеулі стимулдық, моральдық пайдасы болды.

Мен бұл кезде лагпунктте культорг (мәдени ұйымдастырушы) болып істейтінмін. Бұл жұмысқа жолдастық соттың мәжілісінде Фейгельсонды қорғап сөйлеп, бастықтың “көзіне түсіп” қалып, содан кейін “жоғарылатылғанмын”.

Лагерьдегі культоргтың қызметі еркіндіктегі парторг пен профоргтің жұмысы тәрізді. Тұтқындардың арасында саяси-тәрбие, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргіземін: қабырға газетін шығарамын, көрнекі құралдар өзірлеймін, түрліше плакаттар, ұрандар жаздырып, зонаның ішіне ілдіремін. Мәселен, сондай ұрандардың біріне: “Самоотверженный труд и примерное поведение — единственный и кратчайший путь к свободе!” деген сөйлем жазылған еді. Бұл сөзді мен орта мектепте оқып жүргенімде алған Мақтау грамотамда жазылған: “За отличную учебу и примерное поведение” деген сөздерден “жана жағдайға” қарай өзімше өзгергіп, дамытып алған түрім еді. Бұл ұраным өзімнің тікелей бастығым капитан Кибенкоға өте ұнады. Мұнан кейін ол мені бағалайтын болды, менен айырылғысы келмеді. Менің міндетіме сонымен бірге көркемөнерпаздар үйірмесін құру, кинофильмдер көрсету, кейбір жиын (митингілер) өткізу, шахмат клубын ашу, түрліше өнер, спорт жарыстарын ұйымдастыру және өткізу кірді. Кітапхананың, мектептің,

КВЧ-ның жұмыстарын қадағалау да маған тапсырылды. Осы жұмыстардың қамымен кейде қала ішіне барып, онда түрліше мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлерімен кездесіп, танысып алдым.

Менің жаза мерзімім он жылға түскенін жоғарыда айттым. Оның төрт жылын толық өтегенмін. 1955 жылдан бастап бір күнім үш күнге есептеліп, тағы да үш жылым өтселгендей болды. Сөйтіп мен 10 жылдың 7 жылын өткіздім. Осы кезде жаза мерзімінің үштен екісін өтеген тұтқынды шартты түрде мерзімінен бұрын босатып, сол елді мекеннің басына орналасуға рұқсат ететін нұсқау (заң) шықты. Осы заңға сәйкес біздің лагпунктте Жезқазған қалалық (аудандық) сотының мәжілісі болып, тұтқындардың “істерін” қайта қарап, көпшілігін мерзімінен бұрын шартты түрде босатып жатты. Солардың бірі болып, мен де босанып шығып, рудник басындағы ет комбинатының директоры Смақ Ержанов деген кісінің үйіне келіп орналастым. Күндіз жұмысқа барып, кешке үйге келіп жатамын. Он бес күнде бір барып, көрініп қайтамын. Шахта басшылары: “Семьяңызды көшіріп алсаңыз немесе үйлене қалсаңыз керек болар” — деп, маған бір бөлмелі үй де берді.

Көшіріп алатын әйелім жоқ әрі ол жерде жүріп семья күрғым келмеді. Сондықтан ол үйді пәтерден қысылып жүрген Отызбаев деген смена бастығына бердім.

Қазақта: “Ауру батпандан кіреді де, мысқалдап шығады” деген мақал бар. Соның растығына осы жолы көзім жетті. 1951 жылы басыма батпандап түскен ауырталық 1954—1955 жылдары біртіндеп жеңілдеп, мысқалдап кете бастады.

Сонымен атақты 1956 жыл да келді. Бұл жыл өзімен бірге біз үшін көптеген жаңалықтар мен жеңілдіктер ала келді. Біріншіден, ақпан айында Коммунистік партияның тарихи XX съезі болып, ол жеке басқа табынушылық және оның зардаптары туралы мәселе қарап, Сталиннің және оның сыбайластарының қылмысты істерін өшкереледі. Олар жүргізген жазалау саясатын айыптады. Осыған байланысты “Степлагқа” СССР Жоғарғы Советінің комиссиясы (председателі — Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары К. Оспанов) келіп, саяси тұтқындардың “істерін” қайта қарай бастады. Комиссия жұмысының нәтижесінде көптеген тұтқындар лагерьден босанып кетіп жатты.

Солардың бірі болып мен де босанып шықтым. Келесі күні тиісті құжаттарымды қолыма алып, “Қош, Жезқазған! Нәлет жаусын саған, “Степлаг!” пен “Спецлаг!” — дедім де, “Қарағанды қайдасың?!” деп, солай қарай тартып кеттім”.

ҚАМАУДАН ШЫҒЫП, БАҚЫЛАУҒА АЛЫНУ

1956 жылы көптен бері аңсап жүрген асыл арман — тұтқыннан босанып шығу мезгілі де келіп жетті. Ақпан айындағы Коммунистік партияның XX съезі жеке басқа табынушылық және оның зардаптары туралы мәселе қарады. Сталин мен оның сыбайластарының қылмысты істерін әшкереледі. Олардың талай жазықсыз адамдарды қырып- жойғандығын, қуғын-сүргінге ұшыратқандығын айыптады. Бұл жөнінде Н.С.Хрущев батылдық көрсетіп, дұрыс бағыт ұстады. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ жазықсыз жапа шеккендерді әр жерде “ерекше комиссия” құрып, босата бастады. Солардың бірі болып маусым айында мен де лагерьден босанып шықтым.

Лагерь мен қаланың арасы үш-төрт шақырымдай жер.

Екі арада машиналар да, жаяу адамдар да жүріп жатыр. Олардың ішінде лагерьден босанып шыққандары да бар. Мен ешкімге қарамай тордан босанған құстай ұшып келемін. — Бостандық! Еркіндік! Не деген асыл, не деген қасиетті еді! — деймін ішімнен.

Игтері абалап, жан-жағымыздан айдауылдар қоршап, осы жолмен осы арадан талай өткенде бетіңе самал жел тіккенектей қадалып, ішіңе жұтқан ауасы кермектей татитын сияқты еді. Зілдей болған бірдеңе кеудені көтертпей тұншықтыратын да тұратын.

Міне, бүгін соның бәрі де өзгеше болып кеткен. Тыныс кеңейіп, кісінің денесі жеңілдене түскен. Жай жүріс емес, ұшып келе жатқан сияқтымын. Мені аңсап, күндіз-түні ұйқы көрмей жүрген әке-шешемді, жалғыз қарындасым Зәкішті тезірек көрсем-ау деп асығып келемін. Бұл кезде осы ойдан басқаның бәрі ұмт болған. Лүпілдеп соққан жүрек мұнан басқаны ойлаттырар емес. Осылай зымырап келе жатқанымда тұтқыннан босанып, еліңе қайтып бара

жатқан Тайыр деген кісі қарсы алдымнан кездесе кетті. Маған қарағанда оның жүрісі баяу. Жасы елуден асып, егде тартқан адам. Оның үй іші Ресейдің Түмен облысында тұрады екен.

— Байларды алғаш рет тәркілей бастағанда Қазақстаннан қашып Ресейге өтіп кеткенбіз, дейді. 1931—1933 аштық жылдарында көп адам шұбырып келді. Сөйтіп санымыз көбейіп қалды. Қазір де ол жерлерде бірыңғай қазақ ауылдары да бар. Біз әлі күнге дейін өзіміздің қазақша әдет-ғұрпымызды сақтап келеміз. Бірақ орыстардың арасында жалғыз тұратын кейбіреулер қазақ дәстүрін сақтамақ түгіл, қазақ тілін білмейді де.

— Ендеше сіздер өздеріңіздің туған жерлеріңізге неге көшіп келмейсіздер? Күндердің күнінде ұлттық қазақы қалыптарыңызды сақтай алмай қаласыздар ғой... - дедім олардың келешегіне күдіктене ой жіберіп.

— Шырағым-ай, ел дегенде егіліп-ақ тұрамыз, бірақ біз бұл жерге де үйреніп, бауыр басып қалдық. Балалар да осында туып, осында өсіп жатыр. Елге қайтып барғанмен кім дұрыстап қарсы алады біздерді? “Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман” дегендей, оданда жылы орнымызды суытпағаныңыздың өзі жақсы ғой, — деп тоқтала жауап берді маған.

Мен үндей алмай қалдым. Екеуміз де үнсіз келеміз. Қасымыздан өтіп бара жатқан машиналарға бұрылып жол береміз. Туған елінен айырылып, шет жерлерге қоныс аударып, тарыдай болып шашырап кеткен сорлы қазақтың басы бір жерге қайтадан қосылмайды-ау. “Осы тоз-тоз болып кеткені кеткені-ау” деген ауыр ой жанымды жей бастады.

Мен мінген поезд Қазақстанға, Қарағандыға қарай зулай жөнелді. Менің қазақ жерінен шығып, айдалып кеткеніме алтыншы жылдың жүзі болған екен. Алматыға оқуға барарда, келерде де осы жолмен өтуші едім. Ол кездерде туған жердің ерекше қымбат екендігін толық бағалай алмаған сияқтымын. Енді елге оқудан емес, абақтыдан, айдаудан оралып келе жатқандықтан ба, Ресей мен Қызылжардың шекарасынан өгісімен-ақ жүтқан ауам кеудемді кеңейтіп, жанға жайлы бола бастады. Екі көзімді вагонның әйнегінен алмай, қазағымның кең даласына құмарта қарап келемін. Желдей жүйткіген поездың өзіне жеткізбей келе жатқан

не деген кең едің қазақтың ұлан-байтақ сары даласы-ай деймін ішімнен. Мынау шағын ғана бөлігіне әлі жете алмай келеміз. Сонау Алтайдан — Атырауға дейінгі, Оралдан — Алағауға дейінгі ұлан-байтақ өлкені билеп-төстеп жүргеніңе сүйсінемін. Осындай шексіз, бір-бірімен жиі қатынаса алмайтын кең өлкеде өмір сүріп жүрсе де әдет-ғұрпының, салт-санасының, сөйлейтін тілдерінің бірдей болуы да ғажайп қой. Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да бірін-бірі түсіне алмайтындай тілдерінің айырмасы жоқ. Құлаққа жайлы естілетін, қазақтың қонақжайлығын білдіретін әдемі қазақ тілі.

Жүйткіген поезд жердің апшысын қуырып отырып Қарағанды қаласына да жеткізіп салды. Өзіме таныс шахталардың тау-тағып үйген тас-гопырақтары. Жаңа қала мен Ескі қала да көзге жылы ұшырайды. Жаңа қаланың көлемі тіпті кеңейіп кеткен. Поездан түскеннен кейін қайда барарымды білмей, аңырып тұрып қалдым.

Ақырында Жаңа қалада мұғалімдер институтында бірге оқыған Дәулет Ибрагимов деген жолдас жігіт есіме түсті. Оның тұрған үйін білетінмін. Сол үйді іздеп тауып алдым. Бірақ есікті басқа біреулер ашты.

— Дәулет осында тұра ма? — деп сұрадым.

— Жоқ, ол көшіп кеткен, — деді. Бұл сөз маған жайсыз естіліп, аңырып қалыппын.

Үй иесі менің бұл жағдайымды сезе қалып:

— Сіз қысылмаңыз, біз оның мекенжайын білеміз, осы арадан көп алыс емес, — деп менің көңілімді орнықтырды.

Мен оны көп қиналмай-ақ тауып алдым. Әйелі екеуі бірден тани кетіп, құшақ жайып қарсы алды. Мені саяси қылмыскер деп күдіктене қарай ма деген қауіпім сейіліп кетті. Дәулеттің ұлты — татар. Бірақ ол қазақша да, татарша да жақсы біледі. Алған әйелі — татар қызы. Тамақ ішіп отырғанда екеуі де маған таңдана қарай берген сияқты көрінді. Сөйтсем менің үстімдегі киімнен де лагерьдің цифрмен басқан таңбасының орны көрініп тұр екен. Маған тағылған ақ түсті шүберекке қара бояумен жазылған таңба 919 болатын. Мұны қысқы, жазғы киімдердің бөріне бірдей алды, артымызға жапсырып қоятын. Лагерьде жұмыс істеп жүргендерді атымен атамайды. Тек қана осы тағыл-

ған цифрмен ғана атап шақырады. Бұған да дағдыланып алғанымыз сондай, тіпті бір-бірімізді де осы цифрмен шақырып, сөйлесетінбіз. Бәрімізді де миқата қылып, адамдық аттан осылай жұрдай қылып шығаруға ұмтылған еді. Тамақ ішіп, әлденіп көңілденгеннен кейін мені моншаға түсіріп, іш киімімді тегіс ауыстырып: “Енді қайтадан мұндай кебінді кимей-ақ қой”, — деп бәрін де өртетіп жіберді.

— Міне, жаңа ғана еркіндікке шыққаның көрініп тұр, — дейді Дәулет көңілдене күле сөйлеп.

— Шын солай ма? — деймін мен де көңілденіп. Мені айнаның алдына алып келіп:

— Қане, өзіңе-өзің қарашы, “ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек” деп текке айтылмаған ғой. Әп-әдемі жігіт болдың да шықтың. Енді саған қандай қыз қызықлас екен, — дейді мәз болып күліп. Шындығында бетіме қан жүгіріп, түрім әдеміленіп, киген киім жарасып тұр екен.

— Сен менің өзіңе істеген жақсылығымды өтеп тұрсың, — дедім.

— Ей, ол қандай жақсылық еді? — деді Дәулет таңданған қалиын көрсетіп.

Мен Қарағандыға келгенде үнемі Дәулеттің үйіне келіп тұратынмын. Ол дінді құрметтейтін адам еді. Жұма намазын күр өткізбейтін. Татарша да, қазақша да, орысша да көркем әдебитетті көп оқыған адам. Тек көзі ауырып, көрмей қалу қаупі болғанда ғана кітап бетіне қарауды қойған.

Бір күні маған екеуміз көңілденіп оңаша отырғанда:

— Сен көптеген мұсылман халықтарының құлдықтан құтыла алмай жүргенін білесің бе? — деді.

— Иә, білемін.

— Ендеше, олар Еуропаның құлдығынан құтылуы керек.

— Құлдықтан құтылу үшін олар не істеу керек?

— Ол үшін бүкіл дүниежүзіндегі мұсылман халықтары бастарын қосып бірігіп, отаршыларға қарсы азаттық үшін күреске шығуы керек. Тек күрес қана азаттық әкеледі.

— Сол үшін біз не істей аламыз едік?

— Сол үшін мен оларға мынадай ұран гастар едім:

*Қолдарыңа Мұхаммедтің туын ал,
Діни ислам мұсылманға ұран сап.*

*Оян Шығыс, дін намысын қорғаңдар.
Бірің қалмай, жан аямай жауға шап! —*

деп, бірнеше өзі шығарған өлең шумақтарын шабыттана оқып беретін. Қазақшасын айтқаннан кейін татар тілінде де айтып беретін. Маған өте ұнайтын.

Мен Дәулетке өткенді еске түсіріп, есімде қалған осы жалғыз ауыз өлеңді айтып бергенімде:

— Сен мұны әлі ұмытқан жоқ па едің? — деп, риза болғандай арқамнан алақанымен қағып-қағып жіберді.

— Ендеше сен тыңда, — дедім мен оған, саған қандай жақсылық жасағанымды айтайын. Мені тұтқында отырғанда “қандай таныс адамдарың бар, олармен қандай қатынаста, қандай пікірде болдыңдар?” деп те көп қинады. Мен ешкімнің атын атамауға тырыстым. Бұл үшін маған қысым көрсегіп бақты. КГБ-истерге ең кереметі — адамды көбірек соттап, жазалау. Онда олардың бағы жанып, масайрай түседі. Бірге сотталайын деп отырған жеті адам оларға аз көрінді. Сонда мен оларға: — Менің Дәулет деген досым бар еді. Оның шығарған өлеңі мынау еді деп, осы өлеңді айтып бергенде не болатын еді? — деп бетіне күле қарадым. Ол қарқылдап күліп алды да:

— Мынауың барып тұрған ерлік екен және мен үшін жасаған жақсылығыңның ең үлкені екен, —деп сүйсіне күлді.

Дәулеттің көмегімен лагерь киімінің бәрін тастап, түрмеден емес, курорттан келе жатқан адамдай болып ауылға да келіп жеттім. Үлкенді-кішілі қолы бос ауыл адамдары менің босанып келе жатқанымды естіп, үйдің маңайында жиналып тұр екен. Шешем де, жалғыз қарындасым — Зәкия да (біз оны еркелетіп Зәкіш дейтінбіз) бас салып құшақтап, көрісіп жылап жатыр. Басқа әйелдер де өздерінің бастарындағы мұң-зарларын айтып көрісіп, жылап жатты. Сол кезде үлкен бір ақсақал әйелдерге таянып келіп:

— Енді сендер қойыңдар, біз де амандасайық, — деп айғай салды. Мен әйелдер арасынан шығып, ақсақалдарға келіп, сәлем бердім. Бірақ олардың арасында әкем көрінбейді. “Бұл қалай, өзі өліп қалған жоқ па екен” деп ішімнен қауіптен бастадым. Өйткені жөтелі де, демікпесі

де бар дiмкәс адам едi. Демiкпесi ұстаған уақытта дем ала алмай қиқылдап-шиқылдап, екi көзi алайып өле жаздап қалатын. Менiң алабұртып тұрғанымды сезiп қалғандай бiр ақсақал:

— Осы Темiр қайда? Неге көрiнбейдi? Ауруы ұстап қалған ба? — дегенi.

— Үйде, үйде,— дестi бiреулер. Менiң қаупiм сейiлiп, лүпiлдеген жүрегiм басылып, өзiме-өзiм келе бастадым. “Алақай, әкем тiрi екен ғой” деп айқайлай жаздадым. Ендi ешкiмге қарамай үйге кiрiп келсем, әкем намаз оқып отыр. Ол дiн оқуын оқыған тақуа адам едi. Бес уақыт намазын үзбей, ораза тұтатын. Әртүрлi себептермен Кеңес өкiметiнiң қас жауысың деп, байшылсың, дiншiлсiң деп момын халықтарды “халық жауы” атандырып, сорлатып жатқанда да жұрттан жасырып намаз оқып, ораза тұтатын. Ораза кезiнде әлдеқалай бiреулер үйге келiп, күндiз тамақ iшетiн болса, дастарқан басына жақындамайтын. Олар: — Ораза тұтып жүрсiз бе? — десе,— Жок, шырағым, мен науқаспын ғой, — деп сылтаурататын. Олардың көбi нанатын. Бiр күнi гүсте мен, шешем, кiшкене қарындасым Зәкiш үшеумiз шай iшiп отырғанда Нұрғали деген мұғалiм бастаған екi-үш адам кiрiп келдi. Мұғалiм әкеме тесiле қарап:

— Неге шай iшпей отырсың, молдалығың ұстап, ораза тұтып жүрген шығарсың, — деп ақырды. Әкем сасқалақтап:

— Мен ауыз бекiтпеймiн, аурумын ғой, — дедi.

— Аузың ашық болса, көне мына нанды жешi, — деп, дастарқаннан бiр түйiр нанды аузына таяп, қолына ұстатты. Әкем не iстерiн бiлмей, қысыла бастады.

— Өй, жауыз, нағыз көзiн құртатын адам сен екенсiң, — деп айғай салғанда әкем қолындағы нанды қорыққанынан аузына салып жiбердi.

Бұл жұртты “халық жауы” деп дүрлiктiрiп тұрған 1937 жыл едi. Сол Нұрғали мұғалiм көрсетiп, бiрнеше адамды ұстатып жiберген. Ендi әкем қалай қорықпасың?! Бiрақ нанды аузына салысымен қақалып, шашалды да қалды. Артынан дем ала алмай талып қалды. Тыныс та, қыбыр да жоқ. Мен әкемдi “аға” дейтiнмiн.

— Ойбай, өлiп қалды-ау, — деп шешем басын көтерiп, жылап жiбердi. Мен де әкемдi құшақтап “ағалап” жылай

беріпін. Ауылдың үш белсендісі үйден жылдамдатып шыға жөнелді. Нұрғали мұғалім ақсақ, балдақпен жүретін. Оның әкемді балдағының ұшымен түртіп тұрып:

— Мына жауыз шын өліп қалды ма? — дегені әлі құлағымнан кетпейді. Кейін намаз оқып, ораза тұтуға еркіндік болған кезде шамасы келгенше намазын қаза қылған емес. Намаз оқып отырғанда сырттан келіп сәлем берген адамға намазын бұзған емес. Мен жетіп келгенде де маған жай ғана көзінің қырымен карады да намазын бұзбай әрі қарай оқи берді. Менің артымнан жұрт та үйге тола кірді. Сонда да әкем намазын бұзбады. Мұны көрген өзінің қатарластарының біреуі:

— Ойбай-ау, өлім жолынан келіп тұрған балаңмен амандасып, бетінен сүймей, намаз оқып жатқаның не сұмдық?! — деп айғай салды. Екінші біреуі:

— Қайғыға шыдағанда қуанышқа да шыдағаны ғәй. Темір десе дегендей, мінезі де темір екен — ден өз ниетін білдіріп жағыр.

Намазын аяқтап, бетін жұртқа бұра бастағанда мен жас күнімдегідей мойнынан құшақтап, жабыса кеттім. Әкем де құлынымдап, иіскелеп сүйіп жатыр. Алты жылға жуық ажырасудан кейін алтын ұям — отбасына осылай оралған едім.

Үйдің іші азып-тозып кеткен. Әкей де, шешей де дімкәс. Үйге келген адамға отырғанда не астына салатын төсеніш, не жатқанда үстіне жамылатын көрпе дегеннен тұлдыр жоқ. Қандай жұмыс істеп, қалайша әке-шешемді асырап-сақтап, тұрмыс жағдайымды түзей аламын деген ойға қалдым. Негізгі ойым — мұғалім болып істеу. Қарағандыдағы екі жылдық оқытушылар институтын қазақ тілі, қазақ әдебиеті мамандығы бойынша бітіргенмін. Және Алматыдағы шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетінің III курсынан кеткенмін. Бірақ маған оқытушылық жұмысты бере қоя ма? Бұған күмәданамын. Менің 25 жылдық жазам 10 жылға қысқартылып, лагерьдегі жұмыс істеген бір күнім екі күнге есептеліп қана шыққанмын. Толық ақталу (реабилитация) жоқ. Әлі саяси күдікті адаммын. Ал толық ақталу қағазы 1957 жылы ғана берілген.

Өзімнің бірге оқып, бірге өскен құрбым және біздің ЕСЕСП-ке бұрынғы толық тілектес болғандардың бірі

Жанайдар Әубәкіров Нұра аудандық оқу бөлімінің бастығы екен. Маған көмек көрсетер деген оймен соған келіп жолықтым. Ол Алматыда қалған құжаттарды алып келуді және оқу министрлігінен жолдама алуды дұрыс деп тапты.

Алматыдағы Оқу министрлігіне келсем, сол кездегі Оқу министрі Аймановтың қабылдауын күтіп тұрғандар көп екен. Оның орынбасары Щербаковтың қабылдауын күтушілер аз. Мен соған кірдім. Бірден жылы қабылдап, келген шаруамды сұрады. Мен лагерьден босанып шығып келе жатқанымды, қолымда Оқытушылар институтын бітірген дипломым бар екендігін және осы диплом бойынша қазақ тілі мен әдебиетінен бір мектепке сабақ беруге жолдама беруін сұрадым. Мен лагерьде жүргенде бастықтардың алдында үнемі тік тұрып жауап беруге дәғдыланып қалған қалпымды сақтап, отырмай сөйлесіп тұр едім, қасындағы жұмсақ орындыққа отырғызды. “Сіз отыра тұрыңыз, мен қай облысқа қазақ тілі мен әдебиетінің маманы керек екен, соны біліп келейін”, — деп шығып кетті. Біраздан кейін көңілсіздеу түрде қайтып келіп, маған жаны аши қарап: — Фафу етіңіз, ешбір жерде, ешбір мектепке қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі керек емес екен. Мен сізге енді ешқандай көмек көрсете алмаймын. Осыған өзім де қиналып тұрмын, — деді, маған аяныш сезім білдіре. Мен созалаңдап орнымнан тұра бере:

— Мен Шет тілдер институтындағы ағылшын тілі факультетінің III курсынан кетіп едім, бұл қалай болады? — дедім. Осы сөзді айтқанымда ол өте қуанып кетті.

— Бағанадан бері мені әуре қылмай, осыны айтпайсың ба? Бұл мамандық бойынша мен сізді қалаған жеріңізге жібере аламын. Ал қазақ тілінің келешегі жоқ болған соң ешкім қазақша оқымайтын болып, қазақ мектептері жабылып жатыр. Ағылшын тілін оқығаныңыз өте дұрыс болған. Мұның келешегі зор. Енді мұны толық бітіріп шықпайсыз ба? — деді. Мен оқуға жағдайымның жоқ екенін айтып бердім.

— Еңдеше сырттай оқып бітіріп, диплом ал. Бұл сенің келешегіңе өте керек болады деп кеңес берді. Оның айтқанын орындадым. Ол да менің тілегімді орындап, жолдама қағаз берді. Лагерьден босанып келгеннен кейін алғашқы жақсылықты осы кісіден көрдім.

ЛАГЕРЬДЕН КЕЙІНГІ КЕЗДЕСУ

Мен сырттан оқитын болып, тіпті кейбір пәндерден емтихан да тапсырып ауылға қайтуға дайындалып жүргенімде Бүркіт екеуміз кездесе кеттік. Мен оны іздеп, босанысымен Алматыға келуге тиіс қой деп алабұртып, онын келеді-ау деген жерлеріне үнемі барып тұратынмын. Бұрынғы өзі істеген “Лениншіл жас” газетіне бара жатыр едім, төмен түсіп келе жатқан Бүркітті көріп қалдым. Үйірінен айрылып қалған құлын-тайдай шұркырастық та қалдық. Жарық дүниеден күдер үзіп, қаншама қиыншылықтарды бастан кешірсек те кеудеміздегі мықтап орныққан арман-қиялымыз, ой-пікіріміз ешбір өзгерместен бұрынғыша қаз-қалпында қалыпты. Сөйлескен сөздерімізді ешкім естімесін деп жан-жаққа жалтақтай қарап сыбырласа сөйлесіп келеміз. Тіпті сыр ақтарып пікірлесерде тірі жан көрмесін деп ағаш-талды паналап оңаша кеттік.

Ол лагерьде жүргенде әйелі Мәруаға қатерлі ауру кездесіп қайтыс болыпты. Екі жас бала жетім қалған. Алыстан аңсап келгенде алдыңнан құшақ жайып сүйген жарынның шықпауы жанына жаман батады екен. Мен оның қазасын алғашқы естуім осы еді, қолымды жайып:

— Жатқан жері жайлы, жаны жаннатта болсын. Енді болған іске болаттай берік бол, — деп бетімді сипадым. Арамыздағы қапысыз сыйластығымыз еске түсіп, менің де көңілім босап кетті. Мәруа өмір ағымын байқай білетін ақылды адам еді. Бізді үнемі сақтандырып отыратын. Оны дәлелдеп айтатын.

— Мен сен екеуіңнің адал достықтарыңа өте қуанамын. Бірақ байқап сөйлесіп, сирек кездесіндер. Екеулеріңді де “салпан құлақтар” үнемі бақылауда, — дейтін марқұм. Мұны басымызға қиын іс түскенде ғана түсіндік қой.

Бір күні Бүркіт екеуміз өзіміз тұтқындалып, сотталып айдауда жүрген жылдардың ішінде және қазірде елде қандай өзгерістер болғанын әңгіме еттік. Қазақстанның солтүстігіндегі егін, шөбі мол шығатын шұрайлы жерлеріне Кеңес Одағының батыс жағынан еш жерде берекелі жұмыс істемей жүргендерді де, маскүнемдерді де топырлатып алып келген. Қазақтың бұрынғы мыңырып мал жайылып жүретін жерлерінің шаңы аспанға шығып, қара жердің

қыртысы төңкеріліп қалған. Қазақтың ғасырлар бойы қасиеттеп сақтап келген ата-бабаларының зираттары да тракторлардың табанымен тапталып, жермен-жексен болған. Миллиондап келген тобырлардың кесірі бұрында қалт-құлт етіп отырған қазақ мектептерінің жабылып қалуына әкеп соқтырған. Мектептерде де, балабақшаларда да жас өспірімдерді бірыңғай орысша сөйлетіп, орысша тәрбиелеп, келешекте өзінің ана тілін де, қазақша әдет-ғұрпын да таза білмей шығатын дәрежеге жеткізген. Соғыс жылдарында туып-өскен атамекен қоныстарынан айырып, көптеген халықтарды зар жылатып, қан қақсатып қарулы күшпен айдап алып келсе, міне, бейбіт уақытта “тың және тыңайған жерлерді игеру” деген даурықпа ұранмен қазақтарды біржолата жоюға кіріскендігін әңгіме еттік. Өзіміз тәлтіректен тұтқыннан зорға келіп отырсақ та Кеңес өкіметі мен Компартияның мына жүргізіп отырған іс-әрекеті қазақ үшін қаралы оқиғалардың бірі деп есептедік.

Патша өкіметі толық орындай алмай кеткен жергілікті халықты құрту жоспарын міне Кеңес өкіметі толық орындап пығуға бел буған.

1937 жылы жүз мыңға жуық, кәрістерді Қиыр Шығыстан жер аударып әкелген. 1940–41 жылдардан бастап батыстан поляктарды, немістерді, қалмақтарды, балкарларды, қырым татарларын, шешендерді, ингуштарды, гректерді, курдтарды, түріктерді айдап әкеп тықты.

Неміс әскерлері басып алған жерлерден бір жарым миллион адамды да алып келген. Соғыс аяқталғаннан кейін миллионға жуық, власовшыларды да әкелді.

Қазақстанда ашылып жатқан әрбір өндіріс орындарына мамандар да, жұмыскерлер де бірыңғай кеңестік басқа республикалардан, шеттен келіп жатты. Оларға жергілікті халықты қатыстыру туралы ешкім ойламады да.

Осы келіп жатқандар аздай-ақ миллиондаған қалың тобырды қаптатып алып келіп жатқаны тағы мынау. Ақыры жергілікті қазақ халқы өз жерінде тұрып-ақ келімсектердің шаңына тұншығып, қалың құмға сіңіп кететін жауынның суындай боп құрып кетуге айналып бара жатқаны мынау. “Мұндай қорлықты көргенше, лагерьде есеңгіреп жүре

бергеніміздің өзі жақсы екен ғой” — дейміз әбден ыза болған сон. “Іні қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жок” дегендей екеуден-екеу ғана құр іштей күніреніп отырмыз.

Патша үкіметі қазақ жерін қарулы күшпен қансыратып басып алғанда оған қарсы Сырым батырдай, Кенесары мен Исатайдай асыл ерлер ашына қарсылық көрсетсе, бұл кезеңде қарсылық көрсетпек түгілі ешкімнің бір ауыз сөз айтуға шамасы да, мүмкіндігі де жок еді. Осылай елдің еркінен айырылып, құлдан да жаман қорлық көруі — жанымызды жегідей жейтін еді. Бір кезде Бүркіт ашу-ызаға булығып, орнынан атып тұрды. Біз де Омекене ұқсап құр арманмен өтеміз-ау деді.

— Омекеннің арманы қандай екен? Еске салып келістіріп бір айтып жіберші дедім мен оның қандай өлеңді болса да нәсіне келтіріп айтатынын естігім келіп. Ол байсалды ырғақпен мына бір ауыз өлеңді оқып шықты:

Алаш атты орда құрып шалқығанын,

Бак, дәулеті туып-өсіп балқығанын.

Әрбір істе қазақ ісі аңқығанын,

Тірлікте көзімізбен көреміз бе?!

— Шіркін, осы арман орындалса ғой, — дедім мен оның мәнерлеп оқығанына балки түсіп. Ол сабырлы, мұңлы дауыспен:

— “Иә, бұл арман біздің де кеудемізде өшпей сақталып, өлгенде көрімізге бірге түседі ғой” — деді көкірегінен жалын шығара күңіренген дауыспен (Бұл Ғұмар Қараштың өлеңі еді. Ертеректе Омар Қарашев деп жазылатын). Кеудемізге мықтап ұялаған ұлы арманды, туған халқымыздың өз алдына тәуелсіз ел болуын қиялдауды бастан өткен жан төзбестей қиындықтар да жойып жібере алмаған екен. Бір-бірімізді құрметтеп сыйлай білетін достығымыз тіпті өмір бойы ажырамастай болып күшейе түскен. Кейінгі кездескенімізде басымыздан өткізген істерімізге шолу жасалдық. Заңды жақсы білмейтіндіктен КГБ жеңдеттерінің арбауына оңай-ақ ілігіп қалған екенбіз. Мұның мәнін Бүркіт өзі түсіндіріп айтып берді.

— Олар біздердің жүріс-тұрысымызды, қалай қимылдап жүргенімізді, тіпті дәретке қалай отырып тұратынымызға дейін бақылауын күшейте түседі. Әлі де алдымызда өмір бар.

Енді олардың қарамағына оп-оңай ілігіп кете бермейік. Бір мезгіл сен заң кітаптарын оқуға көңіл аударып отыр, — деп маған кеңес берді.

— Иә, бұл айтқандарыңның бәрін де есте сақтаймын, — деп уәде бердім.

1958 жылы Алматыдағы шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін сырттай оқып бітіріп, диплом алып шықтым. Бұл кезде Бүркіт “Лениншіл жас” газетінде қызмет істейтін. Мені оқуды жақсы бітірді деп мақала жазып, фотосуретімді жариялады.

Екі жыл бойы жазғы сессияға келгенде екеуіміз үнемі әңгімелесіп тұратынбыз. Ол екінші рет үйленген. Мен әлі сұр бойдақпын. Жасым отыздан асып кеткен. Ол маған: — Сен енді тұрмыс құр. Балалы-шағалы болуға тырыс. Әкешененді күтегіндей ауылдың қазақы мінезді бір қызына үйлен. Олар да немере сүйіп, қызық көрсін, — деп кеңес берді. Бұл кеңесі менің көңілімнен шықты. “Тұрмыс-халдың жүдеулігіне қарамай не де болса үйленейін” деген ойда болатынмын.

— Бұл кеңесінді мақұлдаймын. Жұрт қатарлы тұрмыс құрып, жүріс-тұрысты азайтып, шаруа қуған қарапайым адам боламын да шығамын. Оқу бітті. Енді Алматыға да жиі келе бермеспін.

— Мұның дұрыс. Бір ерекше жағдайда болмаса екеуіміздің жиі кездесе беруіміздің өзі “салпаң құлақтар” үшін пайдалы іс қой. Олар бізді бақылауды бұрынғыдан да күшейте түскен сияқты. Осы күні әрбір екі адамның бірі — олардың тыңшысы. Аяғыңды аңдап басып, айтар сөзіңді байқап сөйлемесең, арандайсың да қаласың. Енді олардың қолына түсіп, тектен-текке қор болғаннан не шығады? Ішіміз түтін болғанмен сыртымызды жылтыратып, лагерь тәртібінен кейін қайта “тәрбиеленіп”, түзеліп шыққан адамға ұқсайық. Біздер де “заңның ынғайына амал етіп, зырлаған желмаяға мінейік”, — деп, сөзін нығарлай аяқтады.

Осы күннен бастап мен үшін жан-жағыма екі қарап, бір шоқитын “бейбіт” өмір басталды да кетті.

Қолымда мен айдауда, қамауда жүргенде өбден қажыған, ауру болған әке-шешем бар. Мені ұнатқанмен оларды көрген қыздар шошып шыға келеді. Ал менің мақсатым — әке-шешемді мәпелеп күту. Оларды жүрегі айнымай күте қоятын лайықты адам кездесе қоймай, біраз уақыт үйленбей жүріп қалдым.

Шет тілдер институтын бітіріп, қолыма диплом мен жолдама алу үшін Оқу министрлігіне барып, Щербаковқа жолыққанымда ол Ақмола қаласындағы жаңа ашылып жатқан Педагогикалық институттың ағылшын тілі факультетіне оқытушы болып баруға ұсыныс жасады. Мен бірден жауап бере алмай, ойланып қалыппын.

— Ауылды тастап, қалаға кетсем, әке-шешемді кім бағып-күтеді? Ол байғұстардың осы көрген азабы да жегер. Енді өле-өлгенше күтейін. Қалаға барып жоғарылап өспей-ақ қояйын деген ойға келіп, Щербаковтың ұсынысына келісім бермедім.

— Мен мұндай жұмысты саған басына түскен бұрынғы қиыншылықтарын ұмытсын, алдағы уақытта бірыңғай ой еңбегіне беріліп, ғылым жолына түссін деп ұсынып отырмын. Күндердің күнінде қатты өкінесің,— деді маған жаны ашыған ниет білдіріп. Ол айтқандай кейін өкініш те болды...

Мен ауылға келіп Бүркіт айтқандай қазақы мінезді, кемпір мен шалдан жеркенбейтін Мараш атты қызға үйлендім. Бұған дейін үйдің отын өзім жағып, күлін өзім шығаратынымын. Жағуға тезек жинап, үйге су әкелетінмін. Ауру әке-шешеме осылай жәрдемдесетін едім.

Мараш мені үй жұмыстарының бөрінен босатты. Әке-шешемнің күтімі жақсарып, менің киім-кешегімнің де жағасы кірден тазарды. Біздер тату-тәтті өмір сүріп, балалы-шағалы болдық. Алты қыз бала, төрт ер бала өсіріп, тәрбиеледік. Мұнымыз баланың туып-өсуін тежеп жүргендерге көрсеткен насихатымыз сияқты болды.

Дүркін-дүркін КГБ біз сияқтыларды бақылап, қол қойғыздырып алып жүрсе де өмір бір сарынды тиыш өтіп жатты.

ЖЕЛТОҚСАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ

1986 жылдың 17-18 желтоқсанындағы қазақ жастарының Қызыл империяның деспотизміне қарсы көрсеткен Алматыдағы ерлік ереуілі мені бірден толқытып, мазасыздандырып жіберді. Күндіз-түні ұйықтамай телевизордың алдында отырып, радиоқабылдағыштан құлағымды айырмаймын. Ешкіммен пікірлесіп сөйлеспеймін. Өзіммен

өзім. Жастардың дүлей күшке тайсалмай қарсы шыққанына сүйсінемін. Бірақ олардың соққы жеп, аяусыз жазаланғанын білгенде ішім удай ашыды. Өзім солармен бірге болғандай-ақ көзімді жұмып, ұйықтар алдында еркіндікке ерлермен қолтықтаса бірге ұмтылғаны үшін таяқ жеп, шаштарынан сүйретіп шырылдатқан қазақ қыздары, бет-аузын қан басып, соққы жеп жүрсе де тайсалмаған ер көңіл қазақ жігіттері елестейтін болды. Шошып оянамын. Енді қайтып көз жұмылмайды. Терең ойдың құшағына сүңгімін де кетемін. Ұзақ танды ұйқысыз аттырамын.

Өмір бойы жауларына бас имей, алысқанмен алысып, шабысқанмен шабысып, ар-намысын ешкімге тапталмай келген қазақ халқын тек қана кеңес өкіметі бұқтырып тастаған еді. Қазақтың намысқой ерлік рухы қайтадан оянды-ау деп қуандым.

Құл мінезді болып қалған халық 1930—33 жылдардағы аштықта да аузын аша алмай үнсіз қырылды.

1937—38 жылдары ел қамын ойлайтын зиялылардың бәрін дерлік аузын аштырмай тұншықтырып, жойып жіберді.

1941—45 соғыс жылдарында жауқазындай өсіп келе жатқан жастар не үшін, кім үшін соғысып жүргенін білместен қырылды.

Кеңес өкіметі қазақпен ел деп есептеспей, ойына келгенінің бәрін істеп бақты. Туған жерінен күшпен аударылған халықтарды да қазақ жеріне әкеп тықпалады. Тын жөне тыңайған жерлерді игереміз деп миллиондаған адамдарды жиып әкеп, қара жердің шаңын аспанға шығарды. Қазақтың мыңғыратып мал өсіріп отырған жерлеріне ажал мен дерттің ұясы — атом мен сутегі бомбаларын сынайтын полигондар ашты. Тіпті қазақты халық қой, адам ғой деп санамай, жарылған бомбаның тірі организмге тигізетін зиянын анықтау үшін сол маңайдағыларды топырлатып, азаппен өлетін ажалдың аузына апарып ұстады. (Мұндай зұлымдықты басқа мемлекеттер істеген емес).

Енді міне, қазақ жастарының басын қосып, осындай зұлымдыққа, заңсыздыққа, әділетсіздікке қарсы шығуы — нағыз ерлік іс қой деп есептедім ішімнен. “Мынау оқиға болып жатқанда Бүркіт қандай күйде болып жүр екен” деп те ойлаймын. “Шіркін-ай, мен сол кезде Алматыда болсам,

жасымның ұлғайып қалғанына қарамай-ақ жастармен бірге болар едім-ау” деп те қиялдаймын.

Бірақ қазақ жастарының желтоқсандағы бұл көтерілісі коммунистік бұғауда отырған әр халықтың жүрегінен орын тауып, бәрі бірдей бұған үн қосып, әрқайсысы өз алдына азаттық туын желбіретіп, келешекте ерікті елдер болып шыға келетінін ешкім де ол кезде болжай алмаған еді.

Өсіп келе жатқан балаларды мәпелеп күтіп, басқа ештеңеге алаңдамай жүре беруші едім. Арада он тоғыз жыл өткенде қайтадан Алматыға келдім. Қала адам танымастай әсемденіп, өзгеріп кеткен. Бұрынғы ескі үйлердің бірі де қалмаған. Олардың орнында көп қабатты әдемі, жаңа үйлер салынған.

Бүркіт екеуіміз көптен хат-хабарсыз кеткен едік. Шевченко көшесі, 71-үй, 4 пәтер деп көрсетілген мекенжайда олар болмай шықты. Енді оны қайдан іздеу керек? Басқа қандай таныстарым бар еді? Осыларды еске түсіре бастадым. Бірақ бірде-бірінің мекенжайын білмейді екенмін.

Күнде радиодан хабар беріп тұратын диктор Мәмбет Сержанов есіме түсті. Онымен Шет тілдер институтының ағылшын факультетінде бір курста бірге оқығанбыз. Енді оны жұмыс орнына іздеп бардым. Кіре берісте отырған милиционер оны телефонмен шақырып берді.

Екеуіміз жағдайды, өткен-кеткенді сұрастырып аздап әңгімелестік. Бірақ ол маған үрке қарайтын сияқты. Әңгіменің бір ретінде:

— Бүркіт екеулерін тағы да бір пәлеге ұшырап қалайын деп жүрген жоқсындар ма? — дегені мені тоқыратып тастады. Сонда да өзімнің іштей толқып қалғанымды сездірмей:

— Бәле-жалаға үнемі ұшырай беру ол екеуіміздің маңдайымызға сыбаға болып жазылып қоймаған шығар, — дедім жымия күлген болып. Ол менің бетіме ойлана қарады да:

— Қазіргі жағдай қиындап барады ғой. Бүркіт екеулеріңнің бірге жүргендеріңнен күдік алып жүрмесе... — деп өз ойын күмілжи аяқтады. Ашылып ештеңе айта қоймады.

Бұл 1987 жылдың маусым айының кезі еді. Желтоқсан көтерілісіне бес-алты айдың жүзі болып қалған. КТБ қызметкерлерінің қылышынан әлі де болса қан тамып

тұрған кез. Мәмбетпен болған кездесу ойға қалдырды. “Желтоқсанға қатысқандардың басшы дегендерін аяусыз жазалады”, — деп естігенмін. Енді олардың қалғандарын іздестіріп жүрген шығар деп ойладым. Хал-жағдайды толық білу үшін Бүркітпен жөлығуға асықтым.

Бүркіт әйелі Қатипа екеуі жылы шыраймен қарсы алды. Ол үйде үшеуімізден басқа ешкім болған жоқ. Бүркіт те бұрынғыдай емес, шешіле әңгіме айтпайтын сияқты. Бір сөздің кезегінде Желтоқсан көтерілісі туралы сұрақ қойдым.

Ол маған:

— Желтоқсан жайында өзің де газеттен оқып, радио мен телевизордан тындап білген шығарсың, — деп қоя салды. Әйелінің көзінше шешіле әңгіме айтпайтын сияқты көрінді. Шындығында да солай екен.

Ертеңінде ол қызметіне бармай, үйде менімен бірге болды. Бұл оның шығармашылықпен айналысатын күні екен. Әйелі жұмысқа кетісімен-ақ әңгімесін ағыта жөнелді. Әйелі мұны ылғи ауыздықтап отырады екен. Мұнысы оны сақтандырғаннан гөрі, қорлағанға ұқсайды.

— Желтоқсан оқиғасы, — деп бастады ол әңгімесін — қазақ жастарының әділетсіздікке тікелей қарсы шығуы. Қазақ халқынан бірде-бір ел басқара алатын адам таба алмағандай қия шеттен Қазақстан жағдайын білмейтін біреуді республикаға басшы етіп қоя салу — барып тұрған басынушылық, қазақты халық деп есептемеушілік. Тіпті Қазақстанда жұмыс істеп жүрген белгілі бір ұлт өкілін басшы етіп қойғанда да мұндай қайғылы оқиға болмайтын еді. Қазақ жастары бірінші рет ел намысын қорғап, қазақ атын дүниеге паш етті. Қазақ халқын “ұлтшыл” деп атаса атай берсін. Бүкіл халық, әрбір адам ұлтшыл болып, ұлт намысын қорғай білсе — ол кісі мақтанарлық іс емес пе?! Әттең не керек, әрқайсымыз ұлтшыл болып, ұлт намысын қорғау үшін күресе алмай жүрміз ғой. Осындай ереуіл Қазақстанның көп жерін қамтыпты. Тек қана қалаларда ғана емес, ауылдық жерлердің де біразы бас көтеріпті. Бұл — елдік намысымыз ояна бастады деп қуанарлық іс. Бірақ қуғын-сүргінді қайтадан күшейтін, елдің еңсесін түсіріп жібере ме деп сескенемін. Өйткені КГБистер белсенділік танытып, бұрынғы ақталып келген “саяси” қылмыскерлерді

қайтадан тексеріп жатқан көрінеді. Былтырғы жастардың көтерілісіне дем беріп, оларды үкіметке қарсы айдап салып отырған осылар деп есептейді екен.

Менің де жүріс-тұрысымды, кімдермен қатынас жасап сөйлесетінімді тексеріп жүрген көрінеді. Бұл немен аяқталар екен деп соның аңысын аңдап жүрмін, — деп аяқталды өзінің әңгімесін. Сәл үнсіздіктен кейін мен де өз ойымды білдіріп:

— Мұндай жағдайда менің мұнда келуімнің керегі жоқ екен ғой.

— Иә, солай деуге де болады. Менің ойымша, репрессияны қайтадан күшейтіп жіберсе, ең алдымен Алматыда тұратын біздер ғана ұшыраймыз ғой. Ал сен тұрған ауылда ешқандай ереуіл болған жоқ. Ендеше сені Желтоқсанға байланысты қылмысқа тартуға талаптанудың өзі қисынсыз. Әдейі келгеннен кейін негізгі шаруанның бетін біл. Менің бұл айтқандарым сені Алматыдан қуғаным емес, жалпы жағдаймен таныс болсын дегенім.

— Ендеше сақтанып жүр дегенің ғой, — деп оның айтар ойын әрі қарай жалғастырып жібергендей болдым. Мен заман ағымына өзімше үн қосқан өлеңдер жазып, кітап қылып шығарғайын деп келген едім. Мұндағы достар Бүркіт те, Жаппар да жазғандарымды қарап түзетіп беріп, өлең жинағын баспаға ұсындым. Осылайша әдейі келген негізгі жұмысымның бастамасын бітіріп, ауылға қайттым.

Ауылға келгенменде Алматыдағы желтоқсанға қатысушыларды, оған тілектес болғандарды, босанып келген бұрынғы саяси қылмыскерлерді тексеру немен аяқталар екен деп күдіктеніп, күтумен болдым. Бүркіттің сонына қаладағы КГБ тыңшылары тіміскілеп түсіп жүрсе, ауылдағы мені де шырқ иіріп жүр еді. “Қашан ұстап әкелер екен” — деген қауіп күндізгі асынды түзу ішкізіп, түнгі ұйқыңды алаңсыз ұйықтатқан емес.

Осылайша уақыт зымырап өтіп жатты. Шықылдап сокқан сағаттың әрбір дыбысы дүниеге бірыңғай каталдығымен ғана көрінген Кеңестер Одағының алқымынан ала түскендей әсер етіп келеді. Демократияға бет бұрыс күшейе түсті.

1987 жылы Қазан төңкерісінің 70 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.С.Горбачев баяндама жасады. Ол өзінің баян-

дамасында қоғамның демократияға толық бет бұрғанын айқындай түсіп, бұрынғы жүргізілген заңсыздықтарды айыптады. Бұл Қазақстандағы Желтоқсан желеуімен жүргізіле бастаған заңсыздықтардың тыйылуына себепкер болды. Қазақтың ұлттық намысын аяққа таптай бастаған, шаш ал десе, бас алатын белсенділердің желіккен екпінін баяулатты. Осы уақыттан бастап төбемізде төніп тұрған қуғын-сүргінге қайта ұшыраудың қаупі сейілді. Енді үрікпей, жасқанбай жүріп-тұруға мүмкіндік алдық.

Мені қатты қуантқан сол 1987 жылдың 25 желтоқсанында “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған екі беттік Бүркітке арнаған алты сөз және оның өлеңдері болды. Мұнда 1937–38 жылдардағы қайғылы оқиғалар және оның 1951–53 жылдарда екінші рет қайталануы жайында айтылған:

“Сол кезеңде бірсыныра белгілі ғалымдарымыз бен ақын-жазушыларымыз, атап айтқанда, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, А. Жұбановтар орынсыз қудаланып, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Е. Бекмаханов т. б. жазықсыз жазаға ұшырады. Осы екінші рет жазалау толқынына Бүркіттің де ұшырап, ауыр күндерді басынан кешіргені айтылады. Ақын Б. Ысқақов өзінің “Тас еденнің ызғары” атты өлеңдер циклінде жеке басқа табыну кезеңінде қудалауға ұшыраған кейбір қарапайым кеңес адамдарының жиынтық бейнесін жасап, олардың сол жылдарда басынан кешірген ауыр азаптары мен қайғы-қасіреттерін, күйініш-сүйініштерін білдіреді.

Әрине, абақтының аты — абақты, лагерьдің аты — лагерь. Онда отырған адамдардан, бойында тек сенім мен үміт қана болды десек қателесер едік. Ондай жерде олармен бірге кейде үрей мен қорқыныш, ашу-ыза, өкпе-наз, күдік, өкініш, сағыныш сезімдерінің де қатар жүруі табиғи нәрсе. Міне, ақын өзінің лирикалық кейіпкерлерінің бойындағы осы нәзік сезімдерді де тап басып көрсете білген. Жалпы автордың лирикалық кейіпкері ақиқат, шындық және әділеттік үшін күрес жолында барған сайын шыныға, шындала түседі. Бұл өлеңдер циклінде өмір шындығы, оның ащы ақиқаты жатыр деп толық айтуға болады.

Ел өміріндегі бұл сияқты келеңсіз оқиғаларға тек 1956 жылы болып өткен КПСС-тың XX съезінің қаулы-қарарларына сәйкес толық тыйым салынғаны мәлім.

Міне, осы қаулының негізінде бұрын орынсыз қуғынға ұшыраған адамдардың барлығы да туған жеріне қайта оралып, жасампаз, бейбіт еңбекке араласты. Соның бірі көзі тірі, жанды куәсі – ақын Бүркіт Ысқақов СССР Жоғарғы Сотының 1956 жылғы 20 ноябріндегі қаулысы бойынша толық ақталып, партиялығы қалпына келтіріліп, бұрынғы жұмыс орнына қайта орналасқан. Содан бергі отыз жыл бойы журналистика, әдебиет және ғылым саласында жемісті еңбек етіп келеді. Қазір ол СССР Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, ондаған өлең кітаптары мен ғылыми-монографиялық еңбектердің авторы. Ұлы Отан соғысына қатысқан және жемісті еңбектері үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен наградталған...

Елімізде демократияның салтанат құрып, жариялылықтың кең өріс алған жағдайында, ақынның отыз жыл бойы жарық көре алмай келе жатқан бұл туындысын жариялауды жөн көрдік. Өйткені бұл өлеңдер циклі саяси жағынан ұстамды, идеялық тұрғыдан берік, өз оқырмандарын Отан мен партияға шын берілгендік рухында тәрбиелеуге көмектеседі. Оның үстіне ол еркін өмірді, ақ тілеулі адамдарды, ерікті еңбекті, бас бостандығын бағалай және құрметтей білуге үйретеді. Демек, шығарманың танымдық, тәлімгерлік әрі тәрбиелік мәні де құптарлық...”

Міне, Бүркіт туралы сол кезде “Қазақ әдебиеті” газетінде жазылған пікір оны екінші рет ақтап, алдағы уақытта еркін өмір сүріп, көсіле жазуына мүмкіндік тудырғандай болды. Бұдан кейін онымен жыл сайын кездесіп тұрдым. Ол шығармашылық жұмысқа бірыңғай бет бұрды. Оған қысылып-қымтырылып, өндіріш көлемді ештеңе жаза алмай өткен күндерінің орнын тезірек толтыру керек болды. Ол өлеңдерді өрнектеп шығарумен қатар ғылыми жұмыстармен шұғылданды. Қазақ, татар, башқұрт халықтарының әдеби байланысы жайында докторлық диссертация қорғауға дайындалды.

1990 жылдың қараша айында мен Алматыда болып, біраз сырласып, көңілденіп қалдық. Ол диссертациясын жазып бітіріпті. Ғылыми кеңестен өгіп, тек ресми қорғауы ғана қалған екен. Көңіл күйі көтеріңкі көрінді. Маған

басымыздан кешкен қиын күндерді естелік етіп жаза беруді ұсынды.

— Мен өзім болған “Степлактағы” жағдайды суреттегендей, сен “Сиблагтағы” өзің көрген қиыншылық жағдайларды суреттеп жаз,— деді. Менің ондай естелік жазу қолымнан келмейтінін айтып:

— Мен сияқты қатардағы жай адамның естелігі кімге керек? — деп едім, ренжіп қалды да менің бетіме тесіле қарап:

— Бірыңғай генералдар мен маршалдарды ғана суреттейтін қандай хикая, әңгіме оқыдың? Қатардағы солдаттарсыз оларды жеке-дара көрсете бермейді ғой. Болған оқиғаға бастан-аяқ бәрі де араласып жатады. Ендеше біз ұлы адам болмағанмен өмірдің өзі тудырған қатардағы солдатпыз. Қиыстырып жақсы жазылса, генералдың өмірінен гөрі солдат өмірін, ел билеп отырған патша өмірінен гөрі жай адамның өмірін қызыға оқиды, — деп аяқтады өз сөзін. Мен оған қарсы ештеңе айтпай, келіскендік ниет білдіріп, басымды изедім. Сәлден кейін:

— Махмет, заман ағымы біздің тілеген, көптен аңсап күткен арманымызға қарай тікелей бет бұрып келеді. Бір кездерде қолға ұстаған қаламымызды қалай қарай бұрып жазуды өз еркімізбен істей алмай келсек, енді ерік өзінде. Ешкімнен қаймықпай-ақ көсілтіп жаза бер.

Өзің де біліп жүргендей, біз өмір сүріп отырған қоғамдағы үлкен өзгеріс коммунистік жүйенің сөгіле бастауы. Бұрынғы Москваға ғана қарап намаз оқитын, одақтас республикалар деп аталатындардың бәрі де егеменді ел, дербес мемлекет болуға бет түзеген. Алдағы уақытта оларды бұл бағыттан тайдырып әксететін дүлей күш жоқ сияқты. Бүкіл дүниенің көбін шеңгелінен шығармай келген коммунистік партия ыдырауға айналған. Айбынды беделінен айрылған. Қалтасына қызыл билет түскенде төбесі көкке тигендей болағындар бүгінде одан безе бастауда. Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу ел жағдайын тығырыққа әкеп тіреді. Сондықтан қайта құру, жаңару процестерін жүргізуге мәжбүр болып отыр. Осының бәрі Қызыл империяның құлдырау кезеңіне түскенінің айқын айғағы. Қызыл империя біржолата ыдырап кете қалса, бұрынғы ғасырлар бойы отаршылық езгіде еңіреп келген

халықтардың бәрі де азаттық алып шыға келеді. Міне, осы көптен күткен күніміз де босаға аттап, күлімдеп келе жатыр,— деп ол сөзін шабыттана аяқтады.

— Сонда біз не істеуіміз керек? Өз қуанышымызды, өз тілегімізді, оны қолдайтынымызды қалай білдіруіміз керек? — дедім, оның шабыттана сөйлегеніне өте риза болып.

— Бұл мемлекет тек халықтың қамын ғана ойлайтын мемлекет болуға тиіс. Ендеше оны халық та толық қолдауға тиіс. Сол үшін әрбір адам өзінің қолынан келгенін істеп, аянбай еңбек етсе, ол өзіне де, Отанына да үлкен пайда тигізеді.

— Мұндай жұмысқа бүкіл халықтың бірден жұмылып кірісіп кетуі мүмкін бе?

— Жо-оқ, барлық халық бірден жаңа бағытты, өзгерістерді, реформаны түсініп іске кірісіп кете қояды деп айту өте қиын. Олардың арасында бұрынғы өткен күндерін аңсайтындар да кездеседі ғой.

— Ендеше елді жаңа жолмен жаңаша бастай алатын, елді соңынан ерте білетін жаңа партия құру керек деп ойлайсың ба?

— Әрине керек. Елді уақыт ағымына сөйкес бастай білетін жаңа партиялар құру талабы қазірдің өзінде көріне бастады.

— Олай болса, біздер де өзіміздің “ЕСЕП” партиясын қайтадан тірілтсек қайтеді? — дедім мен ойыным да, шын-ным да аралас.

— Уа, шіркін, бұл еркіндік сонау жас кезімізде болса ғой. Енді егде тартып еңкейе бастаған шағымызда ұрандап шығып, атой салу емес, қолға қалам алып, еркіндікті еркін пайдаланып, көкейіміздегі қысылып айта алмай келген қиял-ойларымызды жарық дүниеге шығару керек.

Алдағы уақытта біздің негізгі құралымыз қалам болуға тиіс. Сен олеңдерім басылып, кітап болып шыға қоймады деп жасыма! Ақын-жазушылардың мұндай қиындықты бастарынан кешкендері аз емес. Шамаң келгенше жазуынды тоқтатпа! Сөгі келсе, дайын тұрған жинақ басылады да шығады, — деп мені ширата түсті.

Сөйтіп мен жолым болмай, 1987 жылы апарып “Жазушы” баспасына тапсырған өлеңдер жинағымды бастырта алмай, оны қайтадан сүмірейе қолтықтап, 1990 жылдың қараша айында үйге қайттым.

Сол кітапты бастырмамын деп жыл сайын Алматыға барып жүрдім. Кітап басылып шықпаса да Бүркіт екеуміздің сұхбаттасып, іштегі ойларымызды сыртқа шығарып, өңгімелескеніміздің өзі бір ғанибет еді. Жаныма жағатын өңгіме айта білетін дүниедегі ең жақын досымнан кенеттен айырылып қалармын-ау деп еш ойлағаным жоқ?!

ӨКІНІШТІ ҚАЗА

Алматыдағы Кеңсайдың бойында өмірінде адам өлімге кимайтын, қара жердің қойнына беруге жанды қинайтын қазақтың талай абзал ұлдары мен қыздары мәңгілік орын теуіп жатыр. Бүркіт те барып солардың қатарына қосылған. Бұл 1991 жылдың ақпан айы еді.

Адам өмірінде өкінішті өлімдер көп кездесе береді ғой. Бүркіттің де өлімі өте өкінішті өлім болды. Ол егде тартып, алпыстан асып қайтыс болса да оның ойға алып орындаймын деп құлшына кіріскен жұмыстары өте көп еді.

Еліміз өз алдына дербес мемлекет болып, отарлық бұғандан құтылған кезде оның еркін көсіліп, өлең-жырларын өрнектей түсетін мүмкіндігі “жаңа ғана туа бастаған еді. Өйткені ол кеңестік дәуірді, оның шексіз катал тәртібін, әсіресе шығарма жазудағы цензураны өте жек көретін. Қысылып, қымтырылмай еркін отырып жазуды армандайтын. “Өзің ұнатпайтын тақырыпқа, заман ағымына амалсыз бейімделіп шығарма жазу — азаптың азабы ғой. Жаманды жақсы деп, қараны ақ деп қалай айта аларсың”, — деп қынжылатын.

Ол тірі жүргенде өзінің жан-тәнімен сүйген туған халқы тәуелсіз ел болып, дербес мемлекет болғанына сүйсініп, талай тамаша шығармалар жазатын еді. Оның өлімінің ең үлкен өкініштісінің бірі осы болды.

Екінші жағынан алғанда ол ғылыми жұмыстармен де терең шұғылданған адам. Әдеби зерттеу саласында “Қазақ-татар әдеби байланысы”, “Қазақ-башқұрт әдебиет қатынастары тарихынан” атты монографиялардың авторы. Ол жоғарыдағы көрсетілген ғылыми жұмыстарын тереңдете сомдай түсіп, докторлық диссертация жазған еді. Бұл еңбегі

ғылыми кеңестен өгіп, тек ресми қорғауы ғана қалған еді. Екінші бір қатты өкініш осы дайын тұрған диссертациясын қорғай алмай кетуі болды.

Оның өлімі бала жастан бірге өскен, өмірдің ашытұщысын бірге көріп, арман ағынымен де бірге аққан маған жаман батты. Көңілім құлазып, тіпті жетімсіреп қалдым.

Уақыт шіркін бір орында тоқтап тұра алған ба? Зымырап өгіп жатты. Әне-міне дегенше оның 70 жылдық мерейтойы да жақындап қалды. Мұны өзі жұмыс істеген Ғылым академиясы және Жазушылар одағы қалай еске алар екен деген ой мені мазалай бастады. Өз қолымнан келе қоятын ештеңе жоқ. Ақыры шыдай алмай Ақмола қаласына келіп, сонда басылып шығатын “Сарыарқа” журналының бас редакторы Нұрқожа Оразовқа жолықтым. Ол — Қазақстанның көрнекті ақын-жазушыларының бірі. Мені жылы шыраймен қарсы алды. Бүркітті білетін және оның бүкіл адамды жатсынбайтын сүйкімді мінезін ұнататын болып шықты. Бұл мені қатты қуантты. Маған Бүркіт туралы жорналға лайықты естелік жазып әкелуді ұсынды. “Жарайды” деп қуана келісім бергенмен де, оны қалай бастап жазуды біле алмай қатты қиналып жүрдім. Ақыры: “Ойдан шығаратын ештеңе жоқ, болған оқиғаны неге бажайлап жазбаймын” деген ой келді. Нұрқожаның айтқанын орындап, жазған “Арман мен азап” деген шағын көлемді естелігім “Сарыарқа” журналына басылып шықты.

Бүркіттің 70 жылдық мерейтойына арналған алғы сөзін Нұрқожаның өзі жазды. Бұл басылып шыққан алғы сөз де, естелік те оқырман көпшілікке өте ұнады. Бұл жағдай мені жігерлендіре түсіп, естелікті кеңейтіп, көлемді етіп жазуға итермеледі.

Бүркіттің 70 жылдық мерейтойы аталып етті. Ескерусіз қалған жоқ. Бұл мені қуандырды. Бірақ үлкен ойға қалдырды.

“Шіркін, қатыгез тағдыр-ай,— деймін ішімнен — біреулерді мақсатына еркін жеткізеді. Ойлаған ойларын орындап шығады. Ал кейбіреулер ойламаған жерден омақаса құлап түседі. Армандаған мақсатына жете алмай қалады. Бүркіттің де басында осындай жағдайдың болуы өкінішті-ақ! Егер ол 70 жылдық мерейтойын өзі тірі болып отырып

өткізсе, ол үлкен ғалым, ғылым докторлары қатарында болып, үлкен құрметке ие болар еді.

Оның өмірге көзқарасы да, оны бағалай білуі де өзгелерден өзгеше шындықпен астарласып жататын. Заман ағымына қарай бейімделіп пікір айтуды ұнатпайтын. Оның негізгі мақсаты — шындықтың бетін ашу болатын.

Қазан төңкерісінің нәтижесінде бұрынғы патшалық Ресейдің құлдығында болып, артта қалған елдер мәдениеті өскен ерікті ел болды деп лепіретін коммунистік даурықпаны мейлінше жек көретін.

Кеңес өкіметінің қазақ халқы үшін жасаған жақсылықтарының бәрі де халықтың қып-қызыл қанымен боялып жасалған.

Қатты жұтта қырылған малдай болған халықтың өуірімдеп зорға аман қалғандарына оқу оқытып, білім бергені рас. Олардың арасынан тамаша ғалымдар, мәдениет қайраткерлері өсіп шықты. Бұрынғы мыңғырап мал өскен иен далада түтіні бұрқыраған өндірістер де орнады. Жалпы сырттай алғанда осының бәрі де қазақ даласын өркендетіп жатқан сияқты көрінетін. Мұның келешектегі болатын құпия астарын ешкім де аңғара алмайтын.

Кеңес өкіметінің халыққа жаппай білім берудегі мақсаты — коммунистік идеяға шексіз берілген адамдарды тәрбиелеп шығару болды.

Жалпы қай қоғамда болса да халыққа білім беру, оны оқыту өте қажет. Мұнсыз заман тілегіне ілесе алмайды. Коммунистік қоғам өзі күйреп қалғанына дейін басқа ұсақ ұлттарды біржолата құртып жіберуге бағытталған негізгі бағдарламасын іске асырып келді. Мұның толық дәлелі қазіргі қазақ халқының ұлттық дәстүрден де, тілінен де, дінінен де жұрдай болып қалуға айналғаны...

Біздер қазір егеменді ел болып отырғанмен де кейбір жағдайларда бұрынғы коммунистік бағытпен жүре беруіміз — әлі бойымыздан арылмаған саяси кіріштарлықтың белгісі.

Мысалы, жыл сайын 9 май — Жеңіс күні деп қуанып, даурығып келеміз. Қатерлі жау фашизмді талқандадық деп кеуде соғамыз. Бірақ бұл жеңіс кімге пайдалы, кімге зиян болды, ол жағына зерделеп ой жібермейміз. Анығында, бұл жеңіс — халықтар бостандығының қас жауы Қызыл

империяны күшейте түсті, оның ғұмырын жетпіс жылдай ұзартты.

Сөйтіп, бойымызға бұрынғы сіңіл қалған құл мінездіктен, жағымпаздықтан өлі арыла алмай келеміз. Өмірдің шындығына келсек, өзімізді қырып-жойып құртуға айналған қас жауымыздың жеңісіне ойсыз түрде қуанғанымыз ғой!

Күні бүгінге дейін келмеске кеткен коммунистік қоғамды аңсайтындар да бар. Олар: “Мынандай жоқшылық, қиыншылық, тудырып отырған егемендіктен не пайда?” — деп өздерінің наразылықтарын білдіреді. Сол адамдар көкसेп отырған қоғамда мұның әкесіндей қиыншылықтар болғанын елең қылып, есіне алмайды да.

Бүгінгі қиыншылықтарды тудырып отырған тағы сол коммунистік идеяға берілгендер. Өйткені қазіргі елді басқарып жүргендер тағы да сол бұрынғы “пысықтар”. Олар жаңа заманды “қолдап” шыға келіп, ел үшін емес, өз пайдасын көздеп, өз қалтасын толтырып алып, халықты құртып шыға келуде. Әзірше сорлап жатқан адал еңбегімен ғана күнелтетін, ылпың-жылпыңды, қулық-сұмдықты білмейтін халықтың басым көпшілігі. Оларға жаны ашиды. Бірақ қолдан келетін тағы ештеңе жоқ.

Осындай уақытта Бүркітті жоқтап, іздей бастаймын. “Шіркін, ұзақ отырып сөйлесіп, өзім түсіне алмай жүрген көп мәселені анықтап алар ма еді”, — деп армандаймын. Өзім жалғызсыраймын да оны сағына түсемін.

Өйткені ол қаршадайынан халықаралық ахуалға ерекше көңіл аударып және заман ағымының қалай қарай бет бұрғанын бағдарлай білетін. Мұндай бейбіт жағдай түгіл, басқа қауіп төнген қатерлі кезеңде де біржолата жасып қалған емес. Келешекке тек қана үмітпен қарай білді.

Мынау өтпелі кезеңде кездесіп тұрған қиыншылықтардың уақытша ғана болып тұрған құбылыс екендігін өзі де еркін түсініп, өзгелерге де түсіндіре білер еді. Өйткені өмір бойы ол армандаған туған елінің азаттығы мен егемендігінен қымбат еш нәрсе жоқ қой.

Кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған кезінің өзінде де азаттықты аңсап “Елін сүйген ерлер партиясы” (ЕСЕП) деп ұйым құрып, туған халқының тәуелсіз, жеке мемлекет болуын армандады. Ол арман өзі қатарлы жастардың ой-санасын оятып, көкейлеріне мықтап орнаған еді.

Бұл жастар “ЕСЕП”-ті өте ұнатып, шын жүректерімен тілектес болып, олардың біразы қатал заманның қатал жазасына ұшырады. Тәтті арман қуалап жүріп азап шекті. Бұлар қазақ даласын қансыратып жаулап алған басқыншы жендеттерге бар күшін салып қарсы шығып, туған халқының тәуелсіз ел болуы үшін күрескен қазақтың абзал ұлдары Сырым батыр мен Кене ханның өнегелі ұлы істеріне тәнті болып, оларды жанындай сүйетін. Бұл жастардың арманы туған елінің азаттығы үшін жандарын аямай арпалысқан алашордашылардың арманымен тамаша тоғысқан еді.

Бүркіт бастаған “ЕСЕП” жолын қушылардың жағдайларықияметтің қыл көпірінің үстінде жүргендей қауіпті еді. Еірақ кеудеге мықтап орнаған асыл арман қауіп-қатерді де ойлатпаған. Олар қуғын-сүргін көрсе де біржолата мұқалып, жасып қалмаған. Бүгінде Бүркіттің де, оның “ЕСЕП” партиясына тілектес болғандардың да ұлы арманы орындалып отыр. Бұрын жер бетінде қазақ деген халықтың бар-жоғын шетелдер білмей келсе, қазірде солармен тереземіз тең егеменді ел болып отырмыз. Бұл бізге Құдайдың беріп отырған үлкен сыйы. Біздер үшін бұдан асыл да, қымбат та ештеңе жоқ. Бүкіл халық болып жан сала кимылдап, осы тәуелсіздігімізді қастерлеп қорғай білуіміз керек. Ертең-ақ әрқайсымыз өз борышымызды орындап, қажырлы еңбек етсек сүйікті Отанымыз — Қазақстан гүлденіп шыға келеді.



СОҢҒЫ СӨЗ

Ғасырлар бойы отарлық бұғауда болып, қан жұтып қапаста болып келген халықтардың бағына қарай бүкіл дүниені қаталдығымен түршіктірген Қызыл империя быт-шыт болып ыдырап кетті. Мұның нәтижесінде оған бағынышты болып келген бұрынғы “одақтас” деп аталған республикалардың әрқайсысы өз алдына тәуелсіз, дербес мемлекет болды. Бұлар енді ешкімге жалтақтамай өздерінің ішкі де, сыртқы да мәселелерін өз шамасынша өздері шешіп жатыр. Бұл тәуелсіздіктің негізгі жемісі. Алайда бұлардың бір-бірімен жүргізіп келген бұрынғы қатынастары үзілген. Бәрін де жаңаша бастау керек болды. Шаруашылықты жаңаша жүргізу, нарықтық, заңға бейімделу көп қиыншылықтар тудыруда. Халықтың тұрмысы төмендеп кетті. Әсіресе біздің Қазақстан сияқты өз жерінде өзіне қажет өндіріс тауарларын өндіре алмайтын тек қана шикізат шығарудың көзі болған ел үлкен қиындық көруде.

Империя күйрегеннен кейін республикалардан әрқайсы өз мүмкіндіктерін пайдаланып, өз бетінше күнелтетін болды. Алғашқы кезде біздің Қазақстан от жағып, тамақ істеп іше алмай қалды. Өйткені өз жерімізде от тұтататын сіріңке де өндіре алмайды екенбіз. Ертелі-кеш беті-қолымызды да тазалап жуа алмай қалдық. Сөйтсек, бұрынғы кезде кез келген қазақ өйелі дайындап жасап ала беретін кір жуатын қара сабынды да шығара алмайды екенбіз. Осы сияқты жеңіл-желпілердің өзін шығара алмай жатқанда, басқа өндіріс бұйымдарын шығару атымен болмаған.

Қазақстанның жер қойнындағы қазбалы байлықтары да, жүн, тері сияқты малдан шығатын өнімдер де өз жерімізде өңделмей, тек сыртқа ағылып тасылып кете берген. Байлығы мол отар елдерге жаулап алған капиталистік мемлекеттер қандай көзқараста болса, Қызыл империя біздің Қазақстанға сондай көзқарасты ұстанды.

Біздің жердегі салынған өндіріс орындары тек қана Қазақстанның қазба байлықтарын шығарып алып, тасып әкету мақсатында ғана орнаған.

Мысалы, көмірді де, темірді де, мысты да т. б. тасып әкету үшін міндетті түрде теміржол салды. Көмір өндіріліп, руда шығарып, оны қорытатын жерлерде жұмысшылар тұратын үйлер салынып, қалалар пайда болды. Сырттан

қарағанда Қазақстанның иен даласы игеріліп, көркейіп жатқанға ұқсады. Мұның астарындағы жайға көз жібергенде бұл бүкіл қазақ жерін темір торға салып, оны отарлаудың төте жолы болды. Өйткені бұл жаңадан ашылған өндірістің пайдасын шеттен келгендер ғана көріп жатты. Бұл жаңа ашылған өндіріс орындарына жергілікті халықты тартпады, тіпті бұл туралы ойланбады да. Өндіріс мамандарын есептемегенде жай қара жұмысты атқаратын жұмыскерлердің бәрі де шеттен келгендер болды. Қазақтар бұрынғыша мал соңында салпақтап жүре берді.

Біздер тек қана “еліміз бай, жеріміз бай” деген даурықпа сөздерге мәз болып жүре беріппіз. Ал шын мағынасында біздер сол байлықтан мардымды пайда көре алмаппыз. Соның бәрі де біз бағынып отырған “қожамыздың” қалтасына түсе берген екен.

Кеңес өкіметі тұсында салынған қалалардың бәрінде де қазақтар өте аз болды. Ол қалаларда қазақпа мектептер ашылмады. Сондықтан қалада туып-өскен қазақ жастары өз ана тілін білмейтін болды. Мәңгірттердің саны өсе түсті.

Сөйтіп қалаларда республика қазақ атымен аталғанымен де ешқандай қазақ ықпалы болмай қалды. Қала түтіл жергілікті халықтың басым көпшілігі тұратын ауылдық жерлерде де қазақтың ұлттық қалпын сақтап қалу мүмкіндігі азая бастады.

Батыстан да, шығыстан да зорлықпен көшіріп әкелген халықтар аздай-ақ, тың жерлерді игереміз деп қайдағы бір қалың тобырды қаптатап әкелуі — Қазақстанды біржолата отарлап алып, қазақтардың жеке ұлт есебінде өмір сүруін тоқтатудың “тамаша” тәсілі болды.

Жалпы алғанда Кеңес өкметі КСРО-да тұратын барлық ұсақ ұлттардың ұлттық қасиетін жойып, “совет халқы” деген атпен орыс ұлтының негізінде бір-ақ халық жасап шығармақ болды.

Әрине мұндай саясат өз нәтижесін бермей қалған жоқ. Мәскеуде бұлт шыға бастаса, Қазақстанда найзағай ойнайтын. Орталықтың түшкірігін “жәрәкімалла” деп қабылдап, қазақ мектептерін жаппай жаба бастады. Осының нәтижесінде қазақ жастары өзінің ана тілін білмейтін де, менсінбейтін де болып шықты. Олардың қазақ тілінен теріс айналғаны сондай, тіпті ана тілін білетіндер де бір-бірімен

орысша сөйлесуді дәстүрге айналдырып алды. Қазақ тілінің беделі жойылды.

Егемендікке ие болып, өз алдымызға жеке дербес мемлекет болғанымызға аз уақыт өтсе де көңілге медеу болатын жұмыстар жүргізіле бастады. Бұрын сөйлеуге намыстанатын қазақ тілі заңды түрде мемлекеттік тіл болды. Мұны мойындамаушылардың да жолы тарыла бастады. Келешекте бүкіл ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізсе, жоғары оқу орындарына түсу үшін қазақ тілін білу негізгі шарттардың бірі болып, оқу қазақ тілінде жүрсе, жоғары дәрежедегі мәжілістер қазақ тілінде жүрсе, тағы басқа шаралар да мемлекеттік тілде өткізілсе, тілдің беделі өседі де шығады. Қазір де осыған бет бұрған сияқтымыз.

Өз алдымызға жеке егеменді ел болған соң ғана халқымыздың тілін де, дінін де, жақсы әдет-ғұрыптарын да сақтап қалу мүмкіндігі туып отыр.

Бұрын ешқандай елмен өз бетімізбен қатынас жасай алмай келсек, қазір тереземіз тең дәрежеде көп елдермен сауда-саттық, дипломатиялық қатынастар жүргізіп отырмыз. Қазақстан халықаралық аренаға шығып, көрнекті мемлекеттердің біріне айналып келеді. Аспан түстес көгілдір туымыз да төбемізде еліміздің бейбітшілік сүйгіш ниетін білдіргендей жай ғана желбіреп тұр.

Жүзден артық ұлт өкілдері жиналған Қазақстан қырық бөлініп қырқыспай, бейбіт өмір сүруде. Басқа түсіп тұрған қиыншылықтарды бірге көріп, тағдыр тауқыметін бірге бөлісуде. Осының бәрі Елбасымыз Назарбаев Нұрсұлтанның жүргізіп отырған байсалды дұрыс саясатының арқасы. Шетел басшыларымен кездескенде де өз дәрежесін кемітпей, иық тірестіре сөйлесіп, Қазақстанды да, қазақ халқын да басқа елдерге паш етуде. Бірақ қиыншылықтардың бәрін бірыңғай оның қателігі деп санап, оның беделін түсіруге тырысып, оған қарсы шығушылар да аз емес. Әрине бұл күншілдіктің көлеңкесі. Оған қарсы шығушылар оның істеген ісіне кедергі жасап, абыройын төгем деп жүріп, бүкіл халыққа зиянын тигізуде. Тіпті біртұтас қазақ халқын ру-руға, жүзге бөле қарайтын саяз ойлылар да бар. Бірақ:

*Мен үшін қазақ деген бір-ақ ел бар.
Атанған Қазақстан бір-ақ жер бар.
Отырған барлық ұлттың басын қосып,
Көреген Нұрсұлтандай асыл ер бар.*

Мен Н. Назарбаевты бүкіл қазақстандықтардың бағына қарай туған асыл азамат деп есептеймін.

Жаңа ғана жас отау болып тігіліп, жас баладай тәйтәй басып келе жатқан мемлекетімізді басқару жүйесінде аяқты шалыс басып қалу да кездесіп отыр ғой. Сондай қателіктердің бірі — Отаным, ата-бабамның туған жері деп алыстан аңсап келген қандас ағайындарымызға нәтижелі көмек көрсете алмауымызда болып отыр.

“Келешекте бала-шағамыз шетелде жүріп жат болып кетпесін” деп байырғы, негізгі отанымыз деп жүректерін қолға алып Қазақстанға келгенде толық қолдау да, көмек те көре алмай, баяғы ыстық, жүректері суып, келген жағына қарай кері қайтуда. Бұған мемлекет қана кінәлі емес, бауырым деп аңсап келген Қазақстанның байырғы тұрғын қазақтары да кінәлі. Өйткені бұлардың көпшілігі оларға туысқандық мейірім көрсетіп, құшақ жайып қарсы алмады.

Кенес өкіметі тұсында зорлықпен көшіріп әкелген неміс, шешен, тағы сол сияқты басқа халықтарды құшағын жая қарсы алып, қолындағы жарты таба нанды бөлісіп жеген еді. Олардың кейбіреулерінің төрге шығып алып, текемет тілгендерін де елең қылмадық. Сөйтсек, оның бәрі де халқымыздың әбден жалтақ болып, құл мінезді болып, қорғалап қалғандығының белгісі екен. Бүгінде ерік өзінде. Ешкімнен қауіптенбейді. Сондықтан ойсыздықпен өз қандастарын, өз туыстарын өзекке тепкеннен ұялмайды. Халқымыздың осындай оғаш мінездерін көргенде амалсыздан данышпан Абайдың: “Қайнайды қаның, ашиды жаның”, — деген сөздері есіңе орала кетеді. Өкінішті жағдай.

Қазақстаннан кетіп жатқан неміс сияқты тағы басқа ұлттарға кейбіреулер қимастық сезім білдіреді. Олармен бірге маман кадрлар кетіп қалды-ау деген өкініш айтады. Түштеп келгенде, біз өз байлығымызға өзіміз ие болып, өз жұмысымызды өзіміз-ақ істеп алуға тиіспіз ғой.

Өздерінің байырғы Отандарына кетіп жатқан басқа халықтардың орнына шет жерлерде жүрген қандастарымызды топтастыра білсек, қандай ғанибет болар еді.

Кейінгі кезде халықтың тұрмыс халінің төмендеуіне байланысты баланың тууы азайып, халықтың табиғи өсімі кемін келеді. Бұл бұрыннан да аз қазақ сияқты халықтар үшін өте қауіпті.

Белгілі демограф ғалымдардың айтуынша, бір үйде 1-2-ак бала болса, ол халық өспейді, біртіндеп өшеді екен. Халық өзінің байырғы қалпын сақтап өсе беруі үшін үй басы ең кем дегенде 4-5 бала тәрбиелеп өсіруі керек. Әйтпесе мұнан да көп болуы қажет. Сондықтан көп балалы деген үй іштеріне ерекше көңіл аударып, керекті көмектің бәрін көрсетіп отырса, халқымыздың санының өсуіне септігін тиіс еді.

Қазіргі жағымсыз құбылыстардың бірі — тастанды сәбилердің көбейіп кетуі. Бұлардың басым көпшілігі өзіміздің қара көздеріміз. Адамгершілік күшейіп, бұл жағдай тыйылғанға дейін жазықсыз жас сәбилердің тәрбиесіне мемлекет ерекше көңіл аударса, олар келешекте Отанымыздың нағыз азаматы болар еді.

Тиісті табиғи өсімді жасанды түрде тежеп отырған “аборт” деген пәле жаншай етек алып кеткен. Мұны көп баланы асырай алмайтын нашар тұрмыстағылар ғана емес, баланың аз болғанын “мәдениеттілік” деп есептейтін ауқаттылар көп қолданады. Бұған заң жолымен тыйым салынса ғой. Дін жолымен алғанда мұның үлкен күнә екенін әзірше ешкім аңғара қоймас.

Кейде халық арасынан мынандай жағымсыз сөздер де естіліп қалады: “Бізге егемендік жоқшылықтан басқа ештеңе жасап отырған жоқ. Бұдан да бұрынғы күніміз жақсы еді”, — дейді, ештеңені бағдарлап ойланбастан. Тиісті келмеске кеткен коммунизмнің бұлдыр елесіне еліктейтіндерін қайтерсің?

Қазақтық бірлігімізді сақтап, қазақтың негізгі ордасы — Қазақстанда дүниеге тарап кеткен қазақтардың басын қосып шоғырландыру үшін, ұлттық патриотизмді нығайту үшін дүниедегі екі халықтың істеген істерінен үлгі алсақ деймін.

Бірінші, дүниенің түкпір-түкпіріне жайылып тарап кеткендіктен еврей халқының бастары қосылып, өз алдына дербес мемлекет болады деп ешкім ойламаған еді.

1948 жылы дербес мемлекет болып жарияланғаннан кейін Израильге дүниенің түкпір-түкпіріндегі өздерінің арғы тектерін еврейміз деп санайтындар ағылып келе бастады. Бірақ бұлардың бәрі де ресми тіл — ивритті білмеген. Ресейден келгендер орысша, Франциядан келгендер французша, Германиядан келгендер немісше сөйлеген. Бұлардың бәріне ортақ жағдай — көздері көк,

түрлері сары болған. Бұдан басқа ұқсастық жоқ. Марокко мен Тунистен келгендердің түрлері қоңыр, ал Эфиопия мен Абessinиядан келгендердің түрлері бірыңғай кара болған. Олар араб тілінде сөйлеген. Сөйтіп бұл жиналған еврейлердің бәріне бірдей ортақ тілі де, діні де, түрі де болмаған.

Сонда осындай ала-құла халықты Израильде дүниенің түкпір-түкпірінен қандай күш бастарын қосып, алып келген? Бұлардың бәріне ортақ бір-ақ тілек, бір-ақ арман болған. Ол — ежелгі Израиль жерінде еврейлердің басын қосатын бәріне ортақ еврей мемлекетін құру. Бұл неткен күшті сезім десеңізші. Осы жолда олар кездескен қиыншылықтарды, аштық пен жалаңаштықты жеңуге шыдаған. Ақыры шаруашылығы дамыған мемлекет болып отыр. Олардың басым көпшілігі өз тілдерін де, діндерін де, әдет-ғұрыптарын да жоғалтқан жоқ. Келешекте шетелдерде тұратын қазақтардың бәрі де еврейлер сияқты өздерінің ежелгі ортақ отаны — Қазақстанда бас қосып, оны күшейтуге бәрі бірдей ат салысса қандай тамаша болар еді.

Өзінің туып-өскен жерінде отырып өз Отаны — Қазақстанның егеменді ел болып, басқалармен терезесі теңеліп, бүкіл әлемге танылып отырғанын жек көретін қазақтарды көргенде өз жаныңды өзің жеп, амалсыз қалады екенсің. Азаттық үшін арпалысқан қазақтың талай асыл ұлдары өздерінің шыбын жаңдарын еліне осындай еркіндік әперу үшін пидд қылды ғой.

Егемендіктің қандай қымбат екенін шешен халқының отаршыларға қарсы ерлікпен жүргізген күресінен де айқын көруге болады.

Өз алдына дербес мемлекет болу үшін Дудаев бастаған шешен халқының Ресей федерациясының әскерлеріне қарсы жүргізген жанқиярлық күресі тіпті бүкіл дүниежүзін таңдандырды.

Кеңес үкіметі 1944 жылы бүкіл шешен халқын өзінің туған жерінен еріксіз аударып, Қазақстан сияқты жерлерге әкеліп, быт-шыт қылып таратып жіберген еді. Халық бас бостандығынан біржолата айырылды. Бірігіп отыратын елдік қалпын жойды.

Тек қана 1957 жылдан бастап олар туған жеріне қайта оралу мүмкіндігіне ие болды. Бұл мүмкіндікті бүкіл шешен халқы мүлт жібермеді. Өздерінің ұлттық қалпын қайткен күнде де сақтап қалу ниеті, бұл жолдағы ұлттық патриоттық сезімдері оларды байырғы отанында қайтадан топтастырды. Қайтадан бірігіп ел болу үшін қандай қиыншылықты көрсе де төтеп берді.

Ержүрек шешен халқының азаттық үшін жүргізген өткен ғасырдағы ерлік айқастары да өз Отанын сүйе билудің айқын үлгісі.

Патшалық Ресей Шешенстанға қарсы 50 жыл бойы соғыс жүргізіп, 300 мыңнан артық күшті қаруланған солдатпен шешен халқын толық тізе бүктіре алмаған.

Кейінгі соғыста да қазіргі заманға сәйкес күшті қаруланған, жарақтанған жарты миллионнан астам Ресей Федерациясының солдаттары да шешен халқын тізе бүктіре алмады.

Сонда алақандай ғана жерде тұрған аз халықтың күші неде? Ол күш өз Отанын, туған жерін қалтқысыз сүйе білуінде, толық азаттық үшін айқаса білген мықты ұлттық патриоттық рухында. Төбесінен зымырап бомбалар мен снарядтар түсіп жарылып жатса да, отансүйгіш ерлердің рухын жасыға алмаған. Өйткені туған халқына көрсеткен қорлық пен зорлық олардың ұлттық намысын өсіріп, ерлік істерге жетеледі. Ақыры бұл күрес нәтижелі аяқталып, шешендер алдарына қойған мақсаттарына жетті. Сөйтіп олар Отан үшін, ұлттық намыс үшін күресе билудің таманға үлгісін көрсетті.

Біздің халқымызда да ұлттық намыс, ұлттық патриоттық сана күшті болуы үшін өсіп келе жатқан ұрпағымызды бұрынғы аталарымыздың отансүйгіш рухында тәрбиелеуіміз керек. Ол үшін бұрын айтылмай келген тарихымызды әріден бастап ашық айтып, ең кем дегенде түркіден туған Күлтегін рухында, содан бері қарай жалғасып келе жатқан ата-бабаларымыздың отаншыл ерлік рухында, кейінгі Абылай бастаған даңқты батырлар Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, тағы басқалардың өз Отанын қорғай білетін ерлік рухында тәрбиелей білуіміз керек.

Қазақтың соңғы ханы Кенесары арғы аталарымыздан мұра болып қалған жерді қара ниетті басқыншы жаулардан қорғап қалайын деп шыбын жанын шүберекке түйді. Шамасы келсе бүкіл қазақ жерінде дұшпанның бірде-бір тұяғын қалдырмай қуып, азаттық алсақ-ау деп армандады.

Мұнан кейін алаштың абзал азаматтары, Алашорданың белгілі қайраткерлері: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Жанна Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, тағы басқалар қазақ халқының азаттығы үшін жан аямай күресті. Бүкіл қазақ халқы бірігіп, өз алдына тәуелсіз ел болсақ-ау деп

армандады. Бірақ Кеңес өкіметі бұлардың істеріне тежеу салды. Ақыры олардың бәрі қуғын-сүргінге ұшырап, біразы атылып та кетті. Қаражүрек қызыл жендеттер бұлардың өздері түгіл олардың туған-туысқандары дегендерді де қуғын-сүргінге ұшыратты.

Мұнан кейін Кеңес өкіметіне қарсы болып, жасырын ұйым құрды деген жаламен 1937–38 жылдары қазақ интеллигенциясының бетке шығар қаймағын біржолата құртып жіберді. Бұлардың көбі Кеңес өкіметіне, коммунистік құрылысқа қарсы болмаған, қайта оны жақтап еңбек еткендер еді.

Кеңес өкіметінің, коммунистік қоғамның өділетсіздігін, халыққа істеп отырған қиянатын зерделілігінің арқасында ерте-ақ аңғарып, оған жан-тәнімен қарсы болған адам — Бүркіт Ысқақов еді. Өзінің туған халқының азаттығын аңсап, қызылдардың қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде еш нәрседен сескенбей, “Елін сүйген ерлер партиясын” (ЕСЕП) құрды. Мұның да арманы Алаш партиясының арманымен тікелей ұштасып жатты. Ол туған елінің азат болуын тіледі. Осындай тәтті арман жолында адам төзбес ауыр азапты да көрді.

Қазақтың тәуелсіз дербес ел болуын армандап, қанын төгіп, жанын пида еткен ерлердің саны аз емес. Сондықтан бүгінгі егеменді Қазақстан ойламаған жерден пайда бола қалды деп, оның құнын ешуақытта төмендетуге болмайды. Мұнда азаттық үшін жан аямас арпалыста төгілген талай абзал ерлердің қып-қызыл қаны бар. Осы жолда қуғын-сүргінге ұшыраған, өмірінің көбін азаппен өткізген жаңдардың ауыр қайғысы, жан төзбес азабы, қан аралас төгілген көздің жасы бар, қан сорпа болған қара тері бар. Сондықтан қолымызға түсіп отырған бұл егемендік Алланың беріп отырған баға жетпес үлкен сыйлығы. Бұл — ұзақ уақыт бойы зарлап, Құдайға күлшылық етіп тілеп келген тілегіміздің орындалғаны.

Ендігі тілейтініміз — осы Тәуелсіз мемлекетіміздің іргесі бекіп, нығайып өсе беруі. Коммунистік қаталдықтың темір құрсауынан босанып, ерікті елдер қатарына қосылған халқымыз өз жеріне өзі толық ие болып, өзі қатарлы басқа халықтардан қалыспай, өз Отанын нығайтып, көркейте берсе дейміз. Сонда ғана туған елінің азаттығын аңсаған, сол жолда өлімге бас тіккен арыс азаматтардың асыл арманы толық орындалар еді. Олардың аруақтары да дән риза болар еді.

Екінші бөлім

АЛАШ АРЫСТАРЫ



Кеңес өкіметінің қол астында болған халықтардың ішінде қазақ халқындай қырғынды да, кемсітуді де көп көрген халық болған емес. Тең хұқылы он бес республиканың бірі деп есептелгенімен қазақ халқының ешқандай өз билігі болмады. Республиканы тек Мәскеу жіберген өздерінің адамдары ғана билеп-төстеп отырды. Қазақстан республика болған 70 жылдың ішінде қазақ ұлтынан шыққан үш-ақ адам бірінші хатшы болып, ел басқарған екен. Олар: Жұмабай Шаяхметов (1946–1954 жылдар) Дінмұхамед Қонаев (1964–1986 жылдар), Нұрсұлтан Назарбаев (1989–1991 жылдар).

Бұларды республиканы басқартып қойғанымен олар өз бетімен ешқандай мәселені шеше алмайтын еді. Тек Мәскеудің айтқанын ғана орындап отырушылар болды. Тіпті кейбір мемлекеттік “маңызды іс” дегендерді бұлармен ақылдаспай-ақ орындап отырды.

1949 жылы 23 тамызда қазақ халқын адам деп есептемей-ақ, ешкіммен ақылдаспай-ақ бірыңғай қазақтар тұратын Семей облысында атом бомбасын тұңғыш рет жер бетінде жарып, сынақ жұмыстарын тоқтаусыз жүргізіп әкетті.

1969 жылға дейін атом бомбаларын жер үстінде ашық ауада жарып келді. Оны жел оңтүстік шығысқа қарай қатты соққан кезде жарады екен. Өйткені жел Ресей атомшылары тұратын Курчатов қаласы мен орыстар тұратын жаққа қарай уын, радиация дертін шашпай, “қырылса-қазақтар қырылсын” деген шовинистік арамза ниетпен істеген екен. Жалпы Семей полигонында 500-ге жуық атом жарылысы болған. 1963 жылға дейін әуеле және жер бетінде 118 ядролық бомбалар жойқын күшпен бейқам жатқан қазақ елінің үстіне сәуле шашып, жерге, ауаға уын төгіп, 1,5 миллион халықты жазылмас дертке ұшыратқан. Осындай масқара Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығы бойынша 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигонын жапқызғанына дейін толастамай келген.

1954 жылы Қазақстанда “Тың игеру” науқанын бастағанда да сол кездегі қазақ басшыларымен ақылдасып көрген емес. Батыстан қара құртша қаптатып сотталғандарды да, түрмедегі мезгілі аяқталуға жақындаған қылмыскерлерді де, жұмыс істемей жүрген маскүнемдерді де алып келді. Бұларға қажетті мүмкіншіліктің бәрін жасап, бастарына үй, орталарына мектеп салып берді. Олар қандай сорақылық,

тентектік, тіпті қылмыс жасаса да кешіріп, қолпаштап отырды. Мұндай қолдауды көрген олар жергілікті халықты адам демей, араққа лыкия тойып алып кездесіп қалған жекелеген қазақтарды ұрып- соғатын болды. Ақыры мұндай қорлыққа шыдай алмай, олар аттарына мініп алып, қолдарына сойыл, шоклар алып, олармен жойқын ұрыс салған кездері де болды.

Сөйтіп тың игеру қазақтар үшін өте қолайсыз жағдай жасады. Мемлекет көңіл аудармай, қазақ мектептері жабыла бастады. Қазақ балалары мектептерінде оқып, өз ана тілін де, қазақтың салт-санасын да білмейтін дәрежеге жетті. Өзінің туған жерінде отырып қазақтар азшылыққа айналып кетті.

Патша өкіметі қазақтың шұрайлы жерлерін тегіс меншіктеп алуды армандап, қара шекпенділерін көшіріп әкеліп отырған еді. Сол патша шенеуніктерінің қазақ жерін біржолата отарлап ала алмай кеткен арманын Кеңес үкіметі “Тың игеру” деген желеумен толық іске асырды.

Тың игерушілер тым еркінсіп кетіп, қазақтармен халық деп есептеспей, елдің қасиеттеп келген ата-бабасының зираттарын тракторлардың табанына салып, қиратып тастап отырды. Қазақты халық деп менсінбеушілік, өркөкіректік Тың өлкесінің басшыларында да болды.

Сол кездегі Тың өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы Т.И.Соколов: “Қазақ халық емес, оларды немістермен будандастыру керек” — деп ләйліген. Ақыры ол өз ойын орындатып Д.Жақсылықова деген қазақ қызына шошқа бақтырып, неміс жігітіне тұрмысқа шығарған. Қыздың “табысты” еңбегін бағалап, оған Енбек Ері атағын бергізген. Басқа қазақ қыздарын да осындай болындар деп үгіт жүргізген. Нәзік жанды қазақ қыздарын оқу оқып, өздеріне лайықты мамандық алындар деудің орнына: Қой бағып қойшы болындар, еркектермен араласып жұмыс істеп, тракторшы болындар, қандай ұлт өкілдері болса да бірге жұмыс істей беріңдер”, — деп үгіттеді. Мұндай насихат мектепте де, басқа оқу орындарында да жүріп жатты. Осының нәтижесінде ұяң, сыпайы, әдепті қазақ қыздары өздерінің халқына тән сүйкімді қасиеттерін сақтамай, абыройдан айырылып, көрінгеннің қолтығында кете беретін болды.

Н.С.Хрущев қазақтың шұрайлы тың жерлерін ешбір қарсылықсыз еркін игеріп алғаннан кейін осы байлыққа тұнып тұрған бес облыс қарайтын Тың өлкені тұтасымен Ресейге қосып жіберуді мақсат етті. Осы ойып 1961 жылдың 1 қаңтарына қарай орындамақ болып, сол кездегі қазақ басшыларымен алдын ала келісіп алады. Олардың бірде-бірі ешқандай қарсылық сөз айта алмаған. Тек қана Жұмабек Тәшенов батыл қимылдап, елінің тұтастығы үшін жанын салып, бас пайдасына, мансапқа қарамай, қауіп-қатерден жасқанбай ол кезде аузынан жалын шығып, қылышынан қан тамып тұрған арыстандай айбатты Хрущевқа қарсы шығып, оның бетін қайтарып, қазақ жерін бөлшектетпей аман сақтап қалды. Егерде ол ертегінің беті қайтпайтын жау жүрек батырларындай батыл қимыл жасамағанда Қазақстан тілім-тілім болып, Тың өлке тұтасымен Ресейге, Маңғыстау Түрікменстанға кетіп, қазақтар сүбелі жерлерінен тегіс айырылып, өздері де ұлттық қалпын сақтай алмай тоз-тоз болып кетер еді. Сондай болған жағдайда қазір біздер шаруашылығы дамыған елу елдің қатарына кіремін деп ұмтылған, көркейіп келе жатқан Қазақстанды да, көрген адамды сүйсіндіріп, көз тойғызған Астананы да көре алмайтын едік. Ол жерлер заңдасып кетіп қалғанда Өзбекстаннан күні бүгінге дейін Бостандық ауданын өзімізге қайта қаратып ала алмағанымыз сияқты, оларды да қайтарып ала алмай мүсөпір болып отыратын едік. Қазақтың бағына қарай асыл ұл болып туған Жұмабек Тәшеновтің осындай ерен ерлігі толық бағасын ала алмай келеді. Бұл өте өкінішті-ақ!

*Ешкімге ұқсамаған жөні бөлек,
Туған жан қасиетті елден ерек.
Құрметпен бас иемін аруағыңа
Ел-жұртын қуанышқа кеткен бөлеп.*

*Тамсанып таңдай қағам ерлігіне,
Ертегі батырынан кемдігі не?!
Жан салып жалғыз өзі сақтап қалды,
Қазақтың дақ түсірмей елдігіне.*

*Артында қалдырған өмірі өлмес,
Мұндай жан дүниеге келе бермес.
Алтындап ескерткіш сап, орнатса да
Лайық Жүмекеңе артық емес.*

Қазақ халқының нағыз қамқорлары, жанашырлары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев бастаған Алаш азаматтары еді. Бұлардың бәрі де отарлық бұғауда жана шегіп жүрген қазақ халқын азаттыққа, бостандыққа шығару үшін бар күшін салып, жан аямағандар. Ақыры бұлардың бәрі де Кеңес үкіметінің қанды шеңгеліне ілініп, оларды тегіс жойып жіберді.

Қазақ зиялыларының ішінде Кеңес үкіметінің құрығына ілікпей, елден ерте кеткен адам — Мұстафа Шоқай болды. Бірақ ол туған елінен қанша алыста жүрсе де ел қамын ойлап, Кеңес үкіметінің халыққа істеп отырған қиянатын баспа бетінде үнемі жариялап, әшкерелеп отырды. Ол Кеңес үкіметін, компартияны өте жек көрген адам. Ол туралы жазғанда: Оның өмірі қайшылыққа толы, — деп те жазады. Мұндай пікір ол 1941 жылы соғыс басталғанда Германия жағында болды деген ойдан туған пікірлер. Ол әр уақытта туған елінің, тіпті бүкіл Түркістан халқының азаттық алуын армандап өткен адам.

Мен бұл кітабымның осы 2-бөлімінде қазақ зиялыларын құрметтеп, солардың кейбіреулеріне толғау, дастан, өлеңдерімді арнап отырмын.



АРМАНДА КЕТКЕН АРЫСЫМ

(Мұстафа Шоқайұлының аруағына бағышталды)

Дауыл тұрды. Дүниені шаң басты.
Жүрген жандар түзу жолдан адасты.
Қызыл тажал қырғын салып әлемге,
Етегіне сүрінумен ер састы.

Зұлымдық кең дүниені қаптады.
Жан сақтайтын орын ешкім таппады.
Ар, намыстан жүрдай қылып адамды.
Бала өкені, ағаны іні таптады.

Жерге құлап түскендей боп көк аспан,
Қанышезерлер өртеп бәрін от шашқан.
Адамды адам аждаһа боп жұтқанда,
Тоғайынан пана таппай аң қашқан.

Осылай боп елдің іші бүлінді.
Адал жандар шыбын жанынан түңілді,
Туған жермен жасын төгіп қоштасып,
Елден безді нелер асқар білімді.

Еңіреп туған жастайынан елім деп,
Ата-мекен қасиетті жерім деп.
Намысқой ер, ойшыл дана Мұстафа
Өз еркімен жауға қалай берілмек?!

Дүлей күшке қалай қарсы тұрады?
Дүшпан жеңді. Өз айтқанын қылады.
Елді сақтау ниетімен құрылған
Жаңа өкімет Қоқандағы құлады.

Көсемдерін атып жатыр аямай,
Қояр емес бір тықырға таямай.
Қапнияда қолға түссе біреуі,
Мазалады адамдыққа қарамай.

Кеудесінде құр түншығып арманы,
Отан шошып, күңіренді де зарлады.

Қара түнек торлап алған әлемді
Келешектен сәулелі үміт қалмады.

Түркістанда түлеп өскен өр қыран,
Көрді айнала түтіндеген көк тұман.
“Шығар екен деп ойлады түңіліп, —
Не өртенбей, не түншықпай кім мұнан?”

Кім бай болса, кім менгерсе ғылымды,
Жыртқыштардың тырнағына ілінді.
Елге тұлға болатұғын асылдар,
Көздеріне у жыландай көрінді.

Жер де, ел де түсіп қалды табанға,
Көнбеді ешбір қорғап қалар амалға.
Ұйқы бермей мазалады жанын жеп,
Қиналғанмен бұған айла табар ма?!

Бір дерт болды жағылатын емі жоқ,
Ақыл, ойдың тоқтата алар себі жоқ.
Бет қаратай үдеп-үдеп соғады,
Жолын тосып, қарсы тұрар теңі жоқ.

Қалмады амал көзге ілінбей кетпеске.
Дұшпан шаппас бір түкпірге өтпеске.
Өскен орда, туған жерін қия алмай,
Өткен күнді, өмір жолын алды еске:

- Туған жерім қасиетті Түркістан,
Гүлге оранған козге түсіп Шығыстан.
Темір тордың құрсауында қалдың-ау,
Шыға алмайтын мықтан қысқан уыстан.

Жер едің ғой атам түрік жайлаған,
Бау-бағыңда бұлбұл құстар сайраған.
Жанға жайлы жер жанатты өзі еді.
Жұпар иіс желің есіп жайнаған.

Ақтылы қой алып жатты даланы,
Иесінің болмай ешбір алаңы.

Бір-екеулеп есебіне жете алмай,
Құр сыртынан отарымен санады.

Үйір-үйір жылқы өсіріп айдады,
Сөйгүлігін жеке бөліп байлады.
Ат-тұрманын әдемі етіп келтіріп,
Бес қаруын берік қылып сайлады.

Беттесуге қас дұшпан да батпаған,
Жау болмады жерін еркін аттаған.
Намысына тиіп олар ұрынса,
Қарсыласын қара жерге таптаған.

Түркістанда туып-өскен ер түрік,
Құйындатып жауға тисе желпініп.
Кең өлкеде жүрген еді жайрандап,
Бақ, дәулеті көрген емес бір кеміп.

Ол күндері өтіп кеткен бір сағым,
Тоз-тоз қылды ақырында ұрпағын.
Қорлап жатыр,, міне бүгін құл қылып,
Байлап тастап басындағы ел бағын.

Қасиетгі Түркістаным — Тұраным,
Қайран менің өніп өскен тұрағым.
Ішім күйіп өрт боп жанып барады,
Жат жерде енді сенсіз қалай тұрамын.

Быт-шыт қылды елді, жерді бөлшектеп,
Бас қосқызбай жеке-жеке жентектеп.
Өз туысын өздеріне талатты,
Ойлап па едім мұндай сұмдық көрем деп.

Мынау — қазақ, анау — өзбек демедім,
Басын қосып ел қылайын деп едім.
Қырсықтырған не істерсің тағдырға,
Болмай қалды-ау ақырында дегенім.

Абзал жанның жараланды жүрегі,
Орнына көп орындалмай тілегі.

Үйірінен шығып кету оңай ма,
Шықпаған жан, құр сүлдері жүреді.

Жүрсе де алыс туған жерден үнемі,
Үзілмеді бір жолата күдері.
Қыз бойжетіп, ұлдары өссе екен деп,
Күндіз-түні бір Құдайдан тіледі.

Көзін жазбай жүргенінде Шығыстан,
Жетті хабар талықсыған алыстан.
Бай, кедей деп жік-жік болып бөлініп,
Ағайындар бір-бірімен шабысқан.

Жас сәбилер сорлап қалған панасыз,
Қорлық көріп әке менен анасыз.
Малын талап, байдың көзін құртыпты,
Жетім, жесір қала берген шарасыз.

Жанға батып қызылдардың лаңы,
Мал, мүліктен жұрт айырылып жылады.
“Қазақ жатыр — деп естіді — қырылып”.
Жүрек шыдап бұған қалай тұрады?!

Шекарасы мықтап соққан тас қорған,
Кім құтылып шыға алады сым тордан?
Жұртты қырып жатқанын да жан білмес,
Адам аттап өте алмайды күз-ордан.

Түскені ғой елі сорлап бұл жайға,
Таба алады енді бұған не айла?!
Сезіп-ақ жүр халқы көрген тамұқты,
Құр күңіреніп қайтырады, не пайда?!

Мақсаты бір елде қалған достары,
Қалай ғана бұл сұмдықты қостады?!
Тілеп еді солар аман болса деп,
Зая кетті көп сарғайып тосқаны.

Қатер төнген елге сыйлы асылға,
Душар болып қызыл шоқпар жасынға.

Беделдіні бет қаратпай бездірген,
Бар пәліні үйіп-төгіп басына.

Мазалаған, атқан, асқан, айдаған,
Жазықсыздың әбден соры қайнаған.
Қанды балақ кара ниет жендеттер,
Ұрса, соқса, кісі өлтірсе жайнаған.

Істер айла, қылар шама қалмады,
Жанның кейін жалмауыздай жалмады.
Көзі корген қатарласын, достарын,
Есіне алып үһлеп тек зарлады.

Хабар алып таяудан да, алыстан,
Бір сойқанды сезіп жүрді данышпан.
Екі жыртқыш жұлқысар деп ойлады,
Бар әлемді билеймін деп жарысқан.

Быт-шыт болып Еуропаның қорғаны,
Күнбатысты бір көк түтін торлады.
Өршеленіп өңмендеген Гитлер,
Аз уақытта болып алды олжалы.

Шеру тарту қызықтырып ұнады,
Желікпен ол қалай шыдап тұрады.
Аузын ашқан аждаһаға шығыста,
Күшін төгіп, мықтап бетін бұрады.

Екі жендет Сталин мен Гитлер,
Айқасады қанмен қосып төгіп тер.
Кең дүниенің апшысын ап қуырып,
Күйіп жатты от боп жанып қара жер.

Бір-біріне жібермеуге намысты,
Жан аямай қырқысты да шабысты.
Шыбын өліп сүйкенгенде түйелер,
Ел көтеріп жатты сорлап бар істі.

Тұтқын болып түрік тілдес көп адам,
Жан болмады мұны адам деп санаған.

Өлгені өліп, өлмегені тұралап,
Аштық жеңіп, жазылмас дерт тараған.

Аз ғана емес, саны да көп мыңдаған,
Аузын ашқан ажал тойып тынбаған.
Бірі қалмай қырылатын түрі бар,
Ешкім де жоқ мұң мен зарын тыңдаған.

Үміт ошіп біржолата көңілде,
Жатқан жері тамұқ болып көрінген.
Қандала мен бүрге, битке жем болып,
Күдер үзген келешектен, өмірден.

Жинап алды бәрін тегіс бір күні,
Бір сұмдыққа ұйғарысты жұрт мұны.
“Атады-ау деп айдап тегіс апарып”,
Бәрінің де жым-жырт болып, өшті үні.

Адам шошыр көрген кезде түсінен,
Тәлтіректен жұрдай болған күшінен.
Жалбарынып бір Құдайға жылады,
Иман айтып кейбіреуі ішінен.

Айналасын офицерлер қоршаған,
Көзін тігіп келе жатыр бір адам.
“Түркістандық туысқандар!” — дегенде,
Дауыс шықты кемсендеген, жылаған.

“Бір маңғаз ғой, — деп ойласты, — тегінде,
Алшаң басқан Еуропаның төрінде.
Менсінбейтін қара көзді немістің
Құрметтеуі ортаға алып тегін бе?!”

Сөйлеген сөз бойға қуат береді,
Көпті ұйытып ішке тартып келеді.
Ұялатып сәулелі үміт кеудеге
Тәтті арманға бәрін тегіс бөледі.

Кім бар еді-ау есіркейтін, аяйтын,
Адам-ау деп дұрыс көзбен қарайтын.

Өр кеуделі мыңқылдаған немістер
Тыжырының малдан жаман санайтын.

“Өзбек, казак, кырғыз, ұйғыр, түркмен,
Бәрің, — деді, — тарап өстің түріктен.
Түркістанды жайлап жүрген ер едің,
Көк бөрілі ту астына біріккен.

Қайта тігіп желбіретіп байрақты,
Көрсетеміз жігер, күшті, қайратты.
Басты қосып бүкіл түрік баласы,
Ел боламыз Шығыстағы айбатты.

Өздеріңсің қандастарым, бауырым,
Бастан кештің істің жаман ауырын.
Қошеметтеп қарсы алады ертең-ақ,
Туған жерің, ойнап өскен ауылың.

Ел деп жүрсең іші-бауырың езіліп,
Құтырғанда қабырғаң да сөгіліп.
Күн туады сарқыраған тек сонда,
Тізе бүксе қызыл тажал жеңіліп.

Аман сақтап, текке өлтірмей біріңді,
Құтқармақпын тар қапастан тіріңді.
Армандаймын көрсем-ау деп өзім де,
Бастарыңа түскен шуақ үніңді.

Азат болып Түркістанның даласы,
Басын қоссын бүкіл түрік баласы.
Бұғауланған темір торы талқан боп.
Өшсе деймін қызылдардың қарасы!

... Алданбай-ақ коммунистік ұранға,
Ораламыз туған жерге — Тұранға.
Елімізге есен-аман барамыз,
Жүрсек те алыс қия шетте, шығанда.

Шамам келсе қырғынға айдап салмайтын,
Аман сақтап қалар жолды қамдаймын.
Сендер үшін қандай қиын іс болсын,
Жанды пида қылуға да таймаймын.

Осылай деп басын қосып жинады,
Киіндіріп, тамақ беріп сыйлады.
Көрген түстей жақсылыққа тап болып,
Қуанышы қойынына сыймады.

Жүректегі бар арманы сезіліп,
Елжіреген туыстарға егіліп.
Тар кезеңде қалдың ұшын берген кім,
Жүргендерге бұл өмірден түніліп?

Алып шыққан шыңыраудан, өлімнен,
Мұстафа ғой періштедей көрінген.
Туыстарға өлмес жолды көрсетті.
Орын алып немістердің төрінен.

Данышпанның орындалмай арманы,
Ажал келіп ойда жоқта жалмады.
Күніренді де бауырлары күйзелді,
Жанға батып панасыз боп қалғаны.

Халқым десе қабырғасы сөгілген,
Өкінішті-ақ ерте өткені өмірден.
Қараңғыда сәуле шашып жарқырап,
Жан емес пе жұлдыз болып көрінген!

Бойындағы бар мақсаты, тілегі,
Елі болып тулап соққан жүрегі.
Қосылғанда көпке тірек бола алған,
Ерекше артық туғандардың бірі еді.

Түркістан деп еңбек етті, талмады.
Жанбай лаулап сөніп кетті-ау арманы.
Туған жердің бір гүлі де бұйырмай,
Батар жанға жатта жалғыз қалғаны.

Дұшпанына қарсы тұрған имек бас,
Әділетсіз сұм заманға болған қас.
Ар-намысын қорлатпаған сабазды,
Туған елі еш уақытта ұмытпас!

АЖДАҒАНЫ АУЫЗДЫҚТАҒАН БАҒАДҮР
(Алаштың абзал азаматы Ж.А. Төшеновке арнаймын)

*Тиеді ер пайдасы сасқан кезде,
Етегін ел жаңылып басқан кезде.
(Халық аузынан)*

*Топтан озған тарлан боз,
Турасынан айрылса.
Тасты басып тұра алмас.
Асылдан болат ұл туса,
Екі жақ болып тұрғанда,
Егескен жерде шарт кетер,
Жауырынынан етін алса да,
Жамандарға жалынбас.*

(Махамбет)

I

Дастан ғып жыр етемін Жұмабекті,
Адамға кім бас имес мұндай текті.
Мансапты ел қамы үшін төрк қылып,
Сүйдіріп, сүйсіндірген қалын көпті.

Төнгенде қара түнек көкті торлап,
Шешкен жан шиелі істі оңмен толғап.
Аузынан аждаһаның жұтам деген,
Жан салып, ел мен жерін алған қорғап.

Жаралған алып батыр, ердің ері,
Қазақтың асып туған кеменгері.
Жүмексң жан пида деп кіріспесе,
Зар жылап қалар еді қазақ елі.

Әл жетпес ауыр жүкті шыққан сүйреп,
Мұндай жан бұл өмірде туар сирек.
Меншіктеп ала жаздап қалған жоқ па,
Шұрайлы қазақ жерін тегіс билеп.

Қаймықтай қиындықтан белді буған,
Талпынып жастайынан білім қуған.
Ұмтылып әділдікке қалыптасты,
Қайтнайтын қайсар мінез от пен судан.

Күнде де аты шығып, бақыт қонған,
Бұрылып көрген емес сара жолдан.
Жүретін кемтарларға козін салып,
Көмегін аямайтын келген қолдан.

Сексеннің сеңгірінен кетсем де асын.
Кетеді ел дегенде қаным тасып.
Ісіне Жүмекеңнің сүйсінемін,
Жігіттей сұлу қызға, болған ғашық.

Менменсіп, кеуде керіп қарсыласқан,
Тұқыртып талайлардың көңілін басқан.
Жолынан адамдықтың бір таймаған.
Адамды мен білмеймін мұнан асқан.

Сөйлесе сөзі өткір оң жасындай,
Шығатын тор құрса да бір тосылмай.
Намысын, абыройын қорғай білген,
Ел өлмес ұл туғызған нақ осындай.

Қорлығы халқы көрген жанын улай,
Соғатын ел, жерім деп жүрек тулай.
Қызықпай үлкен атақ, дәрежеге,
Өскен жан өмірінде мансап қумай.

Сүйгені Сарыарқаның сары даласы,
Өзі өскен асыр салып сай-саласы.
Туса да ата-анадан сәби болып,
Өскенде болып шықты ел баласы.

Күйтеген адам емес қара басын,
Елінің көріп өсті төккен жасын.
Қиянат, әділетсіз көрген қорлық,
Жігіттің ерте оятғы ой-санасын.

Көрді ол елдің малын талағаның,
Бермесе абақтыға қамағанын.
“Малыңды тықпай неге бермейсің?” — деп
Халықты қан қақсатып сабағанын.

Қазақтың бүкіл малын тартып алды,
Қалдырмай аша тұяқ ойран салды.
Душар боп ел аштықтың апатына,
Ішетін нәр таба алмай тақыр қалды.

Алыс та, жақыны да аштан өлді,
Әл келмей ұра, жыра күлге көмді.
Артында от тұтатар ұрпақ қалмай,
Көп үйдің жарқыраған шамы сөнді.

Ақ сүйек ақ көденің бетін жапты,
Қырылып қазақ тегіс өліп жатты.
Күйзеліп туған елдің кайғырғаны,
Дерт болып Жүмекеңе, жанға батты.

Көргенде жусап өліп жатқандарды,
Бере алмай қолдан көмек жан қиналды.
Өмірден елім өшіп кетеді-ау деп,
Қайғырып ұйқы көрмей ойға қалды.

“Еңсесін енді қайта көтере алмай,
Сұмдық қой жоқ боп кетсе ұрпақ қалмай.
Ойлады өлмей тірі қалғанына,
Бір жәрдем қыламын деп бүгін қалай”.

Толықсып, қияға өрлеп қадам басты,
Атқарып алуан іске араласты.
Тар жол да тайғақ кешу бөгет болмай,
Шарықтап белес-белес қырдан асты.

II

Мерейі үстем болып кызылдардың,
Табынып тұрған шағы бүкіл жанның.
Күтетін назар салып тек Мәскеуден,
Жарығын шығар күннің, атар таңның.

Масайрап Хрущевтің бағы жанып,
Күшейген бар билікті қолға алып.
Айтқызбай бір ауыз сөз, жан беттетпей,
Тұрған кез қылышынан қаны тамып.

Қазақстан картасын қолына алып,
Танданды кең аймаққа көзін салып.
“Ие боп отыруға мұнша жерге,
Лайық емес”, – деді мына халық.

“Тың жерді игеру” деп сылтау тауып,
Шорғандай қазақ жерін қалмақ қауып.
Қаптатып айдап әкеп қырдан-ойдан,
Жіберді шегірткедей бәрін жауып.

Бұзақы, маскүнемдер қашқан-пысқан,
Төгілді тасқын судай күнбатыстан.
Шаңдатып қазақ жерін ойрандады,
Жиналған калың төбыр әрбір тұстан.

Көтертті бұрқыратып тың жерлерді,
Жайқалып егін шығып, өнім берді.
Мадақтап бәрі сенің еңбегің деп,
Мәз қылып Хрущевтің сонынан ерді.

Лепіріп сөз сөйлейді бәрі босіп,
Басшы жүр күлім қағып, көңілі өсіп.
“Бұл жерге енді ие осылар” — деп,
Ойлады шодырларды келген көшіп.

Мінеки, келді иесі жерге лайық,
Тың жерді жайлап жатыр қанат жайып.
Тек қана жерді жыртып күнелткен жұрт,
Түрі бар аз уақытта-ақ кетер байып.

Қазақтан Тың өлкені алсақ тартып,
Халқымыз отырмақшы тегіс шалқып.
Қалмайтын астық шықпай не сепсең де,
Асыл жер табылмайды мұнан артық.

Қосайын деп ойлады Ресейге,
Мол нанға қарқ болып ел жемей ме?
Себебін түсіндіріп, айтып берсем,
Табылған ақыл екен, құп демей ме.

Қазақтың басшыларын жинап алып,
Ортаға өз жоспарын отыр салып.
Сенеді ешкім қарсы болмасына,
Дұрыс боп не айтса да өтуі анық.

Бәрі де айтқанына көнеді де,
“Дұрыс” деп келісімін береді де.
Әр елге бөліп беріп ықшамдайын,
Қазаққа мұнша жердің керегі не?!

Оңтүстік кете берсін өзбектерге.
Мақта егін, сендер текке бейнеттенбе.
Құм-шаңнан мұнай іздеп қайтесіңдер,
Маңғыстау лайық жер түрікменге.

Ежелден қазақ жұрты егін екпей,
Күнелткен бір уыс дән жерге сеппей.
Өсіріп малдарынды жүргейсіңдер,
Дәл бүгін еш нәрсе жоқ тұрған жетпей.

Басқару елді жеңіл шағындалса,
Жетпей ме мал жаятын жері қалса.
Қазаққа бөтен кәсіп керек емес,
Ұқыптап мал бағуды қолына алса.

Басқару байтақ жерді қолдан келмес,
Шап-шағын елдерменен болар теңдес.
Қайтеді шексіз, шетсіз кең даланы.
Күнелтер бір адам да аштан өлмес”.

Сеніп түр ешкім қарсы болмасына,
Қарсы адам тірі қалып оңбасына.
Аузынан жалын шашып тұрған деспот,
Кім кепіл басқа пәле салмасына.

Бөлісіп қазақ жерін жыртып, талап,
Жыртқыштай тояттамақ қанды балақ.
Ырза боп, өз ойына өзі тойып,
“Қалай?” – деп жөн сұрады көпке қарап.

Бәрі де “Бұл теріс” – деп айта алмады,
Бас ізеп, құр мақұлдап майпаңдады.
Мәз болып, күлім қағып шыға келді,
Деспоттың орындалын бар арманы.

Келісіп, көңіл демдеп, бәрі бітіп,
Тек қана Тәшеновты отыр күтіп.
Бас салып қазақ жерін бөлшектемек,
Терідей ит талаған, жүнін түтіп.

Қарады жан-жағына түсіп көзі,
Бәріне ұнагандай айтқан сөзі.
Ол бұған қандай жауап береді деп,
Келіп түр Жүмекенді сынар кезі.

Өсіріп Жүмекенді қасына алмақ,
Жұмыс бар бұған арнап, қойған таңдап.
Кеңеске ең жоғарғы төраға боп,
Орын ап Кремльден Мәскеу бармақ.

Өткірлік, іскерлігін дәл бағалап,
Ұнатқан Хрущевтің өзі қалап.
Көз көріп, қолыменен ұстатқандай,
Қауесет дәл осындай кеткен тарап.

Көздеген адам болса қара басын,
Бұл іске қандай адам қызықласын.
Шарықтап бағы жанып кетер болса,
Не қылмақ зар еңіреген елдің жасын.

Жүмекен біліп келді істің жайын,
Айтуға жауап беріп, сөзі дайын.
— Елімді, — деп ойлады, — қан қақсатып,
Атақты, абыройды не қылайын.

Туған жер бала күнде өскен ойнап,
Достармен құрбы-құрдас салған ойнақ.
Адамға мұнан асқан қайғы бар ма,
Жат елдер ие болып, жағса тойлап.

Қалайша бермек болған жерді қиып,
Мақұлдап айтқанына бәрі де ұйып.
Жат жұрттың меншігіне өтіп кетсе,
Халықтың қалай алар жасын тыйып.

— Еске алмай аттап өтіп аруақты,
Қайтейін өз басыма қонған бақты.
Жан салып не де болса көрейін — деп,
Бекініп белді буып келе жатты.

Арпалыс ел басынан күндер өткен,
Ерлік іс аңыз болып бізге жеткен.
Бір сүйем жер болса да жауға бермей,
Айқасып ата-бабам қанын төккен.

Ел едік жан берсе де жер бермеген,
Ұрнағы сайран салып, өсіп-өнген.
Қазақтың бәріне ортақ байлығы боп,
Асырап өмір бойы сақтап келген.

Япырым-ай, бермекпіз бе енді бүгін,
Айта алмай бір ауыз сөз тектен-тегін.
Отаным — алтын бесік осы емес пе,
Жер түгін қимайтындай жердің түгін.

Халыққа қара бұлттай қауіп төнді,
Бөлшектеп жібермекші ел мен жерді.
Атақты ел басқарып жүргендерден,
Араша болмағанын көзі көрді.

Күлімдеп болам деген ел қорғаны,
Бәрі де: “Мұның теріс” — дей алмады.
Жағымпаз, жарамсақтық қылығымен,
“Абырой” ала беру бар арманы.

Бастарын салбыратып ішке тығып,
Қалыпты қарсы келмей бәрі бұғып.
Алдында аждаһаның Тәшенов тұр,
Атымақ жолбарыстай қарсы шығып.

Сөйлесті сынай қарап Тәшеновпен,
— Бұл өзі мәселе деп келісілген.
Тындайық бәріміз де бірге отырған,
Қонымды қандай пікір айтасың сен.

Қарады көзін тігіп қорқып саспай,
Жөнелді жай ырғақпен сөзді бастап:
— Ерікті он бес елдің өз жолы бар,
Заңмен жүрген жөн болар артық аспай.

Бәріне негізгі заң ерік берген,
Шықпайтын ешкім қуып ел мен жерден.
Байлығы, табысы да өзінікі,
Айтпаған төнасын деп кім көрінген.

Кеткенге бар мақтаны өзбек алып,
Ашудан булығып жүр бүкіл халық.
Тың өлке Ресейге кете қалса,
Бүрқ етіп бір бүліктің шығары анық.

Хат жазсақ әрбір жерге арыз жолдап,
Бәрі де шыға келер бізді қолдап.
Кеңестің әділдігі осы ма дер,
Талаған бір халықты зорлап, қорлап.

Жерімді жүрсіндер деп белден басып,
Достықтан отырған жоқ қазақ қашып.
Игеріп тың жерлерді жатқан жоқ па,
Бас қосып талай ұлттар араласып.

Жүргенде тату-тәтті бүкіл халық,
Не керек ел ішіне іріткі салып.
Бөлшектеп елді, жерді қорламайық,
Кетпесін мұның арты өрт боп жанып.

Ежелден қазақ жайлап, туып өскен,
Қызықты, қауіпті де күндер кешкен.
Жат жұртқа жан берсе де жерін бермей,
Жаулармен ұрыс салып, кескілескен.

Сол жерді қарсылықсыз тектен-тегін,
Қолына бере қоймақ қалай бүгін.
Емес пе денесінен ет кескендей,
Жер түгіл кім қияды жердің түгін.

Өзінді үлкен әділ жанға санап,
Отыр ғой дүниежүзі тегіс қарап.
Ойлашы, сонда солар не демекші,
Қазақты зар жылатып алсам талап.

Саудалап ел, жерімді бөліспеймін,
Мұндай іс айтуға ұят, теріс деймін.
Тонайтын қайта-қайта қандай жөн бар,
Бұл айтқан пікіріңмен келіспейтін!

Хрущев бір қызарып, бір бозарды,
Денесін ашу кернеп от боп жанды.
Көрмеген бұрын естіп қарсы сөзді,
Тұншығып дір-дір етіп үнсіз қалды.

Булықты ашу қысып, сөйлей алмай,
Қақалып әлденеге қалған жандай.
Бетіне одырайып қарай берді,
— Қарсылық жасайды, — деп, — мынау қалай?

Маңына келе алмастай адам жуып,
Сұрланып бас қотерді түсі суып.
— Мен саған көрсетермін, ақымақ! — деп
Ақыры кабинеттен шықты қуып.

Жүмекен қарады артқа мойын бұрып:
— Тындап ал менің айтқан сөзімді ұғып.
Ойыншық емес саған ел тағдыры! —
Деді де сарт еткізіп кетті шығып.

Орын ап отырғандар жайлап төрден,
Таңданып, таңырқады мұны көрген.
— Япырым-ай, нағыз батыр мынау ғой, — деп
Сүйісініп іштерінен баға берген.

III

Кек тұтып атқан оқтай айтқан сөзін,
Жібермек болып отыр құртып көзін.
Ойлады: — айтқанымды екі қылмай,
Орындап шығатұғын келді кезім.

Көрмеген қарсы шыққан мұндай жанды,
Хрушев көп ойланып, көп толғанды.
Булыққан ашуынан есін жиып,
Ұмытпас кей кезеңді есіне алды.

Бірге ертіп Тәшеновты қасына алып,
Қайтқан кез еске түсті Қытай барып.
Маоға қалғанында сөз айта алмай,
Осы еді жауап берген қайраттанып.

Маоның сөз сөйлеген өзі бастап,
Басқасы құр бас изеп, отыр қостап.
Түйілген түсі суып бәріне де,
Бұларды сескендіріп, сөзбен тоспақ.

Аяқтан құлатпақ боп қырка шалып,
Сұрақтың төпелеген астына алып.
— Жатқанын түсіндіріп айтшы, — деген,
Марксті дүниежүзі қалай танып.

Болар деп мұндай сауал ойланбаған,
Хрушев сөйлей алмай сасып қалған.
— Әуелі негізгі істі шенсейік, — деп,
Тәшенов бәрінен түзу жолға салған.

От шашқан екі көзден шамша жайнап,
“Бұл өзі кім” дегендей тұрған сайрап.
Күлімдеп Мао Цзе-Дун карап қалды,
Ірза боп алғанына сөзбен байлап.

Мінезін, қасиетін бірден танып,
Суретке бірге түсті қасына алып.
Басқаға карамады көңіл бөліп,
Ойлады: — Жігіт-ау, — деп, — тұрған жанып.

Іркілмей сөйлегені судай ағып,
Естіген адамдарға, кеткен жағып.
Ойлады қабілетті адам ғой деп,
Шарықтап келешекте өсері анық.

Ол кезде Тәшеновке үміт артып,
Жүрген кез Хрущев те ішке тартып.
— Ақыры, — деп ойлады, көнбей кетті,
Не болмақ опасыздық мұнан артық.

Ақымақ жан емес-ау қалай десен.
Бұл өзі ұшқыр ойлы, алғыр шешен.
Бойында жұртты ұйытар қабілет бар
Ел бастап жүре алатын болып көсем.

Айтқанын Жүмекеннің есіне алып,
Толғанып көп отырды жалғыз қалып.
— Қисынды-ау айтқандары, — деп ойлады,
Қояйын бөлшектемей ойран салып.

Қарсы боп шыққан кезде-ақ бұған көнбей,
Сөзінен секем алып сескенгендей.
Алайын ең алдымен өзін тұсап,
Түрі бар кететіндей ырық бермей.

Уақытша, — деп ойлады, — мұның бәрі,
Түбінде іске асады ойлағаны.
Аталмай әрбір ұлттың өз аттары,
Бәрі де бір халық боп шығар әлі.

Жүр еді мұндай ойды көптен ойлап,
Бұл ойға тіпті терең кетті бойлап.
Айтқызбай казак, қырғыз, өзбекіні деп,
Дегізіп “Кеңес халқы” ұлтты жоймақ.

Қаптатып тың жерлерден совхоз ашып,
Отарлап қазақ жерін алдық басып.
Түбінде орыстанып шығуы анық,
Мидай боп бүкіл халық араласып.

Алдына ащы суын құйып қойып.
Отырды өз ойына өзі тойып.
Тезірек коммунизм құру үшін,
Ұлттардың жібермек боп бәрін жойып.

Басылды кеткен ашу бойды кернеп,
Бөлуді қазақ жерін кейін көрмек.
— Әзірше бұрынғыдай жүре берсін! —
Деді де атып тұрды қолын сермеп.

IV

Қатердің қара түнек бұлттары ауып,
Сейілді Сарыарқаға төнген қауып.
Қандай жан Жүмекеңді қадірлемес,
Ел-жұртты сақтап қалған жолын тауып.

Бетіне майда тиген самалы есіп,
Еліме жайлы қоныс болған несіп.
Арқаның таңғажайып жерлері көп,
Тербеткен халқымыздың алтын бесік.

Ерекше сұлу біткен табиғаты,
Көкшетау аман қалды жер жаннаты.
Қорғаған орда қылып, жау жолатпай,
Қалдырған Абылайдың аманаты.

Баянтау сай-саласы малға толған,
Бұқарға жайлы мекен, қоныс болған.
Жат жұртқа кетпегенге ел риза,
Баурында сайран салып, көшіп қонған.

Жайкалып егін өскен сары белі,
Қостанай Ыбырайдың өскен жері.
Ежелден орын теуіп мекендеген,
Жайлау ғып кең өлкені қазақ елі.

Торғайдың гүл жайнаған сары даласы,
Шалқар көл, аққан өзен айналасы.

Бұл жерде Ахаң менен Жақаң туған,
Қазақтың құрметтеген бар баласы.

Нұра мен Есіл, Ертіс сел боп аққан,
Мөлдір су шомылғанда жанға жаққан.
Өркендеп қазақ жұрты қанат жайып,
Байлығы бір-бірінен асып жатқан.

Даланың жұпар иіс самалы ескен.
Астанам Алатаудай Арқа көпкен.
Сәніне бой түзеген сүйсінемін.
Көркейіп күн-күн сайын түлеп өскен.

Мойнына халқымыздың бұғау салса,
Зарлатып ел мен жерді бөліп алса.
Сайрандан, саяхат сап жүрер ме едік,
Біржола атамекен жауда қалса.

Дәл мұндай әсем қала көрмес едік,
Еш атау “Астана” деп бермес едік.
Жат жұртық болып кетсе Ақмолаға,
Қуанып құшақ жайып келмес едік.

Ел болып бар арманы ойына алған,
Жүмсең қатерлі іске қарсы барған.
Халқы үшін белін буып, жан пида ғып,
Аузынан аждаһаның алып қалған.

Құрметке, атақ, даңқ қызықпаған,
Өмірге сирек келер мұндай адам.
Халқы үшін құрбан қылып шыға келді,
Мансапты, өмірді де жалындаған.

Тәнсе де қауіп-қатер өміріне,
Жеткізді туған елді тілегіне.
Қорлатпай, бөлшектетпей ел мен жерін,
Халқының мәңгі қалды жүрегінде.

Қосқандай Ресейге бізді зорлап,
Бүгінде отырар ек жылап, сорлап.
Мақтарлық нағыз батыр осы емес пе,
Жан салып туған елін қалған қорғап.

Көргізген уайымсыз атар таңды,
Базалар кезең келді абзал жанды.
Төрелер менменсіген мансап қуып.
Қорғаса ел намысын қайда қалды?!

Мен бұған ешбір жанды теңгермеймін,
Басшы адам дәл осындай болса деймін.
Қаймықпай жалғыз шауып, қамал бұзған,
Батырын ертегінің көргендеймін.

Халыққа күн боп шықты көгіндегі,
Басқалар жұлдыз боп та көрінбеді.
Бас имей қайсарлықпен қарсы тұрды,
Қазақтың намыс қозып шегіндегі.

Көтеріп аруағын биік көкке,
Нағыз ер таныстырар қалың көпке.
Тұрарлық мақтауға да мақтануға,
Жайсаң жан, абзал адам осы емес пе?!

Ешкімге ұқсамаған жаны бөлек,
Туған жан қасиетті елден ерек.
Құрметпен бас иемін аруағына,
Ел-жұртын қуанышқа кеткен бөлеп.

Тамсанып, таңдай қағам ерлігіне
Ертегі батырынан кемдігі не?!
Жан салып жалғыз өзі сақтап қалды,
Қазақтың дақ түсірмей елдігіне.

Артында із қалдырған өмірі өлмес,
Мұндай жан дүниеге келе бермес.
Алтындап ескерткіш сап, орнатса да,
Лайық Жүмекене артық емес.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАНЫ

(Кенеханның 200 жылдық мерейтойына)

Келгенде жолым түсіп Астанаға,
Сүйсініп тамсанамын жас қалаға.
Зәулім үй жалт-жұлт еткен қабат-қабат
Сән беріп жарқырап түр кең далаға.

Күн ашық, жайма шуақ бір кешінде,
Келемін Кенесары көшесінде.
Елестеп көз алдыма кешегіден
Оқиға баяғы өткен түсті есіме.

Қорған сап Есідің оң жағасына,
Зәр төккен Арқаның сары даласына.
Ориатпақ қара түнек торлап алып,
Аямай бүкіл қазақ баласына.

Ор қазып адам өтпес жан-жағынан,
Қорғанның жан жүргізбес маңайынан.
Қазақты ұстап алса “киргизит” деп,
Қайтпайды таяқ жемей барған адам.

Сандалды ел түшіркенің үйде жатпай,
Қалайша қаламыз деп жанды сақтап.
Жендеттер жерімізді тартып алып,
Күніренің қазақ безді қоныс таппай.

Көргенде қан бон аққан көздің жасын,
Қорлыққа мұндай жаман кім шыдасын.
Кене хан намыс қысып атқа мінді,
Қосам деп тоз-тоз болған елдің басын.

— Құрымай ортамыздан мына қорған,
Халқымыз құтылмайды қалың сордан.
Таптатып алтын басын жатқа құл ғын
Бермекпін туған елді қалай қолдан.

Көргенде ел тағдырын ойға салып,
Кетеді тұла бойы от боп жанып.
— Кең-байтақ жерімізге ие болып,
Түбінде біздің жұртты құртуы анық.

Елім деп еңірегенде етек толып,
Батырлар қаһарланды атқа қонып.
Бекініс, камалдарды құртайын деп,
Алысқа, жақынға да салды жорық.

Атылып жолбарыстай Абылайлап,
Сескенбей жауға тиді бір Құдайлап.
Тазартып қазақ жерін келімсектен
Қысылмай Сарыарқаға қанат жаймақ.

Батырлар намыс қысып қатуланды,
Қаймықпай дүлей жаудан атой салды.
Дұшпаннан Кене ханның айласы асып,
Қорғаны быт-шыт болып, от боп жанды.

Қамалды көрген кезде жатқан күйреп,
Қалада жау қарасы қалды сиреп.
— Туған ел өз жеріне ие болып,
Жүрсін — деп армандады, өзі билеп.

Қалдырмай бір де қорған алсам шауып,
Еліме тоқтар еді төнген қауіп.
Талқанлап жау қамалын бұза берсем,
Арқадан көшер еді бәрі де ауып.

Қиялдап ойға шомып тұрды Кене,
Өртеніп қорған күл боп, қалды төбе.
— Қазақты өз жеріне ие қылмай,
Қалайша тоқтаймын — деп — енді неге.

Армандап азаттықты дамыл таппай,
Айқасты қатал жаумен жанды аямай.
Елім — деп өмір бойы еңіреп өткен,
Тұрарсың құрметтемей оны қалай!

Арманы Кене ханның орындалып,
Масайрап бостандыққа шықты халық.
Орнында сол қорғанның мүсіні тұр,
Халқына рух беріп айбаттанып.

Тұрғандай ақыл айтып туған елге,
Дегендей: — Арамзаның соңына ерме.
Озін шеш барлық істі ақылменен,
Тізгінді енді жатқа бере көрме.

Риза бол Құдай берген қымбат сыйға.
Шапылған қазағынның бәрін жина!
Елімді егеменді көркейте біл,
Қорғай біл қылсаңдағы жанды пида.

Сүйсініп тұлғасына тұрған биік,
Мен тұрдым аруағына басымды иіп.
Ардақтап асыл ұлын аспандатып,
Бүгінде отыр міне халқы сүйіп.

АЛАШ КӨСЕМІ

(Әлихан Бөксіхановтың 140 жылдық мерейтойына)

Күні шығып, қазақ таңы атпаған.
Шегірткедей келімсектер қаптаған.
Жер иесі ел бар-ау деп елемей
Тартып алып табанында таштаған.

Жерлеріне бекініс сап торлаған,
Қара шекпен мұжықтарын қорғаған
Сусыз, шөпсіз шөл далаға қуылып,
Шетгерінеп қазақ байғұс сорлаған.

Қарсы келсе қызыл қанға боялған,
Жаман қылып қорғалатқан қояннан.
Есеңгіреп елі тозып барады,
Есін жиып, қазағы жоқ оянған.

Жыртқыштар көп елді аямай талайды,
Бұған қалай адам жаны шыдайды.
Keң жайлауы, көшер қоныс тарылып,
Халықтың да мал мен басы азайды.

Тегіс қолдап, зиялының бөрі еріп,
Ұрандады Алаш туын көтеріп.
Құлдық бұғау, қасіреттен құтылып,
Армандады алса екен деп ел ерік.

Елін ойлап, түн ұйқысын төрт бөлген,
Бейнетті де, қиянатты көп көрген.
Ілігем деп дұшпаңдардың торына
Сескенбеген төніп тұрған қатерден.

Корген емес насықтарға бас ұрып,
Ел ісінен тайған емес бет бұрып.
Жан аямай жағаласып күрескен,
Кетпесін деп тоз-тоз болып ел құрып.

Нағыз адам елге ұл боп туған ер,
Ақылы асқан дариядай кеменгер.
Туған елін қосамын деп қатарға,
Белін буып, жан аямай төккен тер.

Зиялылар аз болса да үркердей,
Үн шығарды елді оятып күркіреп.
Ұран салып алашым деп аттанды,
Қауіптен де, қатерден де іркілмей.

Алаш тобы тас түйіндей бірлесіп,
Кірісті іске тыным таппай бел шешіп.
Ақан, Жақаң Жүсіпбек пен Мағжандар,
Халқы үшін көрді жаумен белдесіп.

Опа ташпай сонау түнек жалғанда,
Өтіп кетті қайран ерлер арманда.
Аямастан бәрін құртып жіберді,
Қырып, жойып елге ойран салғанда.

Ойландырып, толғандырып ел қамы,
Іс істеуге қажымады, талмады.
Ерікті ел боп туған жұрты бүгінде,
Орындалды аңсап өткен арманы.

Елің шықты өркендеудің өріне,
Қанат қақты бар әлемге көріне.
Туған елін қасиеттеп, құрметтеп,
Сен отырсың Алашынның төрінде.

2007 жыл.

АЛАШТЫҢ АҒАҢЫ

(Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 120 жыл)

Қамалған елін,
Сынатын белін,
Ерте-ақ білген ер еді.
Халқы үшін өлсе,
Бейнетін корсе,
Окінемін демеді.
Ұлты үшін бастап көп істі,
Жан аямай кірісті.

Ашылмай түнек,
Жұрт жатты жүдеп,
Атар таң, сәуле білінбей.

Оятып елді,
Талпынып көрді,
Ұйқысыз көзі ілінбей.
Маса да болды ызындап,
Жаны да күйді шыжылдап.

Қауіпті төнген,
Алдымен көрген,
Данышпанның өзі еді,
Дабыл да қақғы,
Жұлқынып бақты,
Өргеніп ел деп өзегі.
Қайғымен кетті-ау арманда,
Коргені қорлық жалғанда.

Қырылып өліп,
Зор қатер төніп,
Халқы да құри жаздады.
Айырылып діннен,
Жаңылып тілден,
Аз болмады азғаны.
Ойланар бүгін күн туды,
Ел болуға бел буды.
Күн нұрын шашып,
Ырысы тасып,
Көркейсін енді туған жер.
Алтындай сақтап,
Сезінді жаттап.
Кез келді көпке күлімдер.
Ардақтысың асыл ер,
Халқы үшін туған кемеңгер.

Белінді буып,
Намысын қуып.
Таппадың уақыт жатарға.
Азаттық үшін,
Жұмсалды күшің,
Қоспақ боп жұртты қатарға.
Өткіздің өмір азаппен,
Тағдырың бір боп қазақпен.
Көздерін ашты,
Тәй-тәйлап басты,
Құл болған қазақ кешегі.

Болса да қиын,
Тапшы боп бұйым,
Еркіндік желі еседі.
Әйгілендік әлемге,
Қуанам мұны көрем де.

Еңселі ел боп,
Өзгемен тең боп,
Есін жиып келеді.
Еңбегі жанды,
Бостандық алды,
Осы еді ғой керегі!
Халықтың болып қалауы.
Желбіреп тұр жалауы.

МАҒЖАН

Мағжан, Мағжан,
Ерекше туған,
Бір бөлек жан.
Жұлдыздай ағып,
Жарқырап жанып,
Түнекті жарып самғаған.

Мағжан, Мағжан
Кеудесі толы арман.
Қатерден қорқып таймаған.
Елім деп еңірен,
Намысы кернеп,
Өліммен де ойнаған.
Күйдірген жанын,
Кеудесі жалын,
Сақтаған адамдық арын.
Өтсе де таяқ еттен,
Қайтпады алған беттен,
Төксе де жендеттер ағызып қанын.

Достары сүйген,
Дұшпаны күйген,
Жалындаған сөзінен.
Жаныңды тербеп,
Түсіріп өрнек,
Ағылды жырлар өзінен.

Жанымдай сүйіп,
Басымды иіп,
Аруағын сыйлап келемін.
Жүргенде де айдауда,
Аяқ-қолым байлауда,
Жұртқа айттым Мағжан өлеңін.

Болды ғой көпшіл,
Мінезі өршіл,
Түркінің ыстық қаны бар.
Көк бөрідей,
Күлтегіндей,
Сақтаған таза ары бар.

Қорлыққа көнбей,
Залымға сенбей,
Іздегені әділдік.
Қайнатқан қанын,
Қинаған жанын,
Халқы көрген зәбірлік.

Адаммын деген,
Ел қамын жеген,
Ерлер болса осындай.
Белдерін буып,
Елге кеп жуық,
Еңбектенер шошынбай!

Мағжан, Мағжан!
Ерекше жан.
Сөздері оқ боп атылған.
Тигенде жауға,
Айтқызған төубө,
Кем болмай түскен жасылдан.

Мағжан, Мағжан,
Ерекше жан,
Дос сүйсініп бас ұрған.
Тербетіп жанды,
Өлмейді мәңгі,
Асады талай ғасырдан.

ҚАЙҒЫРАМЫН ҚАН ЖҰТЫП
(Жан досым Бүркіт қаза болғанда)

Құрбы едік жастан бірге өскен,
Жан емес сен дескен,
Мінезі көпке сүйкімді,
Адамдықтың желі ескен,
Бірге боп қамау, түрмеде,
Откіздік күндер жан кешкен.
Армандады көрсем деп
Өзгемен елін теңескен!
Жайсаң жанның бірі еді,
Халқын ойлап қам жескен.
Құрметтейтін ерлерді
Азаттық үшін күрескен.
Қадірлеп туған өз ұлтын,
Топасқа қарсы тілдескен.
Елін сүйген ер еді,
Намысын қорғап сөйлескен.
Еңкеймей еркін тұратын,
Пасыққа қарсы беттескен.
Азапты көріп аяусыз,
Өтті талай белестен.
Сонда да жүрді қажымай,
Арсыздарға көнбестен.
Ақылы мол теңіздей,
Қиын істі тез шешкен.
Өлімге қимас жан еді,
Сұм ажал қалай кездескен?
Қайғырамын қан жұтып,
Қалғанға сені көрместен.
Күндерім еске түседі,
Сырласып бірге кеңескен.
Жан аямас дос едік,
Шығармаспын сені естен?!

СЕНГЕНІМІЗ НҮРСҰЛТАН

Кезең келді қас, досты айыратын,
Ер де, ел де ерекше сыналатын.
Шын қамқоршы халыққа осы адам — деп,
Тура басып айтатын ердің атын.

Қиындықтан қорғалап жасып қалмай,
Өршеленіп келеміз өрге қарай.
Көк байрақтың астында басты қосып,
Еріктіміз не қылсақ жалтақтамай.

Бұрын ешкім білмейтін қазақ атын,
Бәрі совет халқы деп сапалатын.
Бет түзейтін намазда құбыласындай,
Тек Мәскеуге табынып, бағынатын.

Бәрімізге бір Алла болып пана,
Есті жиып келеміз енді ғана.
Отаным деп, елім деп соғып жүрек,
Қимылдайтын кез келді жанды сала.

Басқа түскен таршылық, қиын күнде,
Тізе қосар күн туды болып бірге.
Ел тағдырын шешетін тек өзіміз,
Қыпылықтап қарамай енді ешкімге.

Шөккен нардай секілді жүктері ауып,
Ауыртпалық, жоқшылық болды қауіп.
Қандай ер деп халық та елендеп тұр,
Тығырықтан шығарар жолды тауып.

Еліміздің кеткен жоқ бағы тайып,
Кенін қазып келеді, малын жайып.
Молайтып ел ырысын өсірем деп,
Аянбай жан салып жүр Назарбаев.

Көш бастар кемеңгер жоқ мұнан артық,
Сөкпейік кетпедік деп байып, шалқып.
Қандендер көре алмайтын қара ниет,
Етектен жүргізбей жүр жұлқын тартып.

Олардың көксегені қара басы,
Туған жер керек емес, отандасы.
Халыққа қарайласпас қиналса да,
Жылаған көзге ілінбес қанды жасы.

Көбісі “пысықтардың” жұртты құртқан,
Іші арам, құр жылтырар түрі сырттан.
Әуелі өз қарыны тоймай қалса,
Жағасын туған елдің түтіп жыртқан.

Сестеніп, есін жиып, алса байып,
Тақырға отырғызып, кетер тайып,
Мансапқор, ұяты жөк арсыздардан,
Жолатпай маңымызға сақтанайық.

Мен үшін қазақ деген бір-ақ ел бар,
Атанған Қазақстан бір-ақ жер бар.
Көш бастап келе жатқан тар кезеңде,
Қажырлы Нұрсұлтандай асыл ер бар.

Зиялылар бас қосқан жиындарда,
Сөйлер сөзден іркіліп, тартынған ба?
Пап етіп жүр әлемге қазақ атын,
Жаны жайсаң дәл мұндай адам бар ма?

Оскен жан жақсы, жаман бәрін көріп,
Жасынан құрметтеді халық сеніп,
Біз түгіл шет жұртқа да абыройлы,
Тізгінді ұстатайық соған беріп!

Басқаға өзім дауыс бере алмаймын,
Үлгілі іс ешбірінен көре алмаймын.
Ордамды ойран қылып кете ме деп,
Өзгенің біріне де сене алмаймын.

ЖЕЛТОҚСАН МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК

Тұншығып өмір бойы жатқан қазақ,
Ел болып есепке енбей болған мазак.
Кенеттен айбаттанып дүр сілкінді,
Көрінді бар әлемге болып ғажап.

Кеудеге жара салып, тас боп қатқан,
Ашылып сыртқа шықпай, бұғып жатқан.
Кемсіту қорлық, зорлық жанға батып,
Жарылып жанартаудай аспанға атқан.

Ел ғой деп есептесіп санаспаған,
Арсыздар ар намысын таптап басқан.
Қазақта ел басқарар бір жан жоқтай,
Болады қандай қорлық мұнан асқан.

Таба алмай лайық жан қалың көптен,
Әкелген әлде кімді қия шеттен.
Қазақтың кең даласын шарпып өтіп,
Ашулы үн бүкіл елді дүбірлеткен.

Үйренген менменсініп баса көктеп,
Өткізді өз әмірін зорлап өктем.
Отырып өз елінде, өз жерінде
Биліктен қазақ байғұс қалды шеттеп.

Әуелден бізді ел ғой деп елемеген,
Мәскеу жоқ қазақтарды адам деген.
Басынып іс істеуі көрер көзге,
Жастың да, көрінің де жанын жеген.

Жиылып жастар шықты болып лек-лек,
Ерекше қозға түсіп, жиналған көп.
Шақырып қорламауға бүкіл елді,
Ойларын басшыларға түсіндірмек.

Жат жанға қалай жүрмек басын иіп,
Жүректі жаралады, жаны күйіп.
Қалың жас Алатауды алаулатты,
Көтеріп әділдіктің туын биік.

Ұғар деп, түсінер деп көп тілегін,
Ту қылып жастар шықты жас жүрегін.
Дүлей күш ел тілегін елең қылмай,
Таптап өтіп жоқ қылды ел сенімін.

Қатал жау ғадеттенген бет қаратпай.
Түр еді соқтығуға сылтау таппай.
Қаруын керегінше сайлап алып,
Жалақтап шыға келді жан алғыштай.

Көздерін қан құмарлық шелі басып,
Басшылар сөз тыңдамас құлақ асып.
Дайын түр бұйрық күтіп солдаттары,
Жібермек жас жандардың қанын шашып.

Қолына мықтап ұстап темір таяқ,
Жиналған көпшілікке келді таяп.
Тарапмақ ұрып-соғып бәрін қуып,
Түрі жоқ қалатындай бәрін де аяп.

Кенеттен у-шу болды аяқ асты,
Жендеттер көпке тиіп араласты.
Сүйретіп жас қыздарды шаштарынан
Тепкілеп абыройын таптап басты.

Бәрінің үсті-басы қып-қызыл қан,
Бері де нәзік жанды аямаған.
Амалсыз жан сауғалап кете қалса,
Артынан қуып жетіп, ит талаған.

Қып-қызыл қан болғанда аяқ асты,
Төбесін Алатаудың мұнар басты.
Халықтың қайғысына қамыққандай,
Дүниенің сүп-сүр болып сұрқы қашты.

Кірісіп жазалауға өңшең дүлей,
Тудырып үркігіп жүр көпке үрей.
Боялды айдын алаң қызыл қанға,
Ұрып жүр кез келгенін бас, көз демей.

Соққылар ауыр тиіп, батып жанға,
Боялып жатсадағы қызыл қанға.
Ежелгі ерлік рух көтеріліп,
Шарықтап қазақ даусы шықты аспанға.

Бетпе-бет қатал жаумен алысқандар,
Күндіз-түн қарсы тұрып қарысқанда,
Бойларын ұлттық намыс, ашу кернеп,
Ұқсады жараланған арыстанға.

Сүйсіндім сол жастардың ерлігіне,
Рухы көтерілген өрлігіне.
Қаймықпай қарсы тұрып өршеленіп,
Азаттық келеді деп сенгеніне.

Көп адам өзі сенбей көргеніне,
Қыздардың таңғалады ерлігіне.
Халқының абыройы намысы үшін,
Шырылдап талайлары өлмеді ме!

Жау таптап жатқанында салып ойран,
Сонша күш нәзік жанға келген қайдан?
Жасымай қайраттанып, жігерленді
“Жан – ардың садағасы” деген ойдан.

Душанмен мейірімі жоқ әуел бастан,
Карусыз қарсы тұрып жағаласқан.
Көрсеткен ұлттық намыс, абыройлы,
Ерлікті мен білмеймін мұнан асқан.

Қазаққа бір ерен іс керек еді,
Ел ғой деп бізді ескеріп елемеді.
Бойында ғасыр бойы тұнып жатқан,
Шығарған намыс қысып ерлік елі.

Талай жан азап шегіп, соққыда елді,
Көп елдің естіп, біліп көзі көрді.
Окімет құрметтейтін, ел сенетін,
Жұрдай боп абыройдан шыға келді.

Ерлік іс ел қамы үшін істеп кеткен,
Аңыз боп кең жайылып, көпке жеткен.
Ұрпаққа кейінгі өскен үлгі емес пе,
Көтеріп бүкіл елді тебіrentкен.

Қазақтың ерлігімен рухтанып,
Оянып бас көтерді талай халық.
— Қорлыққа енді біз де көнбейміз — деп
Ұмтылды азаттыққа ұран салып.

Құр кетпей желтоқсанда төгілген қан,
Аңсаған атар таңды жақындатқан.
Бас ием батыр ұл мен қыздарына,
Лаулатып бостандықтың отын жаққан.

Азаптап тұншықтырған барша жанды,
Теңселтті ел қаһары тас қорғанды.
Қамаудан құлдық бұғау құтылмақ боп,
Армандап алға ұмтылды атар таңды.

Ел болып, есін жиып егеменді,
Тілегін халқымыздың Құдай берді.
Қан төккен осы жолда талай ерлер,
Демейік бұл еркіндік текке келді.

Өз елін бермейміз деп бөтен жатқа,
Бел буып Алаш тобы мінген атқа.
“ЕСЕП” деп, “Жас Қазақ” деп ұрандаған,
Жастардың арманымен келген жоқ па?!

Азаттық келер ме еді желтоқсансыз,
Бостандық желтоқсанмен туған егіз.
Жастардың ерлік рух, намысы ғой,
Нұрланған жарық таңды көргеніміз.

Гүлденіп Сарыарқадай сары дала,
Орнады Астанадай өсем қала.
Қазақты ел болмас деп есептеген,
Еліме назар салып енді қара!

Қазақтың кең даласы бүкіл аймақ,
Құлпырып келеді өсіп, гүл-гүл жайнап.
Аспанда бозторғайлар өнге салып,
Тоғайда тамылжытар бұлбұл сайрап.

Көрініп күндей күліп күншығыстан,
Ел болдық егеменді бақыт құшқан.
Халықтың бейбіт өмір ордасы боп,
Өркендеп келеді өсіп Қазақстан.

Жарқырап дүниеге нұрын сепкен,
Халықтың қысы кетіп, келді көктем.
Қиялдап талай ғасыр армандаған,
Тәуелсіз ел болуға қолы жеткен.

Өшпейді енді елім өсе берер,
Туыстар алыстағы көшіп келер.
Толтырса халқым өсіп кең даланы,
Өмірде не қымбат бар бұған жетер.

Азатпыз, бүгін біздер дербес елміз,
Қиындық артта қалды көргеніміз.
Бас иіп жалтақтайтын көрінгенге,
Бағынған бұрынғыдай құл емеспіз.

Тойғанын, жегендерін місе тұтпай,
Бұл күнді кейбіреулер жүр ұнағпай.
Сәулесін тәуелсіздік өшірмекшігі
Торлаған күннің көзін шарпы бұлттай.

Нұрсұлтан түзу жолмен елді бастап.
Соңынан ерді халық тегіс қостап.
Елдерді озып кеткен қуып жетіпгі
Асудан талай биік әлі де аспақ.

Болсын деп туған елдің жүзі жарқын,
Шығарды бар әлемге атақ-даңқын.
Бар-жоғын біздің елдің білмейтіндер,
Таныды сыйластықпен қазақ халқын.

Асыл сөз ағамыздан қалған мирас,
“Ел даңқын ер шығарар” дегені рас.
Елбасы шамшырақтай алдымызда,
Бұл беттен ешкім тежеп, тоқтата алмас.

Бұрылмай, бұлтақтамай оңға, солға,
Ел түсті адаспайтын сара жолға.
Талатпай жемқорларға жұмсай білсек,
Байлықтың жанға керек бәрі қолда.

Тұрғанда қолымызға билік тиіп,
Тіл, дінді көтерейік көкке биік.
Бірігін тас түйіндей іс істейік,
Туған ел, туған жерді шексіз сүйіп.

ӨССІН ҚАЗАҚ!

Қуана бер өмірге сәби келді,
Үйдің ішін құлпыртып жаңа өң берді.
Келешектің тірегі, ел қорғаны,
Ата-анасын қуантып, қойнына енді.

Естігенде дауысты інгәлаған,
Тартқан күйдей естілер сорғалаған.
Тым-тырыс боп, үй іші дыбыс шықпай,
Бала ойнамай, жүгірмей тұрған жаман.

Бала туып көбейер ауыл күйреп,
Адам өспей кетті ғой халық сиреп.
Ұрпақ болмай ел болып көгерер ме,
Жүре ала ма өз жерін өзі билеп?!

Сәбилердің келерін сезіп біліп,
Құнғандай қарайды далам күліп.
Ұл-қыздары өссе деп тілеп отыр,
Туған жердің бойында еркін жүріп.

Елімізге бақыттың құсы қонып,
Туа берсін іңгәлап бала толып.
Халық өспей қатарға қосылмаймыз,
Өркендеген елдердің бірі болып.

Аз болып жауғандаған ел оңар ма.
Зорлықтан, кемсітуден құтылар ма?
Бас қоспай, түсініспей бірін-бірі,
Бірлеспей тату-тәтті құт қонар ма?!

Бөбек көрмей көп үйден іңгәлаған,
Жүдеу тартып сарғайған қайран далам.
Өсіретін ұл-қызды күнің туды,
Тағдырына ертеңгі болмай алаң.

Көп үйдің оты сөніп тұрған маздап,
Бүкіл ел қалған жоқ па құри жаздап.
Жиылып ой мен қыры, шеттегісі,
Құлашты еркіндікте енді жазбақ.

Көбейтіп, толықтырып ел қарасын,
Қызықтап жүрсін шалқып кең даласын.
Басым боп қазақ даусы еркін шығып,
Шаттанып елім еркін сайрандасын.

Көбеймей адам өспей ел болмаймыз,
Ешкімнен халық әсте кем болмаймыз.
Басшы боп барлық істе өзі жүрсе,
Біреуге үлес кетіп, жем болмаймыз.

Қуана бер өмірге сәби келсе,
Іңгәлаған дауыспен үніңе енсе.
Қазақ өсіп көбейер қанат жайып,
Іргелі ұлт боп қалады Құдай берсе!

Сары даланың аймалап самалы есіп,
Күн-күн сайын көркейер елім өсіп.
Ана тілі әлдімен бойға сіңер
Төсегінде жатқанда-ақ алтын бесік,

АСТАНА – АЛАШ КӨРКІ

Ауылдан келіп түстім Бас қалаға,
Бой түзеп келе жатқан жас қалаға.

Сән берген еліме де, жеріме де,
Сүйсініп қарап тұрмын Астанама.

Көз салсам шығып алып Бәйтерекке,
Боламын кездескендей кереметке.
Тұрғандай бүкіл қала алақанда
Көретін нағыз ғажап осы емес пе!

Көрікті зәулім үйлер салған биік,
Тұрғандай бұлт шақырып, көкке тиіп.
Қарағым келе берер көзім талмай.
Биіктен түскім келмей жаным иіп.

Өйға алсам Целиноград-Акмоланы,
Қоқысқа толып жатар үйлер маңы.
Жол тауып түн ішінде жүре алмайсың,
Әр жерде сығырайып жанған шамы.

Қарасам Астанаға бүгін барып,
Есімнен танғандаймын қайран қалып.
Құлпырып күндізгідей жарқырап тұр,
Шамдардан әшекейлеп өрнек салып.

Жағалап көше бойын жүрген кеште,
Өткен күн елес болып түседі еске.
Өрт салып жау қамалын ойрандаған
Болар ма Кене ерлігін ескермеске.

Көк шалғын, көк майсаға бие байлап,
Ел едік кең өлкені жүрген жайлап.
Қаптатып қарашекпен мұжықтарын,
Қазақты мекенінен шыққан айдап.

Бұл қорлық Кенеханға жаман батты.
Жорыққа дайындалды ерттеп атты.
Қазақты халық қой деп елемеді,
Ыза ғып, намысына тиді қатты.

Жеңістің дәмін татып, тойын тойлап.
Бұл жерде Кенесары салған ойнақ.
Қамалды қазақ жерін торлап алған,
Қалдырмай бірде-бірін болды жоймақ.

Жете алмай арманына қапыда өлді,
Құлдыққа амалсыздан халық көнді.
Еркі жоқ өз басында ел оңар ма,
Қазаққа қара түнек қайғы төнді.

Бұл манда талай саңлақ туып-өскен,
Бәрі де қуғын-сүргін өмір кешкен.
Атақты Қажымұқан, Балуан Шолақ
Ұмыт боп Иманжүсіп шығар ма естен.

Уатқан мұңды жұртын әнмен тербеп,
Төгілтіп өлең, жырдан салған өрнек.
Ыбырай, Ақан сері, Біржан салдар
Біртуар жандар еді елден ерек.

Естіліп белес-белес қырдан асып,
Сорғалап төгілетін ән, жыр тасып.
Іштегі қайғы дерттің дауасындай,
Сүйсініп естіген жан болған ғашық.

Жау жүрек Амангелді, Кейкі батыр,
Әрқайсы адам еді мыңға татыр.
Мерт болған елі, жері үшін айқасам деп.
Кеудеде аңсап кеткен арман жатыр.

Әлихан, Ахметтер елді бастап,
Саналы азаматтар шықты қостап.
Жат жұртқа елімізді жем қылмайық,
Азат қып алайық деп ұран тастап.

Еңіреген ел-жұртына жандары ашып,
Шымырлап бойларынан қаны тасып.
Бостандық өпермекке белді буды,
Аттанды жан пида ғып, қамшы басып.

Елім деп, ұйқы көрмей алаңдаған,
Бостандық, азаттықты армандаған.
Алаштың көсемдерін құртып тынды,
Жендеттер қандыбалақ жалаңдаған.

Көрдік қой сұмдық Совет саясатын,
Өзгертті ие болып жердің атын.
— Дұрыс, — деп — ләпшай тақсыр айтқаныңыз
Күн болған тек Мәскеуге табынатын.

Ат қойды Ақмолаға “Тың қала” деп,
Меншіктеп өзі билеп алайын деп.
Бөлшектеп қазақ жерін быт-шыт қылмақ,
Терідей ит жабылған талайын деп.

Байлыққа белшесінен болып батпақ,
“Тың жерге” қалың тобыр келді қаптап.
Жерге ие ел бар-ау деп елең қылмай
Жерін де, намысын да жатты таптап.

Аспанды шаң мен тозаң бұлт боп басты,
Жыртқызды бүрқыратып тау мен тасты.
Қазақтың қасиетті бейіттерін,
Қиратып талқан қылды аяқ асты.

Меншіктеп Тың өлкені тегіс торлап,
Қоспақшы Ресейге елді зорлап.
Бас ием аруағына Тәшеновтің
Жан салып туған жерін қалған қорғап.

Жарқырап бостандықтың күні шығып,
Ел тұрды бас көтеріп, жатқан бұғып.
Шек болмай қуанышта масайрады,
Жүр едік тар қапаста құр тұншығып.

Бұл күнді аңсап едік талай ғасыр,
Мерт болған осы жолда талай асыл.
Жоқтықты, кедейлікті елең қылмай,
Елімде той басталды айран-асыр.

Демеймін қуанды деп бәрі бірдей,
Түнерін кейбіреулер жүрді күлмей.
Күйзеліні, есеңгіреп есі кетіп,
Дал болып не істерін қалды білмей.

Үйренген қазақ елін аяққа илеп,
Аңсайды өкіметті қалған күйреп.
Ие боп байлығына кең даланын
Армандап жүрсем дейді қайта билеп.

Ежелде қазақ өсіп, жүрген жайлап,
Сарыарқа құтты қоныс алтын аймақ.
Көтіріп әкелмекші астананы
Нұрсұлтан тәуекелге белді байлап.

— Халықты көтерсің — деп — орға жығып,
Көп адам пікір айтқан қарсы тұрып.
Басшының бастамасын теріс көріп,
Келмеген түсінгісі, сөзін ұғып.

— Таба алмай ел жалақы жылдап, айлап,
Отыр ғой жұрт күйзеліп, жоқтық жайлап.
Орданы орнатпақсың қай тақырға,
Саялы орның бар ма қойған сайлап?

Тұрғанда тапшы болып, қаржы жетпей,
Қояйық ел көшіріп, тентіретпей.
Шашылып жатқан мол боп байлығың жоқ,
Шаманды байқасаңшы артық кетпей.

Тұратын кезің тұнып бақша-баудан,
Қанасыз неге безіп Алағадан.
Жөн емес ел ордасын ауыстыру,
Жапанға маса, шыбын, құрттар жауған.

Арқада күнелтеміз қалай тұрып,
Жатқан жер жоқшылықтан бәрі құрып.
Қыста аяз, жазда аптап құр шаңдатқан
Бораны көз аштырмас бетінді ұрып.

Бұлардың айтқан сөзін құлаққа ілмей,
Нұрсұлтан көп толғанып, жүрді көнбей.
Ойлады: — Елбасымыз адасты-ау — деп
Алдында не боларын бірі білмей.

Сарыарқа байтақ, дала жатқан шетте,
Көз тартып қызықтырған жау жақ бетте.
Ортаға орда әкеліп орнатқанда
Қастары ұшырады ауыр дертке.

Көркейіп күлімдеді жапан дала,
Көз тартып жайнай түсті жаңа қала.
Қазақтар қала салу біле ме екен,
Назар сап Астанама енді қара!

Көруге әрбір жақтан келген халық,
Сүйсініп мәз болады қайран қалып.
Жібермей суық ызғар пана боп тұр,
Астанам қас батырдай айбаттанып.

Тoқтaмaй, тoлaстaмaй құрылысы үдеп,
Келеді канат жайып, күнде түлеп.
Сүйсініп көрген сайын мәз боламын,
Лүпілдеп қуанышпен соғып жүрек.

Аралан ғажаптарын көзбен көрдік,
Көркінен көре алмайсың ешбір кемдік.
Орнатқан астананы Арқаға әкеп,
Бұл ісі Нұрсұлтанның — нағыз ерлік.

Тамаша зәулім биік үйлер қандай,
Таңғалып қарай берем қағып таңдай.
Ризамын Астанама аспандаған
Дос сүйсініп, дұшнандар жасқанғандай.

Көркейген гүлге оранып айналасы,
Қазақтың өзі орнатқан Астанасы.
Целиноград емес бұл басқа қала
Қол сұғар енді кімнің бар таласы.

Қаланы бөліп жатыр Есіл ағып,
Жарысқан екі жақтан үйлер салып.
Сапарға аз-ақ уақыт кетсең шығып,
Қайтқанда жатырқайсың зорға танып.

Өркендеп канат жайсын халқым өсіп,
Бауырлар шетте жүрген келсін көшіп.
Өмірден бұдан артық не тілейміз
Көркейсе туған жерің — алтын бесік.

Жазылып бодандықтың салған дерті,
Бұл күнде елім азат, өзінде еркі.
Таңданған келбетіне көрген адам
Астанам гүл жайнаған — Алаш көркі.

СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНДЕ

Шықтым орлеп сексеннің сеңгіріне,
Ризамын Құдайдың бергеніне.
Қуғын-сүргін, азаптан тірі калып,
Үрпақ өсіп, соңымнан ергеніне.

Уақыт шіркін зымырап желдей ескен,
Өқиға көп айтарлық бастан кешкен.
Көрген қорлық, қиындық жанды жеген
Ұмыт болып шығар ма өмірі естен.

Өмір мені ағызды таскын судай,
Толқынында тұншықтым соққан тулай.
Көнбей көрдім ырқына қайраттанып,
Емеспін деп салынды шірік курай.

Жан таластым қарысып, қарсы малтып,
Бұғау тастап мойнымнан алды тартып.
Қара түнек зынданға әкеп тықты
Қандай қорлық болады мұнан артық?!

Не қылса да шыдадым, төзіп бақтым,
У берсе де қаймықпай дәмін таттым.
Үмітіме ер салып, ерттеп мініп,
Жетермін деп арманға ықтап ақтым.

Сеніп ем Алла еркіндік береріне,
Жарқырап күткен күннің келеріне.
Түнеріп қара түнек тұрса дағы
Сеніп ем әділдіктің женеріне.

Үмітім ақыр мені алдамады,
Алдымнан есіп шықты таң самалы.
Қамалып талай ерлер қорлық көрген
Бұзылды талқан болып жау қамалы.

Кешегі бас көтермей жатқан бұғып,
Айта алмай бір ауыз сөз құр тұншығып.
Бүгінде өз тағдырын өзі шешіп
Шаттанды еркіндікке елім шығып.

Ауыр азап жан төзбес көрмеді ме,
Тар қапаста талай ер өлмеді ме?!

Төбем көкке тигендей қуанамын,
Азаттықтың ақ таңын көргеніме.

Сары даланың шишалы самалы есіп
Келе жатыр өркендеп елім өсіп.
Құтты қоныс халқыма жерім жайлы
Отаным жан тербеткен алтын бесік.

Көрген күнді зар болып, өмірі аңсап,
Қызықтамай кетермін қалай тастап?!
Жасай бергім келеді, жасай бергім,
Жас жігіттей арманым әлі де асқақ.

КЕЛМЕЙДІ ӨЛГІМ

Келсе де жасым,
Құштарлық басым,
Өмірден кеткім келмейді.
Немерем бөлек,
Қызыққа бөлеп.
Жанымды жас қып тербейді.
Жасарып кеткен секілді
Өлмеске қартың бекінді.

Ерікті ел боп,
Өзгемен тең боп,
Ел-жұртым өсіп келеді.
Қамытын құлдың,
Лактырып жұлдың,
Осы еді ғой керегі.
Отар елден кешегі
Шаттықтың лебі еседі.

Қартайған сайың,
Жақсарып жайым,
Қызықты боп барады.
Жасарып көңіл,
Құштар ғып өмір
Денеме қуат тарады.

Кәрілікке қарамай
Мәз боп жүрмін баладай.
Көркейіп жерім,
Көбейіп елім,
Қанат жайып келеді.
Күлімдеп күні,
Шаттанып үні,
Ертеңіне сенеді.
Толтырып кең даласын,
Қазағым өсіп, тарасын.

Келмейді өлгім,
Келеді көргім,
Елімнің жайнап өскенін.
Еңбек қып талмай,
Қатардан қалмай,
Масайрап өмір кешкенін.
Отаным өссін өркендеп,
Көз тартатын көркем боп.

ҚАС БАТЫР

*(Мұхтар Шахановтың “Желтоқсан эпопеясын”
оқығанда туган ойлар)*

Ылғи қорлық қазақтардың көргені,
Тұсау салып, өзіне ерік бермеді.
Қарсы келіп бір ауыз сөз сөйлесе,
Көзін құртып, жерге тығып жерледі.

Өкіметтің қаһарынан ел бұғып,
Жүре берді ынғайымен жұрт ығып.
Бас жарылса бөрік ішінде көрінбей
Көне берді соқыр болса, көз шығып.

Ел ішінде ерлері жоқ дегендей,
Көп адамның бірі көзге көрінбей.
Ел билеуге әлдекімді әкелді
Еш адамға мынау қалай дегізбей.

Басын қосып алыс, жақын қиырдан,
Қалың жастар намыстанып жиылған.
Әділдік сөз, арыздарын тыңдамай
Күш қолданып, таратуға бұйырған.

Бейбіт тұрған алаңдағы жастарды,
Жарақтанған жендеттер кеп бас салды.
Хайуаннан да қатал тиіп жазалап,
Жан түршігер қанды қырғын басталды.

Талайы өліп, өлмегені жаралы.
Кейбіреуі шала-жансар қалады.
Түрмелерді сықап, тіреп толтырып,
Ұрып, соғып көбін әкеп қамады.

Адам демей қорлап бүкіл қазақты,
Арсылдаған иттеріне талатты.
Қиналамын, айтуға тіл жетпейді,
Жендеттерден жастар көрген азапты.

Сұмырайлар қулықтарын асырып,
Қалмақ болды қанды іздерін жасырып.
Масайрады өз ісіне мәз болып,
Қалды ғой деп бүкіл халық басылып.

Бұл қазақтан жау жүрек боп ұл туып.
Деп ойлады ала алмайды “күн” қуып.
Күйе жағып “ұлтшылсын” деп қорладың
Келместей ғып маңайласып жүрт жуық.

Қайдан білісін ел ішінде ер барын,
Ойлайтұғын жанын салып ел қамын.
Басқа төнген қатерден де сескенбей,
Сындырмасқа белді буған ел сағын.

Қазақ қанын судай қылып сапырып,
Қылмастарын отыр енді жасырып.
Ақиқаттың бетін ешкім аша алмай.
Отыр еді тек Мәскеуге бас ұрып.

Көтеріліп келе жатқан мінбеге
Жүрт қарады көзін тігіп бір ерге.
Таңғалысты танитындар сүйсініп,
Қылмысты істің басын ашып бергенге.

Тыңдаушының көңілін бұрып алады.
Айтқан сөзі әлемге кең тарады.
Қылмыстарын мойындаған секілді
Горбачев пен Колбин жерге қарады.

Бас қосқанда жиылып әр тараптан.
Арсыздарды жерге шемен қаратқан.
Қаймықпаған ел намысын қорғауда
Нағыз адам ұл боп туған қазақтан.

Халқын ойлап таңды ұйқысыз атырған,
Адам емес қорқып жауға бас ұрған
Елін сүйген біздің Мұхтар Шаханов
Кезеңі жоқ әділ істен бет бұрған.

Ұл көп туса қазақта дәл осындай,
Өсер едік еш бөгетке тосылмай,
Тындар еді бірін-бірі сыйласып,
Жүрген қазақ бастары ешбір қосылмай.

Қаймықластан қиындыққа бел буып,
Ел намысын, абыройын жүр қуып.
Төніп тұрған қатерге де қарамай,
Қарсы шықты қатал жауға тым жуық.

Берейін деп туған елге қол ұшын,
Салып-ақ жүр аянбастан бар күшін.
Тыным таппай, жан аямай ұмтылды,
Ұлттың жаны — қасиетгі тілі үшін.

Тіл құрыса, ел де құрып кетпей ме,
Құлдық мінез түбімізге жетпей ме.
Көне берсек, қарсыласпай, селт етпей.
Намысы жоқ неткен халық, демей ме?!

Сырын ұғып әділетсіз дүниенің
Жанымды жеп, мен де бірге күйемін.
Айтақ болған жауыздықтың пердесін
Ерлігіне Мұхтардың бас иемін.

Шыға келген дұшпандармен кес-кестеп,
Жалғыз өзі болған еді белдеспек.
Өлеңмен де, найзамен де жау тосқан
Көз алдымда Махамбет түр елестеп.

Батылдығы қас батырдың өзіндей,
Откірлігі алмас қылыш жүзіндей.
Қас жауының еңсе рухын түсірді,
Махамбеттің жау тоқтатқан сөзіндей.

Озып шыққан талай жиын, кеңесте,
Бола ма оны асқан саңлақ демеске.
Тұла бойға ұлттық рух сіңірген
Елін сүйген нағыз батыр емес пе!

2007 жыл

ҚҰРЫМАСЫН АУЫЛЫМ!

Ауылым өшіп кетпесін, аулым өшіп
Бара жатыр қайран жұрт қайда көшіп?!
Жер емес пе кешегі құтты қоныс
Бүкіл қазақ тараған өніп, өсіп.

Ауылым тарап барады сәні кетіп,
Жоқшылықтың кей жанға ызғары өтіп.
Ойын-сауық сайранмен күн өткізіп,
Жігіт өскен жер еді, қыз бойжетіп.

Кете бермей үнемі жадап-жүдеп,
Гүлденсе екен құлшырып, қайта түлеп.
Менің жаным ауылмен бірге біткен,
Туған жердің өскенін жүрмін тілеп.

Қазақ десе ауылым түспей ме еске,
Сауық құрған сайрандап ерте, кеште.
Ата-бабам ежелден мекен еткен,
Ауылменен кіндігім бір емес пе?!

Ауыл өссе, кетпей ме қазақ өсіп,
Туған жерде бұла боп, еркін көшіп.
Ауылымның ауасы шипа дәрі
Бәрімізді тербеткен алтын бесік.

Ауылым құрып кетпесін, ауылым құрып,
Тастамасын күл қылып, бәрін сырып!
Құт қонысы қазақтың гүл жайнасын,
Бойын түзеп сәнімен қайта тұрып.

БҮЛ НЕ ДЕГЕН МАСҚАРА!

Жуан сары, мес қарын,
Сәбиді сүйреп барады.
Қия алмап құрбы, достарын,
Жаутаңдап артқа қарады.

Жылап, өксіп егілді,
Қара көзден жас ағып.
Бара жатқан секілді
Жас емес тіпті қан тамып.

Сатылып жатқа жас бала,
Тұтқын болып барады.
Бола алмаса ел пана,
Тұрағын қайдан табады?

Тағдырын ойлап коргенде,
Ішім удай ашыды.
Береміз неге жат елге
Адам деген асылды.

Кеткенін анық көргенде,
Жылап тұрып егіліп,
Санадым оны өлгенге
Қабырғам кетті сөгіліп.

Адам боп елге қайтар ма,
Бір кеткен соң келмеске.
Қорлық көрсе айтар ма,
Кім кешіл азан шекпеске?!

Жатқа кеткен жас бала,
Жадырап енді күлмейді.
Тұсалып мүлде ой-сана,
Келгенін, қайдан білмейді.

Періштедей ғазиз жан,
Жатқа қалай қиярсың?!
Қан аралас ағылған,
Жасын қалай тиярсың?!

Баға алмасақ баланы,
Ел болып қалай өсеміз.
Жоғалтып туған даланы,
Өмірден тіпті өтеміз.

Сәбиді сатқан адамға,
Лағынет қалай айтпассың?!
Адамнан шыққан хайуанда
Жаксы қылық таппассың.

Қазақтың сәби баласын,
Өсіріп, бақсаң қайтеді
Шегі жоқ кең даласын,
Толтырып алсаң қайтеді?!

Баладан пайда тапқанда,
Ойлашы, қайда бет бұрдың?
Халық өспей жатқанда
Сәбиді сату не сұмдық?!

Адамға толса деймін-ау,
Елімнің кең даласы.
Көбейіп өссе деймін-ау,
Шаттанып қазақ баласы.

Аздыктан ығи таяқ жеп,
Қор болдық көз көгеріп.
Елім өсіп, өркендеп
Жүрсе екен көпшен теңеліп.

Мұндай кәсіп жасады,
Қазақ болып қай атаң?
Дерт болып, еңсе басады,
Қалайша мұны ұнатамын.

Халыққа таңба емес пе,
Бала сату – маскара.
“Обал ғой мынау” демес пе,
Құдайдан қорқып жаскана.

КӨРГЕНДЕРІМ

Еске аламын өткенді жаным шошып,
Біздің халық қырылған қаны жосып.
Жинап алмай жүрміз ғой әлі біздер,
Туыстарды жат жұртқа кеткен босып.

Шығып алып сексеннің сегіріне,
Көз жіберіп қараймын төңірегіме.
Күр күңіренген, күйзелген елді көрдім,
Күд болып зор апат келгенше.

Аруақ болып бұзылып адам түрі
Аштан өлді көбісі қалмай тірі.
Сүйретіліп, сүмпиіп мен де жүрдім,
Қалжыраған қалжаудың болып бірі.

Жиып алып жастарды оққа байлап,
Тағы құртты қалғанын қырғынға айдап.
Әділетсіз сол бір күн еске түссе,
Тұншығамын бұлығып, қаным қайнап.

Қазақ көрген қорлықты кім біліпті,
Қандай адам ескеріп көзге іліпті?!
Бүкіл жерін ойрандап күндіз-түні
Салып бақты талқандап бар бүлікті.

Бұлар да адам, ел ғой деп елемеген,
Жан бар-ау деп жаны ашып жебемеген.
Бейбіт күнде төбеден бомба жарып,
Ажал дертін аямай себелеген.

Биік тауын етті ғой жермен-жексен,
У болып түр шөбі де, егін ексең.
Ешбіреуі қайғына қарамаған
Қан аралас көзіңнен жасты төксең.

Оты сөнді көп жанның тұрған маздап,
Болған екен қазақтың көрін қазбақ.
Әуірімдеп ел болып аман қалдық,
Біржолата дүниеден өше жаздап.

Жапа шеккен кысылып жұрттың бәрі,
Қайталанбай сол күндер кетсін әрі.
Жас балалар жарымжан болып туған,
Шықпай жатыр денеден удың зәрі.

Көптеп күткен тілекті Құдай беріп,
Жаңа өмірді жаңарған тұрмыз көріп.
Өркендеп елім өсіп келе жатыр,
Күн-күн сайын толықсып бітіп көрік.

ТОҚСАННЫҢ ТОЛҒАУЛАРЫ

Өмірге құштарланып шапшаң басып,
Сексеннің сенгірінен кеттім асып,
Кездесіп тоқсан деген тосқауылға
Мұны да байқап тұрмын белден басып.
Не көрдім тоқсан жылда есте қалар,
Берейін бір сұмдықтың бетін ашып,
Қанды көз совет деген тажал шығып,
Қалың ел қаһарынан қалды бұғып.
Қазақтың ел бастаған көсемдерін
Жинап ап, абақтыға салды тығып.
Еш адам бір ауыз сөз айта алмады,
Советтей бұзықтарға қарсы шығып.
Советгер қазақтарға ойран салды
Байлардың мал мен мүлкін тонап алды
Көзіне мұнысы да аз көрініп,
Қалдырмай аша тұяқ ел қолында.
Тақырлап қазақ малын жинап алды
Таба алмай жейтін тамақ, ішер сусын
Ашығып тілін тістеп қазақ қалды
Таба алмай туған жерде ішер тамақ.
Көрші елге босып-босып қазақ кетті
Ресей, Моңғолия, Қытайға өтті
Бәрінде жүрген жердің ажал жетті
Мал бағып, күнің көріп жүрген елді.
Советгер малын алып тентіретті.
Аштықтан азық алып, көбісі өлді
Амалсыз бұл қорлыққа халық көнді
Бұрынғы қазақ толып жүрген жерде
Қалмады бас көтерер адам жөнді
Аштықтың елге келген апатынан
Қазаққа құрып кету қаупі төнді.
Күнелтер туған жерде нәр таба алмай
Халықтың көбі шұбап босып кетті
Ресей, Монғолия, Қытайға өтті
Барғанымен олар бұған не береді?

Көбіне босып жүрген ажал жетті.
Қырылып аштан қазақ өлмегенде
Советтің қысымын көп көрмегенде
Жүруші едік Сарыарқада лыққа толып
Жүрміз ғой кемдік көріп әлі сорлай
Бүгінде дербес ел боп алдык ерік
Еліме, жеріме де кірді көрік
Құлпырды сарғылт тартқан сары дала да
Толтырып алтын дәнді, егін егіп
Орынсыз алтын дәнді шашіп төкпей
Ұқыптап қоймаларға жатыр төгіп.
Кенді де жер астында жатқан шөгіп,
Ие болып байлыққа қазақ отыр байып бөгіп.
Қазақтың байтақ сары даласынан
Байлықтың барлық түрі жатыр өніп
Қазақтың құл боп келген бағы жанып,
Тамаша астанадай қала салып,
Ескеріп бұрын ешкім елемейтін
Бүгінде дүниежүзі жатыр танып.
Нұрсұлтан – елбасымыз елді бастап,
Белестен талай-талай әлі де аспақ.
Елдерді озып кеткен басып озып,
Дамудың жана сары жолын аспақ.
Көрініп қуатты ел боп күн шығыстан
Көрініп келе жатыр Қазақстан
Көрікті елімізді көреміз деп
Қонақтар келіп жатыр әрбір түстан.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз орнына	3
-----------------------	---

Бірінші бөлім АЗАТТЫҚ АҢСАП АЗАП ШЕККЕНДЕР

Жайлауда	24
Малдан айырылу	28
Аштық алапаты	30
Иссіз үйлер, көмусіз қалған мөйіттер	37
Есеп партиясы	45
Ақиқатты аңсау	59
Сұрапыл соғыс басталды	64
Колдегі күрке	71
Қабыштың қайырымы	80
Қайта қауышу	87
Абақтыдағы азап	93
Тайгадағы таршылық	106
Үміт сәулесі	117
Бүркіттің басынан кешкендері	124
Қамаудан шығып, бақылауға алыну	145
Лагерьден кейінгі кездесу	153
Желтоқсан және Қазақстан тәуелсіздігі	157
Өкінішті қаза	166
Соңғы сөз	171

Екінші бөлім АЛАШ АРЫСТАРЫ

Арманда кеткен арысым (<i>Мұстафа Шоқайұлының аруағына</i>)	184
Аждаһаны ауыздықтаған баһадүр (<i>Алаштың абзал азаматы Ж.Ә.Тәшеновке арнаймын</i>)	192
Орындалған арманы (<i>Кенеханның 200 жылдық мерейтойына</i>)	204
Алаш көсемі (<i>Әлихан Бөкейхановтың 140 жылдық мерейтойына</i>)	207
Алаштың Ахаңы (<i>Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 120 жыл</i>)	208
Мағжан	210
Қайғырамын қан жұтып (<i>Жан досым Бүркіт қаза болғанда</i>)	212

Сенгеніміз Нұрсұлтан	212
Желтоқсан мен тәуелсіздік	214
Оссін қазақ!	219
Астана – Алаш көркі	220
Сексеннің сенгірінде	225
Келмейді өлгім	227
Қас батыр (<i>Мұхтар Шахановтың</i> “Желтоқсан эпопеясын” оқығанда туған ойлар)	228
Құрымасын ауылым!	231
Бұл не деген маскара!	232
Көргендерім	234
Тоқсанның толғаулары	236

«Арыс» баспасының директоры
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының докторы

Махмет ТЕМІРҰЛЫ

Азаттық аңсап азап шеккендер

Редакторы Ә.Қатайқызы
Беттеуші Ә. Момынова
Суретші А.Пан

Басуға 18.02.2013 кол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Баспа табағы 15,0
Таралымы 300 дана.

050010, Алматы қ-сы
Абай даңғылы, 143
офис. 529
тел./факс: 8 (7272)394 38 32, 385 74 67
E-mail: arys-kz@mail.ru
www.arys.kz

Махмет ТЕМІРҰЛЫ 1923 жылы туған. 1940-41 жылдарында Қарағандыдағы оқытушылар институтына оқуға түседі. Осы кезеңде студенттер арасында Бүркіт Ысқақов екеуі “Елін сүйген ерлер партиясы” (ЕСЕП) деген жасырын ұйым құрып, 1941-42 жылдары Кеңес өкіметінің қазақ халқына жасап отырған қиянатын, зорлығын түсіндіріп, жастар арасында үгіт жүргізген.

1951 Алматыда шет тілдер институтында оқып жүрген кезінде сотталып, 1951-56 жылдары әртүрлі лагерлерде азап шеккен.

1956 жылы лагерден босанып шыққаннан кейін мектепте мұғалім болып істейді. Осында оқытушы болып жүрген кезінде ол үнемі КГБ (МҚК)-ның бақылауында болған.

Қазақстан 1991 жылы дербес егеменді ел болғаннан кейін ғана қайта қанаттанып, қолына қалам алып, “Қилы кезеңдер”, “Арман мен азап”, “Қуан қазақ азаттық алғаныңа” деген кітаптар шығарды. Оның “Мешкей мешін”, “Уызбай-Бикеш”, “Аждаһаны ауыздықтаған баһадур” деген дастандары ерекше бағаланды.

Ағамыз тоқсанға жақындаған шағында да қолынан қаламы түскен жоқ.

